

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
М.Х.ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ ӨҢІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ



The Maria Grzegorzewska
UNIVERSITY
established 1922



II ТОМ



педагогика ғылымдарының докторы,
ҚПҒА академигі БУЗАУБАКОВА КЛАРА ЖАЙДАРБЕКҚЫЗЫНЫҢ
60 жылдық мерейтойына арналған
«ҮЗДІКСІЗ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ: ИННОВАЦИЯЛЫҚ ПАРАДИГМА,
ТЕХНОЛОГИЯ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕ»
атты Халықаралық педагогикалық оқуларының

ЖИНАҒЫ

СБОРНИК

«НЕПРЕРЫВНОЕ ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ:
ИННОВАЦИОННАЯ ПАРАДИГМА, ТЕХНОЛОГИЯ И МЕТОДИКА»,
посвященные 60-летнему юбилею доктора педагогических наук,
академика АПНК
БУЗАУБАКОВОЙ КЛАРЫ ДЖАЙДАРБЕКОВНЫ

COLLECTION

"CONTINUING PEDAGOGICAL EDUCATION: INNOVATIVE PARADIGM, TECHNOLOGY AND
METHODOLOGY", dedicated to the 60th anniversary of
Doctor of Pedagogical Sciences, Academician of KPGA
KLARA ZAYDARBEKYZY BUZAUBAKOVA

Тараз, 15 наурыз 2023 жыл



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
М.Х. ДУЛАТЫ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ ӨНІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ
ПЕДАГОГИКА КАФЕДРАСЫ
ШАДРИНСК МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ (РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫ),
КАРАБЮК УНИВЕРСИТЕТІ (ТУРЦИЯ), БРАГАНСА ПОЛИТЕХНИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ
(ПОРТУГАЛИЯ), МАРИЯ ГЖЕГОЖЕВСКАЯ УНИВЕРСИТЕТІ (ПОЛЬША), ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
АҚПАРАТТАНДЫРУ АКАДЕМИЯСЫ (ҚАЗАҚСТАН),
БІЛІМ САРАПШЫЛАРЫНЫҢ ҚАЗАҚ ЛИГАСЫ

МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ТАРАЗСКИЙ РЕГИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ М.Х.ДУЛАТЫ
КАФЕДРА ПЕДАГОГИКИ
ШАДРИНСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ (РОССИЙСКАЯ
ФЕДЕРАЦИЯ), УНИВЕРСИТЕТ КАРАБЮК (ТУРЦИЯ), ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ИНСТИТУТ
БРАГАНСА (ПОРТУГАЛИЯ), УНИВЕРСИТЕТ МАРИИ ГЖЕГОЖЕВСКОЙ (ПОЛЬША),
МЕЖДУНАРОДНАЯ АКАДЕМИЯ ИНФОРМАТИЗАЦИИ (КАЗАХСТАН), КАЗАХСКАЯ ЛИГА
ЭКСПЕРТОВ ОБРАЗОВАНИЯ

MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
M.KH. DULATY TARAZ REGIONAL UNIVERSITY
DEPARTMENT OF PEDAGOGY
SHADRINSK STATE PEDAGOGICAL UNIVERSITY (RUSSIAN FEDERATION) UNIVERSITY OF
KARABUK (TURKEY), POLYTECHNIC INSTITUTE OF BRAGANZA (PORTUGAL), THE MARIA
GRZEGORZEWSKA UNIVERSITY (POLAND), INTERNATIONAL ACADEMY OF INFORMATIZATION
(KAZAKHSTAN), KAZAKH LEAGUE OF EDUCATIONAL EXPERTS

Педагогика ғылымдарының докторы, ҚПҒА академигі
БУЗАУБАКОВА КЛАРА ЖАЙДАРБЕКҚЫЗЫНЫҢ
60 жылдық мерейтойына арналған
«Үздіксіз педагогикалық білім беру:
инновациялық парадигма, технология және әдістеме» атты
Халықаралық педагогикалық оқуларының
МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ

Международных педагогических чтений
«Непрерывное педагогическое образование: инновационная парадигма,
технология и методика», посвященные
60-летнему юбилею доктора педагогических наук, академика АПНК
БУЗАУБАКОВОЙ КЛАРЫ ДЖАЙДАРБЕКОВНЫ

MATERIALS

International Pedagogical Readings
«Continuing pedagogical education: innovative paradigm, technology and
methodology», dedicated to the 60th anniversary of
Doctor of Pedagogical Sciences, Academician of KPGA
KLARA ZAYDARBEEKKYZY BUZAUBAKOVA

ТОМ II

2023 жылы 15 наурыз
15 марта 2023 года
15 march 2023

«Dulaty university»
баспасы
Тараз, 2023

УДК 37.0
ББК 74.00
П23

Редакционная коллегия: Елубаева М.С., Ушакбаева К.Р., Конакбаева Т.Е.

Ответственный редактор: Бузаубакова К.Д.

Педагогика ғылымдарының докторы, ҚПФА академигі Бузаубакова Клара Жайдарбекқызының 60 жылдық мерейтойына арналған **«Үздіксіз педагогикалық білім беру: инновациялық парадигма, технология және әдістеме» атты Халықаралық педагогикалық оқуларының материалдары.** – Тараз: Dulaty university, 2023. Том 3. - 596 б.

ISBN 978-9965-37-416-6

Материалы Международных педагогических чтений «Непрерывное педагогическое образование: инновационная парадигма, технология и методика», посвященные 60-летию доктора педагогических наук, академика АПНК Бузаубаковой Клары Джайдарбековны – Тараз: Dulaty university, 2023. Том 1. – 187 с.

Жинаққа «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы аясында үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесін модернизациялауға; білім берудің жаһандану жағдайында педагогикалық кадрларды кәсіби даярлаудың заманауи тенденцияларын және цифрлы білім берудің заманауи трендерін айқындауға, педагогтердің шығармашылық әлеуетін жетілдіруге, педагог кадрларды дайындаудағы әлемдегі үздік ЖОО инновациялық іс-тәжірибесін зерделеуге арналған материалдар енгізілген.

Жинақ жоғары және орта мектеп оқытушыларына, студенттерге, магистранттарға, докторанттарға арналған.

В сборнике размещены материалы по модернизации системы непрерывного педагогического образования в рамках национального проекта «Качественное образование «Образованная нация»; выявлению современных тенденций профессиональной подготовки педагогических кадров и определению современных трендов цифрового образования в условиях глобализации образования; совершенствованию творческого потенциала педагога; раскрытию сущности современных педагогических технологий, повышающих качество образования; изучению инновационного опыта лучших вузов мира в подготовке педагогических кадров.

Сборник предназначен для преподавателей высшей и средней школы, студентов, магистрантов, докторантов.

Материалы публикуются в авторской редакции.

УДК 37.0
ББК 74.00

ISBN 978-9965-37-416-6

©М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, 2023ж.

«ҮЗДІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӨНІМ-2023» БАЙҚАУЫНЫҢ КОМИССИЯ ҚҰРАМЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

«М.Х.ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ
ТАРАЗ ӨНІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ»
коммерциялық емес
акционерлік қоғамы
БҰЙРЫҚ



МИНИСТЕРСТВО
НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Некоммерческое акционерное общество
«ТАРАЗСКИЙ
РЕГИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ М.Х.ДУЛАТИ»
ПРИКАЗ

14.03.2023
Тараз қаласы

№ 111 чх
город Тараз

**«Үздіксіз педагогикалық білім беру:
инновациялық парадигма, технология
және әдістеме» атты Халықаралық
педагогикалық оқулары
байқауына комиссия бекіту туралы**

«М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Жарғысының 113 тармағының 15 тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті» КЕАҚ Ұстаз институты «Педагогика» кафедрасының ұйымдастыруымен 2023 жылдың 15-наурызында педагогика ғылымдарының докторы, ҚПҒА академигі К.Д.Бузаубақованың 60 жылдық мерейтойына арналған «Үздіксіз педагогикалық білім беру: инновациялық парадигма, технология және әдістеме» атты Халықаралық педагогикалық оқулары аясында өткізілетін «Үздік педагогикалық өнім-2023» байқауына келесі комиссия құрамы бекітілсін:

Комиссия алқасы	Аты-жөні, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы	Жұмыс орны, қызметі
Комиссия төрағасы	НҰРМҰХАНБЕТ Данияр Ысқақұлы	М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің Басқарма мүшесі - Зерттеулер және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор, Тараз қ., Қазақстан
Комиссия мүшелері	БУЗАУБАКОВА Клара Джайдарбековна п.ғ.д., профессор	М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің «Педагогика» кафедрасының меңгерушісі, Тараз қ., Қазақстан
	СКОРОБОГАТОВА Наталья Владимировна психол.ғ.к., профессор	Ғылыми және инновациялық жұмыстар жөніндегі проректор, Шадринск мемлекеттік педагогикалық университеті, Шадринск қ., Ресей Федерациясы
	ПШИБЫЛЬСКИЙ Блажей профессор	Мария Гжегожевский атындағы университеті профессоры, Варшава, Польша
	ЖАМПЕИСОВА Корлан Кабыкеевна п.ғ.д., профессор	Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

005541

ЫБРАИМЖАНОВ Калибек Турдыгазиевич п.ғ.д., профессор	Педагогика және психология факультетінің деканы, І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ., Қазақстан
АБИЛЬДИНА Салтанат Қуатқызы п.ғ.д., профессор	Бастауыш оқыту педагогикасы және әдістемесі кафедрасының меңгерушісі, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды қ., Қазақстан
КАЛИМЖАНОВА Роза Лаиковна PhD доктор, доцент	6В01101-Педагогика және психология білім беру бағдарламасының жетекшісі, Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық университеті, Арқалық қ., Қазақстан
БАЙНАЗАРОВА Турсынай Бейсембековна п.ғ.к., профессор	Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық университеті, «Мектепке дейінгі және бастауыш оқыту» кафедрасы, Алматы қ., Қазақстан
ИСМАГУЛОВА Айнагуль Ерболатовна фил.ғ.к.	«Серпіліс» жобалау офисінің жетекшісі, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., Қазақстан
АБИШЕВА Гульнара Абдрахмановна	Білім Сарапшыларының Қазақ Лигасы Президенті, «КРІ ВІЛІМ» білім беру орталығының Бас директоры, Алматы қ., Қазақстан
ДРЕЙТ Наталья Александровна	№68 гимназия мұғалімі, Алматы қ., Қазақстан
ҚҰРМАНБЕКОВА Сұлушаш Сәтбекқызы	«Өрлеу» Біліктілікті арттыру Ұлттық орталығы» АҚ басқарма төрағасы, Тараз қ., Қазақстан
ОМАРБЕКОВА Фазиза Шайдулинқызы	Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының оқу-әдістемелік кабинетінің «Білім сапасын басқару және тұлғаны әлеуметтендіру» бөлімінің жетекшісі, Тараз қ., Қазақстан
ДЖАНГАРАШЕВА Ардақ Толепбаевна	Шу қаласы, Төле би орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі директоры, Жамбыл облысы, Қазақстан

Негіздеме: Ұстаз институты «Педагогика» кафедрасының меңгерушісі К.Д.Бузаубақованың қызметтік хаты.

Басқарма Төрағасы – Ректор



М. Байжуманов

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӨНІМ

МЕНИҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯМ

Абылова Айгерим Конысовна
Қаратай Тұрысов атындағы №53 мектеп-гимназиясы, Тараз қ.



САБАҚ КОНСПЕКТІСІ

Ақпарова Жанна Муслимовна

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.

Тәжірибелік (семинар) сабақтың мақсаты:

Дидактикалық оқыту әдістері мен олардың жіктелуі бойынша алған студенттер білімдерін пысықтау, қортындылау, теорияны тереңдетіп оқуға, практикалық дағдыларды меңгеруге және студенттердің өз бетінше шығармашылық ойлауын дамыту, мүмкіндік жасау.

Сабақ міндеттері:

Білімділік:

- оқытудың интерактивті әдістері арқылы өткен және алдыңғы тақырыптарды меңгеру үшін немесе оқу-өндірістік іс-тәжірибе үрдісінде студенттердің кәсіби және практикалық дағдыларын қалыптастыру;
- дәрісте алған теориялық білімдерін жалпылау, жүйелеу, тереңдету және нақтылау;
- заманауи оқыту технологиялары негізінде интерактивті оқыту әдістерімен жұмыс жасай алуларын жетілдіру.

Дамытушылық:

- теориялық білімдерін іс-тәжірибеде қолдану қабілеттері мен дайындығын дамыту;
- есте сақтау, сөйлеу, зейін, шығармашылық қиял, елестету ойлауын дамыту;
- әртүрлі жағдайларда студенттермен ынтымақтастық дағдыларын дамыту.
- студенттердің интеллектуалдық дағдыларын, сонымен қатар бастамашылдығы мен дербестігін дамыту.

Тәрбиелік:

- ұжыммен жұмыс істей алу қабілетін арттыру,
- басқа адамның ойын тыңдай білуге, келіспеген жерлеріне әдептілік пен мәдениеттілік негізінде жауап беруге үйрету.

Сабақтың функциялары:

- оқу-танымдық – лекцияда және өзіндік жұмыс барысында алған білімдерін бекіту, кеңейту, тереңдету;
- ынталандыру - шығармашылық күштерін одан әрі сынауға және белсендірек жұмысқа дайындалуға белгілі бір ынталандыру;
- тәрбиелік – дүниетанымы мен сенімін қалыптастыру, дербестікке, ғылыми ізденуге, бәсекеге қабілеттілікке, батылдыққа, ұжымда жұмыс істей білуге тәрбиелеу;
- бақылау - студенттің білім деңгейін және өздік жұмысының сапасын тексеру.

Сабақтың:

Жаңалығы: заманауи білім беру технологияларын қолдану негізінде, яғни ойынмен оқыту технологиясы, мәселелік оқыту технологиясы, ынтымақтастықта оқыту технологиясы сонымен қатар, интерактивті оқыту әдістерін белсенді қолдану арқылы жүзеге асырылады. Сабақ материалдары пәннің 2022жылдың тамыз айында жаңартылған типтік бағдарламасының мазмұнына сәйкес құрастырылған, Қазақстан Республикасы мұғалімдеріне арналған ұлттық біліктілік тест сұрақтары мен тапсырмаларына сәйкес қамтылған.

Ғылымилығы: Сабақ тақырыбының мазмұны педагогиканы адамның білімі туралы ғылым ретінде қазіргі заманда түсіну. Қазіргі білім беру мәселелерін шешу аспектісіндегі педагогиканың міндеттерінің орны. Дидактика ғылым және педагогиканың ажырамас бөлігі ретінде, заманауи дидактикалық жүйе (П. Гальперин, Л. Занков, В. Давыдов, К. Роджерс, Дж. Брунер, Г.К.Селевко) негіздері. Эдукология (термин-ағылш.)- дидактиканың дифференциациясы мен интеграциясының нәтижесі. Дидактикалық білімнің әмбебап сипаты т.б. негіздерінде.

Шығармашылық бағыты студенттерді екі топқа бөліп шығармашылық тапсырмаларды орындатып, нәтижесін көрсетіп қорғауында.

Сонымен қатар, ойлау, есте сақтау, сөйлеу, зейін, шығармашылық қиял, болжамды елестетулерін, әртүрлі жағдайларда студенттермен ынтымақтастық дағдыларын дамытуда.

-Практикалық маңыздылығы сабақта қолданатын жаңа білім беру технологияларында ойын процедуралары басым, модельдеу принциптері қолданылады, интенсивті тұлғааралық қарым-қатынас қамтамасыз етіледі, серіктестік принциптері жүзеге асырылады, ақпараттық-рецептивтік, репродуктивті, мәселелік, ішінара – іздеу әдістерімен жұмыс жасалады. Оқытушы кредиттің оқыту технологиясының шартына байланысты лектор- информатордан менеджерге айналады.

Сабақ конспектісін кез келген шығармашылық тұрғыда жұмыс жасайтын оқытушы үшін өз қызметінде қолдануға дайын материал деп санауға болады.

Сабақта қолданылатын әдіс-тәсілдер:

- wordwall.net, learningapps интербелсенді әдістерінің түрлері;
- ақпараттық-рецептивтік, репродуктивті, мәселелік, ішінара - іздеу;
- бақылау және өзін-өзі бақылау әдістері, оқуға деген қызығушылықты ояту әдістері.

Оқыту құралдары: интерактивті тахта, А4 қағаздары мен фломастерлер, маркерлер.

Сабақтың құрылымы:

1. Кіріспе бөлім

1.1 Ұйымдастыру кезеңі

1.2 Сабақтың тақырыбын, мақсатын, міндеттерін хабарлау



2. Негізгі бөлім

Дәріс сабағында тақырып бойынша студенттердің алған білімдерін пысықтау, қортындылау, теорияны тереңдетіп оқуға, практикалық дағдыларды меңгеруге және студенттердің өз бетінше шығармашылық ойлауын дамыту арналған тапсырмаларды орындату, дұрыс жауаптарды келесі сілтемелерде берілген орындарына қою.

I. «Wordwall.net» сервисіндегі «Космос» интерактивті әдістерінің түрлері бойынша сұрақтарға жауап беру, шешімін талдау.

Сілтемелерде интерактивті әдістер арқылы берілген тапсырмалар орналасқан! Ашып көруге болады.




Суретте: Берілген сілтемедегі тапсырмалардың жауабын тауып, шешімін талдау жасап тұрған сабақ кезеңінен көрініс.

Бұл әдістің тарсырмасында 10 сұрақ берілген. Соның әрқайсысына 10 студент жеке шығып жауап беруі тиіс.

II. «Learningapps» білім беру сервисі бойынша тақырыпқа байланысты сұрақтарға жауап беру, білімдерін тексеру. (Кім жауабын біледі соған айта беруге болады!)

[2. https://learningapps.org/watch?v=pz4ir000522](https://learningapps.org/watch?v=pz4ir000522)

Бұл әдіс бойынша тақырыптың келесі 7 сұрақтары беріледі. Жауаптарын тауып, сәйкестендіріп қойса, технология автоматты түрде не дұрысын, не бұрысын көрсетіп береді. Дұрыс табылған тапсырмалар жауаптарына студенттер балл алады.



III. Wordwall әдісінің «Ауадағы шарды құлату» ойыны бойынша тақырыптың келесі сұрақтарына жауап беру.

Ойынның сипаты: Сіздердің алдарыңызда өтіп бара жатқан тапсырмаларға толы поезд шығады және оған қарсы тапсырма авторларының аты -жөні жазылған шарлар ұшып бара жатады. Дұрыс жауабы бар таңдаған шарыңыз міндетті түрде тапсырмасына сәйкес келетін вагонға түсу керек !!! Ойын қиын, бірақ қызықты! Ойынға ең батыл, зейінді, сабаққа жақсы дайындалған және мерген студент қатыса алады-деп ойлаймы!!! Егер сұрақтардың жауаптарын жақсы білетін болсаңыздар 9-10 деңгейге дейін жетуге болады!!!

IV. Слайд с фотографией Г.К.Селевко

Келесі тапсырма білім беру технологияларына өзінің елеулі еңбегін сіңірген, халықаралық педагогикалық білім беру ғылыми академиясының академигі, «Білім беру технологияларының энциклопедиясы» еңбегінің авторы, профессор Герман Константинович Селевконың үлестері жайлы болады. Олай болса кәзір сіздер 2 топқа бөлінесіздер, содан кейін топқа тапсырма аласыздар.

Тапсырма: 1-ші топқа Герман Константинович Селевко бойынша педагогикалық технологияларды қандай жіктеме бойынша тұжырымдауға болады?

Тапсырма: 2-ші топқа Герман Константинович Селевко Оқу технологиясының (ОТ) және Педагогикалық технологияның (ПТ) классификациясын қандай өлшемдер бойынша сұлбалады?

Соңында әрбір командадан бір адам шығып орын орнына қою керек! Тез және дұрыс қойған команда жеңімпаз атанады.



V. Тақырып бойынша негізгі ұғымдарды кроссвордтан тауып, көрсету.


Кім қандай сөзді көріп тұр, келіп көрсетулеріңізге болады.

<https://learningapps.org/watch?v=pgrp8h3ok22>

VI. РЕФЛЕКСИЯ!!!! Глоссарий жасау!

Барлық қатысушыларға бір парақ қағаз таратылады. Яғни қорытынды білімін бақылау «515» әдісімен жүргізіледі.

Әдістің шарттары: 5 минут ішінде әр студент осы сабақ үдерісінде меңгерген 10 жаңа терминдер мен авторлардың аты-жөндерінен (глоссарий) құрастыру қажет. А4 қағаздар үлестіріледі! Содан кейін оларға орындалған тапсырма нәтижелерін өзара (біріншікін бірі тексеру, керек болса түзету) тексеру ұсынылады. Тексеріліп болғаннан соң топ мүшелері өзінің жасаған глоссарийлерін ортаға салып, топтың атынан жалпы глоссарийді тез арада құрып, ортаға бір топ мүшесі шығып, қорғайды. Қай топта глоссарийге кірген ұғымдар саны көп болады, сол топ жеңімпаз атанады. Керек жағдайда педагог жауаптарына түзету енгізеді, қосады.




Әдебиет

1. Педагогика /Абай атындағы Алматы мемлекеттік педагогикалық университеті, Педагогика кафедрасының авторлар ұжымы. Алматы, 2008.
2. Таубаева Ш, Иманбаева С.Т., Берікханова А.Е. Педагогика. Оқулық. - Алматы: «ОНОН». 2017. – 340 б.
3. <https://kerchtt.ru/kk/biologicheskie-i-socialnye-factory-razvitiya-lichnosti-factory/>
4. <https://stom.tilimen.org/jeke-tlfani-damui.html>
5. Tapscott, D (1998). Growing Up Digital: The Rise of the Net Generation. New York: McGraw-Hill.
6. Gee, J (2003). What Video Games Have to Teach Us About Learning and Literacy. New York: Palgrave Macmillan.
7. Johnson, S (2001). Emergence: The Connected Lives of Ants, Brains,
8. Nilles, J. "Some Historical Thoughts on the ee-Learning Renaissance". Innovate. Innovate Online. Archived from the original on 2007-10-13. Retrieved 2007-09-19.
9. Thinking on your feet – the PRES formula. <https://www.studocu.com/en-za/document/university-of-fort-hare/introduction-to-law/pres-formula-example-for-assesment/15856630>

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДАҒЫ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ

Алибекова Зарина Баймуратовна
Көктал орта мектебі, Байзақ ауданы Жамбыл облысы



Ақпараттық – коммуникативтік технология дегеніміз – оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті тақтаны қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламалары мен интерактивті сервистерді дұрыс қолдануға негізделеді.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА КӨРКЕМ ШЫҒАРМАНЫ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Аманкозиева Айнур Сапаровна
Көктал орта мектебі, Байзақ ауданы Жамбыл облысы

*Танымның бар тамашасы – кітапта,
оган қол жеткізу үшін кітап оқудан жалықпа.
Абай*

Қазақ әдебиеті пәні - адамзатты тәрбиелеуші, адам баласын ізгілікке жетелеуші күш. Көркем шығарманың құдіреті оқушысына ең жақын адамдар бере алмайтын дүниені береді. Яғни, сезім тәрбиесін, достықтың ережесін көп адам көркем әдебиеттен үйренеді, адамдар қарым-қатынасындағы шынайылықты танып, жасандылықтан жиренеді, рухы биік кейіпкерден рух алып, сол кейіпкердей парасат, ақыл иесі болуға ынталанады, елжанды болып тәрбиеленеді.

Ғалымдардың айтуынша, 8-сыныптан бастап білім алушылардың 60 пайызының өз бетімен жазып-оқуға деген ынтасы жоғалады екен. Көркем шығарманы оқымау - қазақ әдебиетін оқытудағы басты мәселелердің бірі. Бұл олқылықты болдырмау үшін, алдымен, қазақ әдебиетін оқыту барысында оқушылардың көркем мәтінді сүйсініп, әрі түсініп оқып, оқырмандық мәдениетін қалыптастыруымыз қажет. Ендеше, көркем әдеби шығарманы оқушыларға оқытудың қандай тиімді тәсілдері бар деген сұрақ туындайды. Осы орайда әрбір мұғалім оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін терең талдаудан өткізіп, тақырыпты ашатын әрі оқу мақсатына жетудің тиімді әдісті таңдауы тиіс.

Бүгінгі таңда көркем шығарманы оқытуда СТО, АКТ, диалогтық оқыту, жобалап оқыту, сатылай кешенді талдау қатарлы түрлі әдіс-тәсілдерді қолданудың тиімділігі өте зор. Тәжірибеде СТО әдісінің «Джиссо», «INSERT», «Әдебиет үйірмесі», «Бас кейіпкер әдісі», «Соңғы сөйлемді мен айтамын», «Кейіпкерге хат», «Авторға хат», «Тұжырымдамалық кестені», т.б. әдістерін жиі қолданамыз.

Сонымен бірге шығарманың үзінділерімен жұмыс жасау, көркем шығарманың заманауилығы мен жаңашылдығына баға беру, бөлшектен тұтасқа, тұтастан бөлшекке, сыни шолу жазу мақсаттарына тіптен тиімді.

Көркем шығарманы оқыту барысында мәтін мазмұнын меңгертіп қана қоймай, автор көтерген басты идеяға оқушылардың назарын аудару қажет деп ойлаймын. Шығарманың идеясымен қоса тарихи маңызы, әдеби құндылығы, философиялық тереңдігі ашылуы тиіс. Оқушы қазақ әдебиетінде шығарманың мазмұнын меңгеріп, тәрбиелік мәнін де бойына сіңіріп, ізгілікпен рухтанып, шығармадан сабақ алуы керек.

Психолог Искра Даунистің тәсілі "сүйікті кейіпкер хаты" деп те аталады. Бала таңертең оянганда бөлмесіне оның сүйікті ертегі кейіпкері (мысалы Кенжекей) хат қалдырғанын көреді. Хатта Кенжекей балаға сыйлығы бар екені және оны қай жерге жасырып қойғаны жазылған. Бала расымен сыйлықты тауып алады және келесі күні де хат тауып алады. Бірақ бұл жолғысы сәл ұзақтай. Кенжекей өзінің қызық оқиғаларын, бала өміріндегі маңызды нәрселерді жазады. Күн сайын хат ұзарып, күрделене түседі. Осылайша хатты оқу арқылы баланың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыруға болады- екен.

Көркем шығарманы оқытуда сабақта АКТ-ны қолдану өте маңызды, өйткені ол оқушылардың білім деңгейін, пәнге деген қызығушылығын арттырады. Мысалы, **Kahoot қосымшасы**, **Wardwall** веб сервисі/ойын/, **Quizizz** қосымшасы, **Lerning apps** сервисінде түрлі ойындар, **Plickers**, **Thinglink** сайтымен ақын-жазушылардың өмірімен де таныстырып, **Google формада** Абай Құнанбайұлының шығармаларын, қара сөздерін, Ж.Аймауытовтың «Ақбілек», О.Бөкей «Атау кере», М.Әуезов «Абай жолы», т.б., төменгі сыныптарда «Қобыланды батыр», «Батыр Баян», «Қыз Жібек», т.б. осы сияқты көлемді шығармалардың негізгі мазмұнын меңгертуге арналған сұрақтарды, тестерді құруға, кейіпкерлер бейнесін талдауға мүмкіндік береді. Уақытты тиімді пайдалануға, сонымен қатар жаңа тақырыпты тереңдете түсу үшін бұл қосымшаларды кең көлемде қолдануға болады. Сыныпта оқушылар сұрақтарды талқылап, жауаптарын смартфон, компьютер немесе планшет арқылы жолдайды. Әрбір оқушының сұраққа қалай жауап беріп отырғанын, сондай-ақ барлық сынып оқушыларының үлгерім диаграммасын, жеке оқушының өз нәтижесін арнайы кестеден бақылауына мүмкіндік береді. Бұл шығарма мәтініне қарай сұрақтар құрастыру оқушының ойлау қабілетін дамытып қана қоймай, сабаққа деген ынтасы мен талпынысын арттыруға көмектеседі. Өзара бәсекелестік туындап, жарысып, жоғары ұпай

жинауға мақсат қояды. Әсіресе, көлемді шығармаларды толық оқуға, әдеби мазмұнды меңгеруге, негізгі оқиғаларды есте сақтауға тырысады.

Тағы да бір, ресми деректерге сүйенсек, мектеп жасындағы білім алушылардың 40% әдеби мәтінді түсінуге қиналатындығы дәлелденген. Жалпы, барлық зерттеушілердің болжамы бойынша, адамдардың сауаттылық деңгейінің төмендеуі оларға дұрыс білім беріп, тиянақты оқытпаудан, оқырман болуға үйретпеуден болған көрінеді[1]. Олай болса, «Кітап дегеніміз — алдыңғы ұрпақтың кейінгі ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті. Кітап оқудан тыйылсақ, ой ойлаудан да тыйылар едік-деп, Ғ. Мүсірепов айтқандай, әр оқушының көркем шығарманы өздігінен оқуын ынталандыруда сыныптан тыс уақытты да пайдалану керек. Оқушыларға өздері оқыған көркем шығармаларын есте сақтағандай, оқырман күнделігін жүргізуге дағдыландыру қажет. «**Менің оқыған кітаптарым**» деп қойын дәптер бастап, күнделік жүргізіп отырса, оқырмандық сауаттылығы қалыптасатыны аян.

Шығарманың аты: _____

Авторы: _____

Негізгі сюжеті:

Маған ұнағаны:

Менің ойым:

Байлардың 88%-ы бір күнінің кемінде жарты сағатын кітап оқуға арнайды екен. Мысалы, Ең бай адам саналатын Билл Гейтс жылына 50 кітап оқиды, Герман Греф те сол. Уоррен Баффет әр күнінің 5-6 сағатын кітапқа бөледі. Илон Маск зымыран құрастыруға деген ниетінің кітап оқудан пайда болғанын айтқан. әдебиеттерді таңдайды. Өзін дамыту үшін сапалы әдебиеттерді оқиды. Балаларды да сол жолмен жүруге үйретейік!

Тұрақты кітап оқу қажеттілігінің 7 себебі:

- *Жадыны және ойлауды дамытады;*
- *Қиялдау және шығармашылық қабілеттерді дамытады;*
- *Адамдармен қарым-қатынас жасауға көмектеседі және әдемі сөйлеу дағдыларын дамытады;*
- *Сөздік қорды байытады және жалпы сауаттылық деңгейін арттырады;*
- *Талдауға, сарапқа салуға үйретеді;*
- *Қоршаған ортаны, әлемді және өзін тануға көмектеседі;*
- *Мектептегі және ересек өмірдегі табыстылықтың негізі.*

Сабак уақытында ғана көркем шығарманы оқып, құндылығын сезіну мүмкін емес. Ал өздігінен оқуға қазіргі бала құлшынып тұрған жоқ. Міне, осындай мәселенің шешімін табу үшін оқушының көркем шығарманы оқуға деген шынайы махаббатын ояту қажет. Ол жол, бізге, мұғалімдерге, көп ізденуді, талмай еңбектенуді қажет етеді. Туған әдебиетіміздің бай қазынасын игеріп, ана тілін терең меңгерген оқушы ғана кез келген салада, ортада өзін ұстап, жоғары деңгейге жете алады.

Әдебиет

1. ҚР БҒМ «Ақпараттық талдау орталығы» АҚ. PISA-2015 Халықаралық зерттеуінің негізгі нәтижелері. Ұлттық есеп. Астана, 2017 жыл.

2. Қазақ әдебиеті. Жалпыға білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық / Б.Қапалбек, А.Омарова, Г.Зақияева, Г.Абнасырова, Алматы: Атамұра, 2018.
3. Негізгі білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған "Қазақ әдебиеті" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы.

ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ОҚЫТУ МАҚСАТЫНА ҚАРАЙ ҚОЛДАНУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

Ахназарова Гүлжазира Қызтуғановна
Көктал орта мектебі, Байзақ ауданы Жамбыл облысы

Мақсаты:

Білім беру мен білім алудағы әдіс-тәсілдерді сабақ мақсатына қарай қолдануға, оқыту сапасын жақсарту үшін жаңа-тәсілдерді тиімді пайдалануға бағыт беру.

Күтілетін нәтиже:

1. Әдістерді оқыту мақсатына қарай тиімді пайдаланудың жолдарын үйренеді, оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдерді өз тәжірибесіне қалай ықпалдастыру керек екендігін түсінеді
2. Өз тәжірибелерінде орынды пайдалана алады.

Мақсатты аудитория:



Семинарға қатысушы Байзақ ауданының тарих пәні мұғалімдері





Әдіс-тәсілдер:

«Ой қозғау», «Суреттер сөйлейді», «Киномонтаж», «SWOT» талдау, «ПОПС» формуласы, «Екі жұлдыз бір тілек»

Құрал-жабдықтар: Слайдтар, қима қағаздар, жоспар үлгісі, ватман қағазы, маркерлер, цитаталар жазылған қағаздар.

Коучингтің өткізілу барысы:

Жұмыс кезеңдері	Кезеңнің мазмұны	Қатысушылардың іс-әрекеті
<p>Кіріспе бөлім 5 мин Ұйымдастыру кезеңінің мақсаты: семинардың тақырыбы мен мақсатын таныстыру. Ынтымақтастық атмосферасын құрып, қолайлы психологиялық хал-ахуал орнату. Міндеті: Қатысушылардың зейінін аудару, жақсы көңіл күймен жұмыс жасауына ықпал ету. Әдістері: Әңгімелесу, ой түрткі, қатысушыларды өзіне жақын тарту.</p>	<p>I. Ұйымдастыру кезеңі: 1. Әріптестермен сәлемдесу. 2. Семинардың тақырыбы мен мақсаты баяндалады. 3. Қолайлы психологиялық атмосфера қалыптастыру: «Сіздің осы жылдағы жақсы жаңалығыңыз қандай?» қатысушылар бір жыл ішіндегі жақсы жаңалықтарымен бөліседі және топқа бөлу.</p> <p>«Жақсы ұстаз» төсбелгісі</p> <p>I топ қызыл түс</p> <p>II топ көк түс</p> <p>III топ жасыл түс</p>	<p>Қатысушылар бір жыл ішіндегі жақсы жаңалықтарымен бөліседі және Төсбелгілердегі түстер арқылы 3 топқа бөлінеді.</p> 
	<p>Ой қозғау «Сұрақ- жауап» әдісі 1. Күнделікті сабақта жиі қолданатын әдіс-тәсілдеріңіз? 2. Бір сабақта қанша әдіс пайдаланасыз ? 3. Оқу мақсатына жетудегі әдіс – тәсілдердің ролі қандай? 4. Сабақтың оқу мақсатына жету үшін әдіс-тәсілдерді тиімді пайдаланып жүрсізбе?</p> <p>I тапсырма I топ қызыл түс: «Әр бала бір әлем» . «Суреттер сөйлейді»</p> 	<p>Слайдтағы сұрақтарға жауап береді.</p> <p>1 топ суреттер құрастырып постер қорғайды.</p> <p>2 топ әдістерді жазып сабақта қолданғанда тиімділігін жазады</p>

	<p>2 топ көк түс: «Жаңа әдіс, жақсы іске бастама» Киномонтаж әдісі</p>  <p>3 топ жасыл түс: « Бірге жұмыс істеу – жетістік» «SWOT»талдау</p> 	<p>3 топ Топтық жұмыста қолданылатын әдестердің тиімділігін талдау. Барлық топ өздеріне берілген жағдаяттарға жауап береді.</p>
<p>Негізгі бөлім Мақсаты:мұғалімдер күнделікті жоспарларында сабақ мақсатына ұарай әдістерді пайдаланады</p>	<p>II. «Түйінді идея» ҚМЖ құрастыру</p> <p>1 топ « 7сынып «Отарлау және ұлт-азаттық күрес»</p> <p>2 топ « 7сынып «Отарлау және ұлт-азаттық күрес»</p> <p>3 топ « 7 сынып «Отарлау және ұлт-азаттық күрес»</p>	<p>Пән мұғалімдері тиімді әдіс-тәсілдерді пайдаланып қысқа мерзімді жоспар құрастырады.</p>
<p>Қорытынды кезеңі 5 мин</p>	<p>Попс формуласы</p> 	<p>Семинардың тиімділігі-мұғалімдердің төрт сөйлеммен өз ойларын біліп, қорытынды шығарады.</p>
<p>Кері байланыс 5 мин Мақсаты: Семинар өткізу тиімділігі мен құндылығын білу, алған білімдерін саралау.</p>	<p>Падлет жүйесінде жауап береді. «Екі жұлдыз бір тілек» әдісі</p> 	<p>Семинар тиімділігі жайлы екі ұнаған тұсын,бір тілек айтады</p>



ПРИЕМЫ МНЕМОТЕХНИКИ В ШКОЛЕ

Аймамбетова Акмарал
СШ Толе би, Шуйского района

Рецепт формата мнемотехники

Инструменты мнемотехники:


1. яркая цитата-привлечение внимания
2. Триггер-предмет (Яблоко), кавер- (музыка) осмысление
3. мессенджер-объяснение и аргументация
4. неожиданность или WOW моменты
5. вывод
6. Я.....





Дистервег:
«Не в количестве знаний
заключается образование,
но в полном понимании
и искусном применении
всего того, что знаешь».

Фридрих Адольф Вильгельм Дистервег (нем. Friedrich Adolph Wilhelm Diesterweg) — немецкий педагог, либеральный политик.
Высшая цель воспитания — самостоятельность в служении истине, красоте и добру. Задачи школы: воспитывать гуманных людей; воспитывать сознательных граждан; воспитывать любовь к человечеству и своему народу одновременно.

Парадигма образования: В среднем образовании 2022 году будет сделан акцент на формирование предметных знаний, развитие у обучающихся ценностей, метапредметных навыков и компетенций, раннюю профилизиацию, формирование культуры инклюзивной среды



Мнемоника — это способ развить память, упростить процессы запоминания, ускорить их с помощью визуальных ассоциаций. Мнемотехника, или мнемоника, помогает быстро запоминать большие объёмы информации, преобразовывая их в картинки.



Можно ли считать телефон инструментом мнемотехники?

КӨКТАЛ АУЫЛДЫҚ АЙМАҒЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Байтенова Саният Әзімбайқызы
Көктал орта мектебі, Байзақ ауданы Жамбыл облысы

I. Кіріспе

Зерттеудің өзектілігі:

Қазіргі кезде ғаламшардың экологиялық проблемасын түсіну үшін, экологияның жаңа идеологиясын жасау үшін табиғатты пайдаланудағы тәжірибелік істерді, экологиялық білімді дұрыс ұйымдастыра білу қажет. Жалпы адамзаттың экологиялық проблемалары әлеуметтік және экономикалық проблемалармен өте тығыз байланысты. Аймақтық экологияның проблемалары да әлеуметтік теңсіздік пен қоршаған ортаның ластану деңгейінен туындайды.

Жергілікті жердегі экологиялық мәселелерді басшылыққа ала отырып, Көктал ауыл аймақтық тұрғындарының экологиялық көзқарасын қалыптастыру негізінде зерттеу

жұмысымыздың тақырыбын «Көктал ауылдық аймағы тұрғындарының экологиялық мәдениетін қалыптастыру» деп таңдап алдық.

Қазақстан Республикасы тұрақты дамудың жаңа жолына түскен кезеңде жастарды, оқушыларды ізгілікке, парасаттылыққа баулитын экологиялық білім мен тәрбиенің маңызы арта түсуде. Себебі «табиғат-қоғам-адам» жүйесіндегі қарым-қатынастардың шиеленісуі жылдан-жылға күшейіп, экологиялық зардаптар жердегі тіршілікке қауіп төндіріп отыр. Адам мен табиғаттың, қоғам мен ортаның өзара әрекеттестігі, оның өнеркәсіпті өндірістің қазіргі таңдағы көптеген жарамсыз технологиялармен қарқынды өсу жағдайында өмір сүруі, қиындықтың жоғарғы шегіне жетті. Адамзат тіршілігінің өзіне қауіп төнді: табиғат қорлары үзіліссіз сарқылысқа түсті, ортаның ластануынан адам өміріне қауіп төнді. Бүкіл әлемде экологиялық дағдарыстар мен апаттар ұлғая түсуде. Осындай экологиялық жағдайлар біздің елді-мекенде де көрініс тауып отыр.

Зерттеудің мақсаты:

Көктал ауылдық аймағының экологиялық жағдайын ластаушы көздерді анықтап, жергілікті халықтың экологиялық мәдениетін қалыптастыру.

Зерттеудің міндеттері:

1. Көктал ауылының экологиялық ластану деңгейін зерттеп, анықтау;
2. Оқушыларға, жергілікті тұрғындарға экологиялық мәдениет ұғымының мәнін түсіндіру;
3. Экологиялық тәрбие мен білім беруде жергілікті халықтың экологиялық мәдениетін анықтауда сауалнамалар жүргізу;
4. Зерттеу жұмысын орындау барысында мынадай нәтижелер күтілуде:
 - Көктал ауылының экологиялық жағдайын ластаушы көздері анықталады.
 - Жергілікті халықтар арасында жүргізілген сауалнамалар бойынша экологиялық мәдениет ұғымына сипаттама беріледі;
 - Қоршаған ортаны қорғау, сақтау туралы оқушылардың, тұрғындардың экологиялық мәдениеті қалыптасады.

Зерттеудің шешу әдістері:

Ғылыми жобаны орындау барысында жинақтау, талдау, әңгімелесу, сауалнама жүргізу әдістері кеңінен қамтылды.

II. Зерттеу бөлімі

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ БЕРУДЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ

ҰҒЫМЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Экологиялық мәдениет ұғымын сипаттау

Қазіргі кезең және экологияның ғаламдық мәселелері көптеген адамдардың қызығушылығын тудырып отыр. Өмір ортасындағы маңызды, адамзат алдындағы, бірінші санаттағы белгі болып экология, табиғатты қорғау және табиғатты ұтымды пайдалану мәселелері болып табылады. Біздің республикамызда табиғат қоршаған ортаны қорғау саяси, экономикалық және мемлекеттің әлеуметтік тапсырмасының маңыздылығына жатқызылған. Қазақстан Республикасы Конституциясында: «Мемлекет адам денсаулығын және өмірге қолайлы, қоршаған ортаны қорғау туралы өзінің алдына мақсат қойылған» [1]. Қоғамдық және адам өмірінің мәдениеті, экономиканың әртүрлі жақтарының бір түйінін байлайды және өз алдына Адам және Табиғат қатынасындағы орталығы болып келеді. Басқа да қоғам өмірі талабымен және әлеуметтік, экономикалық байланысты, жаңа мәдениеттеу ұғымын табиғатқа қатысты үдерісі ұзақ, бірақ та жаңа өсіп келе жатқан ұрпаққа және елді-мекеннің барлық тұрғындарына жаңа әлемді түсіну, мінез-құлық жағдайын және жаңа түсінікпен табиғат алдындағы жауаптылықты сезіну оңай емес. Осы ретте экологиялық мәдениет ұғымының маңыздылығы артып отыр.

Экологиялық мәдениет (орысша экологическая культура) — жалпы дүниежүзілік мәдениеттің дамуының бір кезеңі және құрамдас бөлімі, адамзаттың өмірі мен болашақтағы дамуында экологиялық проблемалардың өзекті маңыздылығын баршаның тереңінен кәміл ұғынушылығымен сипатталады. Қоршаған ортаға немқұрайлықпен қараудың күйінішті тәжірибесі, химиялық ластанудан, шудан, дірілдерден, электромагниттік сәулеленуден, радиациядан және т.б. болған ауруларды зерделеу экологиялық мәдениет және санитариялық мәдениет ұғымдарын біріктіре ұғыну қажет екенін түсінуге себеп болды. Жалпы мәдениеттің бұл маңызды құрамдас бөлімдері өзара тығыз байланысты, сондықтан адамның атмосфера ауасына, табиғи суларға, жердің топырақ

жамылғысына, өсімдіктер мен жануарларға қатысты шаруашылық және тұрмыстық қарекетінің санитариялық-экологиялық тұрғыдан мақсатқа сай болуын талап етеді [2].

Оқушыларға экологиялық білім мен тәрбие беру арқылы олардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруда төмендегідей іскерліктер мен дағдыларды таныстыру қажет:

- табиғаттағы болып жатқан барлық құбылыстарды бақылау және жәй-күйін бағалай білу;
- экология туралы ғылыми білімді жетік меңгеретін іскерлікті игеру;
- алған экологиялық білімін құрбыларының және көпшіліктің арасында насихаттау (осы бағытта төменгі сынып оқушылары арасында экология тақырыбы аясында дөңгелек үстелдер ұйымдастырылып, жоғары сыныптар мен жергілікті халықтар арасында сауалнамалар жүргізілді);
- табиғатты қорғауға бағытталған қоғамға пайдалы еңбек ету;
- табиғат заңдылығын бұзатындарға төзбестікпен қарау;
- «Жасыл ел» бағдарламасына сәйкес, туған жердің жасыл жамылғысын сақтау және молайту саласындағы практикалық істерге белсенді араласу.

Біз зерттеу жұмысымыздың барысында Көктал елді-мекенінің аймағында экологиялық ластану деңгейі жоғары жерлерді анықтадық. Бір өкініштісі бұл жерлердің барлығы дерлік біздің мәдени орындарымыздың маңында орналасқан. Мысалы, Көктал орта мектебінің жанында орналасқан Саябақтың бүгінгі жай-күйі көңіл аудартпай қоймайды. Айнала шашылған қоқыстар, жапырақтар, тал-дарактар, ал оны тастайтын арнайы қоқыс-жәшіктері де жоқ (суреттер қосымшада берілген).

Қазіргі экологиялық мәселелер бүкіл адамзат баласын ойландырып отырған кезде халқымыздың бұл салада қалдырған тағылымдық та, тәрбиелік те мәні зор асыл мұраларына көңіл бөлу керек. Халқымыздың табиғатқа деген сүйіспеншілігі және оны көздің қарашығындай сақтап келуі жайында қазіргі ұрпаққа өнеге-үлгі боларлық жыр мұралар, даналық ұғымдар, мақал-мәтел, нақыл сөз, аңыз әңгіме арқылы жетіп отырған. Осындай әрбір асыл мұраның өзінде қаншама терең ой, әрі тәлім-тәрбие өнегесі жатыр. Сондықтан да әрбір ұстаз, әр тәрбиеші өзінің күнделікті жұмысында халықтық педагогиканың асыл маржанына үнемі көңіл бөліп, әрі оны пайдаланып отырса, оқушылардың экологиялық түсінігінің қалыптасуына ықпалын тигізеді.

Табиғат арқылы экологиялық тәрбие берудің маңызын бағалай келіп, А.Е. Тихонова «Табиғатты эмоциялық сезіммен қабылдау, оған деген эстетикалық қатынастың бастапқы негізі болып саналады. Мұғалімнің маңызды міндеті эстетикалық сезімді байыту ғана емес, сонымен бірге табиғатқа адал қатынастағы адамгершілік-эстетикалық жағын дамытуды, оның сұлулығын молайтуға ұмтылдыруда болып табылады», - деді [3].

Табиғат – сұлулықтың мәңгі бақи таусылмас қайнар көзі, ол экологиялық тәрбие берудің ең маңызды құралдарының бірі болып саналады. Ал, бұл экологиялық тәрбиемен іштей жалғасып, табиғаттың күйзеліп, күйреуіне қарсы тұратындай адамның қалыптасуына ықпал етеді. Қандай жұмыстың болса да, «экологиялық жағы» еске алынбаса, табиғат пен адам арасындағы зат алмасуды заңды түрде үйлестіріп отыратын, еңбекке үйрету мен тәрбиелеу саласында орны толмас олқылықтар пайда болады.

Ауыл тұрғындарының экологиялық мәдениетін қалыптастыру жолдары мен атқарылған жұмыстар

Көктал – Жамбыл облысы, Байзақ ауданындағы ауыл, Көктал ауылдық округінің орталығы. Аудан ортасы – Сарыкемер ауылынан солтүстік-батысқа қарай 5 км жерде, Талас өзенінің тармақтары жағалауында, бұта аралас жусан, баялыш, күйреуік басым өскен шалғынды боз топырақты шөлейт белдемде орналасқан.

Қазіргі уақытта экологиялық тәрбие беру жер бетінің әрбір тұрғынын қамтуға тиісті бүкіл халықтың мәселеге айналып отыр. Қоршаған ортаны қорғау мен оның байлығын тиімді пайдаланудың Қазақстан Республикасының Конституциясынан орын алуға, арнаулы үкіметтік қаулы қабылдануы, экологиялық тәрбие беру қажеттілігінің күннен-күнге арта түсуі – бұл істі жүзеге асыруды бала бақшадан бастап жоғары оқу орындарына дейінгі тәрбие орындарында оқу-тәрбие жұмыстарының әр түрлі формалары мен әдістерін пайдалануды міндеттеп отыр. Мұның мәні – оқушыларды табиғатқа ұқыпты қарауға үйретіп, оның байлықтарын үнемді пайдаланудың маңызды мәселе екенін ұғындыру табиғатқа дұрыс қарым-қатынас жасау жөніндегі қажетті біліммен икемділік, дағдыларымен қаруландыру.

Экологиялық тәрбие берудің мақсаты – оқушылардың қоршаған ортаға байланысты жауапты және аяушылық сезімде болып, іскерлік қарым-қатынас жасайтын ғылыми білім көзқарастар мен сенімдер жүйесінің біркелкі қалыптасуын айтамыз.

Оқушыларға экологиялық білім мен тәрбие берудегі негізгі міндеттер:

1. Экологиялық идеяларды, негізгі түсініктерді, ғылыми дәлелдерді іріктеп саралай біліп, білім құрамын көбейту, табиғат заңдылықтарын ұғыну;

2. Табиғат – ресурстардың өндірістік өнімдерді және адамзат мәдениеттерін дамытудағы негізгі көз екендігін білу, оларды пайдаланудың ғылыми-техникалық немесе ғылыми-экономикалық технологиясынан хабардар болу;

3. Табиғатты ұтымды пайдаланудың жолдарына байланысты қолданбалы білім, практикалық іскерліктер мен дағдыларды меңгеру;

4. Қоршаған ортаға саналы көзқараспен қарап, оның бүгінгі жағдайы мен болашағы жайлы бағалай білу, зиянды құбылыстардың алдын алу, оны жақсартуда дұрыс шешімдер қабылдап, өндіретін және қоғамдық еңбектердің әсерлерін түзету;

5. Табиғи ортаға зиян келтірмейтін, ластамайтын, бұзбайтын нормаларды саналы түрде сақтап, табиғатты қорғау идеяларын насихаттау;

6. Әрбір оқушының табиғатпен қарым-қатынас жасауға десек рухани қажеттілік дамыту, оның адам жандүниесінің экологиялық, талғам-сезімдерін қалыптастырудағы ықпалын ұғыну.

Оқушылар мен тұрғындар арасында жүргізілетін экологиялық мәдениетті қалыптастыру негізінде жүргізілген сауалнама екі бағытты қамтыды:

1. Оқушылардың мінез-құлқында және әртүрлі іс-әрекеттерінде, қызметтерінде табиғи ортаға деген жауапкершілік қатынас нормаларын қажеттілігіне тәрбиелеу;

2. Қоршаған ортаны қорғау және жақсарту, табиғат байлығын ұқыптылықпен пайдалану, ысырапшылық пен немқұрайлыққа төзбестей күрес жүргізуге шақыру.

- Алынған сауалнамалар мазмұнында біз оқушылардың және жергілікті тұрғындардың табиғатты қорғау, аялау, сақтау, жетілдіру қатынастарын, іскерліктерін есепке алуда мынадай ерекшеліктеріне назар аударуымыз керек:

- оқушының табиғатқа деген қатынасын бағалау;
- табиғатты қорғауды, аялауды және жетілдіруде қосқан үлесіне, нәтижесіне талдау беріп, әр адамның еңбек санасының қорытындысын шығару;
- табиғат нысандарын зерттеп, оның құбылыстарын тану, оған сипаттама беру;
- оны жақсартуды жетілдіруде дұрыс шешім қабылдау қабілеттерін есепке алу;
- табиғи ортаны қорғауға байланысты нормаларды сақтау;
- табиғатқа қамқор болу идеяларын насихаттау.

Егер де аталған іскерліктер табиғатқа деген жауапкершілік, жанашырлық, сүйіспеншілік т.б. қасиеттер оқушылар мен тұрғындардың мінез-құлықтарында болып, былайша айтқанда, адам-қоғам-табиғат арасындағы алуан түрлі диалектикалық байланыс және бір-біріне тәуелділік деңгейлерді бағалайтын өлшемдер мен көрсеткіштер сұрыпталып, оларға әдістемелік сипаттамалар жасаймыз.

Сабақ мазмұндары мектеп бағдарламасында шектеулі болуына байланысты күнделікті өмірде болып жатқан техникалық, экологиялық өзгерістерді кеңінен қамти алмайды. Сондықтан тек қана іскерлікпен ұйымдастырылған сыныптан тыс жұмыстарды жаңа материалдардағы өзгерістерді кең түрде қолдануға болады.

Қазіргі уақытта біздің мектепте үйірмелер аз емес. Осы үйірмелердің ішінде «Экология» үйірмесіне қатысатын ерікті оқушылар табиғатты қорғау жұмыстары бойынша іс-шараларға белсене түрде ат салысты. Осы бағытта біз «Табиғатым – тағдырым» атты апталық өткізуге тырыстық.

«Табиғатым – тағдырым» атты экологиялық апталықтың жоспары

Кесте 2.

№	Күні, уақыты	Экологиялық апталық бағдарламасында жүргізілетін, іс-шаралар, жұмыс түрлері
1.	13:00	Апталық ашылу салтанаты, оның бағдарламасымен таныстыру, апталыққа қатысушы қонақтардың тілегі мен пікірлері
2.	13:00	«Халық жүрегінде–табиғат тағдыры» халқымыздың ақын-жазушыларының әңгімелерін, өсиет сөздерін сахнада көрініс түрінде бейнелеп, мағынасын түсіндіре отырып, өнеге алу бағытында өткізу
3.	13:00	«Ата-бабам айтқан сөз» халықтың мақал-мәтелдерін, қасиетті сөздер, көркем сөздері
4.	13:00	«Экология және біз» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді «Табиғат біздің үйіміз» фотосурет байқауы болады
5.	13:00	«Табиғатым – тағдырым» қорытынды кеш: 1. Кеш қонақтарының пікірі 2. Озық нөмірлер жеңімпаздары 3. Викториналық сұрақтар «Алтын сандық» ойыны 4. Музыкалық сәлемдемелер /2-4 нөмір/ «Табиғатты аялайық» тақырыбында мектепшілік сенбілік ұйымдастырылды

Мектептің оқушыларымен өткізілген «Табиғатым–тағдырым» деп аталатын экологиялық апталықтың оқушыларға берері мол болды.

III. Қорытынды

Экологиялық білім мен тәрбие беруде оқушылар мен жергілікті тұрғындардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру мақсатында жүргізілген жұмыстың нәтижесі мынадай қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Жоғарыда аталып көрсетілгендей біздің елді-мекендегі экологиялық жағдайлар кейбір жерлеріміздің экологиялық апат аймағына айналуы негізгі ой толқытарлық мәселе болып отыр.

Тақырып бойынша жүргізілген тәжірибелік зерттеу жұмысымызда жалпы орта білім беретін мектептерде экологиялық білім мен тәрбие берудің жәй-күйі зерттеліп мына міндеттерді шешуге бағытталды:

- экологиялық мәдениетті қалыптастыру бойынша жұмыстарды жоспарлауды жергілікті тұрғындардың қатысуымен жүзеге асыру;
- оқушылармен экологиялық тәрбие жұмыстарын кеңінен жүргізу.

Сыныптан тыс жұмыстар арқылы экологиялық білім мен тәрбие беру жұмысы мына бағыттарының ауқымын кеңейту.

1. Экологиялық апталық, факультатив сабақтар, экологиялық тақырыптағы әңгімелер;
2. Табиғи ортадағы жұмыстар: қоғамдық пайдалы еңбектер және «Жасыл ел» бағдарламасын іске асыру.

Осы бағытта жүргізілген жұмыстар оқушылардың табиғатқа жауапкершілік сезімдерін, экологиялық тәрбиесін қалыптастыруға мүмкіндік беретініне зерттеу жұмысымыздың барысында көз жеткіздік.

Оқушылардың экологиялық тәрбиелілігін қалыптастыруға бағытталған сыныптан тыс жұмыстардың ішінде экологиялық апталықтың орны ерекше болды, себебі экологиялық білім беру жүйесінде апталықтар ерекше міндеттерді атқарады да оқушылар белсене ат салысып қатысты.

Әдебиет

1. Қазақстан Республикасы Конституциясы.
2. Энциклопедия.
3. Тихонова А.Е. Дидактические и методические основы экологического образования и воспитания школьников. Хабаровск,
4. Сарыбеков Н.С, Сарыбеков М.Н, Сарыбеков Д.Н. Қазақ халқының табиғат қорғау дәстүрлері- Алматы,

5. Бұзаубақова К.Ж. Мектептік экология негіздері. Тараз, 2000 ж.
6. Тараз. Энциклопедиясы.
7. Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау туралы заңы. //Егеменді Қазақстан,
8. Бейсенова Ә.С., Шілдебаев Ж.Б., Сауытбаев Г.З. Экология.- Алматы: Ғылым,
9. Ерназарова А.Е. Экологиялық мәдениетті қалыптастыру// Қазақстан мұғалімі.

БАСТАУЫШ САТЫДАҒЫ Z ҰРПАҒЫНЫҢ БОЙЫНДА SOFT SKILLS ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ АРҚЫЛЫ ОҚУ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ

Бабижанова Райхан Жолдасовна
№5 Ақарал мектеп-гимназиясы, Меркі ауданы Жамбыл облысы



РАЗДАТОЧНЫЙ МАТЕРИАЛ С ЛЕКСИКО-ГРАММАТИЧЕСКИМИ ЗАДАНИЯМИ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА

Далибаева Жаркынай Ауезовна
№5 Ақарал мектеп-гимназиясы, Меркі ауданы Жамбыл облысы

Необходимость в продуманной системе развития речи и мышления обучающихся возникла давно, а с появлением в программе по русскому языку требования формировать коммуникативную компетенцию встала новая проблема: связать воедино уроки грамматики, орфографии и развития речи таким образом, чтобы функционально- стилистический аспект обучения, обеспечивающий коммуникативную компетенцию, стал концептуальной основой современной методики.

Цель развития связной речи – формирование у учеников умений, необходимых для создания самостоятельных письменных и устных высказываний: умение продумать тему и основную мысль создаваемого высказывания, отобрать необходимый материал и систематизировать его, использовать соответствующие замыслу тип и стиль речи, наиболее подходящие языковые средства.

В истории методической практике накоплен большой опыт использования текста при изучении языковых единиц различного уровня. Как правило, текст является дидактическим материалом, иллюстрирующим особенности употребления изученных единиц. При этом в большинстве случаев текст используется на этапе обобщения и закрепления изученного. Новые же подходы требуют более глубокого осмысления текста, где следует исходить из понимания текста

как особой единицы языка и речи, с помощью которой реализуются цели общения в различных сферах человеческой деятельности.

Текст всегда связан с актом коммуникации, общения. Следовательно, речевая деятельность предполагает умение создавать и понимать тексты. Текст, таким образом, выполняет (по сравнению с другими единицами), только ему присущую функцию: обеспечение коммуникации в процессе жизнедеятельности людей.

Текст как особая единица обладает необходимыми для реализации этой функции свойствами. Важнейшими из них являются:

- информативность;
- содержательная и смысловая цельность;
- связность;
- композиционная завершенность.

Следовательно, чтобы создать текст, отвечающий условиям и задачам общения, необходимо реализовать названные категории в процессе осознанного отбора единиц языка. Единицы языка всех уровней, реализующие текстовый замысел обладают текстообразующими функциями. Осознание этих функций помогает пишущему или слушающему создать свой текст или воспринять чужой.

Текст представляет собой такую структуру, в рамках которой объединяются все элементы языка, все его единицы. Следовательно, при изучении единиц языка целесообразно раскрыть их свойства и функциональные возможности с помощью текста, на текстовой основе.

Отсюда следует, что учащиеся должны иметь о тексте определённые сведения, чтобы быть готовыми к работе с текстом. Вот почему уже на первых этапах изучения русского языка необходимо дать понятие о тексте как особой единице языка и речи. Остановимся на некоторых характеристиках, которые необходимо учитывать при работе с текстом.

Тип текста – способ изложения, избираемый автором и ориентированный (в зависимости от содержания высказывания и характера текстовой информации) на одну из задач:

- статически изобразить действительность, описать ее;
- динамически отразить действительность, рассказать о ней;
- отразить причинно-следственные связи явлений действительности.

В соответствии с этими целями коммуникации выделяются три основных типа речи: описание, повествование, рассуждение.

Тип текста связан с функционально- смысловым стилем речи. Выделяют разговорный, научный, деловой, публицистический, художественный стили. Научные тексты многообразны. Это учебники, статьи, доклады, энциклопедические статьи и многое другое. Особенностью данных речевых жанров является то, что в устном общении они представляют собой устную реализацию письменной формы. Деловой стиль представлен деловыми и коммерческими документами, нормативно-правовыми актами, контрактами, договорами и т.д. к публицистическому стилю относится газетная заметка, хроника, текст публичного выступления. В пособии представлены тексты разных жанров, направленные на то, чтобы вспомнить, что известно по изучаемому вопросу, делать предположения, задавать вопросы. Задания направлены на формирование навыков анализа, обобщения, систематизации, развитие критического мышления.

Работа с текстом как технология формирования критического мышления

Критически мыслить могут все, но не все хотят это делать. Критическому мышлению нужно учить. Важно, чтобы обучающиеся могли использовать навыки в конкретной предметной деятельности.

Использование в обучении методов развития критического мышления (РКМ) – инструмент для формирования верной мысли, обоснованных суждений, адекватных чувств.

Важное в технологии развития критического мышления:

- идет процесс развития навыков, а не информация;
- создается обучающая среда – атмосфера доверия, право иметь и высказывать свою точку зрения;
Критерии успеха	<p>Отмечать картину кариотипа некоторых наследственных заболеваний человека.</p> <p>Отличать генные, хромосомные и геномные мутации.</p> <p>Называть фенотипические характеристики больных с наследственными заболеваниями.</p>				
Ход урока					
Этапы урока	Деятельность учителя	Понятие	Деятельность обучающихся	Оценивание	Ресурсы
<p>Орг момент (2 мин)</p> <p>Актуализация раннее полученных знаний. (5 мин)</p>	<p>Создание благоприятной психологической атмосферы:</p> <p>Приветствие друг друга и пожелание удачи.</p> <p>Актуализация раннее полученных знаний.</p> <p>Опрос домашнего задания при помощи платформы «Wordwall»</p> <p>Для проверки домашнего задания приглашаю учащихся по выбору для проверки задания на интерактивной доске.</p> <p>Целеполагание основывается на дискуссии. Учащимся предлагается ответить на вопросы:</p> <p>Параллельно демонстрируется изображение кариотипов здорового и больного человека,</p>	<p>На этапе актуализации ранее полученных знаний применяется ИКТ технология. Выбор основывается на том, что среди современных детей очень популярны электронные игры. Также почти каждый ребенок пользуется различными сайтами и мессенджерами, которые помогают им общаться, получать знания и быть в курсе</p>	<p>Настраиваются на положительный настрой урока.</p> <p>Учащиеся сопоставляют термин с описанием, затем проверяем используя платформу</p> <p>Учащимся на интерактивной доске представляют кариотип здорового человека</p> <p>Учащиеся определяют название урока</p>	<p>Самооценивание по шаблону</p>	<p>Интерактивная доска, презентация</p> <p>Платформа «Wordwall»</p> <p>Картинки</p>
Изучение нового материала					

<p>Работа в паре (7мин)</p>	<p>ответ которого приведет к определению темы урока. Затем предлагается учащимся сформулировать цели урока. Как известно, цели сформулированные самостоятельно лучше в понимании и нацелены на их достижение..</p> <p>На этапе изучения новой темы предлагается применить такие методы обучения как:</p> <ul style="list-style-type: none"> -проблемное обучение; -коллективная система обучения; <p>Кто же является основоположником термина «Мутация»?</p>	<p>всех событий. Поэтому, задания, составленные на платформе «Word wall», на сопоставление термина с их определением, вызвало большой интерес у учащихся и способствовало повышению мотивации у учащихся. Такой старт позволяет в самом начале урока заинтересовать учащихся и нацелить их на изучение нового материала.</p>	<p>Учащиеся дают определение «Хромосомные болезни»</p> <p>Учащиеся работают в группе</p>	
<p>Работа в группе (15 мин)</p>	 <p>А давайте вспомним что же такое Кариотип? Что такое половые и аутосомные хромосомы? Дайте определение термину : -«Кариотип» С помощью наводящих вопросов учителя, обучающиеся приходят к понятию Хромосомные болезни.</p> <p><u>Работа с группами.</u> <u>Техника ДЖИГСО.</u> Ученикам предлагается список болезней, связанных с хромосомными</p>	<p>Применение инновационного метода «коллективной системы обучения» способствует улучшению взаимодействия между учениками. Известно, что передача знаний от одного ученика другому способствует лучшему пониманию и усвоению изучаемого материала. Технология коллективного взаимообучения позволяет плодотворно развивать у обучаемых</p>		<p>Презентация</p>

<p>Закрепление темы</p> <p>Индивидуальная работа</p> <p>(4мин)</p>	<p>заболеваниями. Каждой группе предлагается Учащимся предлагается объединиться в 3 группы. Задача каждой группы состоит в изучении двух хромосомных заболеваний человека по предложенным материалам:</p> <p>Синдром Дауна Синдром Клайнфельтера Синдром Тернера-Шерешевского Синдром Эдвардса Синдром Патау Синдром кошачьего крика</p> <p>Затем учащиеся формируют новые группы и делятся полученной информацией. Для оценки качества усвоения материала учащимся предлагается составить постеры. Условием является то, что группы составляют постеры по тем заболеваниям, информацию о которой они получили в ходе взаимообучения. Перед составлением постера с учащимися составляются критерии. Важно направлять учащихся, чтобы охватить наиболее значимые параметры для оценивания. Например:</p> <ul style="list-style-type: none"> -информативность постера, - достоверность предоставленной информации, - креативность при оформлении и т. д. <p>Самостоятельно составленные критерии оценивания способствуют развитию у учащихся навыка анализа полученной информации, вычленять главные</p>	<p>самостоятельность и коммуникативность. Более того, она нацелена на развитие ценностей, таких как взаимоуважение, ответственность, академическая честность.</p> <p>Учащиеся работают индивидуально</p> <p>(затем меняются работой и проверяют друг друга)</p>			
---	---	--	--	--	--

	<p>идеи и находить решения. После защиты постера учащимся выдаются карточки с заданием «Найди пару»</p> <p>Задание 1 ряда: Необходимо сопоставить картинки с синдромом болезни и описанием. Проверка у доски и взаимопроверка в тетради.</p>				
<p>Тест (7 мин)</p> <p>Итог урока: (5 мин)</p>	<p>Задание 2 ряда: Необходимо сопоставить название болезни с кариотипом. Проверка у доски и взаимопроверка в тетради.</p> <p>Задание 3 ряда: Необходимо сопоставить картинки с синдромом заболеваний и аномальным количеством хромосом. Проверка у доски и взаимопроверка в тетради</p> <p>При закреплении темы через платформу «Kahoot» достигается две цели. Если первая связана непосредственно с предметным контентом, проверка полученных знаний, то вторая – это развитие цифровой грамотности, что является не менее важным в современное время.</p> <p>Для понимания уровня достижения целей урока проводится рефлексия, в ходе которой учащиеся комментируют, что они узнали на уроке?</p> <p>О чём мы сегодня говорили ... Что нового и полезного вы сегодня узнали ...</p>		<p>Учащиеся включают свои смартфоны и выполняют тест</p> <p>Учащиеся подводят итог урока</p>	<p>Раздаточный материал – информационные листы о хромосомных заболеваниях</p> <p>Стратегия «Верно - не верно»</p> <p>Взаимоченивание</p> <p>10 баллов</p>	<p>Платформа «Kahoot»</p>

	<p>Столкнулись ли вы со сложным заданием ...</p> <p>Рефлексия деятельности: «Лесенка успеха»</p>  <p>Учащимся предлагают стикеры</p> <p>розовый если вы научились различать хромосомные заболевания</p> <p>желтый если вы научились различать кариотипы здорового и больного человека</p> <p>зеленый если вы можете анализировать и обсуждать хромосомные заболевания.</p>	<p>Результаты рефлексии тщательно анализируются и учитываются при составлении плана следующего урока.</p>	<p>Д\з параграф 40 стр.70 пересказ</p>		
--	---	---	--	--	--

МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ЕРЕКШЕ БІЛІМДІ ҚАЗЕТ ЕТЕТІН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН АРТТЫРУ ТАПСЫРМАЛАРЫ

Нуралиева Айнур Ерболовна

Жамбыл атындағы №5 мектеп гимназиясы, Тараз қ.

Аннотация

Қазіргі уақытта білім беру саласындағы мемлекеттік саясатының басым бағыттарының бірі мүмкіндігі шектеулі балаларды білім беру жүйесіне толық «қосуды» қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін әмбебап кедергісіз органы, кедергісіз білім беруді құру болып табылады. жалпы білім беретін мектептің кеңістігі.

Кедергісіз орта – қоғамның барлық салаларында ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін қолжетімділікті қамтамасыз ету және тең мүмкіндіктер жасау жөніндегі шаралар кешені. Кедергісіз білім беру ортасы – бұл жалпы білім беру ұйымдарында бірлескен оқу процесін, сондай-ақ білім беру ресурстарына тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін мүмкіндігі шектеулі оқушылар үшін қолжетімді орта. Кедергісіз білім беру білім беру ұйымдарында инклюзивті тәжірибені дамытудың негізі болып табылады, оның негізгі идеясы оқушылардың кез келген кемсітушілікке жол бермеу және ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылар үшін ерекше жағдайлар жасау болып табылады.

Қазіргі уақытта инклюзивті білім беру жағдайында математиканы оқытудың әдіс-тәсілдері аз. Инклюзивті білім беру – әртүрлі білім беру қажеттіліктері бар балалар мен мүмкіндігі шектеулі балаларды бірге оқытуды қамтитын салыстырмалы түрде жаңа сала. Соңғы уақытқа дейін мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту тек жеке сипатта болды. Бұл балалардың топтарына арнайы білім беру ұйымдарындағы арнайы мұғалімдер жетекшілік етті. Қазіргі уақытта қай жерде және қалай оқу керектігін әркім шешуге құқылы. Білім барлығына қолжетімді болды. Әрбір баланың өзін-өзі дамытуында инклюзивті білім беру маңызды рөл атқарады. Мүмкіндігі шектеулі балалар өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жетілдіру дағдыларын меңгереді, қоғамдағы орнын нығайтады.

Түйінді сөздер: инклюзив, өздігінен білім алу.





Математика сабағында психологиялық тежеуі бар инклюзивті оқушылардың танымдық қабілетін арттыру тапсырмалар жинағы

Мүмкіндігі шектеулі оқушылардың танымдық белсенділігін дамыту үшін математика сабағында заманауи білім беру технологияларын қолданудың өзектілігі.

Қазақстандық білім беруді жаңғырту контекстінде кез келген білім беру мекемесінің заманауи мұғалімінің алдында оқыту әдістерін қайта қарау, оқушының толыққанды әлеуметтік тұлға болуына көмектесетін құралдар кешенін пайдалану міндеті тұр. Білім беруді дамыту стратегиясы тарауында білім алу және абстрактілі тәрбие міндеттерін іске асыру - жаңа әлеуметтік қажеттіліктер мен құндылықтарға негізделген тұлғаның әмбебап қабілеттерін қалыптастыру, экономиканың инновациялық даму талаптарына және қоғамның қазіргі заманғы қажеттіліктеріне сәйкес сапалы білімге қолжетімділікті арттыру қажеттілігі туралы айтылады. Білім беру стандартының әдіснамалық негізі білім алушылардың жеке, жас, психологиялық, физиологиялық ерекшеліктері мен денсаулығын ескере отырып, білім беру процесін құруды қамтамасыз ететін жүйелі-белсенділік тәсілі болып табылады.

Ерекше білім беру қажеттіліктерін сезінетін оқушылардың көптеген санаттарының бірі - білім беру мекемелерінде оқитын денсаулық мүмкіндігі шектеулі балалар. Мектепті дамытудың негізгі қағидаты-түзету-дамытушылық сипаттағы және оқушылардың санасында, мінез-құлқында, еңбек қызметінде оларға қоғамның толыққанды мүшесі болуға көмектесетін осындай қасиеттерді қамтамасыз етуге бағытталған білім беру мазмұнының өмірлік қажеттілігі мен практикалық маңыздылығы. Соңғы төрт жыл ішінде мектептің жұмысы проблеманы шешуге бағытталған оқушылардың мотивациялық саласын дамыту арқылы олардың негізгі құзыреттерін қалыптастыру.

Мүмкіндігі шектеулі балаларды тиімді оқыту үшін олардың танымдық қызығушылығын, ойлауға деген құштарлығы мен әдетін, жаңа нәрсені үйренуге деген ұмтылысын қалыптастыру маңызды. Оқытуда тиімділікке қол жеткізу үшін оқыту ынгалы, мақсатты, сараланған болуы керек, оқушылардың танымдық Тәуелсіздігінің жоғары деңгейіне жетуі керек, дамушы болуы керек деп санаймын. Өз пәнім бойынша сабақтар мен сыныптан тыс іс шараларды өткізу кезінде келесі заманауи инновациялық педагогикалық технологиялардың элементтерін қолданамын:

-  тұлғаға бағытталған технологиялар.
-  түзету және дамыту технологиялары.
-  ақпараттық-коммуникациялық технологиялар.
-  денсаулық сақтау технологиялары.

Қазіргі білім беру технологияларын таңдауымның себептері:

1. Білім беру технологиялары сынып-сабақ жүйесінің оқу процесіне оңай сәйкес келеді.
2. Оқу пәні бойынша білім беру бағдарламасы мен стандартында қойылған мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік береді.
3. Педагогикалық стратегияның негізгі бағыттарын енгізуді қамтамасыз етеді: білім беруді ізгілендіру және тұлғаға бағытталған тәсіл.
4. Оқушылардың зияткерлік дамуын, олардың дербестігін қамтамасыз етеді.
5. Білім алушылардың психосоматикалық денсаулығын сақтауды қамтамасыз етеді.

Жобаның мақсаты: математика сабақтарында заманауи білім беру технологияларын қолдану арқылы білім алушылардың белсенді танымдық қызметін қамтамасыз ететін жағдайлар жасау.

Міндеттері:

-  Инклюзивті білім беру жағдайында оқыту әдістері мен әдістерін зерттеу және талдау.
-  Инклюзивті білім беру үшін қажетті педагогикалық жағдайларды анықтау.

Болжам: Математика сабақтарында мүмкіндігі шектеулі оқушылардың танымдық белсенділігін дамыту, осы сыныптағы балалардың жеке психофизикалық ерекшеліктерін ескере отырып, заманауи білім беру технологияларын пайдаланса, сәтті жүзеге асырылатын болады.

Математика пәні мүмкіндігі шектеулі оқушылар үшін ең қиын пән болып табылады және мұғалімнің алдында математиканы оқытудың максималды тиімділігін қамтамасыз ету үшін оқыту құралдары мен әдістерін таңдау мәселесі туындайды. Жаңа стандарт мұғалімдердің назарын

оқушылардың дамуын қамтамасыз ете алатын заманауи білім беру технологияларын қолдану қажеттілігіне аударды. Мұғалімнің жетістігінің маңызды критерийіне айналатын озық технологияларды қолдану кездейсоқ емес. Заманауи технологиялардың арқасында сабақтарда оқушының іс-әрекеті өрбиді.

Инклюзивті сыныпта математиканы оқытудың әдіс-тәсілдері

Шетел әдебиетінде инклюзивті білім берудің мүмкіндіктерін аша отырып, математиканы оқытуды ұйымдастыру бойынша келесі ұсыныстар берілген:

- 1) калькуляторды пайдалануға рұқсат;
- 2) ұқсас есептерді топтастыру;
- 3) жаттығулармен бір параққа аздаған тапсырмаларды орналастыру (мысалы, бір бетке 4-тен 6 тапсырмаға дейін);
- 4) бағалауды алу үшін тапсырмалардың аз санын пайдалану;
- 5) мәселені жазбаша көрсету үшін үлкен парақтарды пайдалану;
- 6) анықтамалық ақпарат үшін математика пәндері бар кестені беру;
- 7) әрбір оқушыны көрнекі сандар қатарымен қамтамасыз ету;
- 8) проблемалық тапсырмаларды кезең-кезеңімен көрсету;
- 9) көрнекі құралдарды (суреттер, графиктер) пайдалану.

Қазақстандық мектептерде инклюзивті білім беруді әркім әртүрлі қабылдайды, бірақ ол барлық жерде бар және барлық жерде жүзеге асырылады. Мүмкіндігі шектеулі балалар арнайы бейімделу бағдарламалары бойынша жұмыс істейді, тәрбиешілермен бірге оқиды және үнемі әлеуметтік қызметкерлер мен психологтардың бақылауында болады.

Сапалы нәтижеге жету үшін инклюзивті сыныпта математика сабағын өткізу кезінде ескеру қажет бірнеше технологиялар бар:

- ✚ балаларды мұқият дайындау және оқу процесінің басына және күрделі көлемді тақырыптарға жеткізу керек, осылайша олардың ынтасы мен қызығушылығын арттырады;
- ✚ бала математиканың белгілі бір салаларын не үшін үйренетінін түсінуі үшін пайдалы практикалық дағдылар мен дағдыларды қалыптастыру қажет;
- ✚ көрнекі дидактикалық материалды міндетті түрде пайдалану, оқудың практикалық әдістерін қолдану;
- ✚ әр оқушының мүмкіндіктерін ескере отырып, әр балаға сараланған және жеке көзқарас қалыптастыру;
- ✚ оқытудың әртүрлі әдістері мен әдістерін қолдана отырып, баланың ең жақын даму аймағына назар аудару керек, яғни оқушылар үшін жақын арада өз мүмкіндіктерін барынша іске асыру үшін оңтайлы жағдайлар жасау керек;
- ✚ мета-пәндік оқу әрекеттерін қалыптастыру-тапсырмаларды орындау нәтижелерін бақылау, жоспарлау, талдау және бағалау;
- ✚ оқушылар үшін берілген ақпараттың пайдалылығы арқылы оқу іс-әрекетіне барынша қызығушылық қалыптастыруға тырысу;
- ✚ оқытудың белсенді әдістерін қолдану қажет.

Жоғарыда айтылғандардан басқа, толтырылуы керек тағы бірнеше элементтер бар:

- ✚ негізгі материалды түсінікті және қолжетімді түрде қайталау қажет;
- ✚ материалды оқу осы топтағы балалардың көңіл-күйін, ақыл-ой мүмкіндіктерін және психологиялық көңіл-күйін ескере отырып, бірте-бірте өтуі керек;
- ✚ материалды бірте-бірте күрделендіріп, нәтижесінде оны жаңа тапсырмалармен толықтыру қажет;
- ✚ оқушылардың аналитикалық қабілеттерін дамыту үшін арифметикалық есептерді ауызша және жазбаша шешуді қосу қажет: ойлау, талдау, қорытынды жасау қабілеттері. Сондай-ақ, бұл балаларда дұрыс сөйлеудің оң дамуына, оны түзетуге және қоюға мүмкіндік береді;
- ✚ ауызша санауға назар аудару қажет, өйткені бұл тапсырмалар кезінде оқушылар есте сақтауды, зейінін және есте сақтауды дамытады, бірақ сабақты ауызша жұмыспен шамадан тыс жүктемеу керек, өйткені бұл жұмыс мүмкіндігі шектеулі балаларға қиын, зейіні мен қызығушылығын арттыратын ойын түрінде жүзеге асырылады;

- ✚ әрбір дерлік математика сабағында геометрия элементтерін қосу ұсынылады, өйткені көрнекі процесс балалардың математика пәніне қызығушылығын арттырады, содан кейін олардың геометрия саласындағы дағдыларын дамыту оңайырақ болады;
- ✚ сыныпта жағымды және достық атмосфераны құру. Балаларды оқудағы аздаған жетістіктері үшін де, көбінесе олардың табандылығы үшін мадақтау қажет, бұл оқушылардың математика пәнін оқуға деген ынтасын арттырады;
- ✚ математика сабақтарында физикалық минуттар болуы керек, олар сабақта қарастырылатын тақырыппен байланыстырылғанда жақсы, бұл балалардың зейінін әрекеттің басқа түріне ауыстыруға көмектеседі, оқушыларға демалу және сонымен бірге сабақта зерттелетін нәрсені пайдалануға назар аудару;
- ✚ оқушылардың іс-әрекеттерінің көпшілігінің алгоритмін құру қажет.

Ол көрнекі диаграммаларда, кестелерде, жадынамаларда ұсынылуы мүмкін, бұл өзін-өзі тексеруге және оқушының қай кезеңде проблемасы бар екенін білуге және оны жоюға (түзетуге) көмектеседі. Алгоритм бүкіл сабақты өткізуде де болуы мүмкін, содан кейін ол оқушыларға таныс болады және сабақтың тәртібі мен сапасын дербес реттейді. Дегенмен, сабақ күнделікті тәртіп пен монотондылықты білдірмеуі керек. Сабақтың басында сіз әрқашан оқушылардың назарын аударатын және оларды өнімді жұмыс істеуге бейімдейтін нәрсе ойлап табуыңыз керек, осылайша сіз балаларды сабаққа және жаңа тақырыпты қабылдауға немесе алдыңғы тақырыпты жалғастыруға ұйымдастырасыз, бұл оқушылардың жетістіктеріне оң нәтиже береді.

Тұлғаға бағытталған технологиялар

Қазіргі мектеп мұғалімнен оның кәсібилігін арттыруды, атап айтқанда, сабақта оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыруды таңдауды талап етеді. Математика объективті түрде мектептегі күрделі пәндердің бірі болып табылады және көптеген оқушыларға қиындық туғызады. Мұғалімнің міндеті – оқуды ұйымдастырудың икемді түрлерін іздеу. Менің көпжылдық педагогикалық тәжірибем әр баланың жеке қабілеттерімен оқу іс-әрекетіне толыққанды қатысу үшін балалардың оқу белсенділігінің деңгейі мен динамикасын және олардың теориялық ұғымдардың пәндік мазмұнын игеру деңгейін ескеру қажет деген болжамды растайды. Мектепте математиканы оқыту процесі тек білім беру сипатында ғана емес, сонымен бірге жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағытталған табысты тұлғаны тәрбиелеуге бағытталған. Мұғалім ретінде мен балалардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруға, логикалық ойлау мен өмірге бейімделу қабілетін дамытуға міндеттімін.

Мүмкіндігі шектеулі балалар– бұл ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар. Олардың барлығы бір-біріне ұқсамайды: кейбіреулері ақпаратты тез игереді, басқалары ұзақ уақыт алады, біреуі жаңа материалды үйрену кезінде қарым-қатынасты қажет етеді, басқалары толық тыныштықта өздерін жайлы сезінеді, кейбіреулері сабақта тез шаршайды, ал басқалары сабақтың соңында ғана белсенді жұмыс істей бастайды. Сабақты құру кезінде әр баланың жеке ерекшеліктерін ескеру қажет. Бұл тәсілді қолданудың басты мақсаты оқушыларға математика сабақтарында өздерінің табиғи қабілеттерін толық ашуға мүмкіндік беретін жағдайларды қамтамасыз ету болды, бұл балалардың оқуы ретінде көрінеді. Мен өз қызметімнің негізгі нәтижесі деп санаймын, балалардың пән бойынша дағдылары мен білімдерін алуы, осы білімді практикада қолдана білуі. Оқушыларымыздың осы ерекшеліктерін ескере отырып, тұлғаға бағытталған оқыту технологиясын кеңінен қолданамын.

Тұлғаға бағытталған білім барлық балаларды теңестірмейді, бірақ әрқайсысының жеке мүмкіндіктерін мұқият сақтауға және дамытуға мүмкіндік береді. Тұлғаға бағытталған білім берудің дамушы білім берудің басқа тұжырымдамаларынан айырмашылығы оқушының субъективтілігінің басым дамуына және жас ерекшеліктеріне сәйкес мүмкіндіктерді іске қосуға бағытталған. Өзін-өзі дамыту. *Тұлғаға бағытталған білім берудің міндеттері:*

- ✚ жеке өсу
- ✚ субъективтілікті дамыту
- ✚ оқушылардың өзін-өзі дамыту

- ✚ оқушылардың интеллектуалды дамуы
- ✚ оның санасында әлемнің тұтас бейнесін қалыптастыру

Бұл жүйені құру принциптері тұлғаның жан-жақты дамуына бағытталған.

Егер бұл жүйені менің сабақтарымның бірінің мысалында қарастыратын болсақ, онда 5 негізгі кезенді бөліп көрсетуге болады:

Сабақтың тақырыбы: «Жай бөлшектерді бөлу», сабақ 6-сыныпта Айға саяхат.

1-кезең. Негізгі білімді жаңарту. Мұнда сыныптың әрбір оқушысын өз жұмысына қосу міндеті қойылады. Мұнда балаларға әртүрлі тапсырмаларды ұсынған дұрыс:

Жаңа білім беру. Жаттығу. Космодромға бару.

1 экипаж. Дұрыс жауаптарды табыңыз.

- 1) Бөлінетін сан ... деп аталады.
- 2) Олар бөлетін сан ... деп аталады.
- 3) Бөлудің нәтижесі ... деп аталады.
- 4) Бір-біріне кері бөлшектердің көбейтіндісі ... болады.

Жауаптары: бөлгіш; бөлінді; 1; жеке.

2 экипаж. Дұрыс жауаптарды табыңыз.

- 1) $\frac{2}{3} : \frac{2}{3} = \dots$
- 2) $\frac{3}{4} : 1 = \dots$
- 3) $\frac{3}{4} : 0 = \dots$
- 4) $0 : \frac{7}{9} = \dots$

Жауаптары: 1; тыйым салынады; 0; $\frac{4}{7}$

3 экипаж. Дұрыс жауаптарды табыңыз.

- 1) $\frac{1}{3} : \frac{2}{5} = \dots$
- 2) $\frac{3}{7} : \frac{5}{6} = \dots$
- 3) $\frac{3}{7} : \frac{10}{14} = \dots$
- 4) $\frac{2}{5} : \frac{3}{5} = \dots$

Жауаптары: $\frac{2}{3}$; $\frac{2}{5}$; $\frac{5}{6}$; $\frac{7}{9}$

2-кезең. Балаларды мақсат қоюға қосу. Мұнда балаларды нақты проблемалық жағдаяттарға тартатын, шешуі сабақтың оқу-танымдық мақсаттарын анықтайтын тапсырмаларды пайдалану ұтымды.

Сабақтың ортасы: Тапсырма. Іске қосу тақтасы.

Барлық экипаждар жеке тапсырмаларды орындайды, дұрыс жауапты тауып, ұшыру алаңына жетеді.

1 экипаж

<i>Есептеңіз:</i>	<i>Жауап:</i>
$\frac{2}{3} : \frac{7}{9}$	$\frac{6}{7}$
$3 : \frac{3}{5}$	5
$1\frac{5}{7} : 3\frac{3}{4}$	$\frac{16}{35}$

2 экипаж

<i>Есептеңіз:</i>	<i>Жауап:</i>
$\frac{4}{9} : \frac{2}{3}$	$\frac{2}{3}$
$5 : \frac{1}{4}$	20
$1\frac{1}{2} : 2\frac{3}{4}$	$\frac{6}{11}$

3 экипаж

<i>Есептеңіз:</i>	<i>Жауап:</i>
$1\frac{1}{8} : 1\frac{3}{4}$	$\frac{9}{14}$

$2\frac{1}{3} : 3\frac{1}{2}$	$\frac{2}{3}$
$1\frac{1}{21} : 2\frac{2}{3}$	$\frac{11}{28}$

3-кезең Негізгі. Бұл кезеңнің мақсаты - өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын, шешім қабылдау қабілетін қалыптастыру.

Сабақтың жалғасы: Тапсырма. Айдағы ғарыш кемесі

№1 тапсырма. Айда барлық денелердің салмағы Жерге карағанда 6 есе аз. Егер мектеп оқушысының жердегі салмағы 38 кг болса, онда оның Айдағы салмағы қанша болады?

Шешімі: $38 : 6 = \frac{38}{6} = 6\frac{1}{3}$ кг


№2 тапсырма. Жарық Айдан Жерге $81\frac{1}{4}$ минутта жетеді. Ай сәулесі жерге неше секундта жетеді?

Шешімі: 1мин = 60 с; $60 \cdot 8\frac{1}{4} = \frac{60 \cdot 33}{4} = 15 \cdot 33 = 495$ с

№3 тапсырма. 1969 жылы шілдеде екі американдық астронавт Айға қонды. Жалпы, Айға барған барлық ғарышкерлер 300 сағатты сонда өткізді. Бұл қанша күн?

Шешімі: 1сутки = 24часа; $300 : 24 = \frac{300}{24} = 12\frac{1}{2}$ суток

4-кезең Оқушылардың білімін бақылау кезеңі. Мұнда білімді дәстүрлі бағалаудың орнына онша таныс емес тапсырмаларды ұсына аласыз.



5-кезең Сабақтың соңы рефлексия. Сабақтың жалғасы:

Қорытындылау. Рефлексия.

- ✚ Бүгін сабақта не істегенімізді кім айта алады?
- ✚ Қалай жасағанымыз ұнады ма?

Бүгін сабақта барлығы жақсы жұмыс істеді.

- ✚ Егер «бөлуді» үйрендім деп ойласаңыз, қолыңызды 3 рет шапалақтаңыз.
- ✚ Егер «бөлуді» үйренбедім деп ойласаңыз, онда тек 1 рет шапалақтаңыз.
- ✚ Егер «бөлу» тақырыбын түсінбедім деп ойласаңыз, онда шапалақтаудың қажеті жоқ.

Қол шапалақтау! Сіз өзіңізге және біліміңізге қол шапалақтадыңыз!

Тұлғаға бағытталған математика сабағы болашақта шешім қабылдауға не көмектесетінін ойлау, талдау қабілетін дамытады. Мен бұл мәселені бірнеше жыл бойы шешіп келемін, өзімнің білім беру тақырыбым: «Математика сабақтарында тұлғаға бағытталған білім беруді жүзеге асыру».

Қызметтің осы бағытының тиімділігі мен орындылығы жігерлендіретін оң нәтижелермен расталады.

Ойлауды дамыту үшін мен қызықты тапсырмаларды қолданамын. Мұндай міндеттер тақырыпқа деген қызығушылықты сақтауға ықпал етеді. Осы типтегі мәселелерді жүйелі шешу тапқырлық пен тапқырлық сияқты қасиеттерді дамытады. Бала үшін қолайлы психологиялық атмосфераны құру өте маңызды, өйткені бұл жағдайда ғана оның дамуында прогресс болуы мүмкін. Мен балалардың жұмысты өзін-өзі бағалау қабілетін дамытуға көп көңіл бөлемін, өйткені өзін-өзі бағалау өз қызметінің нәтижелеріне және басқалардың бағалауына тыныш карауға мүмкіндік береді. *Балалармен жұмыс кезінде мен ережелерге сүйенемін:*


- ✚ әлсіздерді күтпеген сұрақтың жағдайына қалдырмаңыз және жылдам жауап немесе шешімді талап етпеңіз, ойлануға көбірек уақыт беріңіз.
- ✚ ассимиляцияға күрделі материалды көптеп берудің қажеті жоқ, оны меңгерген сайын біртіндеп беру керек.
- ✚ сауалнамалар мен мадақтаудың дұрыс тактикасы арқылы өз қабілеттеріне, білімдеріне және оқу мүмкіндіктеріне сенімділікті қалыптастыру. Мұндай сенімділік өзіндік жұмыс пен бақылау жұмыстарына қажет.

Сабақ оқу процесінің негізгі элементі болды және болып қала береді, бірақ тұлғаға бағытталған оқыту жүйесінде оның қызметі, ұйымдастыру формасы айтарлықтай өзгереді. Бұл жағдайда сабақ хабарламаға және білімді тексеруге бағынбайды, бірақ мұндай сабақтар да қажет, бірақ мұғалімнің мазмұнына қатысты оқушылардың тәжірибесін анықтау. Ол үшін мұғалім сыныппен жұмыс жасай отырып, оқу материалымен жұмыс жасай отырып, оқушылар қолданатын әртүрлі жеке ойлау операцияларын анықтайды.

Математика мұғаліміне арналған тапсырмалар үлгісі

Түзету және дамытушылық тапсырмалар

1. Сандар берілген: 12, 0, 15, 1, 8, 5, 2, 3, 44. Оларды келесі критерийлер бойынша таратыңыз:
 - бір таңбалы сандар _____
 - екі таңбалы сандар _____
 - өсу ретімен натурал сандар _____
2. Төменде берілген төрт тізімнің әрқайсысында қосымша сөздің астын сызыңыз.
 - Кесінді, түзу, сәуле, үшбұрыш, фигура, шаршы.
 - Сантиметр, миллиметр, дециметр, ұзындық, метр, километр.
 - Тонна, центнер, масса, грамм, пұт.
3. Төмендегі тізімдегі сөздерді схема терезелеріне орналастырыңыз. Оқушының мүмкіндіктеріне байланысты бұл схеманы мұғалім ішінара толтыра алады, оқушының міндеті – бос терезелерді толтыру.
Үшбұрыш, төртбұрыш, бесбұрыш, алтыбұрыш, тіктөртбұрыш, шаршы, көпбұрыш.



4. Мүмкіндігінше «кесінді», «сәуле», «түзу» ұғымдарының ортақ қасиеттерін және барынша көп айырмашылықтарын көрсетіңіз. Бұл тапсырма салыстыру дағдыларын дамытуға бағытталған.

	<i>Жалпы қасиеттері</i>	<i>Айырмашылықтары</i>
Сәуле		
Кесінді		
Түзу		

5. Алгоритм бойынша есептер құрастыру. Білімді бекігудің бір түрі-тапсырмаларды құрастыру. Оқушылар үлгі бойынша қысқаша жазба бойынша тапсырмалар жасай алады.
Қысқаша жазба бойынша тапсырма жасаңыз:
 1-45 км
 2-қарағанда 5 есе аз
 3-7 км артық
 «Жүр, қалды»; «болды, өзгерді»; «қымбат» – «арзан»; «жеңіл» – «ауыр» деген сөздерді қолданып тапсырмалар жасау.

Функционалдық саралау

Топтарда жұмыс істеген кезде студенттерге проблемалық тапсырма берілуі мүмкін, оның мазмұны олар үшін қызықты болады. Әр оқушы тапсырманың өз бөлігін алады, оны шешу арқылы топ танымдық және таңғажайып ақпаратты табады. Бұл жағдайда оқушылар психикалық дамудың кешігуі аз әрекеттерден тұратын қарапайым тапсырмаларды ала алады.


Мысалы:

- Егер бір тамшы қан микроскоппен қаралса, онда қызыл түсті өте кішкентай денелер көрінеді. 1 мм³ қанда, яғни бір тамшыда шамамен (1)қызыл денешік. Сіздің дененізде олардың барлығы қанша? Егер сіздің салмағыңыз 40 кг болса, онда сіздің қаныңызда шамамен (2)..... .. триллиондаған эритроциттер. Елестетіп көріңізші, бұл дөңгелек әскері бірінен соң бірі орналастырылған. Мұндай қатардың ұзындығы болар еді (3) км. Осындай ұзындықтағы жіппен жер шарын экваторға орауға болады (4) бір рет.

Тапсырмалар:

- 1) $708 \cdot 150: 450 - 221$,
 2) $346 - (2486 + 335 104: 476): 10$,
 3) $507 792: 596 + 870 - 584 + 58 093 - 76$,
 4) $(127 410 : 274 + 307 200 : 480 - 907) : 99$.
2. Сурет картасы – тапсырма (ойын элементтері бар) кестеде көрсетілген әріптердің мәндері бойынша А-В-С әріптік өрнегінің мәнін табыңыз. Алынған мәндерді «нәтиже» жолына жазып, суреттің әр бөлігін кестеде берілген нәтижеге сәйкес келетін түспен бояңыз. Мысалы, кестенің бірінші бағанында оқушы 13 нәтижесін алуы керек. Суретте ол осы сан жазылған жерлерді қызыл түспен бояуы керек.

<i>Әріптердің мағыналары</i>					
A	7,7	4,7	14,3	1,3	9,1
B	2,2	1,9	3,2	8,7	2,9
C	3,94	6,03	40,76	3,7	7,15
Нәтиже	1				
Суреттегі түсі	<i>қызыл</i>	<i>сары</i>	<i>көк</i>	<i>жасыл</i>	<i>қызылт сары</i>



Балаларға сурет бірдей берілуі мүмкін, ал сандық мәліметтер немесе әріптік өрнектің күрделілігі әр түрлі болуы мүмкін. Егер барлық оқушылар тапсырманы дұрыс орындаса, онда сурет бәріне бірдей боялады. Сабақтан кейін суреттер тақтаға ілінді. Онда мұғалім өз суретін салады. Осы стандарт бойынша балалар кімнің қателескенін және қай жерде екенін бірден көреді.

Әдебиет

1. Мүмкіндігі шектеулі балаларды және мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту, тәрбиелеу және оқытудың халықаралық құқықтық негіздері.


2. Баршаға арналған білім туралы дүниежүзілік декларация (Негізгі білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру шеңбері) Джомтиен, Тайланд 03.09.1990 ж.
3. БҰҰ Бас Ассамблеясының 03.12.1982 ж. 37/52 қарарымен қабылданған Мүгедектерге арналған дүниежүзілік іс-қимыл бағдарламасы
4. 10.12.1948 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдаған Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы
5. БҰҰ Бас Ассамблеясының психикалық дамуы тежелген адамдардың құқықтары туралы декларациясы БҰҰ Бас Ассамблеясы 20.12.1971 жылы қабылдаған.
6. Бас Ассамблеяның 09.12.1975 ж. 3447 (XXX) қарарымен жарияланған Мүгедектер құқықтары туралы БҰҰ Декларациясы
7. Біріккен Ұлттар Ұйымының Білім, ғылым және мәдениет жөніндегі Бас конференциясы 14.12.1960 жылы қабылдаған Білім берудегі кемсітушілікке қарсы конвенция 65
8. Бас Ассамблеяның 13.12.2006 жылғы 61/106 қарарымен қабылданған Мүгедектердің құқықтары туралы конвенция.
9. БҰҰ Бас Ассамблеясының 20.11.1989 жылғы 45/25 қарарымен қабылданған Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы
10. Мүгедектерге қатысты дәйекті саясат туралы Министрлер комитетінің мүше мемлекеттерге № R (92) 6 ұсынысы Еуропа Кеңесінің Министрлер Комитеті 09.04.1992 жылы қабылдаған.
11. Ерекше қажеттіліктері бар адамдарды оқытудағы принциптер, саясаттар және тәжірибелер туралы Саламанка декларациясы Саламанка, Испания 06/10/1994 Мүгедектер үшін мүмкіндіктерді теңестірудің типтік ережелері Бас Ассамблеяның 412/92 қарарымен қабылданған. /1993

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІ ТАЛДАУ

Тлеубаева Сантай Азизбековна
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ.



Көрсеткіштер	2015 жыл		2016 жыл		Жыл бойынша өзгеріс		Құрылымының өзгеруі (4 гр-2 гр) / (3 гр-1 гр) * 100
	Соның, млн теңге	Улес, %	Соның, млн теңге	Улес, %	Мән, (3 гр-1 гр) * 100	% (3 гр-1 гр) / (3 гр-1 гр) * 100	
	1	2	3	4	5	6	7
А							
Активтер							
қаржы барлығы:	1363761	100	5104322	100	+3740561	374,3	-
1. Ұзақ мерзімді активтер:	213230	15,64	577053	11,30	+363823	270,6	-4,34
сонаның ішінде негізгі құралдар	201272	14,75	577053	11,30	+375781	286,7	-3,45
материалдық емес активтер	11958	0,89	-	-	-11958	-	-
2. Қысқа мерзімді активтер	1150531	84,36	4527269	88,70	+3376738	393,5	+4,34
қаржы барлығы өндірістік портфельмен	213230	15,64	577053	11,30	363823	270,6	-4,34



БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ СЫНЫПТАН ТЫС БОС УАҚЫТТАРЫН ТИІМДІ ҰЙЫМДАСТЫРУДА ЖОБАЛАРДЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ

Сеитова Сандугаш Капсалановна

С.Әлібекұлы атындағы №19 орта мектебі, Меркі ауданы Жамбыл облысы

Жас ұрпаққа сапалы білім берумен қатар саналы тәрбие беру қажеттілігі әр уақыт кезеңінде өзекті мәселе болып табылады. Мектептің тәрбие жүйесінде білім алушылардың рухани – адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесінің іске асырылуын қамтамасыз ететін сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру үшін қолайлы жағдайлар жасау маңызды. Жалпы мектеп бойынша білім алушылардың да, мұғалімдердің де уақытын тиімді пайдалану мақсатында «Үйрен және бөліс» тақырыбында сабақ арасындағы 15 минуттық үзілісті пайдалануды жөн көріп, жобалар күнтізбесі құрылды. Күнтізбеде дүйсенбі «100 ән» жобасы бірінші қабаттағы фойеде, сейсенбі күні «Оқуға құштар мектеп» жобасы кітапханада, сәрсенбі күні «Отбасы – орта мектеп» жобасы іс-шаралар өткізу залында, бейсенбі күні «Дәстүр мен ғұрып» жобасы мұғалімдер бөлмесінде, жұма күні іс-шаралар өткізу залында «Өзін-өзі басқару» жобасы кестемен көрсетіліп, өткізілу уақыты және оған жауапты тұлғалар тағайындалды.

Осы жобалардың жалпы атауын «Үйрен және бөліс» деп атауымыздың себебі, ұстаздар да, мектептің барлық қызметкерлері де, білім алушылары да жоба аясында білімді толықтырумен қатар басқалармен тәжірибе бөлісу мақсатында туындаған еді. Сонымен қатар жобаларды іске асыруда білім алушылардың тәрбиелік, өмірлік кеңістігінің әлеуетін кеңейтуге, жеке тұлғаның өзекті қажеттіліктері мен қабілеттерін іске асыру барысында сабақтар арасындағы 15 минуттық үлкен үзілісті тиімді пайдалану мүмкіндігі туындады. Енді сөз барысын сол жобалар бойынша өрбітсек.

«100 ән» жобасы аптаның дүйсенбі күні мектеп ғимаратының бірінші қабатындағы мектеп фойесінде жүзеге асырылады. Мақсаты: Білім алушыларды ұлттық құндылықтар мен қазақтың дәстүрлі ән өнерімен таныстыру, халық әндері, қазақ сазгерлерінің әндерін насихаттай отырып, ұлттық ән, музыка, салт-дәстүрлер негізінде Қазақстандық Отансүйіштікті қалыптастыру. Жоба аясында оқушыларға жоба жоспарына енгізіліп отырған әндердің шығу тарихы, оның авторлары туралы мағлұматтар беріліп, ән арқылы көзделіп отырған құндылықтар насихатталады.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аптаның сейсенбі күні мектеп кітапханасында жүзеге асырылады. Мақсаты: Білім алушылардың кітап оқуға қызығушылықтарын арттыру, сондай-ақ жас ұрпақ бойында жоғары азаматтық және рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру. Мұнда білім алушылар бір апта ішінде оқыған кітаптары бойынша талқылау жүргізіп, оқырман ретінде баға береді. Құндылықтарды дәріптейді.

«Отбасы – орта мектеп» жобасы аптаның сәрсенбі күні іске асырылады. Мақсаты: Отбасы мен мектеп тәрбиесінің жеке тұлғаны дамытудағы ортақ ықпалдастық жолдарын талқылау, мектеп пен отбасы арасындағы ынтымақтастықты қалыптастыру, ата-аналарды бірлескен іс-әрекетке тарту. Мұнда арнайы шақырылған ата-аналар білім алушылар арасында отбасы құндылықтары туралы, олардың білімді, еліміздің жанашыр тұлғаларының қалыптасуы бағытында ашық пікір алмасулар жүргізеді, мектепшілік іс-шараларға атсалысады. Жоба аясында мектеп білім алушылары ауылымыздағы үлгілі, парасатты, еңбекқор отбасы иелерін тереңірек, басқа қырынан танып, біле бастады.

«Дәстүр мен ғұрып» жобасы аптаның бейсенбі күндері жүзеге асырылады. Мақсаты: Қазіргі заманда ұмыт болып бара жатқан және бүгінде өзектілігін жоймаған дәстүрлер мен ғұрыптарды тәрбиелік құндылықтар тұрғысынан жаңғырту. Жас ұрпаққа қазақ ұлттық дәстүрлердің құндылығы мен пайдалылығын түсіндіру. Бұл жоба аясында халқымыздың ұлттық дәстүрі мен ғұрпына ауылымыздың жанашыр тұлғалары шақырылып, білім алушылар арасында дәріптеліп отырған салт-дәстүр мен ғұрыптар жайында мағлұматтар беріледі.

«Өзін-өзі басқару» жобасы аптаның жұма күні жүзеге асырылады. Мақсаты: Білім алушылардың бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзыреттілік, азаматтық жауапкершілік дағдыларын дамыту, әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті, өзінің жеке басын қоғам мен мемлекетті жетілдіру мүддесінде әрекет ете алатын жоғары мәдениетті, гуманистік бағыттағы азаматты тәрбиелеу. Бұл жоба аясында жұмыс жасайтын мектеп парламент мүшелері апта бойы

атқарған жұмыстары туралы білім алушылар арасында ақпарат беріп, алдыңғы аптаға жоспарланған жұмыстар жайында мәлімдеме жасайды.

Бұл айтылып өтілген жобалардан басқа балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру және шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында жұмыс жасайтын үйірме жұмыстары негізінде «Театр сабақтары» жобасы бағытында «Жауқазын» театр үйірмесі, «Дебат қозғалысы» жобасы бағытында «Зияткер» дебат үйірмесі және «Ерте жастан басталатын экологиялық мәдениет» жобасы бағытында «Жас эколог» үйірмесі жұмыс жасайды.

Жобалардың жүргізілуі - оқу мен тәрбие процесін ұйымдастырудың сапасы мен нәтижелілігіне әсері айтарлықтай мол.

Сөз соңында мектебімізде жүзеге асырылып жатқан жобалармен жұмыс жасау тәжірибесі барысында алдағы уақытта жобалар бойынша таңдап алынған тақырыптарды жүйелендіру мақсатында арнайы даму жоспарын дайындау жоспарлануда.

КБЖ 88.3

ОЙЛАН, ТАП!

Шукеева Гульнара Зупаровна

Төле би атындағы орта мектебі, Жамбыл ауданы Жамбыл облысы

Қатысушылар: орта буын оқушылары

Мақсаты:

Оқушылардың таным процестерін дамыту

Тренинг барысы:

- 1) Талдардың аттарын қазақ және орыс тілінде атау.
- 2) Жасырынған сөздерді табу
- 3) Жұмбақ шешу
- 4) Қала аттарын атау
- 5) "Тез ойланып жауап бер" тапсырмасын орындау
- 6) Түстердің адам психикасына әсерін ұғыну

Жүргізуші сөзі: "Балалар, бүгінгі тренинг тақырыбы-"Ойлаңтап !" деп аталады. Тренинг барысында әртүрлі тапсырмаларды орындай отырып, ойлау, сақтау, қабылдау, сөйлеу сияқты таным процестерімізді дамытамыз. Сабаққа бар ынталарыңды салып, белсенді отырыңдар, сонда сабақ қызықты өтеді".

1-ТАПСЫРМА

Мына жерде 10 түрлі талдың жапырағының үлгісі ілінген. Балалар әрқайсысың жеке тапсырмалар орындайсыңдар. Тапсырма мынадай: жапырақтардың артында талдың қазақша аты жазылған, соны орыс тіліне аударуларың керек. Біреуің тапсырманы орындағанда қалғандарың жапырақтың формасын бақылап, әрі олардың атын естеріңе сақтап отыруларың керек. Егер оқушы жауап бере алмаса, онда отырған оқушылардың көмектесуіне болады.

Талдардың қазақша және орыс тіліндегі аттары:

- 1)Қайың-берёза
- 2)Көктерек-осина
- 3)Емен-дуб
- 4)Шетен-рябина
- 5)Үйеңкі-клен

- 6)Қарағаш-вяз
- 7)Терек-тополь
- 8) Лиственница-балқарағай
- 9) Кедр-самырсын
- 10) Ель-шырша

2 ТАПСЫРМА

Қазіргі заман талабы бойынша әрбір Қазақстандық 4 тілді, атап айтар болсақ, өзіміздің мемлекеттік тіл-қазақ тілін сондай-ақ орыс тілін, ағылшын тілін және заман талабына сай компьютер тілін жақсы меңгергені абзал. Енді бүгінгі сабақ барысында сендердің осы қазақша,орысша, ағылшынша сөздік қорларыңды пысықтай түсу үшін әр түрлі тапсырмалар мен қызықты жаттығуларды орындауға көшейік.

Балалар, зейіңдеріңді мына тапсырмаларға аударыңдар.Мына плакаттағы тор көздерде әр түрлі сөздер орналасқан.Осындағы жасырылған 10 қазақша, 10 орысша,10 ағылшынша сөзді тауып,белгілеп көрсетуіміз керек.

Сөздер солдан оңға,жоғарыдан төмен,жоғарғы сол жақтағы бұрыштан төменгі оң жақтағы бұрышқа диогоналды және төменгі сол жақтағы бұрыштан жоғарғы оң жақтағы бұрышқа қарай оқылуы мүмкін.

Барлығына тор көздегі жасырынған сөзді қарап,табуға уақыт беріледі.Қане, тапсырманы орындаңдар да мына жердегі әр түрлі түсті маркерлермен жасырынған сөздердің үстін сызып, белгілеп көрсетулерің керек!Кім сөздерді тапса қол көтерсін!

Жасырынған сөздерді тап.

В	О	О	К	І	Т	А	П	С	Е	Л	О
Я	Т	Х	Ө	S	О	Һ	Ғ	Қ	Ш	Г	Е
З	Е	R	Ш	T	W	S	J	A	E	O	Q
Ы	Ц	L	E	R	N	C	Д	Л	Ш	P	S
К	Т	Ә	К	Е	У	G	T	A	E	O	T
Ү	Й	І	А	Е	Ө	Л	Н	Е	Л	Д	Е
F	P	H	L	T	E	M	И	O	П	A	P
Ң	А	М	А	М	А	Ә	Қ	Ц	U	Ь	P
М	О	Т	Н	Е	R	Ф	А	П	А	S	E
Ү	F	A	H	L	A	N	G	U	A	G	E
Д	О	М	B	E	V	I	L	L	A	G	E
Т	С	Е	Л	О	R	Д	Е	P	Е	B	O

3 ТАПСЫРМА

Балалар келесі тапсырма : "Жұмбақ шешу". Қазір кезек-кезек ортаға шығып, мына конверттердің біреуін ашып, ішіндегі қағазда жазылған жұмбақтың шешімін табуға тиістісің. Сосын жұмбақтың шешімін орыс, ағылшын тілдеріне аударуларың керек. Тапсырма түсінікті болса, ортаға шығуғ кім дайын?

Жұмбақ шешімі:



1. Қабат-қабат қаттама, ақылың болса аттама. (кітап, книга, BOOK бук)
2. Ақ сандығым ашылды, ішінен жібек шашылды. (күн, солнце, SUN сан
3. Сырт-сырт соғады, уақыт озады. (сағат, часы, CLOCK, клок)
4. Түйістіреді көзінді-көзіңе, жолықтырады өзінді-өзіңе. (айна, зеркало, MIRROR мирә)
5. Бойын жерге жасырған, бұрымы бар жасылдан. (сәбіз, морковь, CARROT кәрәт)
6. Жылт-жылт еткен, жылғадан өткен (су, вода, WATER уота)
7. Ағаш оның мекені, жаңғақ қорек етеді,
8. Жауын көрсе қорқып, ініне кіріп кетеді. (тиін, белка, SQUIRREL скуирәл)
9. Мойны бейне сұрақ белгісі, онымен сәнді көл іші,
10. Қанаттының сұлу төресің, балақай сен де білесің. (аққу, лебедь, swan, суон)
11. Шұбар ала тоны бар, күжірейген жоны бар,
12. Тау мен дала мекені, етпен қорек етеді. (жолбарыс, тигр, tiger, таигә)
13. 10) Көбелекке ұқсайды, бірақ олар ұшпайды. (гүл, цветок, flower, флауә)

4 ТАПСЫРМА

"Балалар, келесі тапсырма "Қала аттарын атау" деп аталады. Тапсырма орындамас бұрын сендерге мынадай сұрақ:

- Қазақ алфавиті неше әріптен тұрады? (42)
- Орыс алфавиті неше алфавиттен тұрады? (33)
- Ағылшын алфавиті неше әріптен тұрады? (26)

Мұнда бас әрпі бойынша қала аттарын құрауға болатын 24 әріп жасырылған. Сендер осы жерден кезек-кезек келіп екі-екіден не үш-үштен қима қағазды алып артындағы әріптен басталатын қала аттарын атауларың керек. Әрқайсысың ең кемі 1 не 2 қала атын атауға тиістісің!"

Мысал ретіндегі қала аттары

- 1) А-Ақтау, Астана, Атырау, Алматы, Афины
- 2) Б-Барселона, Бішкек, Балқаш, Бұқара
- 3) В-Варшава, Вена, Вашингтон, Волгоград
- 4) Г-Гамбург, Гавана, Грозный, Гвадалахара
- 5) Д-Дели, Даллас, Дублин
- 6) Ж-Жаңатас, Женева, Житомир
- 7) З-Загреб, Зиндер, Зыряновск

- 8)И-Измир,Исламабад,Ижевск,Игарка
- 9)К-Киев,Көкшетау,Касабланка,Кипр
- 10)Қ-Қарағанды,Қаратау,Қостанай,Қызылорда
- 11)Л-Лондон,Лиссабон,Лион,Лима
- 12)М-Мадрид,Москва,Мекке,Мадина,Милан,Мехико
- 13)Н-Ницца,Нью-Йорк,Новгород
- 14)О-Орал,Одесса,Осло
- 15)П-Париж,Прага,Павлодар,Пекин,Петропавл
- 16)Р-Рим,Рига,Рио-де Жанейро
- 17)С-Самара,Сочи,София,Семей,Стамбул
- 18)Т-Тараз,Ташкент,Токио,Талдықорған,Тбилиси
- 19)У-Улан-Батор,Уфа,Уиндем,Ухта
- 20)Ф-Феникс,Франкфурт,Форт-Нельсон
- 21)Х-Хьюстон,Харьков,Хельсинки
- 22)Ч-Чита,Чикаго,Челябинск,Черчилл
- 23)Ш-Шираз,Шанхай,Шымкент
- 24)Я-Якутск,Яунде,Янгон,Яссы

5 ТАПСЫРМА

Балалар, зейіңдеріңді мұнда аударыңдар.Мына жерде 10 түрлі түсті парақ ілінген.Әр парактың артында 1 тапсырма бар.Ортаға шығып біреуін таңдап,ол түстің орысша,ағылшынша атауын атап сосын өз тапсырмаңды алып,орнында отырып дайындалып жауап беру керек.Әркімге әртүрлі тапсырма беріледі.Біреу суретке қарап сипаттама беруі керек,біреу тапқақ,біреу мақал-мәтел айтуы қажет, келесі бірің жол белгілерін келесі бірің автокөлік маркаларын ажыратуың қажет.Ал, тапсырма түсінікті болса, кезек-кезек шығып, тапсырманы алыңдар да орындарыңда отырып дайындалыңдар!

Түстер атауы

Қазақша аты	Орысша	ағылшынша
Жасыл	Зеленый	Green
Қызыл	Красный	Red
Сары	Желтый	yellow
Көк	Голубой,синий	Blue
Қара	Черный	black
Ақ	Белый	white
Сұр	Серый	grey
Қоңыр	Коричневый	brown
Қызыл күлгін	Розовый	pink

Әр парактың артында әртүрлі тапсырмалар жасырылған.

Балалар, түстерді таңдай отырып "Тез ойланып, тап!" атты тапсырманы орындап шықтыңдар.Түстердің қазақша аттарын орыс тіліне ағылшын тіліне аударып білдіңдер. Ал енді осы түстердің адамға әсеріне сипаттама берейін деп тоқталып өту. 10 түстің адам психикасына қалай әсер ететініне жеке-жеке сипаттама беру.

Қорытынды:" Балалар бүгінгі тренинг барысында әр түрлі тапсырманы орындай отыра сендер бір-біріннен көп нәрсе үйрендіңдер.

Егер сендер орысша,ағылшынша сөздік қорларың арта түссін десендер онда мынадай орысша-қазақша,орысша -ағылшынша сөздіктерді пайдалануды қолға алыңдар.Ауызекі тілде,теледидар көргенде немесе газет-журналдардан түсініксіз сөздер кездесе соны сөздіктен тауып мағынасын білуге ұмтылыңдар.Жаңа сөздерді дәптер арнап жазып жүріп жаттап қажеттеріңе жаратсаңдар болады".

Сабақта белсенділік танытқан оқушыларды атап өтіп тренингті аяқтау.

Әдебиет

1. Мерғалиева М.А.Тихомирова В.Т.,Когнитивный тренинг.Психологический практикум для подростков,Алматы,1998 г.,стр. 13,66,73 .

ТУҒАН ЖЕРІМНІҢ ТАРИХЫ МАТЕМАТИКА ТІЛІМЕН

Рахметқұлова Жаныл Рахметқұлқызы
№6 орта мектебі, Байзақ ауданы Жамбыл облысы

Аннотация

Бұл зерттеу жұмысында математика пәні туған өлкеміздің, яғни, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Сарыкемер ауылының тарихымен байланыстырылып, 5-6 сынып оқушыларына арналған мәтін есептер құрастырылды. Жұмыстың өзектілігі оқушылар мен ата-аналардан алынған анкеталық және тест сұрақтарының нәтижесінде анықталды. Математика пәнін өмірмен, тарих, география, жаратылыстану пәндерімен ұштастыра отырып, оқушыларға пайдалы ақпарат беруге көзделген тапсырмалар (мәтін есептер) жинақталды.


Тезис

Бұл жұмыс математика пәні мұғалімдеріне және 5-6 сынып оқушыларына арналған. Оқушылар берілген мәтін есептерді шығару арқылы туған өлкесінің тарихымен, территориясымен танысуға мүмкіндік алады. Сонымен қатар, оқу процесінде оқушылардың басым бөлігіне қиындық тудыратын мәтін есептерді құрастыру, оларды шешу жолдары мен әдістері көрсетілді. Зерттеу барысында алынған анкета нәтижесінде оқушылар мен ата-аналардың көзқарастары анықталды. Нәтижелерді қорытындылай келе, өлке туралы тарихи фактілер жинақталып, мәтін есептер құрастырылды. Есептерді құрастыруда оқушыларға барынша қызықты, пайдалы болу шарттары ескерілді.


Кілтті сөздер: функционалдық сауаттылық, пәнаралық байланыс, мәтін есептер, тарихи деректер, есепті шешу алгоритмі.

Тақырыптың өзектілігі. Тақырыбын таңдамастан бұрын мен сынып оқушылары мен ата-аналардан «Математика біздің өмірімізде» атты анкета мен «Туған жерімнің тарихын қаншалықты білемін?» атты тест жұмыстарын алдым. Алынған нәтижелерді қорытындылай келе, оқушылардың математика пәнінің өмірдегі ролін жете түсінбейгіндігін және ауылымыздың тарихына байланысты сұрақтарға жауап беруде де қиналатынын түсіндім. Екі пәнді байланыстыра отырып, патриот-математик оқушы моделін құрастырамын деп шештім. Сол себепті, мен оқушылардың мәтін есептерді шығару қабілетін арттыру мақсатымен туған жеріміздің тарихын математикалық біліммен байланыстырып есептер құрастуды жөн санадым. Математикалық білімді туған жерді зерттеуде қалай қолданса болады? Әрине, құрамында тарихи мағлұматтар мен фактілер бар есептерді шығару арқылы. Мектеп оқулықтарында көбінесе бір немесе екі ғана шартпен берілетін қарапайым мәтін есептер үнемі қайталанып отырады және ол оқушылардың басым бөлігіне қиындық тудырады. Осының әсерінен математиканың алдында тұрған негізгі талап – оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, математика пәнінде күнделікті өмірде кездесетін есептерді шығаруға үйрету, математикалық модель құра білу мәселелері назардан тыс қалуы мүмкін. Мәтін есептерді тура талқылауды қажет ететін арифметикалық тәсілдерді қолдана отырып шығарудың логикалық ойлауды дамытуда берері зор және арифметикалық тәсілді жақсы меңгергенде мәтін есептерге жылдам, әрі дұрыс теңдеу құра алады. Есептің мағынасын, есепте берілген іс-әрекеттерді толығымен түсінуге, есептің шартын дұрыс жазуға қалыптастыру керек. Сонымен қатар математика пәнінен алынған білімді өмірде жиі қолдануға тура келетіндіктен, өмірмен байланысты есептер шығару- танымдылық пен қызығушылықты арттыруға ықпал етеді.

Анкеталық сұрақтардың нәтижелері мынадай:



Оқушылар мен ата-аналардан алынған тест сұрақтарының нәтижесі:



Жұмыс мақсаты: тарих пен математика ғылымдарын байланыстыру арқылы оқушылардың тарихи білімі мен математикалық сауаттылығын арттыру.

Міндеттері:

- 5-6 сынып оқушыларының мәтін есептерді шығару қабілетін арттыру мақсатында тарихи фактілерге негізделген есептер құрастыру;
- Мәтін есептерді құрастыру тәсілдерін үйрену және оны практикада қолдану.
- Мәтін есептерді талдауға арналған тиімді әдіс-тәсілдерді анықтау.

Тарихи мәліметтерге сүйеніп есеп құрастыру **алгоритмі:**

1. Тарихи деректер жинау. Байзақ ауданы, Сарыкемер ауылы туралы тарихи деректерді жинау, сол деректердің ішінде сандық мәліметтері бар оқиғаларды түртіп алу.
2. Есепті құрастыру процесі. Сандардың арасындағы байланысты анықтау арқылы есептің шартын құру, оны шығару және жауабын табу. Есеп арифметикалық амалдар арқылы немесе теңдеу құрастыру арқылы шығарылады және ол мына тақырыптарда құрастырылды:
 - Натурал сандарға амалдар қолдану.
 - Ұзындық, аудан өлшемдеріне байланысты есептер.
 - Жылдамдық, уақыт, арақашықтықты табу есептері.
 - Масштаб тақырыбына байланысты есептер.

Есептің шартын құру. Есеп 5-6 сынып оқушыларына қызықты әрі түсінікті болуы керек, құрамындағы тарихи мәліметтер рас болуы шарт. Есептің шартын қалай құрастырамыз?

- Тарихи кітаптардан ауылымыз туралы барлық сандық мәліметтерді жазып алу және сол сандардың арасындағы байланысты, яғни бір санның екінші саннан қандай және неше есе айырмашылығы бар екенін анықтау.
- Есептің шартын тірек сызба түрінде құрастыру және сұрақ қою;
- Есепті таңдап алынған әдіс арқылы шешу немесе аталған тақырыпқа сәйкес терминдермен кроссворд құрастыру.

Мәтін есептер дегеніміз – аты айтып тұрғандай, мәтін арқылы берілген, теңдеу құруға негізделген есептер болып табылады. Мұны кейде мәселе есептер, кейде сөздік есептер деп те атайды. Бұл есептердің ішінде біраз басқатырғыштары да бар. Өзінің алға қойған дидактикалық мақсаттарына қарай есептерді үш түрге (классификация) бөлуге болады:

- 1) Танымдық есептер: бұлар арқылы жаңа білім алынады;
- 2) Машықтану есептері: бұлар арқылы орнықты білім дағдылары қалыптасады;
- 3) Шығармашылық мақсаттағы есептер: ойлауды қажет ететін дамыту есептері.

Бұл жұмыста аталған мәтін есептердің барлық түрлері кездеседі. Мәтін есептерді шығару кез-келген есепті шығара білуге үйретеді:

- А) есеп мазмұнын талдай отырып, ондағы белгілі және белгісізді ажырата білуге үйретеді;
- Б) берілген мәліметтер мен белгісіздің арасындағы байланысты тағайындай білуге үйретеді;
- В) Есептің шығару жоспарын құру;
- Г) Есептегі белгілі мен белгісіз арасындағы байланысты теңдеу, теңдік арқылы математика тіліне аудару;
- Д) Сәйкес амалдарды орындау, есептің сұрағына жауап қайтару;
- Е) Есептің дұрыстығын тексеру.

Есепті шешу бірнеше кезеңнен тұрады:

- есептің мазмұнымен танысу.
- есептің шарты және талабын түсіну, шартта көрсетілген элементтерді игеру
- қажетті ес жүйесіне керек ақпаратты іздестіру.
- білетін білім ментәжірибені пайдаланып, шарты мен қорытындысының сәйкестігін айқындау.
- есептің шешу жоспарын анықтау.
- берілген және ізделінді тәсілдер арқылы есептің бірнеше тәсілін қарастыру. - есепті белгілі тип түріне негіздеу.
- берілген есепті шешудің ең тиімді жолын таңдау.
- Жалпы мәтінді есептерді көбінесе арифметикалық және алгебралық тәсілмен шығарады:
- арифметикалық тәсіл – бұл жағдайда барлық логикалық операциялар нақты сандар арасында арифметикалық амалдарды қолдана алу білімін пайдаланылып негізгі тұжырымға сүйенеді.
- алгебралық тәсіл – мұнда есеп теңдеу құру арқылы шығарылады.

Арифметикалық тәсіл есепті талқылай білуге, өз ойын анық және нақты айта білуге үйретеді. Ал алгебралық тәсілде есеп математика тіліне аударылып, оның математикалық моделі жасалады.

Математика пәнінен мәтін есептердің шартын, сұрағын түсініп анықтап, шешу жолын талдауға арналған тиімді бірнеше тірек-сызба әдістері жинақталды. Атап айтқанда: **«Кейс-стади», «Фишбоун», «ФИЛА» «DEAL», «Хатқалта» әдістері.**

Aedes caspius қан сорғыш масасы ерте көктемдік түрге жатады. Оның ең алғашқы дернәсілдері наурыз айының аяғында шыға бастайды да, саны 1 м^2 10-12 дананы құрайды. Сәуір айының соңына дейін бірқалыпта болып, жаңбыр мен еріген қар суларынан пайда болған кішігірім көлшіктер көбейгеннен бастап мамыр айының соңына дейін маса дернәсілдерінің саны өсіп 1 м^2 -гі саны 3000 данаға дейін жетеді. Осыдан кейін саны маусым айы кезінде біраз азайып, шілде айының басынан қайта көбейеді, тамыз айының бірінші онкүндігінде нағыз шырқау шегіне жетеді (>10000 дана/ м^2). Қыркүйек айында олардың саны 1 м^2 8000-10000 данаға дейін азайып, жалпы температураның төмендеуіне байланысты, көлшік сулардың күрт азайып, кеуіп кетуіне байланысты, қыркүйек айының соңында жоқ болады [3].



2 -

с

қан сорғыш масаларының алғашқы даралары мамыр айының бірінші онкүндігінде пайда бола бастайды. Олардың саны көбейе отырып, мамыр айының екінші онкүндігінде 600-700 данаға дейін жетеді, ал мамыр айының соңында олардың дернәсілдерінің саны 1 м^2 -жерде 4000 данаға көбейеді. Осыдан қыркүйек айының екінші жартысына дейін жоғары деңгейде тұрақталып қазан айының басында өв дамуын тоқтатады.

аймақта кеш шығатын қан соғыш маса. Олардың ең алғашқы даралары тек мамыр айының соңында шыға бастайды. Содан соң саны бірте-бірте арта бастайды. Тамыз айында 1 м^2 – 5000 данаға жетіп қыркүйек айының соңына дейін бірқалыпты деңгейде болады. Қыркүйек айының соңында 1 м^2 – 4000 данаға төмендеп, қазан айының үшінші онкүндігінде өсіп-өнуін тоқтатады. Қансорғыш масалардың аймағымызда 6 туысқа жататын 11 түрі кездеседі (кесте 1).

м

Кесте 1 Ақтасты су қоймасы аймағында масалардың таралуы

л

Түр	Ағысы орташа	а	Ағысы төмен
<i>Aedes caspius caspius</i>			
<i>Ae. caspius dorsalis</i>		а	
		й	
		м	
		а	
		ғ	
		ы	
<i>Cx. pipiens</i>		н	
		д	
		а	
М			

және *Anopheles hyrcanus* қан сорғыш масаларының маусымдық дамуы

- + сирек кездесетін
- ++ субдоминантты
- +++ доминантты

Аймағымызда сан жағынан ең көп тараған *Aedes* туысына жататын масалар екендігі белгілі болды. Бұл масалардың басқа масалардан ерекшелігі олардың көбі жұмыртқасын суға емес, жағадағы ылғалды топыраққа, шалшықты ойпаң жерлерге, жапырақтың, қалың шөптердің астына салады. Содан кейін келесі көктемде қайтадан су түскенде осы жұмыртқадан дернәсілдер пайда болады. Маса жұмыртқалары сыртқы ортаның қолайсыз жағдайына өте төзімді. Олардың жұмыртқалары тіршілік әрекетін бірнеше жылға дейін жоғалтпайды. Ал кейбір түрлері атап айтқанда *Ae.caspius*, *Ae.detritus* басқа масалар сияқты жұмыртқасын судың бетіне салады, одан әрі дамуы да осы ортада өтеді. Бұл туыстағы масалардың тағы бір ерекшелігі, кейбір түрлерінің жұмыртқасының өсіп-дамуы үшін сыртқы ортаның әр түрлі факторлары әсерін тигізуі керек. Мысалы, кей түрлерінің жұмыртқасының өсіп-дамуы үшін көп уақыт төменгі температураның әсері қажет.

Қан сорғыш масалардың шағуынан, мазалауынан адам баласы ертеден-ақ қорғану шараларын қолдана білген. Мысалы: қан сорғыштар көп тараған жерлерде адам денесінің ашық жерлерін қорғайтын (бет, мойын, кол) әр түрлі торлар, түгін салу, т.б. шаралар жүргізілген.

Қан сорғыш масалардан қорғану жолдарымен қатар күресу әдістері бар. Қан сорғыштардан қорғайтын адамдардың саны аз болғанда жайлаудағы жеке отырған малшылар, туристер, геологтар, аз адамнан құралған экспедицияларда көп шығынды керек етпейтін насекомдардың шағуына мүмкіндік бермейтін қорғану тәсілдерін қолдану қажет. Ал, адамдар саны көп болған жағдайда жаңадан ашылған құрылыстарда, ауылдарда, басқа да көпшілік ортада бунақденелілерден қорғану шараларымен қатар оларды қырып-жою тәсілдерін қатар қолданған жөн. Қырып-жою шараларын қолданған кезде масалардың көбейіп дамитын жерлеріне, қанаттанып ұшып жүргендеріне улы дәрілер шашады. Бүгінгі күні бұл дәрілер арнайы дүкендерде сатылады немесе ауылшаруашылық мекемелеріне беріледі. Ол үшін гидропулт пен автомакстан бастап самолеттерге дейін қолдануға болады. Ол қорғалатын аймақтың көлеміне, масаның таралу мөлшеріне де байланысты.

Қан сорғыш масалардан қорғану әдістері әр түрлі. Солардың ішінде кеңінен қолданылатындары механикалық және химиялық әдістер. Бұл тәсілдің екеуі де адамдары тек қанаттанған насекомдардың шағуынан, мазалауынан қорғайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Теміреева Ф., Нұрсейітов Е. Ақмола облысының географиясы. – Алматы: Рауан, 1994
2. Абдильдаев М.А., Ахметова Р.Т., Дубицкий А.М. Қан сорғыш насекомдар және олармен күресудің биологиялық әдістері. – алматы: Қайнар, 1979
3. Держинский В.А., Дешевых Н.Д. О вредности влияния радужного вируса на личинки кровососущих комаров, 1973
4. Мақсұтбекова Г.Т. Қан сорғыш жәндіктер және олармен күресу әдістері. Ғылыми зерттеулер әлемі. – Астана, 2012

МАТЕМАТИКА САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Байгунусова Жанна Нурмаханбетовна

№5 Ақарал орта мектебі, Меркі ауданы Жамбыл облысы

Аннотация

Білім беру саласындағы халықаралық салыстырмалы зерттеулер жылдан жылға оқушылардың пәндік білім саласында мықты екендігін растайды, бірақ өмірлік шындыққа жақын жағдайларда пәндік білімді қолдануда қиындықтар туындайды. Осыған байланысты, кәсіби қоғамдастық үшін міндеттердің бірі оқу процесінде алған білімдерін әртүрлі оқу және практикалық міндеттерді шешу үшін – функционалдық сауаттылықты қалыптастыру үшін қолдану қабілетін қалыптастыруға және бағалауға ықпал ететін Ұлттық құралдар мен технологияларды әзірлеу болып табылады.

Аннотация

Международные сравнительные исследования в сфере образования год за годом подтверждают, что учащиеся преуспевают в области предметных знаний, но возникают трудности с предметными знаниями в условиях, приближенных к эмиратской действительности. В связи с этим одной из профессионального сообщества является разработка технологий формирования умения использовать полученные в образовательном процессе знания для формирования функционально грамотности для решения и оценить склонность что делает Национальные инструменты различных учебных и практических задач.

Зерттеу мәселесі:

Математика сабақтарында оқушылардың функционалды сауаттылығын қалай қалыптастыру керек.

Зерттеудің мақсаты:

Функционалды математикалық сауаттылықты қалыптастырудың педагогикалық шарттарының кешенін анықтау және ғылыми негіздеу.

Міндеттері:

- "Оқушылардың функционалды сауаттылығы" ұғымының мәнін ашу
- Функционалды математикалық білімді дамыту қажеттілігін көрсету;
- Сауаттылық;
- Функционалды математикалық сауаттылықты қалыптастыру жолдарын анықтау;

Зерттеу гипотезасы негізгі мектеп оқушыларының функционалды сауаттылығын қалыптастыру бойынша мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін дамытудың тиімділігі, егер: оқушылардың функционалды сауаттылығын ақпаратпен жұмыс істеу тәсілдерін меңгеру дәрежесін сипаттайтын және нақты өмірлік мәселелерді шешуге, сыртқы әлемге бейімделуге мүмкіндік беретін оқушылардың білімділігінің базалық деңгейі ретінде қарастырсақ, қамтамасыз етіледі және қол жеткізіледі деген болжамға негізделген.

Жаңашылдық және дербестік:

Практикалық сипаттағы міндеттерді шешу кезінде оқушылардың ойлау әрекетін жандандыру күшейтіледі, ал PISA халықаралық зерттеуіне дайындық мектеп практикасында функционалды сауаттылыққа арналған тапсырмаларды пайдалану есебінен жаңа деңгейге шығады. Сондықтан бұл жұмыс мектеп математика курсына оқушылардың функционалды сауаттылығын дамытуға арналған тапсырмаларды енгізу туралы мәселені зерттеуге бағытталған.

Зерттеу пәні:

Негізгі мектеп оқушыларының функционалды сауаттылығын қалыптастыру бойынша мұғалімнің құзыреттілігін дамытудың мазмұны, технологиясы және ұйымдастыру-педагогикалық шарттары.

Негізгі бөлігі

Оқу және математикалық сауаттылық

PISA жобасының оқушыларының функционалды сауаттылығын бағалаудың басымдықтары үш бағыт болып табылады-Оқу сауаттылығы, Математикалық және жаратылыстану сауаттылығы. "Оқу сауаттылығы" деп оқушылардың жазбаша мәтіндерді түсіну және оларға рефлексия жасау, олардың мазмұнын өз мақсаттарына жету үшін пайдалану, қоғамға белсенді қатысу үшін білім мен мүмкіндіктерді дамыту қабілеті түсініледі. Сонымен қатар, оқу сауаттылығын бағалаудың негізгі параметрлері Мәтін, Жағдай және сұрақ болып табылады, өйткені олар тек оқуды қайта айту емес, ақпаратты іздеу және түсіндіру дағдыларын дамыта алады. Осы тұрғыдан алғанда, мәтінді толық түсіну қажетті ақпаратты табу және оны жалпы контекстен шығару, мәтіннің жалпы түсінігін тұжырымдау және мәтіндік хабарламаның мазмұны мен формасы туралы өз көзқарасын ұсыну қабілетіне байланысты.

Тест сұрақтарын орындау нәтижелерін сапалы түсіндіру үшін PISA-2012 халықаралық шкаласы оқушылардың оқу сауаттылығын бағалауда қолданылатын жеті деңгейге бөлінді. Әр деңгей үш санатты қамтитын оқу дағдыларының толық спектрін қамтиды – қол жеткізу және алу, интеграция және интерпретация, рефлексия және бағалау. Осы оқу тапсырмаларының барлығы барлық оқулықтарда бар. Оқу сауаттылығын өлшеу кезінде мәтіндердің барлық түрлері қолданылады:

- "Қатты мәтіндер" әдетте көркем мәтіндер болып табылады;
- ақпараттық бірліктерді (кестелер, графиктер, диаграммалар) қамтитын "үздіксіз мәтіндер";
- ауызша және вербалды емес элементтерді қамтитын "аралас мәтіндер";
- "Композициялық мәтіндер", олар мазмұны бойынша ғана емес, форматы бойынша да бірнеше мәтіндерді біріктіреді.[4]

Функционалды сауаттылықты оқытудың негізгі компоненттері:

Оқушылардың қасиеттерін бағалау кезінде функционалдық сауаттылық оқу (мәтіндермен жұмыс), математикалық (есептер мен кейстерді шешу) және жаратылыстану болып бөлінеді. Әрі қарай біз екі бағытты қарастырамыз: математикалық және оқу сауаттылығы. Жалпы функционалдық сауаттылық дағдыларын қалыптастыру кезінде оқытушылар оқушылармен бірге келесі қадамдардан өтеді:

Оқу сауаттылығы.

1. Оқуды үйрену: оқу мақсатына байланысты оқу стратегиясы мен тактикасын таңдау мүмкіндігі (икемді оқу).
 2. Сөйлеу механизмдерін дамыту: баламалы алмастырулар жасай білу, Мәтінді қысу, мәтіннің мазмұнын болжау, болжау.
 3. Ауызша және жазбаша сөйлеуді дамыту:
 - орфоэпиялық дағдыларды дамыту;
 - сөздік қорын байыту бойынша жұмыс;
 - оқушылардың сөйлеуінің грамматикалық құрылымын дамыту және жетілдіру;
 - ауызша сөйлеу, оқу-ғылыми, көркем сөйлеуді дамыту;
- 4-ші сыныптарда балаларға математика сабақтарында икемді оқуды үйрету маңызды. Қиындық дәрежесі бойынша жаттығуларға арналған тапсырмалар әртүрлі болуы мүмкін:
- мәтіндегі негізгі және екінші міндеттерді анықтаңыз;
 - мәтін бойынша деректерді салыстыру, олардың сипаттамаларын байланыстыру;
 - тапсырма (мәтін) деректері бойынша сұрақтарды тұжырымдай білу;
 - ішінара деректерді қолдана отырып, схема (сурет) бойынша есептер шығарыңыз;
 - мәтіннен жаңа ақпаратты оқшаулау және оның мәтінге қатысты негізидеясын қалыптастыру;
 - ғылыми сөйлеуді қалыптастыру механизмін, өз ойын сауатты жеткізе білу қабілетін дамыту;
 - дайын ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, бір ақпарат көзінен алгоритм (схема) бойынша жұмыс істеу.

Математикалық сауаттылық.

3 сынып оқушылары функционалдық сауаттылықтың 1-2 деңгейіне сәйкес келуі мүмкін. 4-сыныпта функционалдық сауаттылықты игеру жұмыстары жалғасуда: әр түрлі типтегі және стильдегі мәтіндер зерттеледі, публицистикалық стильдегі мәтіндерге ерекше назар аударылады. Жаттығу тапсырмалары күрделене түседі:

- графикалық мәдениетті, функция қасиеттерімен, диаграммалармен және графиктермен жұмыс істеу қабілетін дамыту; функциялардың қасиеттерін графиктер бойынша оқи білу, белгілерді тұжырымдай білу және оларды оқу;
- сауаттылық қабілетін дамыту, геометриялық фигуралардың қасиеттерін түсіну, Осы есептерді талдау;
- кеңістіктік қиял қабілетін қалыптастыру;
- кестелермен жұмыс істеу қабілетін қалыптастыру, мәтін бойынша деректерді байланыстыру;
- ғылыми-танымал мәтіндермен жұмыс істеу, олардан жаңа ақпарат табу және оны талдау, топтарда кейстермен жұмыс істеу қабілетін қалыптастыру;
- бірнеше көздерден алынған білімді түсіндіру, алған біліміне сүйене отырып, өз ойларын құру қабілетін қалыптастыру.
- бастауыш сыныпта оқушылар осы дағдыларды пысықтау жұмыстарын жалғастыруда. Олар таңдалған әрекетті жалғастыру арқылы 3-5 функционалдық сауаттылық деңгейіне қол жеткізе алады:
- ұсынылған жұмыс құрылымын нақты сипаттау, кейбір шектеулердің шарттарын қосу арқылы схема (алгоритм) бойынша жұмыс істеу дағдыларын көрсету;
- нақты алгоритмдер бойынша күрделі жағдайларды талдай білу;
- өз мәлімдемелерін дәлелдеу, тапсырма тақырыбы бойынша пайымдау, дәлелдер келтіру және қарсыластарға сұрақтар қою қабілеттерін көрсету.
- 4 сынып оқушылары функционалдық сауаттылық дағдыларын оның 6-7 деңгейіне сәйкес жетілдіреді:
- нақты жағдайлардың күрделі модельдерін жасау дағдыларын, топтарда кейстермен жұмыс істеу қабілетін көрсету;
- өз пікірін дәлелді түрде айта білу, мәтін бойынша тапсырмалар құра білу, қарсыластарына сұрақтар қоя білу;
- күрделі ғылыми мәтіндермен жұмыс істей білу, олардан негізгі идеяны бөліп көрсету және білімді практикада қолдану.[1]
- "Математикалық сауаттылықтағы" жетекші орындардың бірі оқу мәселесіне арналған. "Оқу міндеті"

термині - кең мағынада - бұл оқушының өзі оқу процесінде танымдық мақсатта орындау үшін ұсынған нәрсе. Оқу міндеті көбінесе надандық жаңа, белгісіз нәрсеге тап болған кезде проблемалық жағдайдан туындайды, бірақ оқу мәселесін шешу нақты шығуды табу емес, жалпы әрекет ету тәсілін, ұқсас есептердің бүкіл класын шешу принципін табу болып табылады.

Оқу міндетін оқушылар белгілі бір әрекеттерді орындау арқылы шешеді: білемін – білмеймін – білгім келеді.

Оқу тапсырмаларының түрлері:

- қосымша деректер бар тапсырмалар;
- қарама-қайшы деректері бар тапсырмалар;
- деректер шешуге жеткіліксіз болатын тапсырмалар;
- көп вариативті тапсырмалар (шешудің бірнеше нұсқасы бар).

Оқушылармен жұмыс кезінде жаңа құзыреттіліктерді қалыптастыру бойынша мұғалімнің міндеті жаңа білімді, дамыған алгоритм бойынша жаңа әдісті қолдану жұмысын қамтиды. Ол үшін мұғалім жасөспірімдерге ситуациялық, тәжірибеге бағытталған тапсырмаларды, ашық типтегі тапсырмаларды шешуді ұсынады.

Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру бойынша Математика сабақтарындағы жұмыс жүйе сі Математика сабақтарында балалар оқиды:

- күнделікті есептерді шешу үшін математикалық есептеулерді орындаңыз;
- бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен қолданылатын әртүрлі нысандарда (кестелерде, диаграммаларда, графиктерде) ұсынылған ақпарат негізінде ойлау, қорытынды жасау.

Тәжірибеге сүйене отырып, математика сабақтарындағы оқушылардың функционалдық сауаттылығы құзыреттілікке бағытталған тапсырмалар, интеграцияланған тапсырмалар және ақпараттық технологиялар көмегімен қалыптасатынын атап өткім келеді.

Құзыреттілік тапсырмалар оқушының математиканы оқуға деген қызығушылығын оятып, дәстүрлі сабақтың ұйымдастырылуын өзгертеді. Олар білім мен дағдыларға негізделген және жинақталған білімді практикалық іс-әрекетте қолдану қабілетін талап етеді.

Біріктірілген тапсырмалар-бұл математиканы басқа пәндермен біріктіретін тапсырмалар. (математика-Орыс тілі, экономика-математика, математика-әдебиет, математика - дүниетану, математика-өлкетану).

Сонымен қатар, функционалдық сауаттылықты дамытудың негізгі құралдарының бірі ақпараттық технологиялар (мұғалімнің жеке сайты, қашықтықтан олимпиадалар, веб-квесттер) болып табылады.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудағы маңызды аспект логикалық сауаттылықты қалыптастыру болып табылады. Математика сабақтарында мен логикалық және дерексіз ойлауды дамытатын тапсырмалармен жұмыс істеуге 5-10 минут уақыт бөлемін. Математика сабақтарында жіктеу әдісін қолдану оқу іс-әрекетінде жағымды мотивтердің қалыптасуына ықпал етеді, өйткені мұндай жұмыста оқушылардың белсенділігін арттыратын және жұмыстың тәуелсіз орындалуын қамтамасыз ететін ойын элементтері мен іздеу әрекеттері элементтері бар.

Оқушылардың логикалық ойлауын дамыту бойынша мұндайжұмыс жүйесібалалардыңақыл- ой әрекетін қалыптастыруға бағытталған. Балалар математикалық заңдылықтар мен қатынастарды анықтауға, ықтимал жалпылауды орындауға, қорытынды жасауға үйренеді.

Математика тұрмыстық мәселелерді, экономика, ауыл шаруашылығы мәселелерін шешуде, ғылыми зерттеулерде, техникалық мәселелерде кездеседі.

Нақты міндеттер бойынша функционалдық сауаттылықты дамытуды қарастырыңыз.

Міндет. Газдалған сусындарды сататын бір компанияның менеджері жазда температура бір градусқа көтерілгенде, сусындарды сату күніне шамамен 200 литрге артып, температураның төмендеуінің әр деңгейіне бірдей түсетінін байқады. Бүгін ол 4 600 литр сусын сатты.

Егер а) температура 1оС-қа көтерілсе; б) 2оС-қа ыстық болса; в) температура 1оС-қа түссе; г) температура өзгермесе, ол ертең қанша сата алады?

Температураның қандай өзгеруімен сусынның сатылымы 3000 литрден аспайды? Қоймада 6 400 литр өнім сақталады. Компания температураның ең жоғары көтерілуіне дайын?

I кезең. Математикалық модель құру.

Мәселенің сұрақтарынан көріп отырғанымыздай, менеджердің ертең төрт түрлі жағдайда газдалған сусындарды қанша сата алатындығын анықтап қана қоймай (№1 сұрақ), сонымен қатар сатудың әртүрлі нұсқаларын (№2 және № 3 сұрақтар) зерттеу керек. Бұл мәселені шешу үшін температураның ауытқуына байланысты сатылған сусынның мөлшерін ескеретін жалпы формуланы жасаймыз.

У — ертең сатылуы мүмкін бір литр сусынның мөлшері болсын. Ертең температура x градусқа өзгереді

деп болжаймыз. Егер температура көтерілсе, онда x — мәні оң, ал егер ол төмендесе, ол теріс болады. Сонда сату көлемі 200-ге өзгереді және болады:

$$y = 4\,600 + 200x.$$

Осылайша, мәселенің әр сұрағы үшін математикалық модель жасауға болады:

"А)1; б)2; в)-1; г)0 тең x тең болғанда $y = 4\,600 + 200x$ формуласы бойынша y шамасын табу". " $4\,600 + 200x$ теңсіздігін шешу үшін 3 000".

" $4\,600 + 200x = 6\,400$ теңдеуін шешіңіз".

II кезең. Математикалық модельді зерттеу.

Біз $y = 4\,600 + 200x$ формуласына X үшін әртүрлі мәндерді алмастырамыз және Y табамыз. нәтижелерді кестеге енгізу ыңғайлы.

а) $y = 4\,600 + 200 \cdot (+1) = 4\,800,$

б) $y = 4\,600 + 200 \cdot (+2) = 5\,000,$

в) $y = 4\,600 + 200 \cdot (-1) = 4\,400,$

г) $y = 4\,600 + 200 \cdot 0 = 4\,600.$

Біз $4\,600 + 200x$ теңсіздігін шешеміз 3 000. Біз $200x - 1\,600$ немесе $x - 8$.

$4\,600 + 200x = 6\,400$ теңдеуін шешеміз. Түрлендірулерден кейін біз аламыз

$$200x = 1\,800 \text{ немесе } X = 9.$$

III кезең. Нәтижелерді талдау (түсіндіру)

Бұл кезең бұл тапсырма үшін қиындық тудырмайды. Егер температура 1°C көтерілсе, онда сіз 4 800 литр сусын сатуға сене аласыз. Егер температура 2°C көтерілсе, келесі күні сату 5000 литрге жетуі мүмкін. Ауа температураның 10°C сулит қысқарту сату дейін 4 400 литр. Егер ертең температура өзгермесе, сату көлемі өзгермейді.

X температураның өзгеруі болғандықтан, біз алған x нәтижесінен -8 8°C немесе одан жоғары температура төмендеген кезде (минус белгісі бұл туралы айтады) сату көлемі 3000 литрден аспайды деп қорытынды жасауға болады.

Компания ертеңгі температура 9°C -қа көтерілсе де, өнім жетіспейді. Алайда, бұл қойма қоры бойынша компания дайын болатын температураның ең жоғары көтерілуі.

Бұл тапсырмада дұрыс салынған математикалық модель температураның кез-келген өзгеруімен газдалған сусынның ертеңгі сатылымын есептеуге жарамды екендігіне назар аудару керек. Егер температураның жоғарылауы немесе төмендеуі кезінде мүмкін болатын сату көлемін болжау қажет болса, мысалы, 10°C немесе тіпті 15°C (ауа-райының өзіндік қиырлығы бар), онда бұл математикалық модель осындай есептеулер үшін өте қолайлы. Математикалық модельдеу температураның өзгеруі кезінде сатудың кейбір нұсқаларын зерттеуге мүмкіндік берді, оларды жоспарлау, қоймаларды толтыру және т. б.

Келесі тапсырмаға өзіңіздің математикалық моделіңізді жасаңыз.

Міндет. № 11 тапсырмада талқыланған компаниямен бәсекелес басқа компанияның менеджері жазда температура бір градусқа көтерілгенде, олардың сусындарын сату күніне шамамен 300 литрге артып, күніне 150 литрге төмендейтінін атап өтті. температураның төмендеуі. Бүгін Ол 5

100 литр сусын сатты. Оған ертеңгі сатылымды есептеу үшін математикалық модель жасауға көмектесіңіз.

"Сандық интервалдар" тақырыбы

Тапсырма әр жолдың алынған нәтижесін талдауға, заңдылықтарды табуға және гипотезаны оқылықты толтыру түрінде тексеруге бағытталған.

Тапсырма. Кестедегі оқылықтарды толтыру:

Жаңа материалды оқу кезінде оқушыларды қызықтырып, нәтижелі шығармашылық қызметке деген ұмтылыстың пайда болуына ықпал ету керек. Мұны әртүрлі жолдармен жасауға болады. Сонымен, жай және құрама сандарды зерттегенде, осы сандар кластарының бөліну тарихы, осы бағытта жасалған жетістіктер және осы бағытта тағы не зерттеуге болатындығы туралы айтуға болады.

Функционалдық сауаттылықты қалдыратындардың бірі-оқушылардың математикалық сауаттылығы. Математикалық сауаттылық-бұл адамның өзі өмір сүретін әлемдегі математиканың рөлін анықтау және түсіну, негізделген математикалық пайымдаулар айту және математиканы қазіргі және болашақтағы шығармашылық, қызығушылық пен ойлау азаматына тән қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін пайдалану қабілеті.[8]

Математикалық сауаттылықты меңгерген оқушылар:

- қоршаған шындықта туындайтын мәселелерді анықтаңыз және оларды математика арқылы шешуге

болады;

- бұл мәселелерді математика тілінде тұжырымдау;
- математикалық фактілер мен әдістерді қолдана отырып мәселелерді шешіңіз;
- қолданылған шешім әдістерін талдау;
- алынған нәтижелерді мәселені ескере отырып түсіндіріңіз;
- шешімнің нәтижелерін тұжырымдау және жазу.

Математика пәнінің мұғалімі ретінде мен оқушыларымның функционалдық сауаттылығын дамытудың маңыздылығын жақсы түсінемін, оқушылардың қабілетін дамыту, мектепте алған білімдері мен дағдыларын өмірлік жағдайларда қолдану қажеттілігін көремін. Математика сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру стандартты емес есептерді шешу; осы шамаларды есептеу немесе бағалаудың жуықтатылған әдістерін талап ететін есептерді шешу арқылы мүмкін болады.

Кез-келген тапсырмада логикалық ойлауды дамыту үшін үлкен мүмкіндіктер бар. Бұл жағдайда үлкен нәтижеге тапсырма бойынша жұмыстың әртүрлі формаларын қолдану нәтижесінде қол жеткізуге болады.[11]

1. Жұмысы шешімін тапқан міндет.
2. Мәселелерді әртүрлі тәсілдермен шешу.
3. Тапсырмада сипатталған жағдайды ұсыну және оны модельдеу: а) сегменттердің көмегімен. б) сурет арқылы. в) кесте көмегімен
4. Тапсырма мәтінін маңызды бөліктерге бөлу.
5. Жетіспейтін немесе артық деректермен мәселелерді шешу.
6. Оқушылардың тапсырмаларды өз бетінше құрастыруы.
7. Мәселе мәселесін өзгерту.
8. Ұсынылған екі шешімді таңдау (дұрыс және дұрыс емес).
9. Мәселені шешуді аяқтаңыз.
10. Өзгертілген деректермен ұқсас тапсырманы құрастыру.
11. Кері есептерді құрастыру және шешу.

Оқушылардың логикалық ойлауын дамыту математика сабақтарында және вариативті сабақтарда(арнайы курстар немесе факультативтер) стандартты емес есептерді шешуге негізделеді. Стандартты емес міндеттер жағдайды талдауға және өзара байланысты логикалық ойлау тізбегін құруға көп көңіл бөлуді қажет етеді.

Мен сабақтарымды оқушылардың логикалық, алгоритмдік, кеңістіктік ойлауын, зейінін дамытуға бағыттауға тырысамын. Мен тапсырмалардың әр түрлі түрлерін қосамын: әзілдер, логикалық тапсырмалар, логикалық жаттығулар, геометриялық мазмұны бар тапсырмалар. Тапсырмалар шығармашылық. Олар сізге объектіні әртүрлі тұрғыдан қарастыруға, талдауға, синтездеуге, бағалауға үйретуге, назар аударуға, оқушылардың танымдық қызығушылығы мен белсенділігінің дамуына ықпал етуге мүмкіндік береді. Қызықты материалды көмектеседі жандандыру, ойлау процестері, дамытып, танымдық белсенділік, бақылаушылық, назар, жад, қолдайды қызығушылығын арттыру. Тапсырмалар оқушылардың пәнді оқуға деген ынтасын арттыруды, аналитикалық және синтетикалық қабілеттерін, тез тапқырлығын, математикалық сөйлеуін, ақыл-ой икемділігін дамытуды қамтиды. Бағдарлама мазмұны оқушылардың математикалық қабілеттерін дамытуды, логикалық және алгоритмдік сауаттылық элементтерін, оқушылардың ұжымдық, топтық және жеке оқыту формаларын қолдана отырып коммуникативтік біліктерін қалыптастыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сабақтарда белсенді іздестіру жағдайларын жасау, өзінің "ашылуын" жасауға мүмкіндік беру, пайымдаудың өзіндік тәсілдерімен танысу, зерттеу қызметінің қарапайым дағдыларын игеру оқушылар өз мүмкіндіктерін жүзеге асыруға, тәуелсіз танымдық іс-әрекет қабілеттерін дамытуға, өз қабілеттеріне сенімділік алуға мүмкіндік береді. Математика сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру әр оқушының өз қабілеттерін жүзеге асыруда шығармашылық әлеуметтік маңызды іс-әрекет тәжірибесін қалыптастыру арқылы мүмкін болады. Алған білімдері мен іскерліктерін практикалық қызметте және күнделікті өмірде:

- дәрежелері, радикалдары, логарифмдері және тригонометриялық функциялары бар формулаларды қоса алғанда, формулалар бойынша практикалық есептеулер, қажет болған жағдайда анықтамалық материалдар мен қарапайым есептеу құрылғыларын пайдалана отырып;
- қарапайым математикалық модельдерді құру және зерттеу;
- нақты тәуелділік функцияларын қолдана отырып сипаттау және зерттеу, оларды графикалық түрде

- ұсыну;
- нақты процестердің графиктерін түсіндіру;
- геометриялық, физикалық, экономикалық, логикалық және басқа да қолданбалы есептерді, оның ішінде Математикалық талдау аппаратын қолдана отырып, ең үлкен және ең кіші мәндерге арналған есептерді шешу;
- диаграммалар, графиктер, статистикалық сипаттағы ақпаратты талдау түрінде ұсынылған нақты сандық деректерді талдау;
- зерттелген формулалар мен фигуралардың қасиеттері негізінде күрделі емес практикалық жағдайларды зерттеу(модельдеу); қажет болған жағдайда анықтамалықтарды және есептеу құрылғыларын пайдалана отырып, практикалық есептерді шешу кезінде нақты объектілердің ұзындығын, ауданын және көлемін есептеу.[7]

Әдебиет

- 1 "Стратегиялық міндеттерді шешу жолында" мақаласы Галина Сергеевна КОВАЛЕВА, " Білім академиясының білім беруді дамыту стратегиясы институты" ФМБНУ білім сапасын бағалау орталығының жетекшісі
- 2 Білім және мәдениет саласындағы мемлекеттік саясат
- 3 Виноградова Н.Ф., Кочурова Е.Э., Кузнецова М. И. және т. б. бастауыш сынып оқушысының функционалдық сауаттылығы: мұғалімге арналған кітап. Ред. Н.Ф. Виноградова. М.: орыс оқулығы: Вентана-Граф, 2018. 288 б.
- 4 Ж. А. Караев, Б. Баймұханов, Р. Б. Ахмедова "оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру бойынша мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі", Алматы, 2013 ж
- 5 Заир-Бек С., Муштавинская И. сабақта сыни ойлауды дамыту. Мұғалімге арналған нұсқаулық. – М., 2004
- 6 Иванова Т. А., Симонова О. В. оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру контекстіндегі математикалық сауаттылығының құрылымы // Хабаршы. 2009. № 1(1).
- 7 ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ / Қазақстан Республикасы Президентінің №1118 Жарлығы. – Астана: Ақорда, 2010 жылғы 7 желтоқсан
- 8 Педагогикалық техниканың әдістері А. Гин, Луганск, оқу кітабы, 2003 жыл.
- 9 Перминова Л. М. функционалды сауаттылықтың минималды өрісі (С.-Петербург мектебінің тәжірибесінен)//Педагогика. - 1999. - №2. - Б.26-29.
- 10 Селевко Г. К. Заманауи білім беру технологиялары. Оқу құралы. М. 1998
- 11 Степанов В.Д. орта мектепте математикадан тыс жұмысты жандандыру. М.: " ағарту", 1991ж.
- 12 Ұлттық жобаға сілтеме: <https://edu.gov.ru/national-project/>
- 13 PISA – 2015 халықаралық зерттеуінің негізгі нәтижелері жалпы білім беретін мектептерінің 4 және 8 сынып оқушыларының оқу жетістіктерін бағалау. Білім беру сапасын бағалау ИСРО РАҚ.
- 14 PISA-2012 15 жастағы білім алушылардың білім жетістіктерін халықаралық зерттеудің негізгі нәтижелері. Ұлттық есеп. – Астана: ҰБСБО, 2013. – 283 б.

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН- БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНІҢ АТАСЫ

Байгелова Балжан Барыбековна

№7 А. Пушкин атындағы орта мектебі, Қордай ауданы Жамбыл облысы

Бұл, жоба авторлары Ыбырай Алтынсариннің ағартушылық педагогикалық қызметін, оның ұлттың тарихында қалдырған мұрасын зерттеп, қазіргі заман талабына сәйкестігін сипаттауға тырысқан.

Ыбырай- қазақтың тұңғыш ағартушы-ұстазы, халқымызды сауаттандыру жолында ең алғаш ана тілінде мектеп ашқан, ұстаздардың ұстазы. Ыбырай- қазақ балалар әдебиетінің атасы. Ол халқымыздың жарқын болашағына сенім артты, қазақ жастарының келешегінен зор үміт күтті. Бүгінгі күні ұстаз арманы орындалды десе де болады.

Ұлы кеменгер педагогтың ойлары мен аталы сөздерінің айтылғанына ғасыр өтіп кетсе де жаңа ғасырымыз білімді де, білікті жастарды қалап отырған шақта Ыбырай тәлімінің күннен-күнге арта, мәртебесі биіктей түседі. Ағартушы мұрасының құндылықтарын әр туындысының соңында педагогикалық пайымдау түрінде беріліп отырады.

«Тәрбие-тал бесіктен», «Ел болам десен бесігінді түзе» бұл даналық сөздер бекерге айтылмаса керек. Ыбырайдың еңбектері тек білім, ғылым жайында емес, жоғарыдағы мақалдарда берілгендей тәрбиелік мәні зор, адамгершілік, ізгілік, еңбек, ар-намыс, патриот болып қалыптасуға үлкен септігін тигізеді. Сондықтан, кеше, бүгін, ертең болсын оның қалдырған мұрасы өшпек емес. Оның қалдырған қазақ мектебі, оның қалдырған қазақ хрестоматиясы, оның шығармалары, кітаптары өшкен жоқ. Керісінше, заманмен бірге жасап, бірге жаңарып, бірге жасарды. Оның көрінісі, Ы. Алтынсарин есімі қазақ мектептеріне, оның ішінде дарынды балалардың интернаттарына берілді. Ы. Алтынсарин атындағы медальдармен үздік оқытушылар, оқушылар марапатталады. Ы. Алтынсарин мұрасын жаңғырту мақсатында білім сайыстары өткізіледі; Ы. Алтынсарин атында көше, мұражайлар бар. Үздік студенттерге Ы. Алтынсарин атындағы шәкіртақы беріледі және т.б.

КІРІСПЕ

Ыбырай Алтынсарин — нағыз халықшыл жазушы, өмір шындығын озық идея тұрғысынан таныта білген кеменгер суреткер, аса қажырлы қоғам қайраткері, заманының ең маңызды мәселесін көтеріп, жыр төккен азамат ақын, жаңашыл жазушы, сол жаңаның тынымсыз жаршысы. Ыбырай Алтынсарин қазақтың ағартушылық тарихында және ұлттық мектебінің қалыптасуында терең із қалдырды. Өз бойындағы қуатын халық мақсаты үшін аямай жұмсаған адал жанды азамат.

Қазақ даласында тұңғыш рет орыс үлгісіндегі пәндік білім беретін мектептер ашып, оған орыс алфавиті негізінде оқулықтар жазды, өзі сабақ беріп, жаңа талапқа сай келетін мұғалімдер дайындауға күш салды. Ыбырай жасаған оқулық ең алдымен, орыстың қала берді Еуропа оқымыстыларының педагогикалық көзқарастары мен оқыту, тәрбиелеу әдісі — тәсілдеріне негізделіп жасалды, бірақ ұстаз оларды талғам-талдаусыз, сол күйінше ала салған жоқ керісінше, оған енетін материалдарды қазақ балаларының түсінік -танымына сәйкес етіп алды, өзі де осы талапқа орай әңгіме, өлеңдер жазып қарастырған хрестоматиясына қосты. Сөйтіп, ұлы ағартушы — ұстаз халқымызды білім бұлағынан сусындатып, өзге мәдениетті елдердің қатарына қосуға бойындағы бар күш-қуатын, білімін сарқа жұмсады. Бұл бағытта тыңнан жол салып, соған бүкіл саналы өмірін арнады. Ыбырай ауыл шаруашылық, қолөнер мектептерін ұйымдастырады. Ол қазақ жерінде алғаш қыздар мектебін ашқан.

Жұмыстың өзектілігі: *Ыбырай Алтынсарин* – ғасырлар өтсе де, заман өзгерсе де өзі өмір сүрген заманы мен өмірінде қазақ балаларына “*Кел, балалар, оқылық*” деп жар салудан тынбаған, сол арқылы қазақ балаларының надандық қамытын киюіне жол бермеген бірден-бір тұлға болып қала бермек. Оның осы қанатты сөздері әлі де өз күшін жойған емес. *Сондықтан, Ыбырай атамиздың ісін жалғастыратын, арманын орындайтын біздер үшін осы жолдан өту үлкен құрмет және зор міндет.*

Жұмыстың мақсаты: Халқын қалтқысыз сүйген, сол кездегі аянышты халіне күйінген, болашағына зор үміт артқан Ыбырай атамиздың өміріне, шығармашылық жолына және ғылыми жетістіктеріне шолу жасау және қазіргі уақыттағы қазақ жастары үшін Ыбырай Алтынсарин қалдырған өсиетінің өзекті болып табылатынын көрсету.

Жұмыстың міндеттері. Қойылған мақсаттан шыға отырып, келесідей міндеттер қойылды және шешілді:

- Ыбырай Алтынсариннің шыққан тегі мен қызметін қарастыру;
- Ғылыми зерттеу салаларын анықтау;
- Шығармалары мен аудармаларын зерттеу;
- Қазіргі уақыттағы Ыбырай Алтынсарин еңбектерінің рөлі мен маңыздылығын көрсету.

I. Ыбырай Алтынсарин өмірінің ерекше белестері

1.1. Өмірбаяны мен отбасы, туған-туысқандары

Талай дана – данышпан, дарабоз тарихи тұлғаларды дүниеге келтірген дархан Қостанай топырағында ұлтымыздың алғаш білім қоңырауын соққан ұстаз Ыбырай Алтынсарин да туған.

Ыбырай (шын аты Ибраһим) Алтынсарин 1841 жылы 20 қазанда Қостанай қаласындағы Затобол ауданында дүниеге келген. Ыбырай үш жасқа келгенде әкесі Алтынсары қайтыс болады. Оны Кенесары шапқыншылығында өлтіріп кетеді. Ыбырайды әкесінің досы Жетібай Өтемісұлы құтқарып қалады. Әкесі қайтыс болғаннан кейін тәлім-тәрбиені атасы Балғожа биден алады. 1846 жылы Балғожа би Орынбордағы Шекара комиссиясы жанынан ашылатын мектепке Ыбырайды жаздырып қояды. 1850 жылы 22-тамызда сол мектепке Ыбырай алғашқы 30 баланың бірі болып қабылданады. Ол уақытын жан-жақты білім алуға ерекше ынтамен кіріседі.

Балғожа Жаңбыршин жүзбасы, Қыпшақ руының ұзын тармағын басқарған Торғай, Тобыл және Аят өзендері аралығында көшіп қонған Орынбор шекара комиссиясының пікірінше, ол «адамдарды басқару жағынан да, жалпы орда істері жөнінен де өз руластары алдында өте беделді болған.

Ол ұзақ уақыт Орынбордағы погран (шекара) комиссиясы қол астында, қыпшақ старшина болып қызмет істеген, патша үкіметінен шен-шекпен алған ірі феодалдың бірі, яғни белгілі би, ірі бай болған кісі.

Балғожа би немересі Ыбырайды жасынан-ақ адалдыққа, тапқырлыққа, турашылдыққа, шешендікке баулыған. Өзімен бірге жиын-тойларға алып жүріп, билік айтқызып, қанатын қатайтқан. Ыбырай жасынан зерек болып, атасын жерге қаратпай, алғырлық танытып, көпшілік құрметіне бөленеді. Оның бұл турашылдық шешендік қасиеттері Торғайда сот істерін жүргізген кездерінде айқындала түседі.

«Іздегенге сұраған» дегендей, XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап патша үкіметі қазақ даласын бағындырудың, билеп-төстеудің тағы бір жаңа әдісін қолдана бастады: қазақ балаларына арнап мектептер ашуға кірісті. Сонымен бұл мектеп 1850 жылы 22 тамыз күні Орынбор қаласында ашылды. Оған қазақтың 30 баласы алынды, солардың бірі 9 жасар Ыбырай болды.

Ыбырайдың нағашылары – елін, жерін жатжерлік басқыншылардан қорғауға белсене қатысқан, әскери «Тархан» атағын қазақта тұңғыш алған асқан батыр, мәмілегер Жәнібек Қошқарұлының ұрпақтары. Жәнібектің тұңғышы Дәуітбай әкесі сияқты жау жүрек, хас батыр болған адам. Жәнібек қайтыс болғаннан кейін соғыс министрлігі алқасының 1759 жылғы жарлығымен «Тархан» атағы Дәуітбайға көшіріледі. Дәуітбайдан 9 бала, солардың бірі – Мұса, Мұсадан- Шеген. Шегеннен жеті ұл, екі қыз туады. Сол қыздың бірі – Айман Ыбырайдың анасы еді.

Ыбырай 1864 жылы Сырдария облысы (қазіргі Қызылорда облысы) Перовский уезіне қарасты Жаппас руындағы Шолақ деген кісінің Айғаныс атты қызына үйленеді. Айғаныс өзі оқымаған адам болғанмен, Ыбырайдың шығармашылық жұмысына барлық уақытта да жағдай жасап отырды.

Ыбырайдың жанұясында көпке дейін бала болмайды, сондықтан ол қазақ арасында жиі кездесетін салт бойынша інісі Оспанның Хамитбек деген баласын алып тәрбиелейді. (ол алты жасында қайтыс болады).

Ыбырайдың тұңғыш баласы Абдолла 1880 жылы дүниеге келеді. 1887 жылы Әбдірахман деген екінші ұлы, 1888 жылы Шарипа атты қызы туды. Балалары Әбдірахман мен Шарипа жас кезінде ауырып қайтыс болады.

Әкесінен жастай қалған Абдолла ұзақ уақыт оқи алмай, шаруашылықпен айналысады.

Нағима Абдоллақызы — Ыбырай Алтынсариннің жалғыз немере қызы. Нағима атасын көрмесе де, 1924 жылы қайтыс болған Айғаныстың көзін көріп өскен.

Нағима Ыбыраева 1916 жылы Қостанай облысы Талапкер ауылында дүниеге келді. Нағима бала кезінде атасы Ыбырай ашқан Қостанайдағы мектепте үш жыл оқиды. 11 жасында анадан айырылады.

1920-1930 жылдардағы дүрбелеңнен ұлы Ыбырайдың ұрпақтары да байдың тұқымдары ретінде қуғындалған. 1928 жылы Нағиманың әкесі Абдолла да кәмпескеге ұшырап, Қазақстаннан тыс жерге қоныс аударған. Ол Қырғызстанның Тоқмақ қаласында тұрды. Абдолланың өкпесіне суық тиіп Қошанның немересі Нұрахметтің қолында қайтыс болған. Жамбыл облысы Қордайдағы зиратқа жерленген.

Қырғызстанда Ыбыраева Нағима тұрмысқа шығып, күйеуі соғыста қаза табады. Бірнеше жылдан кейін Нағима Аманкелдиев Байдабек деген кісіге қосылып, 2 баланы дүниеге әкеледі: Жұмакүл мен Дулат. 1959 жылы ол Қырғыз еліне Жамбыл облысы Мойынқұм ауданы «Жамбыл» атындағы совхозға көшіп келеді. Өмірінің соңғы жылдарын Тараз қаласында өткізді.

1998 жылы 30 наурыз күні 82 жасында қайтыс болды.

1.2. Ұлы ағартушының қызметі

1857 жылы жазда мектепті үздік бітіреді, осыдан кейін екі жылдай атасының хатшысы болып қызмет істейді. 1859 жылдың тамыз айының 1-нен бастап, Орынбор облысының басқармасына кіші тілмаш болып тағайындалады.

1860 жылы Орынбор өлкесінің басқару орыны Орынбор бекінісінен «Торғай қаласы» қазақ балалары үшін бастауыш мектеп ашуға рұқсат алған Ыбырай Алтынсарин Торғай қаласына барады. Ондағы мақсаты мектеп ашу еді. Бірақ жергілікті органдардың жәрдемі жеткіліксіз болып, мектеп ашу ісі ұзаққа созылады.

Ыбырай Алтынсариннің армандаған мектебі 1864 жылы 8 қаңтарда бекіністің барша адамдарымен 200-ден астам сыйлы қазақтардың қатысуымен салтанатты түрде ашылады.

1866-1868 жылдары Ыбырай Алтынсарин Торғай уезінде уақытша судья болып істейді. 1868 жылы Торғайдағы қазақ мектебі бір класстық орыс-қазақ училищесі болып қайта құрылады. Сол жылы Ырғыз қаласында екі класстық орыс-қазақ училищесі ашылады.

1869 жылы уезд бастығының аға жәрдемшісі болып тағайындалады. 1871 жылдар аралығында Торғай уезінің судьясы болып жұмыс істейді.

1874 жылы Ыбырай Алтынсарин орыс географиялық қоғамына мүше болып сайланады. 1875 -1876 жылдарда Ыбырай Алтынсарин Қазан, Петербург қалаларына сапар шекті. Қыркүйек айларында Торғайға оралып,

Орынбор, Қазан, Петербург қалаларынан қажет деген оқулық методикалық, т.б. кітаптарды мол әкеліп, жұмыстарына қызу кіріседі.

1879 жылы қыркүйек айының 1-ші жұлдызында Ыбырай Алтынсарин Торғай облысындағы мектептердің инспекторы болып тағайындалады.

1881 жылы қараша айында Бөрте болысында бір кластық орыс-қазақ училищесі ашылады. 1882 жылы Ыбырай Алтынсарин барлық мектептеріне ән-күй сабақтарын енгізеді. Жергілікті, ауқатты ел азаматтарынан ақша жинап, кітапхана ашады. 1883 жылы 15 қарашада Торғай қолөнер мектебін ашты.

1887 жылы 15 қарашада Ыбырай Алтынсарин Ырғыз қыздар училищесін ашады. 1888 жылы 28 қазанда қазақ қыздарына арналған 12 орындық мектеп интернат ашылды. Тамыздың 21-ші жұлдызында Қостанайда 1-ші кластық ер балалар үшін орыс мектебі ашылды.

1.3. Ыбырай Алтынсариннің оқулықтары

Ы.Алтынсарин демократиялық-ағартушылық бағыты оның педагогикалық көзқарасының үш бірдей саласынан көрініс тапты. Біріншіден, бүкіл өмір жолын мектеп ашуға, қазақ балаларын оқуға тартуға, дүние ғылымдарын үйретуге және соған оқу құралдарын жазып шығаруға арнаса, екіншіден, өнегелі ұстаз тәлімгер дасрлауға, оларға күнделікті ғылыми-әдістемелік басшылық жасауға көңіл бөлді. Үшіншіден, шығармаларында қазақ халқының ХІХ ғасырдағы қоғамдық өмірінде болған саяси әлеуметтік мәселелерді жан-жақты қамтып жазуға жұмсады. Ол кез келген шығармаларында шәкірттерді адал, шыншыл, еңбек сүйгіш, өнерлі азамат болуға, жат мінезден бойын аулақ ұстауға шақырды. Қазақ халқының келешегі тек өнер-білімде деп түсінген Алтынсарин өз ойын іске асыруда түрлі тосқауыл кедергілерге кездесті, бірақ оларды табандылықпен жеңе отырып, өз мақсатын іске асыра білді[4,89-бет].

1) «Қазақ хрестоматиясының» дүниеге келуі

Қазақ халқының сауатсыздығынан, қазақ тілінде басылған бір де кітаптың жоқтығынан, оқу орындарының мұғалімдері қазақ балаларын оқытқанда амалсыздан қазақ тілінің орнына татар тілін пайдаланып жүр. Сондықтан көзге көрінер ешқандай пайдасы болмаса да, шәкірттерге амалсыздан татар тілінен ешқандай кемшілігі жоқ ана тілін тастап, татар тілін үйренуге тура келеді. Екінші жағынан, татардың кітап тілі, бұл тілді татарлардан шыққан оқымыстылардың өздері де менсінбегендіктен араб, парсы сөздеріне лық толған; сондықтан ол сауатсыз қазақтарға түсініксіз. Бұл тілде басылып шыққан кітаптардың бәрі де тек дін туралы жазылған кітаптар, сондықтан олар осы жағынан алып қарағанда да дүниеяуи мақсаттарды көздейтін орыс-қазақ мектептерінде пайдалану үшін, мысалы, орыс тіліне аудартып жаттықтыру үшін қолайсыз. Осылармен қабат бір ескертетін нәрсе — қазақ халқы азбаған халық, оның талабы біреу салып берген тар шеңбердің қыспағына сыя алмайды, оның ой-пікірі еркін, оның келешегі үшін оған тек сана-сезім жағынан жалпы білім мен пайдалы өнерді үйрену керек болып отыр. Ал осы айтылған мақсаттарға жету жолында, мен білсем, осы күнге дейін ешқандай жетекші құрал болған жоқ. Жалпы бастауыш оқу құралдары, хрестоматиялар сияқты кітаптар шын білім беретін, пайдалы мәліметтер беретін ғылыми, күрделі оқу құралдарына жол салып беретіндігін, ал мұндай жалпы білім беретін кітаптардың Азия халықтарының ешбірінде жоқ екенін еске алып, біз мұндай жетекші оқу құралдарын жақын жердегі орыс тілінен іздеуге мәжбүр болдық, сондықтан бұл шығарғалы отырған кітабымыз көздеген мақсатына сәйкес болып, орыстың ғылыми және жалпы пайдалы кітаптарына тікелей жол салып беру үшін және сол орыс кітаптарына мағынасы жағынан да, әрпі жағынан да қайшы келмеуін көздеп, біз осы кітабымызды орыс әрпімен бастырғанды қолайлы деп таптық.

Жоғарыда айтылған қолайсыздықтарды оқу ведомствосының көптеген білімді қайраткерлері бұрын да көрсетіп келген болатын, сондықтан мен сол білімді адамдардың ақылын алып, екінші жағынан, өзім де осылай етуді қажет деп тауып, осы хрестоматияны құрастыруға кірістім. Бұл кітапты құрастырғанда мен, біріншіден, осы біздің ана тілімізде тұңғыш рет шыққалы отырған жалғыз кітаптың орыс-қазақ мектептерінде тәрбиеленіп жүрген қазақ балаларына оқу кітабы бола алу жағын көздедім, екіншіден, бұл кітапта келтірілген әңгімелердің қазақтар үшін ұнамды болу жағын көздедім, сондықтан бұл кітапқа енгізген әңгімелерді тергенде көп қиыншылықтарға кездестім, әрбір мақаланы әр жағынан ойлап барып қосу керек болды.

Бұл хрестоматияны мен екі кітап етіп шығаруды ойладым. Бұл басылып отырған бірінші кітаптағы мақалалар мынадай төрт тарауға бөлінді:

- 1) Балалар өмірінен алынған әңгімелер, бұлар түрлі орыс хрестоматияларын, көбінесе Паульсонның хрестоматиясынан алынды, мысалдар мен халық әдебиеті, балалардың туғандарына жазған хаттары.
- 2) Әр түрлі жастағы адамдардың өмірінен алынған әңгімелер.
- 3) Ең жақсы қазақ ақындарының өлең-жырларынан үзінді.
- 4) Қазақтың мақал-мәтелдері.

Екінші кітапта қазақтың төл әңгіме, аңыздарынан басқа, табиғат тарихы мен жалпы тарих жөнінен, география, өндіріс техникасы жөнінен және кеңсе ісін жүргізу үлгілері жөнінен мақалалар қоспақшымыз [1, 103-бет].

Тұңғыш рет шыққалы отырған еңбек болғандықтан, бұл хрестоматияның кейбір кемшіліктері де болуы мүмкін, бірақ сонда да болса бұл кітап ізсіз қалмас, тұңғыш оқу кітабы ретінде көздеген мақсатына жетер деген үмітпен өзімді жұбатып отырмын. Оның бер жағында осы күні халқымыз өз тіліндегі ғылыми оқу құралдарына аса сусап отырғанына, надан жатқан; бірақ әлі азғындық жолға түспеген, пайдалы нәрсенің бәріне жаны құмар халқымыздың шамасының келгенінше қызмет ету біздің әрқайсымыздың да борышымыз екеніне, бәлкім, басқа да менен білімдірек елдестеріміздің де санасы жетіп қалар [5, 135-бет].

2) «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» — орыс графикасына негізделіп жасалған ең алғашқы оқулық. 1879 жылы Орынбор қаласында шыққан. Бұл орыс тілі грамматикасы қысқаша курсына қамтитын оқу құралы. Оқулықта жеті бөлім бар: 1) Нәрселердің аттары (зат есім). Имя существительное; 2) Зат-мақұлықтың қасиетінің аттары (сын есім); 3) Есеп аттары (сан есім). Имя числительное; 4) Местоимение деген сөздің бөлімі (есімдік); 5) Ақыры өзгерілмейтін сөздер (үстеу, демеу). Наречие и союз; 6) Предлог деген сөздің бөлімі (жалғау); 7) Глагол деген сөздің бөлігі (етістік). Қазақшадан орысшаға кешіруге арналған сөздер. Оқулықтың алғы сөзінде оқу құралын қалай оқыту жөнінде әдістемелік нұсқау берілген (оқыту әдісі белімдерден кейін де көрсетіліп отырады). Әрбір бөлім сөздіктен тұрады. Әрқайсысынан кейін орыс грамматикасының негізгі, басты ережелері ұсынып отырады (мысалы, септік жалғаулары, көпше, жекеше түр, род, реңк мәнді жұрнақтар, зат есімнен жасалатын сын есімдер, шырай түрлері, етістіктің шақтары, райлары т. б.). Ережелер қабылдауға оңай нұсқауда келтірілген. Сөздердің тізбесін, грамматикалық ережелерді беруде арнайы әдістемелік мақсат көзделінген: оқушы әдебиеттік оқуды меңгермес бұрын, жекелеген сөздердің тобымен, бастапқы, негізгі ереже түрлерімен таныс болады, жүйелі дайындық курсынан өтеді. Оқулық бірде-бір орыс сөзін білмейтін қазақ баласына тіл үйрену неден қалай басталуы керек деген мәселені қояды. Бұл — сол кезеңдегі орыс грамматистері мен әдістемешілері де қолға ала қоймаған күрделі жұмыс. Тіл үйрену үстінде бала екі бірдей дағдыны қатар игереді [1, 100-бет].

Оқулықта орыс тілі мен қазақ тілі грамматикасын салыстыра оқыту қажеттігі басым айтылған. Бұл оқу құралы сол кезең үшін де және қазіргі талап тұрғысынан да терең негізгі лингвистикалық-әдістемелік еңбек болып табылады. Мұнда шет тілін жаңадан бастап үйренуге арналған оқу құралының сипаты қандай болуы керек деген мәселе шешімін тапқан. Сонымен бірге екі тілдің грамматикасы үйлестіре оқыту мәселесі де алғаш рет Алтынсарин заманында қолға алынған. Шет тілінде дұрыс жазуға үйрету, тіл ұстарту мәселелері көтеріледі. Алтынсариннің оқу құралы тіл үйренудің лингвистикалық негізгі тілдің лексикалық жүйесіне негізделуі керек деген қортындыға әкелді.

1.4. Ыбырай Алтынсарин - ақын, жазушы, этнограф

1) Ыбырай - ақын

Ы. Алтынсарин көптеген өлеңдерді жазған. Өз шығармаларында Отанын, халқын сүйуге, оқып білім алуға шақырды. Оның «Бұл кім?», «Әй, достарым!», «Әй, жігіттер!», «Жаз», «Өзен», «Ананың сүйюі» және т.б. өлеңдері бар.

Кел, балалар, оқылық!

*«Бір Аллаға сиынып,
Мұнтаздай боп киініп,
Кел, балалар, оқылық,
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық
Оқысаңыз, балалар
Шамнан шырақ жағылар.
Тілегенің алдыңнан*

Іздемей-ақ табылар!»,-деп Ыбырай атамыз осы өлеңінде ақын оқу-білімнің пайдасы мен қараңғылықтың зиянын салыстыра отырып сипаттайды. Ғылым-білімнің басты жауы — қараңғылықтың мән – жайын ашып береді. Ақын мұнымен де қанағаттанбайды, сол оқудың үйдегі әке-шешенің үміт тілегімен ұштасып жататынын да әсерлі жеткізеді.

Ақын «Өнер, білім бар жұрттар» атты өлеңінде оқу, білім алудағы мақсатты аша түседі. Балғожа сықылдылардың бала оқытқандағы арманы «ата-ананы асырау» болса, Алтынсарин оқушылардың білімді адам болғандағы мақсат-міндеттері өз халқының бір керегіне асу, оның прогрестік жолмен ілгерілеуіне жетекшілік жасау, мәдениет жағынан салыстырғанда, басқалардан бірнеше ғасырлық кейін қалған өз елін, «Тастан сарай салдырып, айшылық алыс жолдардан, көзінді ашып-жұмғанша хабар алдыратын» елдердің қатарына жеткізу деп білді.

Радио, телеграф, телефон, самолет, электр, т.б. техника тетіктері қазақ тілінде көп тарламаса да, ақын сол сөздерді ұғындыруға тыңнан жол салып, үлкен шеберлік танытады. Оқып білім алудағы мақсат халықтың қажетіне жарау, өз еліңді өркениетті елдер қатарына қосу деп түсіндіреді[2,12-бет].

Ыбырай қазақ жастарын оқуға шақырумен қатар, адамгершілікке, махаббат-достыққа, еңбекке, жігерлілікке, тапқырлыққа, халқын сүйшілікке шақырды. Былайынша айтқанда, адам деген ардақты есімді ақтай алатын кісі болып шығуды насихаттап, жастарға дұрыс тәрбие бергенде ғана бұл міндеттерді іске асыруға болатындығын ол жақсы ұғынды. Сондықтан өзінің оқытушылық, жазушылық, аудармашылық жұмыстарын осы мақсатқа бағындырды.

2) Ыбырай- жазушы

Ы.Алтынсарин жазба әдебиетке тән проза жанрының да негізін қалады. Ол - тұңғыш рет балаларға арнап әңгіме жазған жазушы. Ыбырай әңгімелерінің басты ерекшелігі-жақсы мен жаманды салыстыра отырып әңгімелеу арқылы балалардың санасына ой салу, тәрбиелеу. Еңбекті сүйу және қадірлеу – Ыбырай әңгімелерінің негізгі тақырыбы. Оны жазушы шағын әңгімелерде үгіт, өсиет түрінде берсе, кей шығармаларында халықтың қоғамдық санасын тәрбиелейтін реалистік суреттер арқылы бейнелейді. "Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш" әңгімесінде Ыбырай ең кішкентай жәндіктердің өзі де тіршілік үшін тыным таппай еңбек етіп жүргендігін көрсете келіп, оларды балаларға үлгі етеді. Ы.Алтынсариннің «Екі жолдас», «Бір уыс мақта», «Қисық ағаш», «Таза бұлақ», «Шеше мен бала», «Ақымақ дос», «Тазша бала», «Қыпшақ Сейтқұл», «Киіз үй мен ағаш үй», «Талаптың пайдасы», «Бақша ағаштары», «Асыл шөп», «Байұлы», «Мейірімді бала», «Дүние қалай етсең табылады», «Жиренше шешен», «Бай мен жарлы баласы», «Әке мен бала», «Мақта қыз бен мысық» және т.б. әңгімелері бар[2,15-бет].

3) Ыбырай -ғалым, этнограф

Ы.Алтынсарин этнография саласындағы еңбектері халқымыздың салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарын қарастырады. Оның бірі өлген адамды жерлеу және оған ас беру, екіншісі құда түсу, қыз ұзату салттары туралы айтылады.

Лингвистика, тілтану саласында қазақ тілінің тазалығына зор мән берді.

Қазақтың әдеби тілі, оның қалыптасуы мен дамуы, ана тілінің тазалығы Ы.Алтынсариннің негізгі бағыты мен қызметі болып табылады.

Қазақтың әдеби тілі, оның қалыптасуы мен дамуы, ана тілінің тазалығы Ы.Алтынсариннің негізгі бағыты мен қызметі болып табылады.

Қазақ ауыз әдебиетін зерттеп, қазақтың жұмбақтары, дастандары, мақал-мәтелдері жөнінде ғылыми мақалалар жазды. «Қобыланды батыр», «Қара батыр», «Жәнібек батыр» эпостарынан, қазақ халқының тарихынан үзінділері баспа бетіне жариялады.

Ол Орыс географиялық қоғамы Орынбордағы бөлімінің толық мүшесі болды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ халқының дарынды перзенті Ыбырай Алтынсарин аса күрделі тарихи кезеңде, патша үкіметі Шығыс халықтары арасында қатаң отарлау саясатын жүргізіп жатқан кезеңде өмір сүрді. Қазақ халқының тарихында Ыбырай Алтынсарин ерекше роль атқарады. Ол қазақтың тұңғыш педагогы, қазақ даласында бірінші рет мектеп ұйымдастырып, қазақ жастарына білімнің есігін ашты[1,68-бет].

Ыбырай Алтынсарин өз халқын жан-тәнімен сүйген, халқының мәдени көркейіп өсуі үшін бойындағы бар күш-жігерін аянбай жұмсаған нағыз патриот еді.

Білімге деген құштарлық, халқына қалтқысыз қызмет ету Ыбырай Алтынсариннің негізгі ұстанымы болды. Ол мәдениет пен білімнен артта қалған ел-жұртын көрші елдің өнер-білімін, техникасын игеруге шақырып қана қоймай, сол игі істі тікелей жүзеге асыруға да өлшеусіз үлес қосты. Қазақ даласында тұңғыш рет орыс үлгісіндегі пәндік білім беретін мектептер ашып, оған орыс алфавиті негізінде оқулықтар жазды, өзі сабақ беріп, жаңа талапқа сай келетін мұғалімдер дайындауға күш салды. Қазіргі өркениетті қазақ халқы не бәрі 48 жасында өмірден өткен Ыбырай атамызды ұлы ұстаз, педагог, ғалым, ірі қоғам қайраткері деп бағалап құрмет тұтады[7,122-бет].

Ыбырай Алтынсариннің жұмысы жастарды үш тілді игеруге, сауатты және жоғары білікті маман болуға шақыратын елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың үндеуімен үлеседі.

Ыбырай Алтынсарин — нағыз халықшыл жазушы, өмір шындығын озық идея тұрғысынан таныта білген кемеңгер суреткер, аса қажырлы қоғам қайраткері, заманының ең маңызды мәселесін көтеріп, жыр төккен азамат ақын, жаңашыл жазушы, сол жаңаның тынымсыз жаршысы. Өз бойындағы қуатын халық мақсаты үшін аямай жұмсаған адал жанды азамат.

Мен осы ғылыми жобамды мектептің түлегі, ақын Ақылбек Шаяхметтің жазған өлең шумақтарымен аяқтағым келіп тұр.

Алтынсарин – қазақтың жарық шамы,
Ойлағаны аяулы халық қамы.
Жап-жасыл жайқалатын жапырағы,
Алтынсарин – елімнің алтын бағы.
Алтынсарин- мазмұнды өмір әні,
Үлгі болып алдыңнан жолығады.
Шырт ұйқыдан оятқан бабамызды
Алтынсарин – даланың қоңырауы.
Алтынсарин – ел үшін соққан жүрек,
Сезіп оның дүрсілін шаттанды көп.
Қалың қардың жібiткен мұз денесін
Алтынсарин – аңқылдақ алтын күрек.
Денесі оның Тобылдың жағасында,
Мүсіні тұр Қостанай қаласында.
Ыбырай бұлағының мөлдір суы
Шүпiлдейдi бiлiмнiң шарасында.
Сол сумен егiн егiп, мал суардық,
Жыр жазып, дала жайлы ән шығардық.
Сол сумен қаталаған шөлді басып,
Шығып тұр қазағымның дауысы анық.

Сол судан мейірі қанып барлық халық,
Өмірден өз орынын тапқаны анық.
Алтынсарин – ұлы ұстаз ұлағатты,
Алтынсарин – ұлтыма ұлы жарық.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы. – Алматы: № 11, 2004. 109 – 112 б.
2. Оспанұлы С. Алтынсариннің айналасындағы адамдар. Қостанай: «Шапақ», 2006 ж. 8-15 бет.
3. Сарбаева А.М. «Қазақ мәдениетінің ұлы қайраткерлері. IX-XIX ғасырлар.
4. Ғұлама тағылымы»: Оқу – әдістемелік құрал. Көкшетау: «Келешек 2030», 2011ж. 144-161бет.
5. Ы.Алтынсарин. Қазақ әдебиеті: Алматы: Ғылым, 1979.-110-129 бет.
6. Ы.Алтынсарин. Елтұтқа.-Астана: Күлтегін, 2001.-226-228-б.
7. Ы.Алтынсарин. Қазақ энциклопедиясы.-Т.1-121 –67
8. www.kazahadebieti.kz
9. www.egemen.kz

ГЕОГРАФИЯ САБАҒЫНДА SMART-ТЕХНОЛОГИСЫ «ВИРТУАЛДІ ГЛОБУСТЫҢ» ТИІМДІЛІГІ

Бабалиева Молдир Болатбековна

Төле би атындағы орта мектебі Шу қаласы Жамбыл облысы

Мақсаты: «География сабағында SMART- технологиясы «виртуалді глобусты» тиімді қолдануға дағдыландыру»

Міндеті: SMART- технологиясы «виртуалді глобус» арқылы белсенді тапсырмалар орындата отырып, картаны меңгеруге мүмкіндік жасау.

Өзектілігі: Жаңа педагогикалық технологияның ерекшеліктері – өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан –жақты дамыту. Бұрынғы оқушы тек тыңдаушы, орындаушы болса, ал қазіргі оқушы – өздігінен білім іздейтін жеке тұлға. Сондықтанда заманауи мүмкіндіктерді пайдалана отырып 3D+ форматта виртуальді глобуста оқушылардың жұмыс жасау қабілетін дамыту қажеттілігі туындады

Андатпа: XXI ғасыр – бұл ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет дәуірі. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, қәсіптік, адамгершілік, басқа да көптеген қасиеттерінің қалыптасуына көмектеседі, оқу-тәрбие үдерісін дұрыс ұйымдастыруына әсерін тигізеді. Қазіргі таңда жаңартылған білім беру мазмұнының негізгі өзегі- қарқынды дамып келе жатқан өзгермелі қоғамда өмір сүруге икемді, жеке басының, сондай-ақ қоғам пайдасына қарай өзін-өзі толық жүзеге асыруға дайын білімді, шығармашылыққа бейім, бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру мен дамыту болып табылады.

Аннотация : XXI век-это эпоха информационного общества, эпоха технологической культуры. Освоение новой технологии способствует формированию интеллектуальных, профессиональных, нравственных, многих других качеств учителя, влияет на правильную организацию учебно-воспитательного процесса. В настоящее время основным ядром обновленного содержания образования является формирование и развитие образованной, творческой, конкурентоспособной личности, гибкой к жизни в динамично развивающемся меняющемся обществе, готовой к полной самореализации как в пользу личности, так и общества. XXI век-это эпоха информационного общества, эпоха технологической культуры. Освоение новой технологии способствует формированию интеллектуальных, профессиональных, нравственных, многих других качеств учителя, влияет на правильную организацию учебно-воспитательного процесса. В настоящее время основным ядром обновленного содержания образования является формирование и развитие образованной, творческой, конкурентоспособной личности, гибкой к жизни в динамично развивающемся меняющемся обществе, готовой к полной самореализации как в пользу личности, так и общества.

Оқу процесінің тиімділігі ең алдымен оқушылардың белсенділігі мен танымдық ізденісіне қатысты. Сондықтан мен өзімнің педагогикалық жұмысымда география сабағы жүргізуде «Естігенімді ұмытпаймын, көргенімді есте сақтаймын, өз істегенімді меңгеремін»- деген Конфуцийдің сөзін негізге ала отырып SMART технологияларын сабақта пайдаланудың тиімді жолдарын қарастырдым. Қазіргі кезде өздеріңіз білесіздер оқушылар естігеннен, көргенді көбірек есте сақтайды. Сондықтан мен әр сабағымда SMART технологияларының ішінде "виртуалды глобусты"(1-сурет) пайдаланып жүрмін. Мен осы технологияны кеңінен қолдануды былтырдан бастап қолға алдым. Осы технологияны қолдану барысында оқушылардың сабаққа деген қызығушылығының артқанын байқадым.

География сабағында вертуальді глобустың тиімділігі тапсырмалар орындағанда байқалады. Мен сабақ беретін сынып оқушылардың ұялы телефондарында "виртуалды глобус" жүктелген. Әр оқушы кез келген тапсырманы ұялы телефондарымен орындай алады. <https://www.google.com/intl/ru/earth/>





1-сурет

7-сынып «Дүниежүзінің тарихи мәдени аймақтары» тақырыбында ежелгі дүниежүзілік кереметтерді танып білу үшін мынандай тапсырма құрастырдым.

1-тапсырма. "Виртуалды глобустан" кестеде (1-кесте) берілген кереметтірдің географиялық орнын анықтап, берілген суреттермен сәйкестендір.

1-кесте

Нсананың атауы	Географиялық орны	Суреті
Хеопс пирамидасы		
Семирамиданың аспалы бағы		
Эфестегі Артемида храмы		
Олимптегі Зефс құдайының мүсіні		
Галикарнастағы мавзолей		

Родос аралындағы Колосс мүсіні			
Александриядағы шам			

"Виртуалды глобустан" оқушылар тапсырманы орындау барысында пирамидалардың географиялық орны, пирамида орналасқан мемлекетті, мелекеттің астанасын және кереметтердің мүсіндерін 3D форматында көріп сәйкестігін табады. Нәтижесінде оқушылар виртуальді глобус арқылы нысандардың географиялық орнын анықтап, сол кереметтерді 3D форматында көріп, есте сақтайды. Сонымен қатар оқушылар күнделікті география сабағында атлас картаның орнына қолдануына болады. Мәтінде берілген тауларды, жазықтарды, сарқырамаларды т.б. нысандарды 3D форматында көріп, сипаттама бере алады. Оқушы көргенін есте сақтап, өзі анықтағанын меңгеріп, ұмытпайды. Алға қойған мақсатқа жету үшін әр мұғалім сабақ өткізудің әр түрлі тәсілдерін қалай, қашан қолдану керектігін біледі. Мұғалім өз шеберлігіне қарай "виртуалды глобусты" арқылы әр тақырыптың оқу мақсатына тапсырмалар құрастырып, оқушыларға орындатуға болады. Осы картамен жұмыс жасау нәтижесінде, менің оқушыларым (2-сурет) еркін картамен жұмыс жасап, мемлекеттерді таба алады. Сонымен қатар осы технология арқылы оқушылардың география сабағына деген қызығушылықтарын оята білдім.



2-сурет

SMART технологиясы – білім берудің заманауи мүмкіндігі. Осындай мүмкіндіктерді қолдана отырып оқушыларда мынандай дағды қалыптасады.

- Білім алушылардың білім дегейі мен сабаққа ынта жігері және ой өрісі артады;
- Картамен жұмыс жасау дағдысы қалыптасады;
- Оқушылардың өз идеяларын дәлелдеуіне көмектеседі;
- Ғылыми сауаттылығы және креативті ойлауы дамиды;

Жаңа педагогикалық технологияның ерекшеліктері – өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан –жақты дамыту. Бұрынғы оқушы тек тыңдаушы, орындаушы болса, ал қазіргі оқушы – өздігінен білім іздейтін жеке тұлға. Сондықтанда заманауи мүмкіндіктерді пайдалана отырып бәсекеге қабілетті тұлғаны тәрбиелеуіміз керек!

Пайдаланылған сілтемелер:

https://kk.wikipedia.org/wiki/Google_Earth

<https://www.google.com/intl/ru/earth/>

<https://bilim-all.kz/article/8886-XXI-gasyr-%E2%80%93-zhana-aqparattyq-tehnologiyalar-gasyry>

ИНФОРМАТИКА ПӘНІНЕН ҰБТ-ҒА ДАЙЫНДАУ МЕТОДИКАСЫ

Біләлова Ақсәуле Тұрсынқызы

№ 46 А.С.Пушкин атындағы мектеп-лицейі, Шиелі кенті Қызылорда облысы

Аннотация

Мақалада әлемдік өзгерістер әсерінен, ғылымның қарқынды дамуы кезінде, көптеген корпорациялар өз өндірістерінің барлық деңгейлерінде ең жаңа технологиялармен жұмыс істеуге дайын білікті мамандардың тапшылығы проблемасы көрсетілген.

Мен құзыреттелігін арттырудағы мұғалімдердің рөліне басты назар аударады. Сонымен қатар, соңғы

жаңалықтарға сәйкес цифрлық сауаттылықтың өзектілігін көрсетіп, информатика пәніне баулу және осы сала бойынша болашақ кадрларды дайындау қажеттілігін дәлелдейді.

Мақалада ұсынылған инновациялық әдістеме білімді шындалуға қажетті барлық кезеңдерді қамтып, еліміздегі өзгеріске еніп жатқан және алдағы онжылдықта пайда болатын жаңа мамандықтармен таныстыра отырып мотивациялау арқылы балалардың ҰБТ-ға техникалық және психологиялық дайындығына бағытталған.

Кілтті сөздер: Цифрлық технологиялар, ақпараттық технологиялар, жаһандық өзгерістер, психологиялық әдістеме, ҰБТ, жаңа мамандықтар.

Аннотация

В статье показана проблема нехватки квалифицированных специалистов, готовых работать с новейшими технологиями на всех уровнях производства многих корпораций, под влиянием мировых изменений, в период бурного развития науки.

Автор акцентирует внимание на роли педагогов в повышении квалификации и компетентности детей, опираясь на атлас специальностей Республики Казахстан. Вместе с тем, согласно последним новостям, показана актуальность цифровой грамотности, что доказывает необходимость подготовки будущих кадров в этой области, призывая повысить интерес к информатике.

Инновационная методика, представленная в статье, направлена на техническую и психологическую подготовку детей к ЕНТ, охватывая все этапы, необходимые для повышения знаний, знакомя детей с новыми профессиями, которые вступают в изменения в нашей стране и появятся в ближайшие десятилетия.

Ключевые слова: Цифровые технологии, информационные технологии, глобальные изменения, психологическая методика, ЕНТ, новые специальности.

Annotation

The article shows the problem of the shortage of qualified specialists who are ready to work with the latest technologies at all levels of production of many corporations, under the influence of global changes, during the rapid development of science.

The author focuses on the role of teachers in improving the skills and competence of children, based on the atlas of specialties of the Republic of Kazakhstan. At the same time, according to the latest news, the relevance of digital literacy is shown, which proves the need to train future personnel in this field, calling for increased interest in computer science. The innovative methodology presented in the article is aimed at the technical and psychological preparation of children for the UNT, covering all the stages necessary to increase knowledge, introducing children to new professions that are entering into changes in our country and will appear in the coming decades.

Keywords: Digital technologies, information technologies, global changes, psychological al methodology, UNT, new specialties.

Бүгінгі күнде, түлектердің Ұлттық бірыңғай тестілеуге, (әрі қарай ҰБТ) дайындығы ең өзекті мәселелердің бірі және де балаларға моральды түрде көптеген қысым түсетіндігі барлығымызға мәлім. Бұл тұста ата-аналар мен мектеп мұғалімдерінің қолдауы өте маңызды. Алайда, соңғы жылдары балаларды ақылы дайындау трендке айналып, мектептегі білімге, пән мұғалімдеріне сенімсіздік жоғарылауда. Ақылы мектептердің, курстардың дайындау методикасы, еріксіз, мектеп бағдарламасына күмәнмен қарауға мәжбүрлейді. Алайда, барлығында бір материал - ол 5-11 сынып оқулықтары. Сол себептен де, біз мектеп қабырғасында да жаңашыл методика пайдалану арқылы оқушыларымыздың жоғары нәтижеге жете алатындағын дәлелдеуіміз қажет, ал информатика пәні қазіргі таңда ең маңызды пәндердің біріне айналып отыр.

Неге информатика пәнінен ҰБТ-ға дайындау методикасын ұсыну қазіргі уақытта өзекті? Неге информатика пәні қалған пәндерден маңызды?,- деген сұрақтарға жауап береміз.

Қазіргі заманғы технологиялар біздің өмірімізге сенімді қарқынмен енгізілуде, тек ғылыми конференцияларда ғана емес, күнделікті өмірде де "жаһандық цифрландыру" ұғымын өте жиі естиміз. Кейбір адамдар цифрландыру процесінің пайдасы мен зияны туралы әлі де дауласып жатқанымен, көптеген мемлекеттерде заманауи технологияларды енгізу үрдісі үйреншікті жағдайға айналууда. Әлемдік өзгерістер әсерінен ғылымның қарқынды дамуы кезінде көптеген корпорациялар өз

өндірістерінің барлық деңгейлерінде ең жаңа технологиялармен жұмыс істеуге дайын білікті мамандарды қажет етеді. Біздің еліміздің өзінде 2021 жылғы мәліметтерге сүйенсек, 100 мың IT мамандарының тапшылығы туралы айтылды. Бұл дегеніміз осы сала мамандарына жаппа й сұраныстың бар екендігін дәлелдейді. Сол себептен де оқу және ағарту министрлігінің тапсырысы бойынша, 2022-2023 оқу жылы бітірген түлектерге ең көп бөлінген грант саны IT мамандықтарына берілген, атап айтқанда, 4098 грант. [1]

Ал биылғы оқу жылындағы өзгерістерге сәйкес, IT мамандықтарына түсу үшін, физиканың орнына информатика пәнін таңдау қажет. Сол себептен де, информатика пәнін таңдаушылар саны күрт өсуде, пәннің өзектілігі де осыдан, алайда пән мұғалімдерінде балаларды дайындаудың нақты методикасы жоқ. Осыған орай, информатика пәнінен ҰБТ-ға дайындау методикасын ұсынып отырмыз.

Мектептің білім беру жүйесін модернизациялаудың қазіргі кезеңінде орта мектеп түлектерінің дайындық деңгейін бағалау мәселелері ерекше өзекті болып табылады, оның міндеті – оқушыларға сапалы білім алуға мүмкіндік беру. Түлектердің пәндер бойынша білімі мен дағдыларының деңгейі стандарт талаптарына сәйкес келуі керек, ал оқушылардың жетістіктерін бағалау процедурасы объективті және осы талаптарға сәйкес болуы қажет. Осы стандартқа жету үшін, ҰБТ-ға дайындаудың барысын үш бөлімге бөліп қарастыруді жөн көрдік.


- I. ҰБТ-ға техникалық дайындық;
- II. ҰБТ-ға әдістемелік дайындық;
- III. ҰБТ-ға психологиялық дайындық.
- IV.

Техникалық дайындық – балалардың барлық ақпаратпен қамтамасыз етуді талап етеді: тесттің барасы, структурасы, бөлімдері. Нақты айтқанда, ҰБТ-ның, оның ішінде информатика пәнінен келетін тест жоспарымен таныстыру.

№	Бөлім	Саны
1	Компьютерлік жүйелер	4
2	Ақпараттық процестер	9
3	Компьютерлік ойлау	7
4	Аппараттық және программалық қамтамасыз ету	1
5	Ақпараттық процестер және жүйелер	7
6	Ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру	7
		35

Кесте 1. Ескерту - [2] әдебиет негізінде автормен жасалған

Әдістемелік дайындық – бұл балалардың барлық қажетті материалмен қамтамасыз етілуін талап етеді: 5-11 сынып оқулықтары, ҰБТ-да келетін анықтамалар жиынтығы. Және де осы материалдарды «Спираль» әдісі арқылы ұжымдастырып дайындау, яғни жеңілден қиынға дейін. Біз білеміз, 7 жылғы білімді, оқулықтарды 1 жылдап қайта оқып, жаттапшығу мүмкін емес, сондықтан, қосымша оқу платформалары арқылы балалардың жадын жаттықтыру, материалдарды үздіксіз қайталап отыру қажет.



Сурет 1. Ескерту - [3] әдебиет негізінде автормен жасалған

Қазіргі уақытта цифрлық оқу платформалары өте көп: Kahoot, Quizizz, Google Classroom және т.б. Оның ішінде көп функционалдығымен Quizizz бағдарламасы өте пайдалы. Бұл бағдарлама арқылы тақырыпты әртүрлі тапсырмалар арқылы жетік меңгеруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, тест тапсырмаларын платформаға жүктеу арқылы жиі қайталауға, балалардың дайындығын рейтинг арқылы көріп, бәсекелестік қасиетін тудырады.

Психологиялық дайындық методологияның ең негізгі бөлігі және де ерекшелігі. Өйткені, қазіргі балалардың ерекшелігі, ортасы, дамуына қарай келе, осындай тұжырымдаға тоқталып отырмыз. Бір сөзбен, қазіргі балалар 5 жыл бұрынғы балалардан әлдеқайда өзгеше. Бұрынғыдай, ата-ананың ықпалымен оқып, мұғалімдерден сескенетін бала аз. Десек те, осы пәнге деген қызығушылықты арттырып, нарықтағы жаңа мүмкіндіктермен таныстырып, балаларды ҰБТ-ға өз қалауымен дайындалуға ынтасын арттыруға болатындығына сеніміміз мол. Тағы да айта кететін ерекшелік, бұл балалардың дайындалу ортасы. Барлық балаға ақпарат бірдей берілгенімен, әр баланың қабылдау темпі әртүрлі. Осыған орай, Айзенктің темперамент тесті арқылы балаларды жұпқа бөліп, дайындалу динамикасын бақылаған тиімдірек деп ойлаймыз. Бұл әдіс «1 by 1», яғни

«1 ге 1» деп аталады. Және бұл осы әдістеменің ең негізгі жаңашылдығы болып табылады. [4] Келесі қадам жаңадан пән таңдаушы түлектерге нарықтағы өзгерістерді сипаттай отырып, информатика пәнін таңдау арқылы болашақтағы перспективаларымен таныстыру, насихаттау қажет.

2022 жылғы Қазақстан Республикасындағы жаңа мамандықтар менқұзыреттердің Атласына сәйкес АТ саласында жаңа мамандықтардыңөзі қазір талапетілетін, болашақта қажет болатынжәнеөзгеретін мамандықтар болып бөлінеді екен.

- Қазір талап етіліп жатқан жаңа мамандықтарға: R&D Manager, MVP Manager, Product-Manager жатқыза аламыз. Бұл мамандықтарға қажет құзыреттіліктер өте жоғары және де қозғаушы тренд – инновациялар, цифрландыру және автоматтандыру.
- Болашақта қажет болатын мамандықтардың бірі – ИОТ маман. Бұл мамандыққа қажет құзыреттіліктер де өте жоғары және де қозғаушы тренд – инновациялар, цифрландыру және автоматтандырудан басқа тұтынушы қалауы мен жаңа буын қажеттіліктерінің өзгеруі. Пайда болу көкжиегі – 2025 жыл.
- Өзгеретін мамандықтар:

Мамандық	Жаңа атауы	Триггер	Айырмашылығы	Өзгеру көкжиегі
Деректерді цифрлаушы	Кванттық Криптограф	АТ қауіпсіздікке қойылатын талаптардың кеңейту және оны қамтамасыз ету құралдарын жетілдіру.	Заманауи шифрлаушылардан айырмашылығы – кванттық криптографтар кванттық физика мен кванттық компьютерліктегі терең білім танымына ие болуында.	2030
WEB-әзірлеуші	Нақтылық Әзірлеушісі	Өмір тіршілігін виртуализациялау.	Нейроинтерфейстер – био және нейронинженериясына, ми импульстері арқылы адамды тікелей жүйелермен басқаруға негізделген принципті жаңа басқару механизмі. Әдеттегі графикалық интерфейстер виртуалды интерфейстерге эволюцияланады, және олардың әзірлеушілеріне ЖИ мен гибриді интеллектпен, нейронды байланыстармен, виртуалды шындықпен жұмыс істеуді үйренуге туралы келеді.	2030
Желі, жүйе талдаушысы	Интеллектуалды киберфизикалық жүйелер Талдаушысы	► Деректер мен метадеректер ағынын арттыру ► АТ инфрақұрылымдарды күрделендіру және гибридизация	Егер бұрын желі, жүйе талдаушылары желі коммуникацияларын ұйымдастырумен және көлденең деңгей желілерінің шеңберінде олардың оңтайландыру үшін техникалық тапсырмаларды дайындаумен айналысқан болса, онда болашақта бастапқы датчиктерден бастап ДӨО-на дейінгі көптеген деңгейлі күрделі желілермен жұмыс істейтін болады, функцияаралық өзара байланыс пен ЖИ басқару дағдылары қажет етіледі.	2030
Желі жүйе әкімшісі	Интеллектуалды киберфизикалық жүйелердің Операторы	► Деректер мен метадеректер ағынын арттыру ► АТ инфрақұрылымдарды күрделендіру және гибридизация	Егер бұрын жүйе әкімшілері желілер мен құрылғылардың мониторингі, диагностикасы мен жағдайына талдауды өздері жүргізген болса, онда қазір бұл міндеттерді ЖИ орындайды, ал оператор оның жұмысын үйлестіріп, бақылайтын болады, ол үшін ЖИ басқару дағдылары мен өзара байланысы талап етіледі.	2030
Кесте 2. Ескерту - [5] әдебиет негізінде автормен жасалған				

Еңбек нарығының конфигурациясы көптеген факторлардың ықпалымен қалыптасады. Халық саны мен адамдардың орташа өмір сүру жасы ұзарады, және осы себепті олардың еңбекке қабілеттілігі мен экономикалық белсенділік кезеңі де ұзарады, ұтқырлығы артады, білім алуға қолжетімділік кеңейеді.

Төртінші өнеркәсіптік революция қоғам мен еңбек нарығына жаңа тәртіпті беруде. Алдағы 10-15 жыл ішінде ГТТ жылдамдығы тек арта бермек. Әсіресе, бұл АТ саласында анық байқалатын болады, оның даму көкжиегінің кеңдігі қаншалықты ауқымды болса, мұнда техникалық прогрестің жаңа бағыттары жиі пайда болғандықтан, АТ секторының эволюция қарқынын іліп қалу соншалықты қиын. [5]

Қорытындылай келе, біз бірнеше тұжырымға келдік. Болашақта таза техникалық мамандар немесе гуманитария мамандары деген болмайды. Жаратылыстану-ғылыми білім гуманитарлық біліммен тығыз айкалатын болады. Шығармашылық ойлау аналитикалық ойлаумен бірігеді. Тек осы мамандар бәсекеге қабілетті және сұранысқа ие болады. Әсіресе, бұл АТ саласына қатысты болады, оның даму қарқындары мен адамның барлық өмір тіршілігі салаларына тұрмыспен араласудан бастап жұмыс пен ойын-сауыққа дейін ену тереңділігіне қатысты, олар озық технологияларға сүйенетін болады.

Жаһандық өзгерістер біздің де еліміздің табылдырығында тұр, Және де мамандардың болжамы бойынша **білікті кадрлардың тапшылығы проблемасын алдағы 10-15 жылда шешу мүмкін болмас**. Сол себептен де, информатика пәніне баулу, осы сала бойынша болашақ кадрларды дайындау өте өзекті мәселе болып тұрғандығы бүгіннің ақиқаты.

Ғылыми-техникалық прогресс, дербес тұтыну парадигмасынанадымды экономикаға өту, өмір сапасын арттыру, экологиялық проблемаларға деген назарды күшейту, жаңа формациядағы мамандардың еңбек нарығына шығуы және басқа да әлеуметтік-экономикалық, табиғи факторлар экономиканың барлық салаларының терең өзгеруіне әкеледі. Бұл фактіні теріске шығару мүмкін емес. Сол себептен де, біз оқушыларды сұранысы көп салаға бейімдеу қажеттілігін, осы мамандықтарға қызығушылығын арттыру маңыздылығын еске саламыз.

Жоғарыда айтылған өзгерістерге бейімделіп, балаларды ынтыландыру, дайындау, олардың қызығушылығын арттыру – информатика пәні мұғалімдерінің қолында.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:


1. Қазақстанның ЖОО-да 2022-2023 оқу жылына арналған білім
2. Гранттары // [Электронды ресурсы] URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/documents/1?lang=kk>.
3. Ұлттық бірыңғай тестілеуге арналған тест жоспары // [Электронды ресурсы] URL: <http://www.testcenter.kz/postupayushchim-v-vuz/ent/dlya-podgotovki-k-ent-i-ent-tipo/>
4. Ұлттық бірыңғай тестілеуге арналған тест жоспары // [Электронды ресурсы] URL: <http://www.testcenter.kz/postupayushchim-v-vuz/ent/dlya-podgotovki-k-ent-i-ent-tipo/>
5. Психикалық күйін, қобалжу, үрей, агрессиялық деңгейін анықтау диагностикалары. Айзенк тесті // [Электронды ресурсы] URL: https://ziatker.kz/docx/aizenk_test_46971.html
6. Қазақстан Республикасындағы жаңа мамандықтар мен құзыреттердің Атласы // [Электрондыресурсы] URL: <https://www.enbek.kz/atlas/kk>

БАСТАУЫШ СЫНЫП МАТЕМАТИКА ПӘНІНДЕ ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ ШАМАЛАРДЫ ОҚЫТУ

Бекасилова Молдир Амантаевна

№ 5 Ақарал жалпы орта білім беретін мектеп-гимназиясы, Меркі ауданы Жамбыл облысы


Айналамызда бізді қоршап тұрған нақты заттар мен құбылыстардың жиынтығы және олардың арасындағы әр түрлі қатынастар арқылы сипатталады. Және нақты дүние үздіксіз және әр түрлі өзгерістерге ұшырап отырады. Мысалы, ауа райы, адамның жасы өзгереді, жануарлар мен өсімдіктер дүниесі өзгеріске ұшырайды. Осы процестерді сипаттау үшін заттар мен құбылыстардың қандай да бір қасиеттерін білу және оларды салыстыра отырып, бағалау қажет болады. Біздің санамызда заттар мен құбылыстардың бейнеленуі барысында қандай да бір ұғым қалыптасады. Ұзындық, аудан, масса, уақыт, сыйымдылық (көлем), жылдамдық, температура, баға және т.б. шамалардың мысалдары болып табылады. Жоғарыда айтқанымыздай, бұл ұғымдар тек математикада ғана емес, сондай-ақ физика, химия және тағы басқа ғылымдарда да қолданылатын негізгі ұғымдардың бірі болып табылады. Бұл жағдайда шама ұғымына айқын түрде сипаттама беру өте қиын, өйткені әр түрлі ғылым салаларында, тіптен бір ғана ғылым саласының әр тарауларында да шама ұғымы әр түрлі мағынада қарастырылады [6, 272].



БАСТАУЫШ СЫНЫП МАТЕМАТИКА ПӘНІНДЕ ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ ШАМАЛАРДЫ ОҚЫТУ

Шама ұғымы математикадағы негізгі ұғым ретінде қарастырылады. Ол ерте заманда пайда болды да, қоғамның даму тарихы барысында жалпылана және нақтылана түсті. Шама – бұл ұзындық та, көлем де, масса да, сан да, т.б [5, 207].

Математикада «Шама деген не?» сұрағына жауап анықтама ретінде кездеспейді. Алайда шаманы сипаттайтын бастапқы қасиеттердің көмегімен шама жайлы түсінік пен ұғым қалыптастырудың теориясы мен тәжірибесі жасалады. Ұзындық, аудан, масса, уақыт, сыйымдылық (көлем), жылдамдық, температура, баға және т.б. шамалардың мысалдары болып табылады.



Бастауыш математика пәнінде ең алғаш қарастырылатын шама – ұзындық. Ұзындық дегеніміз – нәрселердің немесе заттардың бойлылық қасиеті. Ұзындық, өлшем бірліктеріне бастауыш сынып оқулықтарында қысқаша мағлұмат беріледі. Бастауыш сыныптарда ұзындықты қарастырудың ретін мынадай кесте түрінде көрсетіп беруге болады:

Бастауыш мектепте қарастырылатын шамалардың бірі – уақыт аралығы. Уақыт туралы алғашқы түсінікті балалар мектепке дейінгі кезеңде алады. Күн мен түннің ауысуы, жыл мезгілдерінің ауысуы, сағат, минут, апта күндері, жыл, ай, баланың өміріндегі режимдік мезеттердің ауысуы - уақыт жөніндегі түсінікті қалыптастырады.

Уақыттың өлшем бірліктеріне сағат, минут, секунд, жыл, ай, апта, ғасыр жатқызылды. Негізгі өлшем бірлігі ретінде сағат алынды.

Қарапайым шаманың келесі түрі – масса. Массаны өлшеудегі негізгі бірлік ретінде грамм қабылданды.

Грамм, центнер және тонна жайлы түсінік те көрнекілікке сүйеніп беріледі. Ол үшін массалары әр түрлі заттардың суреттері келтіріледі де, оларды өлшеу үшін килограмнан ауырырақ не жеңілірек заттың массасын өлшеу үшін өзге де массаның өлшем бірліктері қажет екендігі айтылады.

Сыйымдылықтың өлшем бірлігі – литрмен таныстыру жаңартылған бағдарлама бойынша бірінші сыныпта жүзеге асырылады.

Литр - заттың қасиетін сипаттайтын шаманың бірі – сыйымдылық жайында түсінік беру және оның бірлігі - литрмен таныстыру. Литрдің қажеттігі мен сыйымдылықты өлшеудің

ерекшеліктері мен таныстыру. Сыйымдылық туралы қарапайым түсінік беру мақсатында әңгіме жүргізу.

Геометриялық шамалар – бұл пішінін, өлшемін сипаттайтын геометриялық фигуралардың қасиеттері. Бастауыш сыныптарда геометриялық шамаларға әдетте, периметрді, аудан мен көлемді жатқызады.

Жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасында арнайы геометриялық шамалар бөлімі не тақырып ретінде қарастырылмағанымен, осы ұғымдарға арналған материалдар оқу мақсаттарында беріледі. Геометриялық шамалар деп аталғанымен оқу бағдарламасында «Геометрия элементтері» бөлімінде қарастырылады. Оны мына кестеден көруге болады:


Кесте 3 – Оқу бағдарламасынан үзінді.

Бөлімше	2-сынып	3-сынып	4-сынып
3.1 Геометриялық фигуралар және олардың классификациясы	2.3.1.3 көпбұрыштардың, қоршаған ортадағы заттар қабырғаларының ұзындығын өлшеу, периметрді табуға арналған формулаларды: $P=(a+b) \cdot 2$, $P=a \cdot 4$, $P=a+b+c$ қорытындылау, құру және қолдану	3.3.1.3 тіктөртбұрыш $S=a \cdot b$, шаршы $S=a^2$, тікбұрышты үшбұрыш $S=(a \cdot b):2$, ауданы формуласын шығарып алу және қолдану	4.3.1.3 тікбұрышты параллелепипед көлемінің формуласын ($V=a \cdot b \cdot c$) қорытып шығару және қолдану
	2.3.1.4 фигураның белгісіз қабырғасын оның периметрі мен белгілі қабырғалары арқылы табу	3.3.1.4 суретте кескінделген құрастырылған фигуралардың, қоршаған ортадағы жазық фигуралардың периметрін анықтау	4.3.1.4 суретте бейнеленген құрама фигуралардың, қоршаған ортадағы жазық фигуралардың ауданын анықтау
	2.3.1.5 берілген периметрі бойынша жазық фигуралар салу, олардың пішіндері өзгеруіне қарай периметрдің қалай өзгеретінін түсіндіру	3.3.1.5 берілген ауданы бойынша жазық фигуралар салу, олардың пішіндері өзгеруіне қарай ауданының қалай өзгеретінін түсіндіру	

Геометриялық шамалардың бірі әрі оңайырақ үйретілетін түрі – периметр. «Периметр» сөзі латын тілінен шыққан *perimētros*, ол өз кезегінде грек тіліндегі ұғымнан шыққан. Нақтырақ айтсақ, біз оның грек этимологиялық шығу тегінде бұл терминнің екі түрлі бөліктен тұратындығын анықтай аламыз. Сонымен, біріншіден, «пери» префиксі бар – оны «айнала» синонимі ретінде аударуға болады, екінші бөлігі «өлшем, шама» дегенге келеді.


Периметрдің қарапайым математикалық анықтамасы – бұл фигураның барлық жақтарының ұзындығының қосындысы. Оны латынның «P» әрпімен деп белгілейміз. Периметрдің өлшем бірліктері – ұзындық бірліктері: миллиметр, сантиметр, дециметр, километр.

Үшбұрыш, тіктөртбұрыш, шаршы сияқты қарапайым және бәріне таныс фигураларды қамтитын көпбұрыштың периметрін, сондай – ақ күрделі – текше, пирамида, тетраэдр және басқаларын өлшеу үшін сызғыш қажет. Фигураның әр бетін өлшеп, содан кейін алынған мәндерді қосу керек. Көпбұрыштардың периметрін есептеу де онша қиын емес. Барлық жақтардың ұзындығын қосу қажет. Фигуралардың қаншалықты күрделі көрінетіні маңызды емес.



Сурет 1 – Көпбұрыштар.

Көпбұрыштың периметрі туралы түсінік екінші сыныпта беріледі. Оны өтпес бұрын алдымен сынық сызық, оның буындары, буындарын өлшеу, буындарының ұзындықтарын қосу сияқты жұмыстар жүргізіледі. Оқушылар сынық қызықтың тұйықталған және тұйықталмаған түрлерін қарастыра отырып, «периметр» түсінігін алады.




Содан кейін көпбұрыштардың периметрін табу, соның ішінде алдымен тіктөртбұрыштың периметрін табу арнайы қарастырылады. Бұл фигуралардың периметрін балалар алдымен алдыңғы кезеңдегідей табады: әр қабырғасын өлшеп, алынған сандарды қосады. Тіктөртбұрыштың периметрін табумен таныстырмас бұрын осы фигураның қасиеттері оқытылып үйретіледі. Тік төртбұрыштың мынандай қасиеттері бар:

- 1) қарама-қарсы қабырғалары тең.
- 2) барлық бұрыштары тік.

Осылайша, оқушылардың назарын қарама-қарсы қабырғаларының тең екендігіне аударып, іргелес жатқан екі қабырғасының ұзындығын білсек, оның периметрін табуға болатыны айтылады. Демек, тіктөртбұрыштың периметрі дегеніміз барлық қабырғаларының қосындысы, яғни $P = a+b+a+b$.

Ал шаршының периметрін табу кезінде де оның қасиеттері еске түсіріледі. Кез-келген шаршының қабырғалары бір-біріне тең. Яғни, егер біз кез-келген шаршының қабырғасын «а» деп алсақ, шаршының периметрін табу үшін бір қабырғасының ұзындығын білсе жеткілікті, яғни $P = a+a+a+a$.

Үшбұрыштың және басқа да жазық геометриялық фигуралардың периметрлерін табуға оқушылар қатты қиналмайды, өйткені олар «периметр дегеніміз барлық қабырғаларының қосындысы» екенін біледі. Егер үшбұрыш тең бүйірлі болса, онда оның периметрін табу да қарапайым. Қабырғалары 3-ке көбейтіледі, яғни $P=3a$. Егер үшбұрыштың қабырғаларының ұзындығы әртүрлі болса, онда олардың ұзындығын қосу қажет, яғни $P=a+b+c$, мұндағы a, b, c – мәселенің шарттарына сүйене отырып өлшеуге немесе табуға болатын қабырғаларының ұзындығы.



Есіңе сақта! Қабырғаларының ұзындықтарының қосындысы және оның мәні фигураның периметрі деп аталады.

Сурет 2 – Фигуралардың периметрлері

Оқушылар екінші сыныптың соңы мен үшінші сыныптағы көбейту амалымен танысқаннан кейін оқушыларға тік төртбұрыш пен шаршының қасиеттеріне қарай қосымша формулалар енгізіледі. Тіктөртбұрыштардың қарама-қарсы қабырғаларының тең екенін білетін оқушы әр қабырғаларының ұзындықтарын 2-ге көбейтіп, мәнін қоса салады. М: $P = a \cdot 2 + b \cdot 2$. Келесі периметрді табу жолы – іргелес жақтан қабырғаларын, яғни ұзындығы мен енін қосып, 2-ге көбейту. Неліктен 2-ге көбейтеміз? Сонда нені табамыз? Қандай қорытынды жасауға болады? Қандай формула құрастыруға болады? Осындай сұрақтар қоя отырып, оқушылардың өздеріне формула шығартуға болады: $P = (a+b) \cdot 2$.



Осылайша, үшінші сыныпта оқушылар тіктөртбұрыштың периметрін табудың үш формуласын да үйренеді.

$$P = a + b + a + b$$

$$P = (a + b) \cdot 2$$

$$P = a \cdot 2 + b \cdot 2$$

Ал шаршының периметрін табу өте қарапайым. Біз оның барлық қабырғаларының ұзындықтары бірдей екенін білеміз, ол төртбұрыштың бір түрі болғандықтан, оның 4 қабырғасы бар. Демек, шаршының периметрін табу үшін бір қабырғасын 4-ке көбейткен жеткілікті. Осылайша, оқушылар шаршының периметрін табудың мынадай формулаларын білетін болады:

$$P = a + a + a + a$$

$$P = a \cdot 4$$

Геометриялық шамалардың бірі – аудан. Аудан қарапайым шамалардың, соның ішінде геометриялық шамалардың мысалы болып табылады. Алдымен «ауданға ие болу қасиетінің» қандай да бір затқа, яғни нәрсеге тән екенін, яғни аудан – заттың қасиетін сипаттайтынын түсіндірген жөн. Фигураның ауданы туралы түсініктер қалыптастыру әдістемесі шамалар туралы түсініктер қалыптастырудың жалпы әдістемесіне сәйкес құрылады. Сонымен қатар, аудан ұғымын зерттеу әр фигураның жазықтықта белгілі бір немесе одан да аз орын алатындығы туралы балаларға таныс түсініктерге сүйене отырып жүзеге асырылады.


Ұғымды түсіндіру үшін әртүрлі фигураларды демонстрациялық немесе жеке модельдері қолданылады.



Сурет 3 – Геометриялық фигуралар.

Суреттегі фигураларды бір-бірінің үстіне қою арқылы оқушылар олардың аудандарын салыстырады. Әр түрлі заттарды үстелге қойып, олардың әрқайсысының үстел бетінің біраз жерін алып тұрғанын көрсетуге болады. Ендеше әр заттың сәйкес бетінің ауданы бар. Көрнекті құралдарды пайдаланып, көз мөлшерімен және беттестіру әдісімен заттардың аудандары бірдей немесе аудандары әр түрлі болатынын көрсетуге болады, яғни салыстырып «артық», «кем» «тең» деп айтуға болады. Жазық фигураларды беттестіру кезінде олардың аудандары әртүрлі болса, бірінің ішіне бірі толық сыйып тұрады, ал аудандары бірдей болса, онда екеуі дәл келіп беттеседі.

Бірінші және екінші фигуралардың аудандары бірдей, ал шаршының ауданы дөңгелектікінен кіші екенін анықтайды, өйткені төртінші фигура бесіншінің ішіне толығымен еніп тұрғанын және т.б. байқайды. Мұғалім фигуралардың нөмірлерін жазуды ұсына алады, оларды аудандардың өсу ретімен орналастырады, мұндай жаттығулар барысында балалардың аудан туралы идеялары нақтыланады.



Ауданды оқып үйрену мына ретпен жүзеге асырылады:

1. Алып тұрған орнына байланысты (үстелдің үстінде, партада, тақтада, бір бет ақ қағазға орналасатын) фигуралардың аудандарына тең еместігі анықталады.

2. Фигураларды беттестіру арқылы салыстыру барысында «аудан» термині енгізіледі.

3. Фигураны бірнеше бөліктерге бөліп, шыққан бөліктерден басқа фигура құрастырып, санау арқылы олардың аудандары салыстырылады.

Осыкезде мұғалім оқушыларға әртүрлі фигуралар бейнеленген қағаз парақтарын таратып, осы фигуралардың аудандарын салыстыруды ұсына алады. Оқушылардың өздері бұл үшін әр фигурадағы торкөздердің санын санау керектігін түсінеді. Торкөздердің көп саны бар фигураның ауданы үлкен болады.




Мұндай тапсырмалар оқушылардың жалпы қабылданған 1 см^2 (барлық қабырғасы бір сантиметр болатын шаршы) ауданды енгізу қажеттілігін түсінуге әкеледі. Әр оқушыда квадрат сантиметрдің моделі болуы керек.

4. Тіктөртбұрыш (шаршы) туралы түсінік қайталанып, олардың қасиеттері еске түсіріледі де, ауданның өлшем бірлігі квадрат сантиметр енгізіледі. Мысалы: $1 \text{ см} - 1 \text{ см}^2$, $3 \text{ см} - 3 \text{ см}^2$. Тік төртбұрышты шаршыларға бөліндер. Сонда:

- суретте неше қатар бар?

- Әр қатарда қанша шаршы бар?

- Барлығы қанша шаршы екенін табу үшін қабырғаларының шаршы санын санау қажет:





3,5 немесе 6,3. Әр тіктөртбұрыштағы барлық шаршылардың санын санаймыз, бұл – тік төртбұрыштың ауданы.

5. Тік төртбұрыш шаршыларға бөлінбеген, бірақ та сурет бойынша қабырғасына неше шаршыдан салынатынын анықтауға болады.

Мәселен, егер баған бойы 6 шаршы, ал жол бойы 4 шаршы салынатын болса, онда бұл тік төртбұрыштың ауданын есептеп шығаруға болады, ол 6,4 немесе 4,6-ға тең болса, себебі бұл шаршының барлық саны: 24.

6. Тік төртбұрыштың қабырғалары нүктелер арқылы сантиметрлерге бөлінген. Алайда барлығы қанша шаршы бар екенін санап табуға болмайды. Тек суретке қарап, ұзындығы мен ені неше сантиметр екенін есептеп, ауданын қалай табуға болатыны айтылады.



Мұндай тапсырмаларды орындау арқылы оқушылар тік төртбұрыштың ауданын есептеу алгоритмін меңгереді.

Оқушылар ауданды өлшеу процесін игеруі үшін оларға геометриялық фигураларды таратып, шаршы сантиметр моделін қолдана отырып, олардың аудандарын өлшеуге кеңес берген пайдалы. Бұл тапсырма өте маңызды, өйткені оны орындау барысында оқушылар фигураның ауданын өлшеу дегеніміз оның қанша шаршы сантиметр екенін білу қажет екенін білдіреді. Оқушылар

фигураға шаршы сантиметр моделін салу көп уақытты алатынын және ыңғайсыз екеніне көздері жетеді.


Кез келген тік төртбұрыштың ауданын есептеу үшін оны квадрат сантиметрге бөлмей-ақ, ұзындығы мен енін бірдей бірлікпен өлшесе, олардың көбейтіндісі ауданды анықтайды немесе «тік төртбұрыштың ауданы оның ұзындығы мен енінің көбейтіндісіне тең болады». Осы сияқты шаршы дециметр, шаршы метр енгізіледі де, ауданның барлық белгілі өлшем бірліктерінің арасындағы байланыс анықталады, яғни

$$\begin{aligned} 1 \text{ м} &= 10 \text{ дм}, & 1 \text{ м}^2 &= 100 \text{ дм}^2 \\ 1 \text{ дм} &= 10 \text{ см}, & 1 \text{ дм}^2 &= 100 \text{ см}^2 \\ 1 \text{ м} &= 100 \text{ см}, & 1 \text{ м}^2 &= 10000 \text{ см}^2 \end{aligned}$$

Барлық фигуралардың ауданын жоғарыда көрсетілген тәсілдермен анықтау мүмкін емес, мысалы, үшбұрыш, дөңгелек, т.б. фигуралардың ауданын табу үшін не істейміз? Оны шаршыларға бөлеміз. Бірақ та оларда бүтін шаршылардан басқа жарты шаршылар да болады. Жалпы, шаршы сантиметрлерге дәл бөлінбейтін геометриялық фигуралардың ауданын табу үшін палетканы пайдаланады.

Палетка дегеніміз – тең шаршыларға бөлінген мөлдір пластинка. Палетканы еңбек сабағында оқушылардың өздеріне рамаға жіп тарту арқылы немесе калькаға тор түсіру арқылы жасатуға болады. Ең қарапайым палетка қағазға қабырғасы 1 см-ден шаршылар сызу. Палетканы өлшенетін фигураға салып барлық алып тұрған шаршылардың санын тауып, оған бүтін емес шаршылардың жалпы санын екіге бөліп нәтижелерді қосу керек.

Аудан – фигураның беті. Әр түрлі фигураның ауданы да әр түрлі болады, сондықтан оларды өлшеу қажет. Аудан шаршы см-мен өлшенеді. 1 см² дегеніміз барлық қабырғалары 1 см болатын шаршы. Яғни суреттегі фигураның ауданын табу үшін ауданы 1 см² неше шаршыдан құрастырылғанын анықтау қажет. Ол палетканы пайдалануға болады. Бетіне палетка салынған фигураның алдымен толық шаршыларын санау керек, содан соң толық еме шаршыларды санап, оны екіге бөлу қажет. Сонда фигураның ауданы шамамен табылады. Мысалы, суреттегі фигураның ауданын тауып көрейік.



$$\begin{aligned} \text{Толық тор} &- 25 & 28 : 2 &= 14 \\ \text{Толық емес} &- 28 & 25 + 24 &= 49 \text{ (см}^2\text{)} \end{aligned}$$

Балалар көпбұрыштың ауданы мен периметрі ұғымдарын шатастырмауы үшін, геометриялық фигуралардың ауданы мен периметрін қатар табуға арналған жаттығулар қарастырылады.

Мысалы:

- а) Тік төртбұрыштың ауданын, периметрін есептеп шығару.
 ә) Мына фигураның ауданын және периметрін есептеп шығар. Мұнда оқушылар әрбір тік төртбұрыштың ауданын тауып, оның қосындысын есептеп шығарады.
 Жаттығуларды орындау үдерісінде ауданын бірдей фигуралардың периметрлері бірдей болуы, не периметрлері бірдей болуы, не болмауы ондай ақ периметрлері бірдей болуы, не болмауы мүмкін екенін көрсеткен жөн.

Мысалы:

Ұзындығы	8 см	7 см	6 см	5 см	4 см	3 см	2 см	9 м
Ені	1 см	2 см	3 см	4 см	3 см	2 см	1 см	4 см
Периметрі	18 см	18 см	18 см	18 см	14 см	10 см	6 см	26 см
Ауданы	8 см ²	14 см ²	18 см ²	20 см ²	12 см ²	6 см ²	2 см ²	36 см ²

Өлшемдері көрсетілген тік төртбұрыштарды сыз, ауданы мен периметрін есептеп шығар, салыстыр. Келесі кезеңде ауданы мен қабырғаларының біреуі белгілі болғанда, қалған қабырғалары табылады. Сол сияқты периметрі белгілі болған ауданын табу немесе ауданы және бір қабырғасы белгілі болса, периметрі табылады.

Мысалы:

Ұзындығы	8 см	7 см	6 см	5 см	4 см	3 см
Ені	1 см	2 см	3 см	4 см	3 см	2 см
Периметрі	18 см	18 см	18 см	18 см	14 см	10 см
Ауданы	8 см ²	14 см ²	18 см ²	20 см ²	12 см ²	6 см ²

Аудан шаршы сантиметрмен немесе шаршы дециметрмен өлшеу қолайсыз болғанда біршама ірі аудан бірлігі – шаршы метрді пайдаланады. Шаршы метр (қысқаша м²) – қабырғасы 1 м шаршының ауданы.

Есінде сақта!

$$1\text{ м} = 10\text{ дм}$$

$$1\text{ м} = 100\text{ см}$$

$$1\text{ м}^2 = 100\text{ дм}^2$$

$$1\text{ м}^2 = 10000\text{ см}^2$$

Аудандарды өлшеудің негізгі бірлігі ретінде шаршы метр, яғни қабырғасы 1 метрге тең шаршының ауданы қабылданды.


Етістік (дала) ауданын өлшеудегі негізгі бірлік ретінде ар, яғни қабырғасы 10 метрге тең шаршының ауданы қабылданды.

Егістіктің ауданы гектармен, армен өлшенеді.

$$100\text{ м}^2 = 1\text{ а (ар)}$$

$$10000\text{ м}^2 = 1\text{ га (гектар)}$$

Жаңарлытқан білім мазмұны бойынша жаңа материал – үшбұрыштың ауданын табу енгізілген. Негізінен, тік бұрышты үшбұрыштың ауданын табу қарастырылған. Оның ауданын табу үшін оқушының назары тік бұрышты үшбұрыштың тіктөртбұрыштың жартысы екендігіне назар аударылады. Тік төртбұрыштың ауданын табу формуласы еске түсіріледі.



Суретке қарасақ, тікбұрышты үшбұрыштың тік төртбұрышқа дейін толықтырылып тұрғанын көреміз. Түрлі сұрақтар кою арқылы және оқушыларды ізденушілік әрекетке тарту арқылы үшбұрыштың ауданын табу формуласы беріледі.

Кейінірек кез келген фигуралардың ауданын табу, ені мен ауданы белгілі болса, ұзындықты табу, ұзындығы мен ауданы белгілі болса, енін табуға берілген жай және құрама есептер ұсынуға болады.

Көлем – бастауыш сыныптарда қарастырылатын геометриялық шаманың бір түрі. Көлем – дене немесе заттың алып тұрған кеңістіктің сандық сипаттамасы. Дененің көлемі оның пішіні мен сызықтық өлшемдерімен анықталады. Көлемнің негізгі қасиеті – аддитивтілік, яғни кез-келген дененің көлемі оның (бөлінбейтін) бөліктерінің көлемдерінің қосындысына тең.

Көлем – бұл кеңістіктің бір бөлігін алу қабілетінен тұратын үш өлшемді кеңістікте орналасқан материалдық денелердің қасиеті. Көлем – геометриялық денелермен байланысты негізгі шамалардың бірі. Денелердің көлемін, сегменттердің ұзындығы мен фигуралардың ауданын салыстыруға болады. Ыдыстардың ішкі кеңістігінің көлемін олардағы сұйықтықтардың немесе сусымалы заттардың сыйымдылығымен салыстыру оңай. Қатты денелердің көлемін осы денелерді батыру кезінде ығыстырылған сұйықтық мөлшерімен салыстыруға болады, алайда салыстырудың бұл әдісі әрдайым мүмкін бола бермейді.

Бастауыш сыныптарда «Көлем» тақырыбын оқытудың мақсаты – кіші мектеп оқушыларының қоршаған әлем объектілерінің қасиеті туралы, олардың кеңістікте көбірек немесе аз орын алу туралы, осы қасиет бойынша материалдық денелерді салыстыру әдістері, көлемді өлшеу үдерісі туралы түсініктерін нақтылау.


Шама ретіндегі «көлем» ұғымы аудан ұғымына ұқсас беріледі. Бала ойын барысында әртүрлі заттармен практикалық жұмыс жасай отырып, көлем туралы алғашқы түсінік алады. Заттарды салыстыра отырып, төмендегідей пайымдаулар жасайды: «Менің қуыршағым үлкен. Сізде кішкентай қуыршақ бар». «Шелекте су аз, ал ваннада көп»; «Қорапта 8 текше бар» және т.б. интуитивті деңгейде баланың нақты қоршаған әлемдегі заттардың қасиеті түріндегі көлемі туралы түсінігі бар. Балалар өз түсіндірмелері мен пайымдауларында салыстырудың нәтижесін әдетте «үлкен», «кішкентай», «бірдей», «тең» сөздерімен береді. «Көлем», «сыйымдылық» ұғымдарын енгізу мұғалімнің арнайы ұйымдастырылған жұмыстар жүргізуін талап етеді.

Көлеммен таныстыру да аудан сияқты бірнеше кезеңдерден тұрады. Көлем сұйықтықпен және оны өлшеумен байланысты болғандықтан, алдымен ыдыстарға құйылған сұйықтық мөлшеріне қарап анықтатуға болады.



Сурет 4 – Сұйықтық құюға болатын ыдыстар

4-суреттегі ыдыстардың әрқайсысының сыйымдылықтарын анықтата отырып, осылардың ішінен шкалалары бар кружканы негізгі шартты өлшеуіш етіп алынатыны айтылады.




Сурет 5 – Сұйықтықты көз өлшерімен салыстыру

5-суреттегі әр бөліктегі екі ыдыстағы сұйықтықтың мөлшері салыстырылады. Қай ыдыстардағы сұйықтықтың мөлшері бірдей? Қаысысында әртүрлі? Неліктен олай ойлайсың? г) бөлігіндегі екі ыдыстың ішіндегі сұйықтықтың мөлшері жайлы не айтар едің? Осылайша оқушыларға ыдыстағы сұйықтықтың мөлшері оның ыдыстың ішінде қандай орын алып тұрғанын, яғни көлемін білдіретінін айтамыз. Демек, нақты бір шартты өлшеуіш және өлшем бірлігін енгізу қажет.


Көлем ұғымымен таныстыру үшін сыйымдылық, сыйымдылық пен көлемнің арасындағы байланыс қарастырылады. Оқушылардың өздерін қатыстыра отырып, зертханалық жұмыс жүргізуге болады. 1 л – 1000 см³ 1 литр суды құйғанда ыдыс толса, ол ыдыстың көлемі 1000 см³ болғаны.

Бұл – қырларының немесе үш өлшеміннің ұзындығы бірдей 1 см-лік текше. Текшенің ұзындығы,




ені, биіктігі болады. Текшенің көлемі – 1 см³. Бұл – көлемнің де өлшем бірлігі. Бұдан көлемді табу үшін қандай да бір фигураның қажет екендігіне, көлемді табудың негізгі шартты өлшеуіші ретінде текше алынатынына оқушылардың назары аударылады.

Геометриялық дененің көлемі – бұл жиынның нүктелері алатын кеңістік мөлшерінің өлшемі.



Сурет 6 – Фигуралардың көлемін текшелермен санау

6-суреттегі текшелерден құрастырылған әр алуан фигуралардың көлемін анықтаумен байланысты жұмыс ұйымдастырылады. Оқушылардың назары бірінші суреттегі үстіңгі текшенің астында тағы бір текше бар екеніне аударылады. Сонда ол фигураның ауданы 4 текшеден тұрады, демек 4 см³. Осылайша, қалған фигуралардың да көлемі анықталады.



Сурет 7 – Фигураның көлемін табу

Келесі кезеңде текшелерден құралған фигураның текшелерінің санын санаудан гөрі одан да оңайырақ әрі қолайлы жолы бар екені айтылады. Кеңістік, яғни көлемді фигураның өлшемдері беріліп, оқушылардың өздеріне көлемін табу жолын айтқызуға болады. Ұзындығы неше см? Ені ше? Тағы қандай өлшемі бар? Ол неше см? Осындай сұрақтарға жауап ала отырып, көлемді табу ережесі шығарылады: фигураның көлемін табу үшін үш өлшемін, яғни ұзындығы, ені мен биіктігін өзара көбейту қажет. Осылайша көлемді табудың формуласы шығарылады.

Көлем көлем бірліктерінің көмегімен өлшенеді. Көлемді өлшеу бірлігі – текшенің көлемі, оның қабырғасы ұзындық бірлігіне тең. Олар: куб метр, куб сантиметр, куб дециметр, куб миллиметр. Куб сантиметр – бұл кеңістіктегі текше алатын орын, оның бір өлшемі 1 см, ал куб дециметр – өлшемі 1 дм болатын текшенің кеңістіктегі алатын орны және т.б.

Куб метр, дециметр, сантиметр, миллиметр қысқаша былай белгіленеді: m^3 , dm^3 , cm^3 , mm^3 [16].

1 dm^3 -де қанша текше сантиметр екенін білу үшін текшені 1 dm^3 жиегімен сызу қажет, сонда оның көлемі – 1 dm^3 . Көлемі 1 cm^3 болатын кішкентай текше осы текшеге неше рет салуға болатынын көрейік. Осыны есептеу үшін біз текшені осындай кішкентай текшелерге бөлеміз. 1 дм = 10 см болғандықтан, біздің текшемізді әрқайсысының қалыңдығы 1 см болатын 10 қабатқа бөлуге болады. Әрбір осындай қабатта 100 кішкентай текшелер орналастырылған. Сонымен, мұндай текшелердің барлық 10 қабаттарында $100 \cdot 10 = 1000$ болады. Сонымен, қыры 1 дм болатын текшеде қыры 1 см 1000 текше орналастырылған, яғни $1dm^3=1000 cm^3$.

Сол сияқты, бір текше метрде қанша текше дециметр бар екенін білуге болады. Олар сондай-ақ 1000, өйткені 1 м = 10 дм және куб миллиметр: бір текше сантиметрде де $10 \cdot 10 \cdot 10 = 1000$, өйткені 1 см = 10 мм

1. Геометриялық фигуралардың периметрін табуға арналған тапсырмалар:

1. Кестені толтыр:

Тіктөртбұрыштың ұзындығы	7 см	4 см	4 см		
Тіктөртбұрыштың ені				2 см	3 см
Тіктөртбұрыштың периметрі		16 см	12 см		
Тіктөртбұрыштың ауданы	7 cm^2			16 cm^2	15 cm^2

2. Периметрлері бірдей әртүрлі тіктөртбұрыштар болуы мүмкін бе? Мысал келтір.

3. Осы төртбұрыштардың ішінде қайсысының ауданы ең үлкен? _____

4. Аудандары бірдей әртүрлі тіктөртбұрыштар болуы мүмкін бе? _____

5. Егер болса, онда ауданы 16 cm^2 болатын әртүрлі тіктөртбұрыштар сыз.

6. Тіктөртбұрыштың ауданын әртүрлі тәсілмен тап.

7. Өлшемдері 5 см, 3 см және 2 см болатын тіктөртбұрышты параллелепипедтің көлемін тап.

8. Ұзындығы 8 см, ені 2 см есе кем, биіктігі енінен 3 см кем болатын тіктөртбұрышты параллелепипедтің көлемін тап.

9. Текшенің бір жағының ауданы – 9 cm^2 . Оның көлемін тап.

10. Кестені толтыр және ауданы 9 cm^2 болатын екі түрлі төртбұрыш сыз. Ол үшін формуланы пайдалан.

a	1 см	
b		3 см
P		

11. Кестені толтыр және периметрі 12 см болатын үш әртүрлі төртбұрыш сыз. Ол үшін формуланы пайдалан.

a	1 см		
b		3 см	
S			8 cm^2

12. Шаршының қабырғалары 20 см, периметрі нешеге тең?

13. Ұзындығы 3 см және 2 см болатын тіктөртбұрыштың периметрін тап.

14. Суретке қара. Берілген алаңның периметрін тап.



15. Тіктөртбұрыштың ұзындығы 7 см, ені 3 см. Тіктөртбұрыштың периметрін тап.

5. Берілген шаршының периметрін тап.

16. Үшбұрыштың периметрі 16 см, бірінші қабырғасы 7 см, екінші қабырғасы 5 см.

Үшінші қабырғасын тап.

17. Шаршының периметрі 20 см, қабырғаларын табыңыз.

18. Ұзындығы 6 см, ені одан 2 см қысқа тіктөртбұрыш сызып, периметрін есептеңіз.

19. Шаршының қабырғасы 3 см. Оның қабырғасын 2 см-ге арттырғанда шыққан

шаршының периметрі қанша болады?

20. Қабырғаларының ұзындықтары: 6см, 2см, 5см, 4см, 3см көпбұрыштың периметрін тап.

2. Геометриялық фигуралардың ауданын табуға арналған тапсырмалар:

1. Бөлме еденінің ауданы – 12 м², биіктігі – 2 м. Егер оның ұзындығы 3 м болса, бөлменің көлемі қанша болады?

2. Тіктөртбұрыш пішінді бөлменің көлемі – 45 м³. Еденінің ауданы – 15 м². Биіктігі қаншаға тең?

3. Қораптың көлемі 270 дм³-ге тең. Қораптың ұзындығы – 10 дм, ені 9 дм екендігі белгілі. Биіктігі нешеге тең?

4. Тіктөртбұрыштың ұзындығы 9 см, ал ені ұзындығынан 3 есе кем. Оның ауданын тап.

5. Тіктөртбұрыштың ұзындығы 8 см, ал ені 4 есе кем. Оның ауданын тап.

6. Қабырғалары 12 см және 2 см-ге тең болатын тіктөртбұрыштың ауданын тап.

7. Ауданы 48 м²-ге тең, ал қабырғаларының бірі 12 см. Тіктөртбұрыштың екінші қабырғасын тап.

8. Қабырғасы 8 см-ге тең болатын шаршының ауданын тап.

9. Ауданы 16 см² болатын шаршы құрастыр.

10. Ауданы 32 см² - қа тең болатын тіктөртбұрышты құрастыр.

11. Барлық қабырғалары 4 см-ге тең шаршының ауданын тап.

12. Шаршының периметрі 36 см. Ауданын тап.

13. Ұзындығы 2 см, ені 6 см болатын тіктөртбұрыштың ауданын тап.

3. Геометриялық фигуралардың көлемін табуға арналған тапсырмалар:

1. Тіктөртбұрышты параллелепипед тәрізді ыдыстың көлемін тап. $a = 8$ см, $b = 3$ см, $c = 7$ см.

2. Берілген параллелепипедтің ұзындығы 11 см, ені 4 см, биіктігі 6 см. Параллелепипедтің көлемін тап.

3. Параллелепипедтің көлемін - 64 см³, ені 4 см, биіктігі - 2 см. Осы параллелепипедтің ұзындығы 3 см-ге кішірейтілді. Алынған параллелепипедтің көлемін тап.

4. Көлем өлшем бірліктерін атап көрсет. 1 м = 1000 дм

5. Егер ұзындығы 50 м, ені 10 м, ал тереңдігі 2 м болса, хауыздың көлемі қандай?

6. Көлемі 105 дм³, ұзындығы 5 дм, ені 3 дм тіктөртбұрышты параллелепипедтің ұзындығы 5 дм, ені 3 дм тіктөртбұрышты параллелепипедтің биіктігін тап.

7. Қораптың ұзындығы 9 см, ені 8 см, биіктігі 5 см. Қораптың көлемін есепте.

8. Берілген шаршының бір қабырғасының ұзындығы 7 см.

Шаршының көлемін тап.

9. Бөлме еденінің ауданы - 12 м², биіктігі - 2 м. Егер оның ұзындығы 3 м болса, енің көлемі қанша?

10. Қораптың көлемі - 270 дм³. Қораптың ұзындығы - 10 дм, ені 9 см екендігі белгілі болса, биіктігі нешеге тең?

Геометриялық фигуралардың периметрін табуға арналған тест

1. Тіктөртбұрыштың ұзындығы 8 см, ені 4 см, тіктөртбұрыштың периметрін тап.

A) 15 B) 24 C) 32 D) 26

2. Қабырғасының ұзындығы 5 см болатын шаршының периметрін тап.

A) 20 B) 26 C) 12 D) 48

3. Үшбұрыштың периметрі 18 см болса, Оның қабырғаларының ұзындықтары неше см болуы мүмкін?

A) 2 см, 5 см, 8 см B) 4 см, 5 см, 7 см C) 8 см, 3 см, 5 см D) 9 см, 4 см, 5 см


4. Қабырғаларының ұзындықтары 5 см, 4 см, 6 см болатын үшбұрыштың периметрін тап.

A) 21 B) 16 C) 15 D) 18

5. Тіктөртбұрыштың қабырғаларының ұзындығы 12 см, ал ені одан 2 есе қысқа. Тіктөртбұрыштың периметрін тап.
 А) 21 В) 16 С) 15 D) 18
6. Үшбұрыштың қабырғаларының ұзындықтары: 6 см, 2 см, 5 см, 4 см, 3 см көпбұрыштың периметрін тап.
 А) 25 В) 18 С) 30 D) 20
7. Тік төртбұрыштың ұзындығы 9 см, ені одан 3 см қысқа. Периметрін тап.
 А) 18 см В) 15 см С) 30 см D) 6 см
8. Үшбұрыштың қабырғалары 2 см, 8 см, 6 см болса, осы үшбұрыштың периметрін тап.
 А) 16 см В) 25 см С) 32 см D) 36 см
9. Тіктөртбұрыштың ұзындығы 6 см, ені 3 см, тіктөртбұрыштың периметрін тап.
 А) 15 В) 18 С) 36 D) 25
10. Қабырғасының ұзындығы 15 см болатын шаршының периметрін тап.
 А) 40 В) 60 С) 36 D) 55

Сурет 1

5 см



Геометриялық фигуралардың ауданын табуға арналған тест

1. Тіктөртбұрыштың ауданын тап. Ені 2 см, ұзындығы 6 см.
 А) 12см^2 В) 8см^2 В) 18см^2 D) 20см^2
2. Тіктөртбұрыштың ауданы 24 см, ұзындығы 8 см. Тіктөртбұрыштың енін тап.
 А) 5 см В) 3 см В) 4 см D) 6 см
3. Шаршының ауданын тап. (1-сурет)
 А) 10см^2 В) 25см^2 В) 15см^2 С) 30см^2 D) 20см^2
4. 3 см, ауданы 15см^2 болатын тіктөртбұрыштың ұзындығын тап.
 А) 4 см В) 12 см В) 5 см D) 6 см
5. Үшбұрыштың ауданын табатын формула?
 А) $S=ab/2$ В) $S=ab$ В) $S=1/2ab$ D) $S=ab*2$
6. Шаршының периметрі 24 см. Оның ауданын тап.
 А) 36см^2 В) 6см^2 С) 40см^2 D) 50см^2
7. Ауданның өлшем бірліктерін ата.
 А) см В) см С) мм D) дм
8. Тіктөртбұрыштың ұзындығы 8 см, ені 2 см, ауданын тап.
 А) 18см^2 В) 16см^2 С) 10см^2 D) 13см^2
9. Тікбұрышты үшбұрыштың ұзындығы 14 см, ені 7 см. Тікбұрышты үшбұрыштың ауданын тап.
 А) 49см^2 В) 54см^2 С) 28см^2 D) 35см^2
10. Шаршының ауданын тап. Барлық қабырғалары 4 см.
 А) 16см^2 В) 16см^2 С) 49см^2 D) 50см^2

Геометриялық фигуралардың көлемін табуға арналған тест

1. Текшенің ұзындығы 6 см, ені 6 см, биіктігі 6 см. Текшенің көлемін тап.
 а) 240см^3 б) 216см^3 с) 256см^3
2. Көлемнің өлшем бірлігін көрсет.
 а) мм б) дм² с) см³
3. Берілген текшенің ұзындығы 2 см, ені 2 см, биіктігі 2 см. Текшенің көлемін тап.
 а) 64см^3 б) 36см^3 с) 6см^3
4. Берілген параллелепипедтің ұзындығы 5 см, ені 3 см, ұзындығы 6 см. Параллелепипедтің көлемін тап.
 а) 90см^3 б) 80см^3 с) 70см^3
5. Берілген қораптың ұзындығы 5 см, ені 5 см, биіктігі 5 см. Қораптың көлемін тап.
 а) 125см^3 б) 112см^3 с) 256см^3
6. Текшенің ұзындығы 6 см, ені 6 см, биіктігі 6 см. Текшенің көлемін тап.
 а) 240см^3 б) 216см^3 с) 256см^3
7. Көлемнің өлшем бірлігін көрсет.
 а) мм² б) дм с) см³
8. Берілген текшенің ұзындығы 2 см, ені 2 см, биіктігі 2 см. Текшенің көлемін тап.

а) 64 см^3 б) 36 см^3 с) 6 см^3

9. Берілген параллелепипедтің ұзындығы 5 см, ені 3 см, ұзындығы 6 см. Параллелепипедтің көлемін тап.

а) 90 см^3 б) 80 см^3 с) 70 см^3

10. Берілген қораптың ұзындығы 5 см, ені 5 см, биіктігі 5 см. Қораптың көлемін тап.

а) 125 см^3 б) 112 см^3 с) 256 см^3

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана, 2007 ж. 3-тарау, 11-бап.
2. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы.
3. Аржеников К.П. Методика начальной арифметики. 21 издание. – М., 2012. – 409 с.
4. Қосанов Б.М. Қазақстандағы әдістемелік-математикалық ой-пікірдің қалыптасу тарихы. – Алматы, 1999. – 150 б.
5. Теория и методика обучения математике в начальной школе / П. М. Эрдниев, Б. П. Эрдниев. – М. : Педагогика, 1988. – 204 с.
6. Қосанов Б.М. М. Дулатұлының «Есеп құралдары» және олардың қазіргі бастауыш мектеп үшін маңызы. – Алматы, 1998. – 65 б.
7. Қасымұлы Ә. Аудан өлшеу // «Жаңа мектеп», №1. – 1927.
8. Қасымұлы Ә. Көлем өлшеу // «Жаңа мектеп», №3. – 1929.
9. Жолымбаев О.М, Берікханова Г.Е. Математика (Оқу құралы). – Алматы, 2004. – 280 бет.
10. Оспанов Т.Қ. Математика негіздері: Оқулық. «5B010200 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы студенттеріне арналған. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ: «Ұлағат», 2012. – 486 б.
11. Оспанов Т.Қ., Кочеткова О.В., Астамбаева Ж.Қ. Жаңа буын оқулықтары бойынша бастауыш сыныптарға математиканы оқыту әдістемесі. – Алматы, 2005. – 256 б.
12. Ақпаева А.Б., Лебедева Л.А. Методика обучения математики младших школьников. – Алматы, 2008. – 168 с.
13. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.
14. Ақпаева Ә.Б. және т.б. Математика. Оқулық. 3-сынып, 2-бөлім. Жалпы білім беретін мектептің бастауыш сынып оқушыларына арналған оқулықтар. – Алматы, «Алматыкітап» баспасы, 2018. – 96 с.
15. Ақпаева Ә.Б., Лебедева Л.А., Мыңжасарова М.Ж. Математика. 3-бөлім. Жалпы білім беретін мектептің 3-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2018. – 108 бет.
16. Ақпаева Ә.Б., Лебедева Л.А., Мыңжасарова М.Ж. Математика. 1-бөлім. Жалпы білім беретін мектептің 4-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2020. – 152 бет.
17. Ақпаева Ә.Б., Лебедева Л.А., Мыңжасарова М.Ж. Математика. 4-бөлім. Жалпы білім беретін мектептің 4-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2020. – 144 бет.
18. Щербакова Е.И. Теория и методика математического развития дошкольников. – Москва-Воронеж, 2005. – 392 с.

Күн сәулесі-болашақтың сарқылмас энергиясы

Есбаева Назира Кулшинбаевна
Көктал орта мектебі, Байзақ ауданы

Аннотация

География пәнінде «Күн сәулесі – болашақтың сарқылмас энергиясы» тақырыбы ерекше орын алады. Энергияны күн сәулесінен алудың тиімді жолдарын оқушыларға таныстыру, олардың болашаққа деген сенімі мен дағдысын қалыптастыруға көмек береді.

Аннотация

Особое место в географии занимает тема "Солнечный свет – неиссякаемая энергия будущего". Познакомить учащихся с эффективными способами получения энергии от солнца, помочь сформировать у них уверенность в завтрашнем дне и навыки.

Annotation

A special place in geography is occupied by the theme "Sunlight is the inexhaustible energy of the future". To introduce students to effective ways of obtaining energy from the sun, to help them form confidence in the future and skills.

Тақырыптың өзектілігі: Бүгінде жаһандану заманында жас ұрпаққа әлемдік стандартқа сәйкес білім беру мәселесі республикамызда ғылыми-педагогикалық тұрғыда ізденіспен әлемдік жинақталған тәжірибеге, отандық қол жеткен табыстарды саралай отырып, ұлттық ерекшеліктерді ескере, оқыту мен тәрбелеуді жаңаша ұйымдастыру көкейкесті мәселе болып отыр. Осыған орай ғылыми техникалық прогрессия дамыған уақытта компьютер көмегімен есепті шешу технологиясының ерекшеліктері туралы сөз қозғамақпыз. Келешектің кез келген маманы компьютерді өз жұмысында тиімді пайдаланғысы келсе, онда ол өз саласы бойынша алға қойылатын проблемаларды тұжырымдай алуы тиіс.

Біз «Күн сәулесі – болашақтың сарқылмас энергиясы» тақырыбын география пәнінде қолданудың жолдары мен мазмұны туралы ой бөлісеміз. Қазіргі таңда, әдеттегідей, оқушылар үшін мектептегі оқулықтар мен басқа да оқу құралдарындағы энергия тақырыбы арасында елеулі орын алып отырған күн энергиясы біршама қиындықтар тудырады.

Бұл жұмыста оқушы күн сәулесі – болашақтың сарқылмас энергиясы болатынына тоқталған. Оқушы зерттеу жұмысын жаза отырып өзінің болашақтың энергиясына аса қызығушылықпен қарайтынын, замана талқысынан өтіп, өңі өзгерген де сөлі қалған, атадан балаға мұраға қалған, жүрек қылының пернесі - ауызекі тараған энергияны алу жолдарын жинап, оларға сипаттама берген. Бұл берілген жұмысты географиядан қосымша сабақтарда оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттыра отырып, логикалық ойлау қабілеттерін кеңінен дамытуға қолдануға болады деген ұсыныс жасаймын.

Жобаның мақсаты: Күн сәулесі – болашақтың сарқылмас энергиясы екендігімен оқушыларды таныстыру, оларды өмірде пайдалану тәсілдерінің педагогика-психологиялық теориялық негіздемесін жасап, практикады жүзеге асыруға дағдылану.

Жобаның міндеттері:

Күн сәулесінің физика курсына алатын орнын анықтау.

Тақырыпқа сәйкес ақпараттарды іріктеу және оларды қолдану әдістерін қарастыру.

Қосымша мағлұмат қарастыру.

Жобаның нәтижесі:

Әрбір зерттеу жасау кезінде қандай да бір нәтижеге шығу керек. Зерттеу барысында нәтижеге жету үшін:

Біріншіден күн энергиясының шығу тарихын зерттей келе, оның қажеттілігін үйрену қажет;

Екіншіден, күн энергиясын қолдану жолдарының әдістерін үйрену қажет. Ол үшін оқушының логикалық ойлау қабілетінің жоғары болуын талап ету шарт.

Үшіншіден, осы логикалық ойлау арқылы оқушының күн энергиясын алудың небір күрделі, жеңіл түрлерін зерделеп шығару керек.

Жобаның болжамы:

Осы зерттеп жатқан жоба екі оқу жылын жоспарланғандықтан, жұмысты әрі қарай жалғастыру, іздену, дамыту.

Жобаның кезеңдері:

-өзім көптен қызығып жүрген күн энергиясын өндірудің түрлерін оқушыларға насихаттаймын;

-мәліметтерді жинақтап, күн энергиясын өндірудің жолдарын үйренемін, әрі оқушыларға үйретемін;

- жинаған жұмысты талдаймын;

- әр түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалану арқылы оқушыларға есептердің шешу жолдарын үйретемін;

-хабарланған талаптар бойынша жоба жұмысын жинақтап, қортындылаймын.

Кіріспе

Қазіргі заманғы жаңа жоғарғы технологиялар және ақпараттық технологиялар ғасырында экономиканың, білімнің және ғылымның, тіпті бүтіндей қоғамның физикасыз тиімді дамуы мүмкін емес.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың соңғы жылдардағы Қазақстан халқына арнаған Жолдауларында, 2012 жылдың аяғында ұсынған «Қазақстан – 2050» Стратегиялық бағдарламасында жаратылыстану ғылымдарының, оның ішінде, әсіресе, жаратылыстану ғылымының дамуына, жастарға физикалық білім беру мәселелеріне баса назар аударылып келеді. Бұл тұрғыда: «Біз білім беруді жаңғыртуды одан әрі жалғастыруға тиіспіз. ... Сапалы білім беру Қазақстанның индустрияландырылуының және инновациялық дамуының негізіне айналуы тиіс» деп ерекше атап көрсеткені де белгілі. Сапалы білім және ғылым математиканың қатысуымен ғана іске асырылатын болады.

Энергия қорларын үнемдеу бүгінгі күннің аса маңызды міндеттерінің біріне айналды. Өнеркәсібі дамыған әлемнің барлық мемлекеттерінде энергия үнемдеу шаралары дұрыс жолға қойылған. Өйткені көмірмен және көмірсутегімен жұмыс істейтін жылу электр станциялары түбі бір экологиялық проблемалардың асқынуына әкеп соқтыратыны белгілі жайт. Сондықтан әлем қайта қалпына келетін жергілікті энергия көздерін энергия үнемдеудің басты қайнар көзі ретінде қабылдап отыр.

Соңғы жылдары елімізде де қалпына келетін энергия көздеріне энергетикалық кешенді дамытудың бір тармағы ретінде қарай бастады. Мемлекет пен бірқатар бизнес құрылымдар тарапынан оны қолданысқа енгізуге зор күш салынып жатыр. Оның өз жөні бар. Ең алдымен, қайта қалпына келетін қуат көздерін тиімді пайдалану энергияны үнемдеуге мүмкіндік берсе, екіншіден экологиялық мәселелердің түйінін тарқатады деуге болады. Қазақстанда қалпына келетін энергия көздерінің тұрақты кешенін құру мемлекеттің тікелей қатысуымен жүзеге асатын шаруа болғандықтан, бұл мәселе үкімет деңгейінде қолға алынған.

Қазақстан қалпына келетін энергия көздерін пайдалануда зор әлеуетке ие. Аға-апаларымыздың зерттеулеріне сүйенсек, Қазақстанның жалпы су әлеуеті жылына 170 млрд кВт/сағатқа жетеді екен. Бұл салада жүргізілген жұмыстар нәтижесіз емес, Қазақстан Мойнақ СЭС-і, Кербұлақ СЭС-і мен Бұлақ СЭС-і сияқты ірі жобаларды іске асыруды бастап кетті.

Географиялық орналасуы жағынан Қазақстанның жел энергетикалық әлеуеті де жоғары. БҰҰ-ның Жел энергетикасы бойынша даму бағдарламасы аясында жүргізілген зерттеулер Қазақстанның бірқатар өңірлерінде желдің жылдамдығы 6 м/с-тан асатынын дәлелдеп берді. Бұл ретте, Балқаштың климаттық жағдайы ерекше маңызға ие. Балқаш өңірінде Сарыарқаның аңызық желі үздіксіз соғып тұрады.

Қазақстанның климаттық жағдайы күн энергиясын да пайдалануға қолайлы болып табылады. Елімізде күн энергиясын өндіру мүмкіндігі жылына 2,5 млрд кВт/сағатқа бағалануда. Қазақстан солтүстік ендікте орналасқанына қарамастан, республика аумағындағы күн радиациясының әлеуеті өте жоғары. Сонымен қатар, өңірде күн энергиясы электр қуатын өндіру үшін ғана емес, жылу алу үшін де пайдалануға болады. Ол үшін орталық электр және жылумен қамтамасыз ету жүйелерінен шалғай жатқан аудандарда күн кондырғылары орнатылуы тиіс.

Қазақстанда қайта қалпына келетін және баламалы энергетика саласы кенже қалған. Елімізде соңғы жылдары осы саланы қолдауға бағытталған заңнамалық базалар мен бірқатар салалық бағдарламалар қабылданды. Республикамыз қайта қалпына келетін энергия көздерін дамытуды заңдық тұрғыдан мықтап бекітіп алған. Нақты жұмыстар атқарылуда. Ендеше, баламалы энергетиканы қолдану ел экономикасын жаңғыртудың маңызды факторына айналатын күн де алыс емес деген сөз.

Негізгі бөлім

I тарау.

Күн энергиясы

Күн энергиясының дәстүрлі органикалық және ядролық отынның алдында талассыз артықшылығы бар. Бұл қоршаған ортаны ластамайтын, пайдаланылуының ешқандай биологиялық қауіптілікпен байланысы жоқ, энергияның ең таза түрі. Күн энергиясын үлкен масштабта пайдалану біздің планетамызда қалыптасқан эволюциялық энергетикалық балансты бұзбайды.

Бұл іс жүзінде таусылмайтын энергия көзі. Оны тікелей (техникалық қондырғылар арқылы) немесе жанама түрде Күн құбылыстары себеп болатын фотосинтез өнімдері, су айналымы, ауа массасының қозғалысы және басқа үдерістер арқылы қолдануға болады.

Күн энергиясын пайдалану — энергетикалық мәселелерді шешудің ең қарапайым және арзан жолы. АҚШ-та үйді жылыту және ыстық сумен қамтамасыз ету үшін елде өндірілген энергияның шамамен 25%-ы жұмсалатыны есептелген. Солтүстік елдерде, соның ішінде Ресейде, Латвияда бұл үлес одан да жоғары. Осы мақсатқа қажет жылудың көп үлесін Күн сәулесінің энергиясын пайдалану арқылы алуға болады. Жер бетіне түсетін тікелей Күн радиациясы жоғары болған сайын, мұндай мүмкіндік те үлкен.

Күн энергиясын төменгі температуралы үдеріс жылуға айналдырып, бөлмені жылыту және ыстық сумен қамтамасыз ету салыстырмалы түрде қарапайым техникалық құралдармен іске асырылады. Оңтүстікте климаты жайлы зоналарда жеке тұтынушылар Күн жылуын өз қажеттілігіне осылай пайдалана алады.

Күн энергиясын әр түрлі коллекторлардың көмегімен ұстау кең етек алған. Қарапайым түрде бұл жылуды қабылдау және жинау мен сақтауға арналған қара түсті беттер. Бұл екі блок тұтас болуы да мүмкін. Коллекторлар парник қағидасы бойынша жұмыс істейтін мөлдір камераға орнатылады. Сонымен бірге энергияның шашырауын төмендететін (жақсы изоляция) және мысалы, ауа немесе су ағындары оны алып кетуге мүмкіндік бермейтін қондырғылары болады.

Ысыту жүйелерінің пассивті типі одан да оңайырақ. Жылу тасығыштардың циркуляциясы мұнда конвекциялық токтың нәтижесінде болады: қызған ауа немесе су жоғары көтеріледі, ал олардың орнын салқындатылған жылу тасығыштар алады. Мұндай жүйеге терезесі күнге қараған және ұзақ уақыт жылуды сақтап тұра алатын изоляциялық материалдары бар бөлме мысалы бола алады. Күндіз қатты ысудан және түнде жылу алмасуы үшін перделер, жалюздер, маңдайшалар және т.б. қорғаныс құралдары қолданылады. Бұл жағдайда Күн энергиясын рационалды пайдалану мәселесі ғимараттарды дұрыс жобалау арқылы шешіледі. Құрылыстың қымбат құны кейде арзан және таза энергияны пайдалану тиімділігімен жабуға болады.

Күн энергиясын пайдалану үлкен дәрежеге жеткен жоқ, бірақ әр түрлі Күн коллекторларының өндірісі өсіп келе жатыр. АҚШ-та қазіргі уақытта осындай мыңдаған жүйе бар, алайда ыстық сумен қамтамасыз етудегі олардың үлесі 0,5%, ал қарапайым құрылғыларды кейде парник пен басқа құрылыстарда қолданады. Күндіз жылуды көбірек жинау үшін бөлмелерде беті үлкен және жылу сыйымдылығы жақсы материал орнатады. Бұл тастар, ірі құм, майда тас, металл және т.с.с. болуы мүмкін. Күндіз олар жылу жинайды, ал түнде біртіндеп жылуды босатады. Мұндай құрылғылар жылыжай шаруашылықтарында пайдаланылады.

Күн энергиясын электр энергиясына айналдыру фотоэлементтерді қолдану арқылы ғана мүмкін, онда Күн энергиясы қосымша құрылғысыз электр тоғына айналады. Күн энергиясы — Жер бетіндегі қуаты 20 млрд кВт деп бағаланатын шексіз энергия көзі. Жер бетіндегі күн энергиясының жылдық ағысы шартты түрде $1,2 \cdot 10^{14}$ т отынға тең (эквивалентті). Салыстыру үшін барлық әлемдік органикалық отынның қоры $6 \cdot 10^{12}$ т шартты отынға тең екенін айтуға болады.

Күн энергиясы көзінің тығыздығы төмен болғандықтан, күн электр станцияларында үлкен масштабта энергия өндірудің біраз қиыншылықтары бар. Күн энергиясын және оның концентрациясын оптикалық жүйелерде жинақтауға қажет аудан шамасы бірнеше ондаған шаршы километрге дейін жетеді. Күн қуатын жинақтайтын модульдің беттік бірліктері құнының үлкен болуынан қуатты КЭС салу көп шығынды қажет етеді.

Қазіргі кезде вольтті фотоэлементтер бар, бірақ бұл жақында ғана сынақтан өтті және әлі саудада таралған жоқ. Мұндай қондырғылардың ПӘК-і әлі төмен, бірақ ешқандай қозғалысқа түсетін бөлшектері болмағандықтан, мұндай қондырғылар ұзақ жұмыс істейді. Фотоэлементтерді қолданудағы басты қиыншылық — олардың қымбаттылығы мен орналасатын жерінің үлкен территорияны алуы. Бұл мәселені металдан жасалған фотоэлементтерді иілгіш жасандылармен алмастыру, батареяларды орналастыру үшін үйлердің қабырғасы мен шатырын пайдалану, энергияны бір түрден екінші түрге айналдырушыларды ғарыш кеңістігіне шығару және т.б. арқылы шешуге болады.

Күн энергиясын электр энергиясына айналдырудың бір жолы — турбогенераторды қозғалысқа келтіретін суды буға айналдыру. Бұл жағдайда Күн сәулесін жинақтап энергия жинау үшін көбіне көп мөлшерлі линзалары бар, сол сияқты арнаулы бөгеті бар энергомұнаралар қолданылады. Бөгеттің мәні мынада: олар екі қабат судан тұрады; төменгі қабат концентрациясы

— жоғары тұзды су ерітіндісінен және жоғарғысы мөлдір тұщы су ерітіндісінен тұрады. Энергияны жинақтаушы материалдың рөлін тұзды ерітінді атқарады. Ысыған су төменгі температурада қайнайтын сұйықтарды бұға айналдыру немесе жылыту үшін қолданылады. Кей жағдайда Күн энергиясы «болашақтың отыны» деп аталатын сутегін судан алу үшін тиімді. Гелеқондырғылардан алынған электр тоғын электродтар арасынан өткізу барысында су ыдырайды және су тегі бөлінеді. Мұндай қондырғылардың кемшілігі ПӘК төмен болуымен (сутегіндегі энергия суды электролиздеуге жұмсалған энергиядан тек 20%-ға ғана жоғары) және сутегінің оңай тұтануымен, сол сияқты сақтау ыдысынан диффузиялық жолмен сыртқа шығып кету мүмкіндігіне байланысты.

Қазіргі уақытта аз мөлшерлі энергия қажет болған жағдайда фотоэлементтерді пайдалану экономикалық жағынан тиімсіз. Б. Небел калькуляторды, кондиционерді, белгі шамдарын, кішігірім су себуші жүйелерді пайдалануды мысал ретінде атап көрсетеді.

Күн радиациясы күшті жерлерде жеке шаруашылық салаларын, мысалы, ауыл шаруашылығын Күн энергиясының есебінен толық электрлендіру жобасы жасалған. Күн энергиясы ағысының 1%-ынан аздауы жыл сайын биомассада жинақталады.

Тікелей биомассаны жағу — фотосинтез энергиясын пайдаланудың ең оңай жолы. Кейбір өндірісі дамымаған елдерде осы әдіс негізгі болып табылады. Осылардың арасынан биомассаны отынның басқа түріне, мысалы, биогаз немесе этил спиртіне өңдеу әдісі өзін-өзі ақтады. Біріншісі анаэробтық (оттектің қатысуынсыз), екіншісі аэробты ашыту (оттекті ортада) нәтижесінде алынады.

Екі мың сиыры бар сүт фермасы қалдықты пайдалана отырып тек қана өз шаруашылығын ғана биогазбен қамтамасыз етпей, сонымен қатар алынған энергияны таратудан елеулі кіріс алатыны туралы мәліметтер бар. Үлкен энергетикалық ресурс тұрмыстық қалдықтарда, канализация батпағында және басқа органикалық қалдықтарда жинақталған.

Биоресурстардан алынған спирт іштен жанатын қозғалтқыштардың жұмысында кеңінен қолданылады. Мысалы, Бразилияда 70-жылдардан автокөліктердің көп бөлігі спирттік отынға немесе спирт пен бензиннің қоспасы — бензоспиртке көшкен. Спиртті энергия беруші ретінде пайдалану тәжірибелері АҚШ және басқа елдерде кездеседі.

Спиртті алу үшін әр түрлі органикалық шикізат қолданылады. Бразилияда- қант құрағы, АҚШ-та жүгері, ал басқа елдерде әр түрлі астық дақылдары, картофель, ағаш және т.б. пайдаланылады. Спиртті энергия беруші ретінде пайдаланудың шектеуші факторы — органикалық массаны алу үшін жердің жетіспеушілігі мен спирт өндіруде ортаның ластануы (қазбалы отынды жағу), сол сияқты қымбаттылығы (ол шамамен бензиннен 2 есе қымбат).

Ағашқа, соның ішінде әсіресе ағаштың жапырақты түрлеріне (қайың, көктерек) бай Ресей осы биомассалардан гидролиз технологиясымен спиртті алуды іс жүзінде пайдаланбайды. Спирттен отын алу үшін үлкен ағаш қорын кесу және ағаш өңдеу кәсіпорындары қажет.

Соңғы кездері әдебиеттерде «энергетикалық дақыл», «энергетикалық орман» деген терминдер кездеседі. Бұл мағынада өсірілетін фитоценоздарды түсінуге болады, ал биомассаларды өңдеп газ немесе сұйық отын алады. «Энергетикалық орман» алу үшін аз уақыт аралығында (5-10 жыл) интенсивті технология бойынша ағаштардың (терек, эвкалип және басқалар) жылдам өсетін түрі егіліп және олардан өнім алынады.

Тұтасынан алғанда биоотын қазіргі уақытта емес, болашақта энергетикалық проблемаларды шешуші фактордың бірі. Бұл ресурстардың басты артықшылығы — олардың тұрақты және тез қалпына келуі, ал дұрыс пайдаланса — жұтаңданбауы.

Жер шарында пайдалы қазбалардың түрі өте көп. Бірақ бұл — «олар мүлдем сарқылмайды» деген сөз емес. Әсіресе, бүгінде отынның таптырмайтын түрлері мұнай мен газдың қоры жыл санап кему үстінде. Ғалымдарымыздың жуықтаған есептеулері бойынша қазіргі қарқынды тұтыну екіні жалғаса берсе, табиғаттағы газ қоры шамамен 50 жылға, мұнай қоры 40-50 жылға ғана жететін сияқты. Сондықтан энергияны үнемді қолдана отырып, онымен тікелей бәсекеге түсе алатын басқа да энергия түрлерін — атом, су, жел, күн, т.б. энергияларды пайдаланудың маңызы өте зор. Аталғандардың ішінде энергияның қосымша көзінің бірі — Күн энергетикасы.

Күн энергетикасы дегеніміз — дәстүрлі емес энергетика бағыттарының бірі. Ол күннің сәулеленуін пайдаланып қандай да бір түрдегі энергияны алуға негізделген. Күн энергетикасы энергия көзінің сарқылмайтын түрі болып табылады, әрі экологиялық жағынан да еш зияны жоқ. Күннің сәулеленуі — Жердегі энергия көзінің негізгі түрі. Оның қуаттылығы Күн тұрақтысымен

анықталатындығы белгілі. Күн тұрақтысы – күн сәулесіне перпендикуляр болатын, бірлік ауданнан бірлік уақыт ішінде өтетін күннің сәуле шығару ағыны. Бір астрономиялық бірлік қашықтығында (Жер орбитасында) күн тұрақтысы шамамен 1370 Вт/м^2 -қа тең. Жер атмосферасынан өткен кезде Күн сәулеленуі шамамен 370 Вт/м^2 энергияны жоғалтады. Осыдан Жерге тек 1000 Вт/м^2 -қа тең энергия ғана келіп түседі. Бұл келіп түскен энергия әр түрлі табиғи және жасанды процесстерде қолданылады. Күн сәулесі арқылы тікелей жылытуға немесе фотоэлементтер көмегімен энергияны қайта өңдеу арқылы электр энергиясын алуға не басқа да пайдалы жұмыстарды атқаруға болады.

Шындығында, қазіргі заманды электр энергиясынсыз мүлдем елестету мүмкін емес. Сол себепті де, электр энергияны алудың шығыны аз, экологиялық таза көздерін табу бүгінгі күннің негізгі мәселесіне айналып отыр. Әлем бойынша электр энергиясын ең көп өндіретін елдерге АҚШ, Қытай жатады. Бұл елдерде электр энергиясының өндірісі әлемдік өндірістің 20%-ын құрайды. Соңғы кездері экологиялық проблемалар, пайдалы қазбалардың жетіспеушілігі және оның географиялық біркелкі емес таралуы салдарынан электр энергиясын өндіру желэнергетикалық құрылғыларды, Күн батареяларын, газ генераторларын пайдалану арқылы жүзеге аса бастады. Жалпы алғанда, Күн сәулеленуінен электр энергиясы мен жылу алудың бірнеше әдістері бар. Олар:

- 1) Электр энергиясын фотоэлементтер көмегімен алу.
- 2) Күн энергиясын жылу машиналарының көмегі арқылы электр энергиясына айналдыру (Жылу машиналарының түрлері: поршеньдік немесе турбиналық бу машиналары. Стирлинг қозғалтқышы.).
- 3) Гелиотермальдық энергетика – Күн сәулелерін жұтатын беттің қызуы мен жылудың таралуы және қолданылуы.
- 4) Термоэуелік электр станциялары (Күн энергиясының турбогенератор арқылы бағытталып отыратын ауа ағыны энергиясына айналуы).
- 5) Күн аэростаттық электр станциялары (аэростат баллоны ішіндегі су буының аэростат бетіндегі күн сәулесі қызуы салдарынан генерациялануы).

Жылма-жыл Күн батареяларының түрлері жаңа технологиялық тұрғыдан жетілдіріліп, толықтырыла түсуде. Соңғы уақытта Санта-Барбарадағы Калифорния университетінің полимерлер және органикалық қатты бөлшектер орталығының мүшесі, Нобель сыйлығының лауреаты Алан Хигер мен Гванджудағы Корей ғылым және технология институтының ғылыми қызметкері Кванхе Ли мен олардың әріптестері тандемдік полимерлі Күн батареяларын жасап шығарды. Жаңа батареялар авторлары спектрдің кеңірек диапазонын қолдану үшін жұтылу сипаттамалары әр түрлі екі фотоэлектрлік ұяшықтарды бір бүтінге жалғастырды. Нәтижесінде батареяның пайдалы әсер коэффициенті 6,5%-ға тең болды. Күн батареясының бұл түрі өзінің арзандылығы және оны жасаудағы қарапайымдылығымен ерекшеленеді.

Жоғарыда келтірілген мысалдардан біз адамзат үшін Күн энергетикасының ауадай қажет екенін түсінеміз. Күн энергиясын пайдаланудың өзіндік артықшылықтарымен қатар кемшіліктері де бар. Атап айтсақ, артықшылықтары: 1) *Күн энергиясы бәріне бірдей қолжетімді*; 2) *ол сарқылмайды*; 3) *қоршаған ортаға қауіпсіз*; кемшіліктері: 1) *ауа райы мен тәуліктің уақытына тәуелді*; 2) *Күн энергиясын алу үшін қолданылатын құрылғылардың қымбаттылығы*; 3) *оны шағылдыратын бетті периодты түрде тазалап отыру қажет*; 4) *электр станциясының жанында атмосфера ысып кетеді*; 5) *энергияны аккумуляциялау қажет*. Соған қарамастан Күн энергетикасына деген сұраныстар жыл сайын артып келеді. Әр елдің ғалымдары осы қосымша энергия түріне ерекше мән беріп, оны дамыту жолдарын қарастырумен айналысуда. Осыған орай Күн энергиясын электр энергиясына айналдыратын құрылғыларды пайдалану деңгейі жылдан-жылға өсіп келеді. Мысалы: 2005 жылы жұқа қабыршақты фотоэлементтер нарықтың 6%-ын құраса, 2006 жылы бұл көрсеткіш 7%-ға жетті, ал 2007 жылы 8%-ға, ал 2009 жылы 16,8%-ға дейін өсті. Яғни 1999 жылдан 2006 жылға дейін жұқа қабыршақты фотоэлементтер өндірісі жыл сайын орташа есеппен 80%-ға өсіп отыр. Ал Күн энергиясының Еуропа елдерінде қолданылуына шолу жасасақ, 2010 жылы Германияда электр энергиясының 2%-ы фотоэлектрлік құрылғылардан алынса, Испанияда бұл көрсеткіш 2,7%-ды құрайды.

Күн энергиясын күнделікті тұрмыста кеңінен пайдалану – бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Әсіресе, бұл мәселенің түбегейлі шешілуі қазіргі уақытта дүние жүзінде мұнай мен газ секілді отынның күннен-күнге қымбаттауынан туындап отырған негізгі проблемалардың толықтай шешімін табуына өз септігін тигізері сөзсіз. Себебі, осыдан 50 жылдай бұрын

американдық ғалым Кинг Хуббертс айтқандай: «... Мұнай тек оны өндіруге кеткен электр энергиясы одан өндірілетін электр энергиясынан аз болған кезге дейін ғана электр энергиясының негізгі көзі ретінде саналады. Ал бұдан кейін мұнай өндіру оның бағасына қарамастан тоқтатылады». Ғалымдарымызға бұл тұжырым «К.Хуббертстің заңы» деген атпен белгілі.

Көмірсутекті өнімдердің өте көп өндірілуі климаттың өзгеруіне, жылыжайлы эффектінің қалыптасуына әкелетіні шындық. Аталған жайттар Жер шарының көптеген аймақтарында қазірдің өзінде-ақ байқалып отыр. Сондықтан да дүние жүзі ғалымдары бұл тығырықтан шығудың жолдарын ғылыми-тәжірибелік тұрғыдан қарастыруда. ҚР Ұлттық инженерлік академиясының академигі Надир Надиров пікіріне сүйенер болсақ: «... Күн энергетикасы көмегімен адамзатқа төніп тұрған аталған қауіптен құтылуға болады». Осымен байланысты ҚР-да дүние жүзіндегі озық тәжірибелерді пайдалана отырып мемлекет тарапынан электр энергиясын мұнай мен газға альтернативті энергетика ретінде Күн энергиясынан алуға баса назар аударылып отыр.

Қорыта келе айтарымыз: Күн энергиясын өз мақсатымыз үшін пайдаланудың болашағы зор. Ғалымдардың болжауынша 2050 жылға қарай Күн энергиясы адамзаттың электр энергиясына деген 20-25%-дай қажеттілігін өтей алады. Сол сияқты Халықаралық энергетикалық агенттіктің мәліметі бойынша 40 жылдан кейін Күн энергетикасы көмегімен атмосфераға көмірқышқыл газының түсуін жылына 6 млрд тоннаға дейін қысқартуға болады екен. Осындай тұжырымдар негізінде Күннен өндірілетін энергияның адамзат үшін сарқылмайтын байлық екендігіне әбден көз жеткізуге болады деп ойлаймыз.

II тарау

Энергияны күннен алудың тиімді жолдары


Күн энергиясын электр энергиясына айналдыратын қондырғылардың бірі – Күн батареялары. Күн батареясы немесе фотоэлектрлік генератор – Күн сәулесінің энергиясын электр энергиясына айналдыратын шала өткізгішті фотоэлектрлік түрлендіргіштен (ФЭТ) тұратын ток көзі. Көптеген тізбектей-параллель қосылған ФЭТ-тер Күн батареясын қажетті кернеу және ток күшімен қамтамасыз етеді. Жеке ФЭТ-тің электр қозғаушы күші 0,5-0,55 В-қа тең және ол оның ауданына тәуелсіз (1 см² ауданға келетін қысқа тұйықталу тогының шамасы – 35-40 мА). Күн батареясындағы ток шамасы оның жарықтану жағдайына байланысты. Яғни күн сәулелері Күн батареясы бетіне перпендикуляр түскенде, ол ең үлкен мәніне жетеді. Қазіргі Күн батареяларының пайдалы әсер коэффициенті – 8-10%, олай болса 1 м² ауданға тең келетін қуат шамамен 130 Вт-қа тең. Температура жоғарылаған сайын (25°С-тан жоғары) ФЭТ-тегі кернеудің төмендеуіне байланысты Күн батареясының пайдалы әсер коэффициенті кеміп, Күн батареяларының жиынтық қуаты ондаған, тіпті жүздеген кВт-қа жетеді. Күн батареяларының өлшемдері әр түрлі болады. Мысалы: микрокалькуляторда орнатылғандарынан бастап, ғимараттар шатырлары мен автокөліктер төбелеріне орнатылатындарына дейінгі өлшемдерде. Сондай-ақ Күн батареялары ғарыш кемелері мен аппараттарында энергиямен жабдықтау жүйесіндегі негізгі электр энергиясының көзі ретінде қолданылады. Ал тұрмыс пен техникада қолданылатын көптеген бұйымдарды – калькулятор, қол сағаты, плеер, фонарь, т.б. токпен қоректендіру көзі де Күн батареялары болып табылатындығы бәрімізге белгілі.

Үлкен өлшемді Күн батареялары Күн коллекторлары сияқты тропикалық және субтропикалық аймақтарда бүгінде кеңінен қолданылуда. Әсіресе, әдістің осы түрі Жерорта теңізі елдерінде көп тараған. Бұл елдерде Күн батареяларын үй шатырларына орналастырады. Ал Испанияда 2007 жылдың наурыз айынан бастап жаңадан салынған үйлер Күн су жылытқыштарымен жабдықтала бастады. Ол ыстық суға деген сұранысты 30%-дан бастап 70%-ға дейін қамтамасыз ете алады.

Фотоэлементтің Күн батареялары сияқты фотондар энергиясын электр энергиясына айналдыратын электрондық құрал екендігі аян. Сыртқы фотоэффект құбылысына негізделген ең алғашқы фотоэлемент физика ілімінде XIX ғасырдың аяғында пайда болды. Оны белгілі орыс ғалымы Александр Столетов жасап шығарған. Өндірістік масштабтардағы фотоэлементтердің пайдалы әсер коэффициенті орташа есеппен 16% болса, ең жақсы үлгілердікі – 25%, ал лабораториялық жағдайларда 43,5%-ға дейін жетеді. Фотоэлементтің жұмыс істеу принципі металдан (калий, барий) не жартылай өткізгіштен жасалған электродтың (фотокатод) бетіне электромагнит сәуле түсіргенде фотоэффект құбылысының пайда болуына негізделген. Фотоэлементтің *сыртқы фотоэффект* және *ішкі фотоэффект* құбылыстарына негізделіп жасалған түрлері бар.

Мысалы: сыртқы фотоэффектіге негізделгені *электровакуумды фотоэлемент* болса, ішкі фотоэффектіге *вентильді, жартылай өткізгішті, жаппалы қабатты фотоэлемент* түрлері негізделіп жасалған. Соның ішінде жартылай өткізгішті кремний кристалынан жасалған фотоэлементтер (пайдалы әсер коэффициенті 15%-ға жуық) ғарыштық ұшу аппаратының қоректендіру көзі ретінде радиациялық құбылыстарды зерттеуде, т.б. жағдайларда да пайдаланылады. Сондай-ақ бүгінгі кезде фотоэлементтерді әр түрлі көлік түрлеріне – қайықтарға, электромобильдерге, гибриді автокөліктерге, ұшақтарға, дирижабльдерге, т.б. орнату мүмкіндігі бар. Италия мен Жапония сияқты мемлекеттерде фотоэлементтерді темір жол поездарының шатырына орналастырады. Соның ішінде Solatec LLC компаниясы Toyota Prius гибриді автокөлігінің шатырына орналастыруға арналған жұқа қабыршақты фотоэлементтерді сатумен айналысады. Жұқа қабыршақты фотоэлементтердің қалыңдығы 0,6 мм ғана болғандықтан, ол автокөліктің аэродинамикасына еш әсерін тигізбейді. Күн батареялары мен фотоэлементтерден бөлек Күн энергиясын электр энергиясына айналдыратын адамзат ойлап тапқан құрылғыларға *Күн коллекторлары, Күн электр станциялары, гелиожүйелер*, т.б. жатады.

Күн энергиясын пайдаланудың өзіндік артықшылықтарымен қатар кемшіліктері де бар.



1. Күн энергиясын пайдалану

Атап айтсақ, артықшылықтары:

- 1) Күн энергиясы бәріне бірдей қолжетімді;
- 2) ол сарқылмайды;
- 3) қоршаған ортаға қауіпсіз;

Кемшіліктері:

- 1) ауа райы мен тәуліктің уақытына тәуелді;
- 2) Күн энергиясын алу үшін қолданылатын құрылғылардың қымбаттылығы;
- 3) Оны шағылдыратын бетті периодты түрде тазалап отыру қажет;
- 4) электр станциясының жанында атмосфера ысып кетеді;
- 5) энергияны аккумуляциялау қажет.

Соған қарамастан Күн энергетикасына деген сұраныстар жыл сайын артып келеді. Әр елдің ғалымдары осы қосымша энергия түріне ерекше мән беріп, оны дамыту жолдарын қарастырумен айналысуда. Осыған орай Күн энергиясын электр энергиясына айналдыратын құрылғыларды пайдалану деңгейі жылдан-жылға өсіп келеді.

Дүние жүзінің көптеген елдерінде күн энергиясын пайдалану мақсатында көптеген жұмыстар жүргізілуде. Біздің елімізде «жасыл энергия» мәселесі алдыңғы орынға шығып тұр, соның бірде-бір дәлелі - 2012 жылдың 25 желтоқсанында күн батареяларын шығаратын еліміздегі алғашқы зауыт іске

2.



Күн батареяларын шығаратын еліміздегі алғашқы зауыт

қосылуы. Зауыт жоспарда көрсетілген 50 МВт қуаттылық (жылына) көрсетілген, ал келешекте оның қуаттылығы 100 МВт дейін өседі деп күтілуде. Зауыт еуропалық автоматтандырылған жабдықтармен толық қамтамасыз етілген. Astana Solar зауытындағы жөнге салынған жұмыс фотосезімталды элементтердің көмегімен күн энергиясынан электр энергиясын қайта құруға негізделеді. Күн батареясының инновациялық потенциалының маңызын асыра бағалау қиын, өйткені ол даладағы шам әрі ірі кәсіпорын үшін электр қуатының көзі болып табылады. Республиканың 9 облысында Күннің энергиясын пайдалану тиімділігі бағаланды. Отандық өндірістің күн батареялары электр қуатының аз көлемдерін өндіру, мысалы, Қарағанды облысындағы Бұқар жырау мазарын жарықтандыру үшін және ірі нысандарды Қызылорда облысының «Қазатомпром» ұлттық атом компаниясы» АҚ «СКЗ-У» күкірт қышқылы зауыты электр қуаттылығымен қамтамасыз ету үшін қолдануда.

III тарау.

Күн сәулесі – болашақтың сарқылмас энергиясы

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында айтылған энергетикалық тапшылық – бүгінгі таңда өзекті мәселелердің бірі. Жер қойнауында, әсіре Қазақстанның ұлан-ғайыр, әрі бай жер қойнауында қазба байлығының мол болғанына қарамастан, адамзат оны жылдан жылға игеріп жатыр. Алайда, шикізат көзі өлшеусіз емес, бір күні ол да шегіне жетеді.

Әсіресе, бүгінде жоғарыда айтылғандай, отынның таптырмайтын түрлері мұнай мен газдың қоры жыл санап кему үстінде. Ғалымдарымыздың жуықтаған есептеулері бойынша қазіргі қарқынды тұтыну екіні жалғаса берсе, табиғаттағы газ қоры шамамен 50 жылға, мұнай қоры 40-50 жылға ғана жететін сияқты. Сондықтан Күн энергиясын қолдану өркениеттің дамуының негізгі факторы болып табылады. Біз энергияның қосымша көзінің бірі – Күн сәулесі деп ойлаймыз және осы ой аясында біраз зерттеулер жүргіздік.

Қосымша энергия қоры ретінде Күнді пайдаланудың мәні және пайдасы зор. Өйткені, оның экологияға зияны жоқ және Жер бетіндегі тіршілікке үйреншікті энергия көзі. Адамзат, күн энергиясының ағынын өз бақылауына алып, қолдану арқылы жердің климатын сақтап қана қоймай, сонымен бірге энергияны да көп мөлшерде үнемдейді.



3. Күн планетасы бізге жақын орналасқан алып термоядролық реактор

Әлемнің шырағы атанған Күн планетасы бізге жақын орналасқан алып термоядролық реактор. Оның қайнаған «қазанында» әрбір секунд сайын төрт миллион тонна сутегі жанады. Осының арқасында әлем кеңістігіне өте көп энергия бөлінеді. Күн сәулесі энергиясының 30 % — і ғарыш кеңістігіне тарайды да, 70 % — і жер бетіне түседі. Күннің жерге түсетін мол энергиясының бір бөлігі атмосфераға, мұхит пен құрлықтарға сіңеді. Екінші бөлігі сулардың булануына және олардың айналып, қайта түсуіне шығындалады. Үшінші бөлігі теңіз және атмосфералық ағындарды туғызады. Ал төртінші – бір кішкене ғана бөлігін өсімдіктер бойына сіңіреді. Сөйтіп, жер бетінде ғажайып фотосинтез реакциясы жүреді

Күн сәулесінен энергия алу дегеніміз – дәстүрлі емес энергетика бағыттарының бірі. Ол күннің сәулеленуін пайдаланып қандай да бір түрдегі энергияны алуға негізделген. Күннің сәулеленуі – Жердегі энергия көзінің негізгі түрі. Күн сәулесі арқылы тікелей жылытуға немесе

фотоэлементтер көмегімен энергияны қайта өңдеу арқылы электр энергиясын алуға не басқа да пайдалы жұмыстарды атқаруға болады.

Ежелгі кезден бастап ата-бабаларымыз Күннің жоғары күшіне сеніп, оның энергиясын қолдану мүмкіндіктерін іздеген. От жағу дағдысы, энергияны игеру жолында алғашқы қадам болып табылады. Адамдар ертеден күннің жарығы мен жылуын пайдаланған. Ата-бабаларымыздың алғашқы баспаналары тас үңгірлер болғаны белгілі. Сол үңгірлерді жарықтандыру үшін төбе тұстарын тесіп саңылау жасайтын болған. Осы саңылаулар арқылы күн көзі қараңғы бөлмені жарық етіп, күн жылуы суық тас үңгірді жылытатын болған. Кейін киіз үйлер ойлап тапқан соң да күн сәулесін жарық әрі жылу көзі ретінде пайдалану жалғасады. Киіз үйге шаңырақ арқылы күн шуағы енген. Назар салып қарасақ, шаңырақ пен уық шуақ шашып тұрған күнге ұқсайды. Ал түндіктің төрт бұрышы арқылы күннің жарығын қажетінше пайдаланған.

Әлемдік тарих күн энергиясын қолданудың мысалдарын келтіреді. Аңыз бойынша, ежелгі грек ғалымы Архимед жандырғыш айналар көмегімен, өз қаласына жау флотын жеңуге көмектескен дейді кей деректерде.



4. Ежелгі грек ғалымы Архимед

Ал, Түркиядағы сұлтандардың сарайлары күн сәулесінің астында қатты қызып кеткен сумен жылытылған деген мәліметтер де бар. Өкінішке орай, адам жер қойнауында көмір, мұнай, газ толып тұрғанын ашқан соң, күн энергиясы туралы ұмытылып кетті.



5. Эдмунд Беккерель

Дегенмен, біздің ата-бабаларымыз күн көзін жарық және жылу ретінде қолданғанымен, «күн энергиясы» деген түсінік 1839 жылдан бастау алады. Эдмунд Беккерель 1839 жылы өзінің күн сәулесін таза энергияға айналдыруға болатындығы жөнінде еңбек жазды. Бұл сол кездегі ең үлкен жаңалықтардың бірі болғанмен, біраз уақытқа дейін қозғаусыз жатып қалады. Тек 44 жылдан соң Чарльз Фриттс күн энергиясын қолданатын алғашқы құрылғыны құрастырды. Сол себепті 1883 жыл күн энергетикасы дәуірінің туған жылы болып есептеледі. 1860 жылы күн сәулесін механикалық энергияға айналдыратын құрылғыны математика пәнінің оқытушысы Огюст Муш патенттеп алады. Оның бақытына орай сол кезде Францияны билеуші король оның жобасына қолдау көрсетіп, қаржы бөледі. Осының арқасында күн энергиясымен жұмыс жасайтын қозғалтқыш машина жасап шығаруына мүмкіндік туды. Бірақ кейін көмірдің

арзандауына байланысты бұл іс аяқсыз қалып қойды. Бұдан кейін де бірнеше ғалымдар күн сәулесін энергияға айналдыру істерін зерттеп бірнеше құрылғылар ойлап тапты. Ағылшындық Вильям Адамс, американдық Джон Эрикссон, француз инженері Шарль Тейе, бостондық Обри Энисомды атап өтуге болады.



6. Күн батареясы

Қазіргі таңда күн энергиясын тікелей электр энергиясына айналдыратын құрылғы - күн батареясын ойлап тапты. Күн батареялары – күн энергиясын тікелей электр энергиясына айналдыратын жартылай өткізгіш құрылғы. Күн батареясы, фотоэлектрлік генератор — Күн сәулесінің энергиясын электр энергиясына айналдыратын ток көзі. Күн батареясы ғарыш кемелері мен аппараттарында электр энергиясының көзі ретінде қолданылады. Күн батареясы сондай-ақ, тұрмыс пен техникада қолданылатын көптеген бұйымдарды (калькулятор, қол сағаты, т.б.) токпен қоректендіру көзі болып табылады.



7. Күн батареясы тұрғын үйлердің шатырында.

Күн батареясын тұрғын үйлердің шатырларына да орналастырады. Күн батареясының тұрғындарға зияны жоқ, тұрмыс-тіршілікке кедергі келтірмейді.

Үйдің шатырына орнатылған Күн батареясы жиі ауыстыруды, орнынан қозғауды қажет етпейді.

Алайда Күн батареясының жұмысына ауа райы әсер етуі мүмкін. Күн көзін бұлт көлегейлегенде батареяның энергия шығаруында кедергі болуы мүмкін. Күн батареясы орнатылған тұрғын - үйлер күндіз Күн батареясымен қуаттанса, түнде энергия қордаланған қосымша батареяны пайдалануға болады.

Сонымен бірге зерттеулер жүргізіп жүріп мынандай жағдайларға тап болдық. Қзіргі кезде еліміздің малшылары, шалғай елді мекенде тұратын адамдар күн батареясын қолданатынына көз жеткіздік.



8. Күн батареясы. Алматы облысы Талғар ауданы Жалғамыс ауылы,

30 наурыз 2013 жыл.



«Күн батареясы» арқылы үйін жарықтандырып отырғандардың бірі – Алматы қаласының іргесіндегі, Талғар ауданына қарайтын Жалғамыс аулының тұрғыны Райгүл. Ол кісінің бұл ауылға көшіп келгеніне бір жыл ғана болыпты. – Бұрын басқа жақта пәтер жалдап тұрдық. Былтыр ғана осы маңнан жер алып, шағын баспана тұрғыздық. Свет әлі келген жоқ. Мынаны осыдан төрт жыл бұрын Қытайдан сатып әкелгенмін. Басында шешем ұстады. Кейін оларға ток келгеннен кейін біз алдық. Қазір осымен күн көріп отырмыз, – деп сұхбат беріпті Райгүл апамыз. Күн қуатынан электр қуатын өндіретін бұл құрылғыны Моңғолия мен Қытайда тұратын қазақтар көп қолданады. Баян-Өлгийде тұратын Жанарбек Ақби есімді азаматтың айтуынша, моңғол үкіметі Жапония, Сингапур және Қытайдан күн батареясын арнайы жобамен алдырып, малшы қауымға бір отбасыға арналған шағын күн батареяларын тегін таратып берген

– Мал бағып өмір сүретін қазақ малшы қауымы бұл құрылғыны 1994 жылдан бастап пайдалана бастады. Жұрт онымен үйлерін жарықтандырады, қосымша спутниктік табақ сатып алып, өздері қалаған 50-ге тарта телеарналарды көреді. Қазір тау-тастағы қыстауда, не жаз жайлауда киіз үйлердің қабырғасынан айнасын күнге қарата салып, кешкісін жарықпен қатар телеарналарды көреді. Моңғолия қазақтары осы күн батареясының көмегімен Қытайдың қазақ тіліндегі екі арнасын және Қазақстанның «Қазақстан» арнасын көріп отыр, – дейді



9. Жайлауда күн батареясын пайдаланып отырған Моңғолия қазақтары.
13 шілде 2012 жыл.

Күн батареяларында шикізат ретінде кремний қолданылады. Күн кремнийінің жоғары құны қол жетімсіз болғандықтан, әр түрлі елдердің ғалымдары оның құнын төмендететін кремнийді алудың жаңа технологияларын әзірлеуде. Алайда, күн кремнийіне сұраныс өте жылдам өседі және ұсыныстардан озық жүреді. Күн электр стансасы – экологиялық тұрғыда таза, дыбыссыз, қауіпсіз әрі пайдалануға ыңғайлы, оның үстіне өз құнын 100 пайыз ақтайтын тиімді қондырғы. Жұмыс істеу мерзімі шамамен 30 жыл. Осы 30 жыл ішінде жасалуына небәрі 1 кг күн кремнийі жұмсалған элемент Жылу электр стансасында мұнайдың 100 тоннасынан немесе Атом электр стансасында 1 кг байытылған ураннан өндірілетін соншалықты электр қуатын бере алады.



Қазақстан үшін Халықаралық Энергетиктер Қауымдастығы ұсынған формула бойынша, алдын ала жасалған есептеулерге сәйкес шағын күн электр стансасын орнату нәтижесінде көмірқышқыл газы шығарындылары жылына 750 кг-ға азаятын болады. Қазіргі уақытта 2300 тонна ұсынған кезде сұраныс жылына 5-6 тоннаға жетеді, сондықтан күн кремнийін емес, неғұрлым жоғары жартылай өткізгіштік сапасындағы кремнийді пайдалану арқылы тапшылық жабылады. Осыған дейін күн батареялары «Үстірт» (Ақтау) және «Ақжайық» (Атырау) мемлекеттік табиғи қорықтарында орнатылған болатын. Аталмыш күн батареялары мемлекеттік инспекторлардың жұмыс тиімділігін арттыруға, жекелеген учаскелердің өзара байланысы үшін оларды тұрақты қысқа толқынды байланыспен (рациямен) қамтамасыз етуге, сонымен қатар қорықта мекен ететін түз тағысына әрі ұшып өтетін құстарға электр кернеуінен болатын әсерін төмендетуге мүмкіндік береді.



10. Күннен қуат алатын көше шамы. Теміртау, 3 маусым 2010 жыл.

Қазақстан ғалымдары бұрын отандық шикізаттан металлургиялық және жартылай өткізгіш кремний алу технологиясы саласындағы ғылыми зерттеулер жүргізді. Күн батареялары мен жартылай өткізгіштердің жұмыс тиімділігі тазалық деңгейіне қарай алынатын кремнийдің төменгі сапасы жүргізілген ғылыми зерттеулердің негізгі проблемасы болып табылады. Осыған байланысты «күн сапалы» кремнийді алу үшін металлургиялық кремний мен силан шикізатын тазарту процесі саласында ғылыми зерттеулер жүргізу болжанады.

Қорытынды

Біз үйіміздегі қарапайым тұрмыстық техниканы қолдану үшін қанша қаражат кететіндігі жайлы және қоршаған ортаға қаншалықты зиян екендігі туралы ойланып жатпаймыз.

Электрдің розеткаға түсуі үшін мұнай мен газды өндіру қажет, оларды электростанцияға жеткізу қажет, ауаны оттегімен жандырып, бу алу керек, оны бу турбинасы арқылы электрогенераторға өткізеді, трансформатор арқылы жоғарғы вольтті 220В дейін азайтып, тоқты сымдармен үйлерге бағыттайды, энергия есептегіші арқылы өткізіп, содан кейін ғана розетка мен ажыратқышқа әкеледі. Электрді берудің бұндай ұзақ жолында энергияның жартысы жоғалады. Бұл дегеніміз үлкен шығын.

Ал, күн энергиясы қоршаған ортаға қауіпсіз, экологиялық таза және оны алу жолдары қиын емес. Сонымен қатар, ЕХРО-2017 көрмесінің Қазақстан ұсынып отырған «Болашақ энергиясы» тақырыбы - қазіргі заманғы жаһандық маңызы зор, бүкіл әлемді толғандырып отырған мәселе - энергияны тұрақты пайдалану болып табылады.

Қорыта келе айтарымыз: Күн энергиясын өз мақсатымыз үшін пайдаланудың болашағы зор. Ғалымдардың болжауынша 2050 жылға қарай Күн энергиясы адамзаттың электр энергиясына деген 20-25%-дай қажеттілігін өтей алады. Сол сияқты Халықаралық энергетикалық агенттіктің мәліметі бойынша 40 жылдан кейін Күн энергетикасы көмегімен атмосфераға көмірқышқыл газының түсуін жылына 6 млрд тоннаға дейін қысқартуға болады екен. Осындай тұжырымдар негізінде Күннен өндірілетін энергияның адамзат үшін сарқылмайтын байлық екендігіне әбден көз жеткізуге болады деп ойлаймыз.

ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ КҮНДЕЛІГІ

Оқушының аты-жөні:

Мектеп, сынып:

Жетекшісінің аты жөні:

№	Күні	Жұмыс мазмұны	Зерттеу әдістері	Ескерту
1		«Күн сәулесі-болашақтың сарқылмас энергиясы» тақырыбы ұсынылды	Тақырып таңдау	
2		«Күн сәулесі-болашақтың сарқылмас энергиясы» тақырыбы бойынша материалдар іздеу үшін	Материалдар іздеу	
3		«Күн сәулесі-болашақтың сарқылмас энергиясы» тақырыбы бойынша жұмыстың жоспарын құру	Жоспар құру	
4		Ұстазым ғылыми жұмыстың ережелерімен таныстырды	Тақырыпқа байланысты мәліметтер іздеу	
5		Жинаған мағұлматымды қайтадан қарап, оқып шығып, ұстазыма көрсеттім.	Қарап шығу	
6		Бүгін кіріспе бөлімді бастап жаздым	Кіріспе	
7		Интернет желісінен өзіме керекті мағұлматтарды таптым.	Тақырыпқа байланысты мәліметтер іздеу	
8		Кітапханаға барып мәлімет таптым	Тақырыпқа байланысты мәліметтер іздеу	
9		Жаңа мәліметтерді жоспар бойынша негізгі бөлімге кірістірдім.	Тақырыпқа байланысты мәліметтер іздеу	
10		Қорытынды бөлімді компьютерге жаздым.	Қорытынды бөлімді компьютерге жаздым.	
11		Қағаздарымды шығарып мектепшілік ғылыми жобаларға дайындала бастадым.	Дайындық	
12		Ұстазым екеуміз бірге отырып компьютер арқылы слайд құрдық.	Слайд жасау	
13		Ұстазым маған жобаның күнделігін толтыруды үйретті	Күнделік толтыру	

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мақала: Күн батареясы. – “Қазақстан” ұлттық энциклопедиясы. 5-том, 127-бет. Алматы, 2003 жыл.
2. Мақала: Фотоэлемент. – “Қазақстан” ұлттық энциклопедиясы. 9-том, 227-228 беттер. Алматы, 2007 жыл.
3. Надиров Н.«Не НЕФТЮ единой ...». – Газета «Класс Time», №11, стр. 7. 11 апреля, 2012 год
4. Полупроводники в технике и науке. Т.1-2, Москва–Ленинград, 1957-58 гг.
5. Саммер В. Фотоэлементы в промышленности (пер. с англ.яз.). Москва–Ленинград, 1961
6. Берковский А.Г. и др. Фотоэлектронные приборы. Москва, 1965
7. Статья из ИНТЕРНЕТА: Создана рекордная органическая солнечная батарея // www.Membrana, 13 июля 2007 год.
8. Ванке В.А., Лесков Л.В., Лукьянов А.В. Космические энергосистемы. – Москва: Машиностроение, 1990

9. Mankins J.C. Fresh Look at Space Solar Power: New Architectures, Concept and Technologies. 1997
10. Большая энциклопедия знания «Эксмо». Москва, 2015г.
11. Альтернативные источники энергии и энергоснабжение . «Издательство» .Москва, 2014г.
12. «Энергия көздері» В С Лаврус(1999ж)
13. Мақала: Күн батареясы. – “Қазақстан” ұлттық энциклопедиясы. 5-том, 127-бет. Алматы, 2003 жыл.
14. Мақала: Фотоэлемент. – “Қазақстан” ұлттық энциклопедиясы. 9-том, 227-228 беттер. Алматы, 2007 жыл.
15. Интернет материалдары: www.bnews.kz веб-сайтынан, www.kazembassy.ru www.azattyq.org сайтынан алынды.

ИННОВАЦИОННЫЕ МЕТОДЫ И ТЕХНОЛОГИИ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

Жамашева Жансая Рахмановна,
СШ имени Ы.Алтынсарина, Байзакский район Жамбылская область

Аннотация

В данной статье представлена информация о том, как вы можете освоить и применять инновационные технологии для обучения детей на уроках. Ядром современного образования являются мероприятия для учащихся под руководством учителей. Именно эта цель-воспитание творческого, инициативного человека, умеющего самостоятельно учиться, самосовершенствоваться и подчинена главной задаче современного образования.

Аннотация

Бұл мақалада балаларды сабақта оқыту үшін инновациялық технологияларды қалай игеруге және қолдануға болатындығы туралы ақпарат берілген. Қазіргі білім берудің өзегі-мұғалімдердің жетекшілігімен оқушыларға арналған іс-шаралар. Дәл осы мақсат-өз бетінше оқи алатын, өзін-өзі жетілдіре алатын және қазіргі білім берудің негізгі міндетіне бағынатын шығармашылық, бастамашыл адамды тәрбиелеу.

Annotation

This article provides information on how you can master and apply innovative technologies for teaching children in the classroom. The core of modern education is activities for students under the guidance of teachers. It is this goal-the education of a creative, initiative person who knows how to study independently, improve himself and is subordinated to the main task of modern education.

Ключевые слова: инновационные технологии, активность учащихся, русский язык.

В Законе Республики Казахстан "Об образовании" говорится, что "основной задачей системы образования является создание необходимых условий для получения образования, направленного на профессиональное воспитание и развитие человека на основе национальных и общечеловеческих ценностей, науки и практики; внедрение инновационных технологий обучения, компьютеризация образования, доступ к международным глобальным коммуникационным сетям."Чтобы решить эти проблемы, каждый учитель должен двигаться в направлении всех инноваций и преобразований, нового опыта и новых отношений посредством ежедневных исследований, проводимых образовательными организациями. Эти инновации и преобразования смело ведут к переменам. Онлайн-обучение особенно популярно.Электронное обучение основано на компьютерном управлении этими процессами и передает большой объем информации, необходимой для процесса обучения, через социальные сети и интерактивное общение между преподавателями и учащимися. Основная цель внедрения электронного обучения в образование - предоставить лучшие образовательные ресурсы и технологии для всех компонентов образовательного процесса. Перед лингвистами сегодня стоит очень сложная задача: с одной стороны, повысить уровень обязательных знаний, умений и навыков, с другой - развить потенциал творчества и мышления учащихся высокого уровня.

Использование информационных технологий в классе рассматривается не как цель, а как средство улучшения среды учащихся, источник дополнительной информации по этому предмету, средство развития личностной среды детей, средство самостоятельной работы и повышения их знаний. Современные школы, в том числе сельские, сталкиваются с задачей обеспечения качественного образования, учета способностей, интересов и тенденций учащихся, развития социальной активности и пересмотра учебных материалов в целом. Нет сомнений в том, что новые информационные технологии играют важную роль. Использование ИКТ в классе для обучения познавательной деятельности учащихся способствует повышению качества преподавания и подготовке быстрых и качественных уроков. Основная цель использования ИКТ - развивать мышление и формировать образ мышления.

Использование компьютеров освобождает учителей от ежедневных занятий, то есть от написания на доске. Также легче выбирать наглядные пособия. Компьютеры открыли новые возможности для учителей. Современные информационные технологии знакомят учащихся с нетрадиционными источниками информации и учат их осваивать новые методы обучения. Трудно пробудить интерес к преподаванию русского языка и литературы, но я думаю, что возможность есть. Мультимедийные презентации здесь полезны, их можно использовать для объяснения нового урока, утверждения занятий и их повторения. Я использую интерактивные доски на уроках.

Моя цель - воспитать активного человека с высоким уровнем образования, который можно использовать в жизни.

Для достижения этой цели я реализовала следующие задачи:

- формирование готовности к интерактивному обучению;
- Развитие интерактивных навыков в образовательной среде;
- Внедрение новых интерактивных методов обучения и развития коммуникативных навыков учащихся в преподавании предмета, также обладать способностью управлять и руководить; уважать других;

Каждый ученик должен уметь отстаивать свою точку зрения и сопоставлять ее с различными ситуациями. Каждый учитель сталкивается с проблемой, как стабилизировать интересы учащихся и как повысить качество образования. Ответ заключается в том, чтобы изучить новые технологии, а затем применить их в своей работе

Я думаю, что интерактивный метод преподавания русского языка и литературы очень важен в учебном процессе. Инновационное обучение основано на следующих технологиях:

- Развивающее обучение;
- Проблемное обучение;
- Развитие критического мышления;
- Методика "проектный метод";
- Дифференцированные методы обучения;
- Успешная ситуация в классе;
- Информационные технологии.

Задачи, с которыми сталкиваются преподаватели языка при использовании информационных технологий, во многом отличаются от целей и задач учителей других дисциплин. Эти обязанности включают обработку текстов, художественную лексику и книгу. Учителя русского языка должны развивать сильные навыки правописания и пунктуации, обогащать словарный запас учащихся, учить их овладевать нормами литературного языка, а также обучать детей знаниям литературного языка и терминологии. Создание графиков, диаграмм и презентаций экономит время и придает материалам более красивый вид. Использую головоломки, иллюстрации, рисунки, различные развлекательные задания и викторины, чтобы вызвать интерес к занятиям.

Используя инновационные технологии в преподавании русского языка и литературы, я продолжаю успешно применять следующие приемы на своих уроках.

- 1) Мозговой штурм;
- 2) Корзина идей;
- 3) Незаконченные предложения;
- 4) Групповое обсуждение;
- 5) Синквейн;
- 6) Кластер;
- 7) Ключевые термины;

- 8) Запутывание логической цепочки;
- 9) Развивающие игры;
- 10) Инсерт;
- 11) ПОПС-формула;
- 12) Корректор;
- 13) Исследовательская задача;
- 14) Фишбоун.

Интерактивная доска имеет новую функцию для работы с презентациями, то есть вы можете использовать закладки для изменения текста на доске при просмотре слайда. На практике: буквы в словах, знаки препинания, открытые круглые скобки. Следующий вид упражнений - пробное упражнение. Они были разработаны для подготовки к единому национальному тестированию. Используйте серию упражнений для подготовки к ЕНТ, вы можете выполнять аналогичные упражнения по всем разделам. Сейчас существуют тренажеры для тестовых упражнений по русскому языку. Мы также используем их для работы с интерактивными досками, что упрощает проверку ваших знаний по теме, которую вы читаете, и экономит ваше время на уроке.

1. Еще одна группа упражнений - заполнение недостающих элементов схемы или расписания.
2. Словарная работа. На экран выводится одно слово или группа слов, пишется для запоминания, дается лексическое значение.
3. Самопроверка и перепроверка по заранее подготовленным материалам упражнений учителем или одним-двумя учениками на интерактивной доске эффективны для конвертации проверки домашних заданий.
4. Теоретический материал по теме может быть представлен в виде диаграмм или таблиц для пояснения.
5. Вы можете создать алгоритм для запоминания правил правописания.
6. Для подтверждения предыдущей темы проверяются знания путем выявления вопросов с правильными ответами по очереди.
7. Готовый дидактический материал.
8. Тестовый контроль.
9. Работа с текстом. Текст представляет собой заранее подготовленный учителем образец, который является основой комплексного анализа: орфографического, лексического, пунктуационного. Текст может содержать выделенные слова, фразы и предложения, требующие особого внимания.
10. Виды грамматического разбора.
11. Развитие орфографической грамотности.

Благодаря тесту на интерактивной доске учащийся может с интересом повторить и подтвердить урок, а также увидеть результаты своей работы.

Служба интерактивной доски дополняет возможности компьютера и помогает вам редактировать урок, выделять основные моменты урока и сохранять его. Использование интерактивных досок учит правильному использованию учебного времени. Ценность интерактивных методов заключается в обучении учащихся, а также в обучении их знаниям и навыкам в классе и в реальной жизни. Следовательно, развивающемуся обществу нужны современные, образованные, воспитанные, ответственные лица, принимающие решения.

Основываясь на своем профессиональном опыте, я хотела бы подчеркнуть, что посредством интерактивного обучения мы воспитываем свободного человека с активным жизненным статусом. Человек, который не только отстаивает собственное мнение, но и прислушивается к мнению других. Обучение с использованием информационных и коммуникационных технологий является визуальным, информативным и интерактивным, что может сэкономить время учителей и учащихся в классе, позволить учащимся работать по своему усмотрению и помочь учителям и учащимся работать вместе в группах или индивидуально для анализа и оценки результатов обучения.

Использование информационных и коммуникационных технологий направлено на повышение качества образования. У учащихся развивается духовное, социальное и культурное мышление. Компьютеризация преподавания русского языка в школах меняет способ его функционирования и, прежде всего, его эффективность.

Во-первых, компьютер может хранить в своей памяти большое количество материалов, своевременно находить, обрабатывать, сравнивать и восстанавливать необходимую информацию.

Во-вторых, и это самое главное, компьютер ведет диалог с учеником. Он дает обратную связь, компьютер может быть "собеседником", он отвечает за работу каждого учащегося и оценивает его ответы.

В-третьих, использование компьютеров расширило образовательную информацию.

Вы можете использовать графику, анимацию и звук, то есть все современное видео оборудование.

В-четвертых, использование компьютеров может повысить интерес учащихся к этому предмету. Это может помочь вам сосредоточиться на наиболее важных аспектах материала, который вы активно читаете.

Требования, предъявляемые к сегодняшнему уроку, должны быть выполнены учителем. В ходе урока учителя должны выбирать методы, которые позволяют учащимся проводить исследования, а не представлять материал в готовом виде. Только так учащийся может стать по-настоящему самостоятельной личностью. Мудрые слова великого китайского философа Конфуция: " Я забыл то, что слышал, я помню то, что видел, и я понимаю, когда я это делаю " подтверждают это. Следовательно, в классе использование интерактивных методов обучения, а также моральные качества учащихся формируют страсть к знаниям и искусству. Благодаря индивидуальной, парной и групповой работе, учащиеся становятся более активными и помогая друг другу, могут участвовать в уроке, выражать свои мысли. Сами слабые ученики используют интерактивные методы обучения с помощью игровых элементов. Учителя-новаторы считают, что урок должен мотивирован сердцем ученика, а не учеником.

В заключение следует отметить необходимость использования новых методов обучения русскому языку в связи с ускорением процесса обучения. Это не означает, что предыдущие методы не должны использоваться. Опять же, это закладывает основу для разработки методологии.

ОҚУШЫЛАРМЕН ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Жумадилова Мая Боранкулқызы
42 орта мектебі, Тараз қ.

Аңдатпа

Мақалада оқушылармен зерттеу жұмыстарын жүргізудің маңыздылығы, олардың бойында ізденімпаздық, жаңашыл, талдау, зерттеу т.б. сол сияқты құндылықтардың шешуші жолдарымен зерттеу жұмыстарды жүргізудің танымдық сипаты қарастырылады.

Тірек сөздер : Зерттеу, оқушы, жаңашыл, бақылау, әдіс- тәсілдер

Әлемдік бірлестікте жаңа тенденциялардың дамуына байланысты білім беру жүйесі маңызды ресурс болып келеді. Бұл таңда оқушылардың өз бетінше білімдерін толықтыру, жаңа білімдерді алу тәсілдерін үйрету міндетіне көп мән беріп келеміз. Мұндай жағдайда өзекті мәселенің бірі — өзгермелі әлеуметтік және экономикалық жағдайда өмір сүруге дайын ғана емес, қоршаған ортадағы белсенді қатынасын байқатып, оны жақсартуға ықпал ете алатын, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Осыған байланысты жеке тұлғаның алдына мындай талаптар қойылып тұр: креативтік, белсенділік, ой-өрісінің кеңдігі, шығармашылық әрекетке қызығушылығының басымдылығы. Мұның өзі баланың жеке қабілеті мен қоғамдық белсенділігін дамытуға жол ашуды, жастардың арасынан дарындыларды бөліп алып, оларды ерекше түрде жетілдіруді талап етеді[1]. Баланың бойында дарындылықпен пен ізденімпаздықты, шығармашылық пен танымды жетілдіру үшін оларды мазалап жүрген сұрақтардың шешімін табуға және оны айқындайтын факторлардың айқындылығын қарастыру мүмкіншіліктерін талдауды үйреніп, нәтижемен жұмыс жасауға үйрету болып табылады. **Зерттеу дегеніміз-** қандай да болмасын сұрақтарға жауап беру үшін қарапайым анықтамаларды

түсіндіру, іздену, шешімін табу, дерек көздерді қарай отырып дәйектемелер табу, дәлелдемелер келтіру, әр түрлі бағыттағы нәтижелерді талдай отырып оңтайлы ортақ қорытындыға келу және нәтижеге жету арқылы ондағы жетістіктер мен кемшіліктерін, себеп салдарын анықтай білу болып табылады[2].

Зерттеуші болу- бұл баланың әркілы нәрсеге қызығып оның түпкі көрінстерін іздеу, білімге деген құштарлық, шешім табуға талпыныс, өз бетінше тәжірибе жасауға бейімделу- баланың барлық даму процесінде көрініс табатын құбылыс. Әр түрлі зерттеу әдістерін қолдану және тың айналадағы (ата-ана, достары, мұғалім) нарсемен айналасу оқу үрдісінде қызығушылықты тудырып, өз ісіне деген сүйіспеншілігі артатындығын бақаймыз. Б.Момышұлы: «Зерттеп білмейінше зерттер білу де, істей алу да мүмкін емес»- деді[6]. Оқушының өз бетінше ізденуі жеке құндылықтарын қанағаттандырып, сұраққа жауап іздеуге септігін тигізеді. Сонымен қатар, өз бетінше зерттеу жұмыстарын жүргізу интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін, ойлау және зерттеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Оқушы әркілы пәндік, қосымша, арнайы т.б. зерттеу жұмыстарын жүргізе отырып, олар қоршаған ортаны тани алады, берілген материалды немесе жаңа білімді дайын күйінде қабылдай бермей, өзінің ізденіс, талпыныс нәтижесінде ала алады[3]. Осы орайда төмендегідей көрсеткіштерді анықтай алады;

Зерттеу жұмысының жалпы жүйесінің негізгі кезеңдері:

- Мәселенің өзектілігін, мақсат- міндеттерін анықтау (болашақ зерттеулерді анықтау, проблемаларды іздеу);
- Зерттеу объектілерін (нысана) анықтау (негізгі сұрақтарды қою);
- Зерттеу жолдарын, әдіс- тәсілдерін таңдау (зерттеу саласын белгілеу);
- Шешім қабылдау әдістерін анықтау және жүйелеу (зерттеу әдістерін таңдау);
- Дерек көздерін іздеу;

Зерттеудің жүйелі жүргізілуін анықтау;

- Зерттеу тақырыбы бойынша ақпаратты жинақтау, жүйелеу, талдау (алған білімді есепке алу);
- Жинақталаған материалдарды талдау және қажетті ұсыныстарды қабылдау; (белгілі бір әдістерді қолдану, материалдар жинағы);
- Нәтиже бойынша қорытынды талдау, ұсыныс, шешу жоарыны анықтау (зерттеу нәтижелері бойынша негізгі ұғымдарды анықтау, хабарлама дайындау)
- Презентация жасау (баяндама), (зерттеу нәтижелерін құрбыларына баяндау, сұрақтарға жауап беру).

Осы орайда оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастыру әсер етеді:

- Оқушының пәндік біліміне;
- Проблемалық бағдарлап оқыту дағдысына;
- Жан-жақты талдау және анализ жасай білуіне;

Зерттеу тақырыбына байланысты оқушылардың зерттеу жұмысы барысында кездесетін қиындықтар. Олар:

- Уақыт тапшылығы;
- Материалдардың қолжетімсіздігі;
- Әдістемелік қордың жеткіліксіздігі;
- Ұйымдастыру кезінде қолдаушылардың жоқтығы;
- Сенімсіздік тудырып, орта жолда қызығушылықтың жоюлуы;

Мысалы: Зерттеу жұмысының бір түрін алсақ, яғни оқушылардың жоба жасау жұмыстарын қарастыратын болсақ, обалық оқудың теориялық И.П. Шамованың пайымдауынша:

- Оқушының негізгі физиологиялық психологиялық функцияларының бірізді дамуына ықпал ету;
- Бастапқы білімнің әртүрлі жағдайда қолданылуы
- Оқушылардың шығармашылық деңгейін дамыту;
- Білім беру үдерісінде оқушылардың мотивациясын арттыру т.б.

Оқушы зерттеу барсында шығармашылығының нәтижесінен ғана емес, сонымен бірге өте шығармашылық, зерттеу үдерісінен ләззат алуға тиіс.

Оқушының зерттеушілік әрекеті тұлғаны толық қамтитын кіріктірілген білім кешені болып табылады. Иә, бұл жағдайда оқушының өз білімін шығармашылық жұмыс арқылы бақылап, оны жаңа идеялармен толықтыруы басты мәселе болып табылады[4].

Негізнен ғылыми зерттеу жұмыстары – бұл ғылыми әдістерді пайдалана отырып, кез-келген объект пен субъект туралы жаңа білімдерді қалыптастырумен аяқталатын объектілермен жүйелі және мақсатты түрде танысу болып табылады.

Осыған негіздей отырып, оқушы мен ұстаз қызметінің ең күрделі түрі – ұйымдастыру қызметі. Оқушының танымдық белсенділік оқушы үшін рефлексия (репродуктивті) және өзгеру (шығармашылық) бағытында болуы қажет. Оқушылардың зерттеу кезінде қолдылатын әдіс тәсілдер арқылы жүзеге асады. Көбінесе танымдық деңгейі және шығармашылық қабілеттері жоғары өздігінен білім алуға тиіс. Яғни, мұндай дағдыға қалыптасқан баланың өзі мәселені анықтайды, оны өзі басқарады, өзі жүзеге асырады.

Әрбір оқушының бойында табиғат берген ерекше қабілетпен дарындылық болатынын білеміз. «Бұлақ көрсең, көзін аш» -дегендей, оқушының бойында дарындылықтың қалыптасуына көп жағдайда педагог қауымның кәсіби біліктілігіне және шеберлігіне тікелей байланысты екені анық. Яғни ұстаздардың қойылатын талап- оқушыларды пәнге қызықтыру, әдіс – тәсілдерді жандандыру, танымдық- логикалық қабілеттерін жетелдіретін жаңа технологияларды қолдана білу, проблемаларды өзбетінше шешуге дағдыландыру, санға емес сапаға жұмыс жасау жолдарын қарастыруғс машықтандыру болып табылады. Осыған байланысты қазіргі білім берудің маңызды міндеті баланы зерттеушілік әрекетке дайындау, оның зерттеушілік білімі мен дағдысын қалыптастыру болып табылады. Әлемдегі заманауи қағидат оқушының болашағына дұрыс таңдау жасауға, ұтымды шешім қабылдауға, өміріндегі өзгерістер ағынына икемді болуға байланысты өмір салты өзгертіп отыруды ұсынады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш білім беру стандарты
2. Жексенбаева У.Б. «Педагогикалық технологияны зерттеу» (бастауыш сыныпқа арналған)
3. Жексенбаева У.Б. «Мектептің ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру»
4. Жексенбаева У.Б. «Мен дәптерді оқуды үйреніп жатырмын».
5. «12 жылдық білім» республикалық ғылыми-әдістемелік және ақпараттық-сараптама журналы.
6. <https://bilim-all.kz/tag/thoughts?tag=>

Бастауыш сыныптағы экономикалық мазмұнды есептер арқылы оқушылардың кәсіпкерлік негіздерін қалыптастырудың ғылыми теориялық негіздері

Ибрагим Лаура Серикқызы
Байназарова Тұрсынай

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.

Жобаның мақсаты:

экономикалық мазмұнды есептер арқылы бастауыш сынып оқушыларының кәсіпкерлік негіздерін қалыптастыруды теориялық тұрғыда негіздеп, әдістемесін тәжірибеде тексеріп, ұсыныстар беру

Жобаның міндеттері:

- бастауыш сыныпта оқушыларының экономикалық мазмұнды есептер арқылы кәсіпкерлік негіздерін қалыптастырудың теориялық негіздерін анықтау;
- экономикалық мазмұнды есептер арқылы бастауыш сынып оқушыларының кәсіпкерлік негіздерін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын айқындау;
- бастауыш мектепте экономикалық мазмұнды есептер арқылы бастауыш сынып оқушыларының кәсіпкерлік негіздерін қалыптастырудың әдістемесін тәжірибеде тексеріп, ұсыныстар беру
- **Жобаның жаңалығы:**
- бастауыш сыныпта оқушыларының экономикалық мазмұнды есептер арқылы кәсіпкерлік негіздерін қалыптастырудың теориялық негіздерін анықталды;

- экономикалық мазмұнды есептер арқылы бастауыш сынып оқушыларының кәсіпкерлік негіздерін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын айқындалды;
- бастауыш мектепте экономикалық мазмұнды есептер арқылы бастауыш сынып оқушыларының кәсіпкерлік негіздерін қалыптастырудың әдістемесін тәжірибеде тексеріліп, ұсыныстар берілді.

Жобаның практикалық мәнділігі:

- экономикалық мазмұнды есептердің бастауыш сынып оқушыларының кәсіпкерлік негіздерін қалыптастыру мазмұны жасалды.
- эксперименттік жұмыстың нәтижесі қорытындыланды.
- Қазіргі таңда оқушылардың жалпы математикалық функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, математика сабақтарында алған білім, дағдыларын өмірде тиімді қолдануға үйретуге күнделікті өмірде кездесетін мәселелерді шешуге математика пәнінің мазмұнына күнделікті өмірмен байланысты есептерді кіріктіру арқылы дамыту, зияткер, рухани, адами тұрғысында дамыған, әлемдегі әлеуметтік өмірге бейімдеу міндеттері көзделген. [1]

Елбасымыз Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында «Ұлттық бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білімдік деңгейімен айқындалады» деп айтылған. Егемендік алған тәуелсіз Қазақстанның әлемдік өркениетке жетудегі бірден-бір дара жолы- білім жүйесі. Орта мектеп- білім жүйесінің ең басты буыны. [2] Орта мектепте қаланған білім негізі оқушының болашағына жол ашады. Білім беру жүйесін жаңартуға Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында ерекше атап өтсе, «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында білім беру саласындағы басымдықтарды қадап айтты. Білім беруді жаңарту оқушы білімін ғана емес, оларды қолдану дағдыларын, атап айтқанда функционалдық сауаттылығын қалыптастырады. [3]

Адамзат дамуының қай кезеңінде болмасын тәрбиенің тиімділігін жетілдіру ісі жүзеге асырылып келді. Бұл істі жүзеге асыру үрдісі әрбір қоғамдағы мемлекет қажеттігіне бағындырады. Өйткені мемлекет қажеттігінің орындалуы оның экономикалық күш қуаты мен саясатына тәуелді екендігі белгілі. Олай болса тәрбие тиімділігінің ең басты шарты мемлекет мүмкіндігінен туындайтын қажеттікке сай тәрбиенің мақсатын нақты анықтау болып табылады. [4]

Жалпы адамзаттық тұрғыдан қарағанда тәрбие мақсаты - әрбір тұлғаны әржақты және жарасымды етіп тәрбиелеу. [5]

Қоғам дамуының белгілі сатысында педагогикалық, философиялық ой –пікірлер пайда болып қалыптаса бастады. Тәрбие беру мақсатын анықтау ең басты мәселеге айналды. Осыған орай, балаларға білім мен тәрбие берудің негізгі жолдары белгіленеді, тәрбиелік іс-әрекеттердің мазмұны анықталады, білім беру мен тәрбиені ұйымдастырудың нақтылы мәселелері мен әдістері қарастырылады. [6]

Педагогика ғылымы тәрбиенің мақсатын жеке адамды жан-жақты дамыту, әділетті қоғамды өз қолымен құратын және оны қорғай алатын етіп тәрбиелеу деп қарастырады. Тұлғаны жан - жақты жетілдіріп, дамыту деген ұғымды оқу мен практикалық еңбектің тікелей байланысы, дененің және ақыл-ой дамуының біртұтастығы деп түсінуге болады.

Адам баласының жарқын болашағы толығымен жас ұрпақты тәрбиелеу ісіне байланысты. [7] Мектепте тәрбиенің басты міндеттері – теориялық білімді еңбекпен, өмірмен байланыстыра жүргізу, оқушыларды еңбек тәрбиесіне баулу, экономикалық, экологиялық біліммен қаруландыру, кәсіптік бағдар беруге тәрбиелеу. [8] Олай болса, әрбір азамат, тәрбиеге тікелей қатысы бар адамдар, ұйымдар мен мекемелер тәрбиенің мәніне, міндеттері мен мақсатын жете түсінуі қажет. Осыған орай, тәрбиенің негізгі мақсаттары: а) оқушылардың дүниеге көзқарасын қалыптастыру; ә) тұлғаның рухани және дене қабілеттерін жан-жақты дамытып, эстетикалық талғамдары мен сезімдерін қоғамның талаптарына сай тәрбиелеу[9].

Тұлғаны барлық жағынан дамытып тәрбиелеу, жас ұрпақты қоғам құрылысына белсене қатысуға әзірлеу міндеттері мектеп арқылы жүзеге асырылады.

Тәрбиенің жалпы мақсатын жүзеге асыру ең алдымен тәрбие бөліктерін байланыстырып шешуді талап етеді. Тәрбиенің құрамды бөліктері: ақыл-ой тәрбиесі, құлық тәрбиесі, еңбек тәрбиесі, экономикалық және экологиялық тәрбие, эстетикалық және дене тәрбиесі т.б.

Тәрбиенің құрамды бөліктерінің бірлігі мен өзара байланысының нәтижелі болуы ең алдымен мұғалімнің шеберлігіне байланысты.

Тәрбиенің басқа салаларымен тығыз байланысты тәрбиенің түрі экономикалық тәрбие. Экономикалық тәрбиенің негіздері еңбек тәрбиесінде жатыр. Оқушының еңбекті қажетсінуін, еңбексүйгіштігін, қоғамдық еңбектегі белсенділігін, саналы еңбек тәртібін және басқа да моральдық сапаларын қалыптастыру экономикалық тәрбиенің алғышарттары болып табылады.

Кәсіпкерлік негіздерін қалыптастыру деп оқушыларды экономикалық білімдер негіздерімен қаруландыру, қоғамның экономикалық саясатын ұғындыру өндіріс, айырбас, бөлісу және тұтыну шеңберіндегі негізгі экономикалық қатынастарды тәжірибеде меңгерту деп түсінуге болады[10].

Қазақстанның дүниежүзілік білім кеңістігіне енуі бүкіл оқу-тәрбие жүйесіне жаңа талаптар қояды. Республикамызда экономикалық бағдарлама енгізіліп, жастар экономиканы терең игеруге, нарықтық экономика саясатын түсінуге, бағалауға және оған ойдағыдай қатысуға бағыт алуға. Жалпы білім беретін мектептердегі мұғалімдерге «тренинг» семинар ұйымдастырылып, экономика пәнінің мұғалімдері даярланып жатыр. Қолданбалы экономика пәні бойынша семинарда екі мыңнан астам мұғалім білімін жетілдірді.

Жыл сайын 300 мың бала мектеп бітіріп, жолдама алады. Осылардың көпшілігі өз бетінше шешім қабылдап, дербес әрекет етуге дайын емес. Әсіресе қазақ жастарының арасында әрекетсіздік басым. Демек, бұл көзқарас түбегейлі өзгертіліп, нарықтық қатынасқа бейімдеу ісі бастауыш сыныптан бастап жүргізілуі тиіс.

Бастауыш сынып оқушыларына экономикалық тәрбие беру саласында шетелдерде белгілі бір дәрежеде тәжірибе жинақталған, біз олардың жекелеген жағымды жақтарын өзіміздің теориямыз бен практикамызда қолдану мақсатына тоқталмақпыз.

Дамыған капиталистік елдерде экономикалық тәрбиенің бай тәжірибесі бар екені белгілі. Бастауыш мектептің өзінде балаларды экономикалық білім негіздерімен таныстырып, қазіргі заманғы өндіріс пен мамандықтар туралы түсінік береді.

АҚШ-та экономикалық тәрбие беру мәселелеріне ХХ ғасырдың алпысыншы жылдарында айрықша назар аударыла бастады. Американдық экономистері, педагогтері мен өкімет ұйымдары өздерінің істерін, бизнесін дұрыс басқару үшін барлық адамдарға өте-мөте қажет негізгі экономикалық түсініктер мен дағдылар өнерін меңгерудің, сондай-ақ азаматтың саясатқа жауаптылықпен қатысуының және қоғамның жалпы игілігін қолданудың зор маңызы бар екенін түсіне отырып, бүкіл халықтың экономикалық сауаттылығын алдыңғы орындардың біріне қойды. Американдық мамандарының пікірі бойынша, экономикалық білім беру бастауыш мектептің бірінші сыныбынан басталып, балалардың жыныстық және жас, этникалық және мәдени ерекшеліктері ескеріліп, олар мектеп бітіргенге дейін жүргізілуі керек.

Экономикалық білімді тарату үшін қолда бар барлық құралдар: сабақтар, әңгімелесулер, консультациялар, конференциялар, зертханалақ сабақтар, зерттеу әдістемелері қолданылып, экономикалық тәрбие беру жөніндегі журнал шығарылады, мұғалімдерге арналған курстар ұйымдастырылады, әдістемелік материалдар таратылады, теледидар кеңінен пайдалынады. Алайда, негізгі міндет мектепке жүктеледі.

Чехия, Венгрияда, Болгарияда, Германияда балалар еңбекке ерте араласады, олар ата-аналарымен бірге мемлекеттен жалға алған жеке қожалықтарда жұмыс істейді, ол шаруашылықтар бай және жұмыс қолына өте зәру болады. Балалар сөз жүзінде емес, іс жүзінде ерте жастан еңбек етуге тартылады, шаруашылық қамына, экономикаға ден қойып, жұмысты шығын емес, пайда әкелетіндей етіп ұйымдастыруды үйренеді. Егер балалар жеке қожалықтарынан басқа жерде еңбек етсе, онда олар істеген жұмысы үшін ақша алады. Тапқан ақшасын өз бетінше жұмсай отырып, өз кірісі мен шығынын жоспарлауды, қажеттіліктерін мүмкіндіктерімен үйлестіруді үйренеді. Ерте жастан еңбекке баулу отбасы мен ел экономикасына үлес қосып жүрген балалардың жеке тұлға ретінде дамуына игі ықпал етеді. Бірқатар елдердің әлеуметтік-экономикалық саясатында әркімнің өз еңбегінің түпкі нәтижесіне қызығуына мән береді. Басты нәрсе – адам мүддесін қоғам мүддесімен ұштастыру, оларды бір-біріне қарсы қойып алмау. Әрбір жеке азаматы дәулетті болған сайын халық шаруашылығы да бай бола түседі деп септеледі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Қазақстан - 2050» стратегиясы //Егемен Қазақстан-2012–желтоқсан https://www.akorda.kz/kz/official_documents/strategies_and_programs

2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы //Егемен Қазақстан - 2011 – 24қазан. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000487>
3. Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. //Егемен Қазақстан-2012-5қазан https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-nanazarbaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2018-zhylgy-5-kazan
4. Атоев Н.М. Педагогическое условие экономического воспитания старшеклассников. - Москва, 2002. -138с.
5. А.А.Сайпов “Экономическое образование учащихся” СПб:Изд-во С. Пет.ун-та, 2003г
6. Есенжолов Е.К. Экономическое воспитание учащихся старшеклассников в ходе решения задач с практическим содержанием. -Алматы, 2006.-213с.
7. Львов Д.С. Роль государства в управлении научно-техническим развитием // Маркетинг. — 2005. — № 3. — С.3-16.
8. Құтпанбаев Ә.. Оқушыларға экономикалық білім беру негіздері. // Қазақстан мектебі 2001, №10
9. Жанбөбекова М.З.. Ұлттық мектептерде экономикалық білім беру. А, 2000
10. Әубакиров Я.Ә.Экономикалық ілімнің тарихы.-Алматы,1997.-268-280б.
11. Савина Е.В.Формирование базисных элементов экономики младших школьников в учебном процессе. - Дисс. ...канд. пед.наук.-Челябинск,1999г.
12. Васильев Ю.К.Экономическое образование и воспитание учащихся. - М.:Педагогика,1983.
13. Алтынсарин Ы.Өнер – білім бар жұрттар.-Алматы:Жалын,1991.-240б.
14. Неустроев А.Н. Экономическое воспитание в педагогическом наследии а.с. макаренко // Современные наукоемкие технологии. – 2015. – № 12-4. – С. 699-703
15. Сухомлинский В.А. 'О воспитании' - Москва: Политическая литература, 1982 - с.270
16. Аменд, А.Ф., Васильев, Ю.К., Вульф, Б.З. Экономическое воспитание учащихся. - М., 2008 - 419 с. 2.3 Бажина, О.В. Формирование основ экономической культуры младших школьников в учебной деятельности. - М., 2002 - 217 с.
17. Экономика: учеб.-метод. пособие по направлению подготовки 08.03.01 «Строительство» / А.А. Малышев. – Пенза: ПГУАС, 2015. – 116 с.
18. Основания экономики, Монография, Мельников В.А., 2015.
19. Фридман, А. М. Основы экономики, менеджмента и маркетинга предприятия питания: Учебник / Фридман А.М. - М.:ИЦ РИОР, НИЦ ИНФРА-М, 2019. - 229 с
20. Сатаров А.Х. «Экономическое воспитание подростков в процессе общественно полезной деятельности. (На материале шк. и семьи) : автореферат дис.... кандидата педагогических наук : 13.00.01» — Сатаров А.Х.. Издано: (1989).
21. Сергеев, И. В. С32 Экономика организации (предприятия): учебник и практикум для прикладного бакалавриата / И. В. Сергеев, И. И. Веретенникова. — 6-е изд., перераб. и доп. — М. : Издательство Юрайт, 2017
22. Кулакова Н.Б. Экономическое воспитание учащихся 4-7 классов сельской школы в процессе их подготовки к сельскохозяйственному труду : диссертация ... кандидата педагогических наук : 13.00.01. - Горький, 1985. - 185 с.
23. Экономика, организация и управление предприятием. Зайцев Н.Л. 2-е изд., доп. - М.: 2008. — 455 с.
24. Ермоленко М. Н. Экономическое воспитание сельских старшеклассников в процессе подготовки их к труду в новых условиях хозяйствования: Автореферат дисс. ...канд. пед. наук. - Казань.
25. Кураков Л. П. Экономическое образование и воспитание школьников. - М.: Просвещение, 1981. - 83 с.
26. Райзберг Б. А. Введение в экономику: Учебное пособие для общеобразовательных школ, лицеев, гимназий, колледжей. - М.: Новая школа, 1993. - 195 с.
27. Рябинин Н. П. Педагогические условия экономического воспитания учащихся старших классов: Автореферат дисс. ... канд. пед. наук: - Челябинск, 1984. - 21 с.
28. Мурадова Н.С. Теоретические основы формирования социально – экономической культуры личности в системе непрерывного образования:Монография.-М.:Орел, 2005г.
29. Сагадиев К.А., Тазабеков К.А. Экономические реформы в Казахстане: Некоторые подходы

- к концептуальному обновлению// Вестник Национальной академии наук Республики Казахстан. - 1995.
30. Шемякин Б.П. Экономическое воспитание школьников. // Вопросы теории и методики. - М.: Педагогика – 1986г.
 31. Сасова Ц. А. Теория и практика экономической подготовки школьников к труду в новых условиях хозяйствования: дисс. ... докт. пед. наук. - М., 1989. – 320с.
 32. Товстик В.А. Экономическое воспитание старшеклассников во взаимодействии школы, семьи и общественности: Автореферат дисс. ... канд. пед. наук. - М., 1987. - 19 с.
 33. Землянская Е.Н. Экономическая подготовка как средство социализации младших школьников. - Автореф. дисс. ... д.п.н., - М., 2003.
 34. Боечко Н.И. Экономическая культура: проблемы и тенденции развития. - СПб: Изд-во С.-Пет. ун-та., 2005.
 35. Құтпанбаев Ә.. Оқушыларға экономикалық білім беру негіздері. // Ізденіс 2003
 36. Сембаев А. И. Школы Казахстана на новом этапе развития. - Алматы, 1962. - 282 с.
 37. Киселев Ф. М., Суханов А.О. Экономика и воспитание. - М.: Знание, 1987. - 64 с.
 38. Асанова Г.. Экономикалық жүйе түрлері. // Қазақстан мектебі 2003, №7
 39. Шадрин С.З. Экономическая культура работника: социально – философский аспект. - Автореф. дисс. ... канд. пед. наук. - Омск, 2003г.
 40. Тұрсынбаева С. Бастауыш сынып оқушыларының экономикалық тәрбиенің психологиялық-педагогикалық негізі. // Абай ҚазҰПУ Хабаршысы 2006, №1
 41. Сарыбеков М.Н. Теория и практика экологической подготовки будущего учителя начальных классов. Алматы, "Гылым.", 1997, 180 стр.
 42. Мүсілімов Ә. Оқушыларды еңбекке тәрбиелеуде экономикалық білім берудің маңызы. "XXI ғасыр - жастарға білім беру мен тәрбиелеудің жаңа дәуірі" халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары, Алматы, 2003, 83-87 б.
 43. Нисумчик А.С. Экономическое воспитание в сельской школе. - М.: Просвещение, 1989г.
 44. Боечко Н.И. Экономическая культура: проблемы и тенденции развития. - СПб: Изд-во С.-Пет. ун-та., 2005г.
 45. Куранов Л.П. Экологическое образование и воспитание школьников. - 2- изд. доп. и перераб. - М. Просвещение, 1987. 144 с.
 46. Васильев, В. П. Экономика: учебник и практикум для академического бакалавриата / В. П. Васильев, Ю. А. Холоденко. — 2-е изд., испр. и доп. — Москва: Издательство Юрайт, 2019
 47. Китов А.И. Экономическая психология. М.: Экономика, 1987. - 303 с.
 48. Әкімбеков С., Баймухаметов А.С., Жанайдаров У.А. «Экономикалық теория», оқу құралы, Астана, 2002 ж.

БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА ДОМБЫРА МЕН АҒАШ ҚАСЫҚ АСПАПТАРЫНДА ОЙНАУДЫ САНДЫҚ ФОРМАТТАҒЫ ТӘСІЛМЕН ҮЙРЕТУ

Исмакулова Айнур Тангатовна

И. Трубицын атындағы №17 мектеп –гимназиясы, Меркі ауданы Жамбыл облысы

Аңдатпа: Ұсынылып отырған үздік инновациялық жоба музыка пәнінде білім алушылардың қазақ музыкасының алтын қорындағы күйлерді жедел үйренуіне жағдай жасау мақсатына негізделген. Сондай-ақ, 45 минуттық сабақ барысындағы теориялық тұжырымдарды практикамен ұштастыру арқылы білім алушылардың сабаққа деген ынтасын ашу мақсаты да қарастырылған. Үздік инновациялық жобаның негізгі мәні - музыка пәніндегі сабақ барысына 10 минуттық «шығармашылық бөлімді» кіріктіру арқылы диттеген мақсатқа қол жеткізу. Күтілетін нәтиже – білім алушылардың музыка пәні арқылы домбырада, сонымен қатар ағаш қасық аспабында ойнауды үйренуі. Білім алушылар «Домбыра» аспабында ойнауды үйрену

арқылы өздерінің бойына ұлттық құндылықтарды сіңіріп, патриоттық сезімі оянса, «Ағаш қасық» аспабын үйрену арқылы жан-жақтылыққа тәрбиеленеді. Үздік инновациялық жоба негізі соны меңзейді.

Кілт сөздер: музыка, сандық тәсіл, күй, теория, практика, домбыра, педагогикалық идея, инновация.

Аннотация: Целью предлагаемой педагогической идеи является создание условий для ускоренного изучения учащимися кюев золотого фонда казахской музыки на уроках предмета. Также предусмотрено повышение мотивации учащихся к занятиям путем сочетания теоретических выводов с практикой в ходе 45-минутного занятия. Реализуется педагогическая идея через интеграцию 10-минутной «творческой части» в ход урока по музыке. Ожидаемый результат - учащиеся будут уметь играть на музыкальных инструментах: домбре и ложках. У учащихся через обучение игре на инструменте «домбра» прививаются национальные ценности, пробуждается чувство патриотизма, через обучение игре на ложках развивается музыкальность, разносторонность. Эти ключевые приоритеты составляют основу педагогической идеи.

Ключевые слова: музыка, система счисления, күй, теория, практика, домбра, педагогическая идея, инновация.

Abstract

The article touched upon the idea of the role and importance of digital technologies in the field of education. In accordance with the process of time, such questions were raised as what advantages digital education enjoyed, whether teachers were able to meet modern demands. Conclusions were also made about the use of digital learning technology in the music discipline in accordance with personal experience, about ways to find effective methods and techniques. The main purpose and objectives of the article is to make sure that it is possible to achieve an effective result by defining the features of the use of digital technologies in music teaching. To this end, the final conclusion in the article, which opened the way to the research: mastering modern techniques

Keywords: digital society, education, musical subject, concept, modernity, teacher's personality, digital learning technologies, student

Тезис

Үздік инновациялық жобаның негізгі мақсаты: музыка пәнінде барлық білім алушылардың домбыра аспабын үйреніп шығуына жол ашу.

Үздік инновациялық жобаның негізгі міндеті: Ұлттық аспабымыз – домбыраны кеңінен насихаттау.

Үздік инновациялық жобаның өзектілігі: музыка пәнінде сабақ беруді жана деңгейге көтеру. Сол арқылы білім алушылардың патриоттық сезімін қалыптастырып, тереңдетіп, сабақ барысында теория мен практиканың тепе-теңдігін назарда ұстау.

Үздік инновациялық жобаның жаңашылдығы: музыка пәнінің төрттен бір бөлігін «шығармашылық кезеңмен» қамтып, «сандық тәсіл» арқылы білім алушыларға домбыра аспабын үйрету.

Күтілетін нәтиже:

- Домбыра аспабына қызығушылығы, оны үйренуге ынталары оянады;
- Білім алушылар музыка сабағында алған білімдерін күнделікті тұрмыста пайдалана алуға, өз беттерімен домбыра тартуға, білім қорларын молайтуға, «сандық тәсіл» арқылы кез келген күйді ойнап кете алады;
- Ағаш қасық аспабын меңгеріп, музыка ырғағына ілесіп ойнайды;
- Байқауларға қатысу үшін талпынады;
- Халықтың мәдениеттің мұрасы «домбыраны» меңгерген және өмірлік тәжірибеде қолдана білетін, рухани толысқан тұлға ретінде қалыптасады.

Кіріспе

Қазіргі таңдағы технологиялардың жедел дамуы мен жаһандық кезеңнің білім саласына тигізіп жатқан ықпалынан бастағым келіп отыр. Қай саладағы маман иелерінен сұрасақ та әлемдегі қарқынды өзгерістер «бәсекеге қабілеттілікті» талап ететіндігін сөзсіз мойындайды. Әрине, бұл білім саласындағы біздей мұғалімдерді де айналып өтпейді. Сондықтан, кез келген мұғалім өз ісінің нәтижелі, беріп жатқан сабағының мазмұнды болуы үшін үнемі ізденісте болуы шарт. Ал ол ізденіс тың идеялардың жарыққа шығуына жол ашады. Мен де музыка пәнінің

мұғалімі ретінде оқушылардың музыка пәніне деген ынтасын ашу, нәтижелі білімге деген ұмтылыстарын нығайту мақсатында көп іздендім. Нәтижесінде өз тарапымнан – музыка пәнінің төрттен бір бөлігін «шығармашылық бөлімге» арнауды ұсынамын. Сондай-ақ, ол жай ғана «шығармашылық бөлім» деген атауға ие болмай, таңдап алынған кезеңде білім алушыларға домбыра және ағашқасық аспаптарын «сандық тәсіл» арқылы үйрету негізіне айналуы – басты қағида.

Мен ұсынып отырған «педагогикалық идеяның мақсаты қандай?» екендігін түсіндіре кетейін. Кез келген музыка пәнінің мұғалімі 45 минуттық сабақ барысының 10 минутын «шығармашылық бөлім» ретінде қарастырып, сол уақытта ұлттық аспабымыз домбыраны «сандық тәсіл» арқылы үйрету білім алушылардың музыка пәніне деген қызығушылықтарын жаңа деңгейге көтере алады. Онымен қоймай:

- Барлық білім алушының ұлттық аспапта ойнай алуына жол ашу;
- Білім алушылардың бойында патриоттық тәрбие қалыптастыру және дамыту;
- Білім алушылардың жан-жақты болып қалыптасуына ықпал ету;
- Ұлттық бай музыкалық мұраларымызды дәріптеу;
- Музыка пәнінің қызықты әрі мазмұнды өтуін қамтамасыз ету сынды мақсаттарға қол жеткізе алады.

Негізгі мәселе. Қазіргі уақытта музыка пәнінің бағдарламасында білім алушылардың аспаптарды меңгеруіне бағытталған арнайы әдістеме немесе бөлім жоқтың қасы деп айтса да болады. Музыка сабағы – буыны қатпаған жас 5-6 сынып білім алушылары үшін тек ән айтып, теориямен ғана шектеліп өткізе салатын сабақ емес. Бұл сабақ – мықты тәрбие құралына да жатады. Себебі білім алушыларды белгілі бір тәртіпке шынайы бағындыра білу, ұйымдасып бірге жұмыс жасай алуы, мазмұнды өнер көрсетуі, әрбір білім алушының ішінде жатқан жасырын таланттарын ашуына септігін тигізуі, тұйық келген баланың өзін аша білуі, барлығы осы аталмыш пәнде дұрыс әдіс-тәсілдер қолданылған жағдайда жүзеге асырылады. Ол өзімнің ұстаздық еткен жылдардағы тәжірибемде дәлелденген дүние.

Музыка сабағындағы басты назар тәрбиеге ауады. Олай деуге себеп – көп ұлтты мектептерде өзге ұлттың білім алушылары жиналған сыныптарда музыка сабағындағы әр ұлттың аспаптарымен, өнерімен, музыкасымен таныстырылуы. Бұл білім алушылардың музыка сабағына деген ынтасын ашуына алғашқы қадам десек те болады. Ал сол аспаптарды қолданып үйрете білу – білім алушылар арасындағы бірлікті күшейтетіні сөзсіз.

Музыка сабағында практикалық түрде қолдануға болатын аспаптарға домбыра, ағаш қасық, ұрмалы аспаптарды жатқызсақ болады. Қадір Мырза Әлі атамыз «Екі ішектің бірін қатты, бірін сәл-пәл кем бұра, нағыз қазақ-қазақ емес, нағыз қазақ – Домбыра» деп айтқандай, білім алушылардың еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру үшін ата-баба қанымен дарыған, тарихтың талай аза сәттеріне куә болып, халықтың мұңын бойына сіңірген домбыраны үйретуден бастау қажет.

Музыка пәнінде домбыраны үйрету

Домбыра – әр үйден табылатын қолжетімді аспап болғандықтан көп оқушыларға үйрету мүмкіндігі де басым. Ауқымды мектепшілік іс- шараларға оркестр ретінде негізгі аспап ретінде топ қылып дайындап шығаруға да мүмкіндік көп. Сыныпта кем дегенде 5 алушының домбыраға икемі болады. Сол арқылы олардың қабілетін домбыра бағыты бойынша шыңдауға мүмкіндік туады.

Осы орайда «кәсіби музыкалық білімі жоқ мектеп білім алушыларына домбыраны қалай үйретеміз деген?» заңды сұрақ туады. Бұл сұрақтың жауабы: Сандық форматтағы ноталармен үйрету. Бұл жерде білім алушыларға мұғалімнің бағыттауымен домбыраның пернелеріне ыңғайластырылып істелінген сандық жүйені қолданамыз. Бұл тәсілдің тиімді жағы ұстаз бағыттауымен жүйелі түрде бір апта дайындықтан кейін білім алушы кез келген күйді осы тәсіл арқылы үйреніп кете алатынына толықтай сенімдімін.

Сандық тәсіл дегеніміз не?

Сандық жүйе арқылы домбыра үйрену тәсілінде қарапайым сандар қолданылады. Домбыра мойнында 19 перне бар, сол он тоғыз пернеге жеке-жеке сан береміз. Астыңғы және үстіңгі ішектегі сандары бірдей болады. Мысалы, халық әні «Еркем-ай» әнінің қайырмасын алар болсақ, ол нота түрінде былай болады:



Әрине, бұл ноталардан енді домбыра үйренгісі келген адамның ештеңе түсінбесі анық. Ал енді сандық тәсіл арқылы әнді жазып көрейік:

Еркем-ай халық әні

П V П V П V П	П V П V П V П
4 7 7 7 7 4 5	5 9 9 9 9 5 7
5 5 5 5 5 5 5	7 7 7 7 7 7 7
П V П V П V П	П V П V П V П
4 7 7 7 7 4 5	5 9 9 9 9 5 7
5 5 5 5 5 5 5	7 7 7 7 7 7 7

Бұл жерде үйренуші өзі күнделікті көріп жүрген сандар арқылы домбыраны үйрене алады. Бұл нотаның түсіндірмесі:

$\frac{4}{5}$ 4 және 5 саны домбыраның үстіңгі және астыңғы ішегі екенін білдіреді.

Үстіңгі бөлікте 4 саны астыңғы ішектегі 4-пернені білдірсе, 5 саны үстіңгі ішектегі 5-пернені басу керек дегенді білдіреді.

Осы бөліктің үстіне қойылған п белгісі төмен қағысты білдірсе, v белгісі жоғары қағысты білдіреді, ал сандық нота мен қағыс арасында тұрған белгісі – нота ұзақтығын яғни жылдамдығын білдіреді [1].

Ағаш қасық – орыс халқының ағаштан көркемдеп жасалған күнделікті тұрмыс бұйымы. Ағаштан шығатын әсем дауысы кез келген әуеннің ырғағына үйлесіп кете алатындықтан оны

музыкалық аспап ретінде де қолдануға болады. Ал домбыра сапабын ойнауға аса бір икемі келмейтін балалардың қабілетін шетте ысырмай оларды орыс халқының аспабы - ағаш қасықтар арқылы музыкалық композициялардың ырғағына ілестіріп ойнату барлық сынып білім алушыларын түгелдей дерлік қамтуға керемет мүмкіндік.

Аспаптың арзан бағада тұруы, қолданудың оңайлығы оның басты артықшылығы болып тұр. Осы аталған әдіс-тәсілдерді мен іс жүзінде қолданып, көптеген өнер сайыстарында жүлделі орындарға ие болдым. Атап айтқанда, Алматы қаласында «Ғұмырдария» халықаралық байқауында ағаш қасық аспабынан құралған ансамбль дайындап, сол арқылы өнер көрсетіп бас жүлдені иелендік. Сырттай қарапайым болып көрінгенімен, тура осындай мәтінде өнер көрсеткеніміз дүйім жұртқа таң қаларлық жаңалық болды. Себебі тура осындай форматта осы уақытқа дейін өнер көрсеткен ешкім болмаған екен. Сол сәттен бастап ағаш қасықтан құрылған ансамбль аудан, облыс көлеміндегі атаулы деген өнер топтарының қатарына қосылды.

Қорытынды

«Әр бала жарық жұлдыз, жарқырауына жәрдем ет» деген Жүсіп Баласағұнның сөзі мұғалімдер қауымына арналғаны айдан анық екендігін айтқым келеді. Алдында отырған білім алушылардың қабілеттерін шыңдап, білімін арттыру үшін әр мұғалімнің өзіндік психологиялық білімімен қатар, оқытудағы әдіс-тәсілі қатар жүруі тиіс. Мен өзімнің сабақ беру барасындағы тұғырнамам, яғни әдіс-тәсілім ретінде «Сандық форматтағы ноталарды» айта аламын. «Сандық жүйеге» негізделген әдістің жетістіктерге жеткізуі – музыка пәнінің мұғалімдері үшін ортақ әдіске айналуы керектігінің белгісі деп білемін. Сол себептен де өз тәжірибемнен сүрінбей өткен «Сандық жүйе» әдісін аспапта ойнауды үйретудің тиімді жолы ретінде ұсынамын. Қорыта айтқанда, теориялық білімді практикада қолдануды, сабақта теория мен практикаға бірдей мән беруді басты назарда ұстауды дағдыға айналдыратын уақыт келді. Бұл дағды әсіресе әрбір музыка пәні мұғалімінің сабақтағы ұстанымына айналса ұтарымыз сөзсіз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Домбыра ойнау оңай ма? Нәжімеденов Ж. (Қосымша әдістемелік құрал. Жетінші басылым) Алматы: «Өнер» баспасы, 2011. ISBN 978-601-209-054-3 Домбыра үйрену сандық ноталар жинағы авт: Битөре Әмірбекұлы

САБАҚТЫ ЗЕРТТЕУ-ТӘЖІРБЕНІ ЖЕТІЛДІРУДІҢ БАСТЫ КӨЗІ

Кожухметова Замира Рахметкуловна

Ғ. Мұратбаев атындағы гимназиясы, Байзақ ауданы Жамбыл облысы

Егеменді еліміздің алғышарттары өркениетті елдер қатарына көтерілуді міндет етсе, өркениетке жету үшін жан-жақты дамыған, рухани бай тұлғаны өсіруде ұстаздар қауымының алдына жаңа міндеттер қойылып отыр. Сол білім саласындағы міндеттерді жүзеге асыру үшін әр мұғалім күнделікті ізденіс арқылы барлық жаңалықтар мен өзгерістерді өз тәжірибесіне енгізіп отырады. Осы тұста оқушыға сапалы білім беруді мақсат тұтқан мұғалімнің өз сабақтарын оқушының идеясы мен білім-біліктілігін дамытуға ықпал ететін міндеттерге сай ұйымдастырылуын талап етеді. Ол мұғалімнің кәсіби құзыреттілігімен тікелей байланысты. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі — оның жан-жақты білімімен, ұстаздық шеберлігімен, оқытудың жаңа әдістерін меңгерумен өлшенеді. Мұғалім өз кәсіби құзыреттілігін дамыту үшін үнемі ізденіп, сынып деңгейіне, оқушылардың жетістік деңгейіне, қолданатын әдіс-тәсілдеріне тұрақты зерттеу жүргізіп отыру керек.

Сыныптағы және ұжымдық іс-әрекеттегі зерттеулер – сыныпты және мұғалімнің өзін және шәкірттерін жете тануына, мақсат қоя жұмыстану арқылы кәсіби жетілуіне бағыт сілтейтін құралдар десек болады. Білім сапасы – басты көрсеткіш десек, сол білім сапасын арттыру мақсатында қолданылатын түрлі әдіс-тәсілдерді атап көрсетуге болады. Сондай тәсілдердің бірі

- білім кеңістігінде кеңінен танымал жапондық Lesson Study тәсілі. Lesson Study сыныпты зерттеу нысандарының бірі болып табылады. Lesson Study-ге жоспарлау, оқыту, қадағалау, оқыту мен оқуды талдау, өз қорытындыларын тұжырымдап, құжаттауды бірлесіп жүзеге асыратын мұғалімдер тобы қатысады. Lesson Study-дің циклін өткізген соң мұғалімдер педагогикалық тәсілдерді түрлендіріп немесе жетілдіріп, кейіннен ашық Lesson Study, таныстырылым өткізу, баспада жариялау арқылы әріптестеріне таратады.

Бұл құралды жазуда «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 Қаулысы, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022.09.23 № 406 бұйрығындағы өзгерістермен толықтырылған), «Lesson Study: нұсқаулық» Пит Дадли, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығының әдістемелік кеңесі ұсынған мұғалімге арналған нұсқаулық, «Lesson Study: теориясы мен қолдану тәсілдері» басшылыққа алынды. Біздің бұл ұсынғалы отырған көмекші құралдың мақсаты – мектептегі, сыныптағы білім сапасын арттыру, сабақ процесін жақсартуға бағытталған әдіс-тәсілдердің тиімдісін анықтауға бағытталған Lesson Study зерттеуін жүргізуде мұғалімдерге әдістемелік көмек ұсыну.

Әдістемелік ұсынымда Lesson Study зерттеуі, оның жүргізілу барысы мен мақсаты туралы теориялық түсінік беріледі. Практикалық бөлімде мектебімізде өткізілген Lesson Study зерттеуі бойынша өз іс-тәжірибемізбен бөлістік. Жоспарлау, сауалнама жүргізу үлгілерімен, сондай-ақ сыныптағы түрлі деңгейлі оқушыларды таңдап алу, бақылау картасын толтыру, сабақтарды талдау мен оқушылармен сұхбат жүргізу бойынша ұсынбалар берілді. Бұл ұсыным мектеп мұғалімдеріне сыныптағы Lesson Study зерттеуін жүргізуге бағыт-бағдар береді деген ойдамыз.

«Lesson Study» туралы түсінік

Lesson Study -мұғалімдер тәжірибесі саласындағы білімді жетілдіруге бағытталған ынтымақтастық педагогикалық тәсіл. Бұл тәсіл XIX ғасырдың 70-ші жылдарында Жапонияда негізі қаланған. Мұғалімдер жаңа оқыту әдістемесін талқылап, оны нақты сабақтарға бекіте бастады. Соңында бұл үдерістерді Lesson Study деп атады.

Саралау. Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз қабілетті оқушылардың алдына қандай тапсырмалар қоясыз?	Бағалау. Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?	Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау	
«Диалог және қолдау көрсету», «Тапсырма», «Жіктеу». Саралау тапсырмаларды іріктеуді, белгілі бір оқушыдан күтілетін нәтижені, оқушыға жеке қолдау көрсетуде, оқу материалы мен ресурстарды оқушылардың жеке қабілеттерін ескере отырып әзірлеуді қамтиды.	«Мадақтау сөз» әдісі. 1-10 баллдық жүйе бойынша бағаланады.	Денсаулық сақтау технологиялары. Сабақта сергіту жаттығулары мен белсенді жұмыс түрлерін қолданамын. Осы сабақта қолданылатын Қауіпсіздік техникасы ережелерінің тармақтары орындалады.	
<p>Жалпы бағалау</p> <p>Сабақтың қандай екі аспектісі жақсы өтті? Оқыту туралы да, сабақ беру туралы да ойланыңыз.</p> <p>1:</p> <p>2:</p> <p>Сабақты жақсартуға не жәрдемдесер еді? Оқытутуралы да, сабақ беру туралы да ойланыңыз.</p> <p>1:</p> <p>2:</p> <p>Сабақкезінде, сыныпнемесежекелегеноқушылардыңжетістіктері/қиыншылықтарытуралы мен неніанықтадым? Келесісабақтарда неге назараудару керек?</p> <p>1:</p> <p>2:</p>			





1. 3D баспа деген не?



2. 3D баспа қайда қолданылады?



3. Модельдеу дегеніміз не?

5. Модификациялау құралдары?

4. Программда қандай ыдыстар жасауға болады?

6. Редакторлаудың басқа құралдары қандай?

ТОПТЫҚ ЖҰМЫС

Әр топ өз тақырыбы бойынша топ ішінде ақылдасып, өз ойларын, нақты ақпаратты плакатқа түсіреді. Топтар арасында бір-біріне түсіндіру жұмыстары жүреді.



- [Текст] • Сабақтың тақырыбы:
- [Текст] • IDE-мен танысу
- [Текст] • Сабақтың мақсаты:
 - 6.1.2.2. IDE интерфейсінің мүмкіндіктерін қолдану.

<https://youtu.be/nHLxpHDDU4>

Алгоритм – алға қойған мақсатқа жету үшін орындалатын іс-әрекеттердің тізбектеліп орындалуы

Алгоритм жазу түрлері: табиғи тілде, алгоритмдік тілде, графикалық жолмен, программалық тілде

Программа құрудың кіріктірілетін ортасы
IDE – программалаушыға программалық жасақтаманы дамытуға жағдай жасайтын қосымша

Программа құрудың ортасы және Python тілінде оқиты IDE – программалаушыға программалық жасақтама құруға көмек беретін программалық қосымша

КОМПЬЮТЕРМЕН ЖҰМЫС

жәкә жұмыс

Python терезесін пайдаланып ең алғашқы программаны жазайық. Бұл программалық тіл қазақ әңгілелерін оқығандықтан, алтын әңгілелерін пайдаланамыз. Әрине ең алғашқы тақырыпқа көлемдірек басталатын сияқты, бізде қарапайым салмақсыз программасын жазайық.

Print функциясы экранға нәтиже шығару үшін қолданылады

RESTART: C:/Users/Python/AppData/Local/Programs/Python/Python38-Shell/Python38-Shell.exe

Salem Kazakhstan!

Сәйкестендіру тапсырма:

Алгоритм дегеніміз не?	Python ең көп таралған программалау тілі.
Программада жаңа терезе ашу үшін қандай қадамдарды орындау керек?	алға қойған мақсатқа жету үшін орындالاتын іс-әрекеттердің тізбектеліп орындалуы
Python программалау тілі дегеніміз не?	Программада жаңа терезе ашу үшін IDE ашып, мезгілден File New File таңдау керек.
Print функциясы қандай қызмет атқарады?	Print функциясы экранға нәтиже шығару үшін қолданылады

<https://wordwall.net/ru/create/edit/content?id=825f730e4a43a59d851668e9d8e796>

КОМПЬЮТЕРМЕН ЖҰМЫС №1

жеке/топтық жұмыс

I-топ «Гвидо ван Россум»
I. Тапсырма. Python тілінде есептеп шығарындар

```
print (25+15*2)
print (60+33*3)
print (30+50*2)
```

II-топ. «Әль-Хорезми»
I. Тапсырма. Python тілінде есептеп шығарындар

```
print (65+8*2)
print (40+30*3)
print (15+15*2)
```



Дескриптор:
• Берілген есептерді Python тілінде шығарады.
• Нәтижесін экранға шығарады.



ҮІ тапсырмасы

Дәптерге математикалық өрнектер құрастырып келіңдер. Алынған нәтижелерді Python тілінде тексеріңдер.

ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ-САПАЛЫ БІЛІМ КӨЗІ

Жунисова Айгуль Кудиярбековна

№57 орта мектебі, Тараз қ.

«Білім беру-білімділік, оны толықтыру-дәлелділік, ал шебер қолдана білу-өнер»
Б.Спиноза

Жамбыл облысы, Тараз қаласы
№57 орта мектебінің
Бастауыш сынып мұғалімі
Жунисова Айгуль Кудиярбековна

ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕН ТАҚЫРЫБЫ:
ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ-САПАЛЫ БІЛІМ КӨЗІ

«Технология» термині гректің *techné*-өнер, шеберлік, кәсіп және *logos*-ғылым, білім деген сөздерінен шыққан. Технология-өнім алу үшін керекті материалды өңдеу әдістері мен шығаруға керекті үрдіс. Кез келген технологияның белгілі бөлігі-түпкі нәтижелі мұқият анықтау және оған жету.

1. Технологияның тиімді қолданғанда, түпкі нәтиже дәл анықталады.
2. Мақсат дұрыс нәтижеге сәй құрастырылғаннан, өнім жету үшін істелетін жәрмеңгесімен нәтижесі объективтік әдістер арқылы тексеріледі.
3. Мұғалім дұрыс нәтижеге оқыту үрдісін жүзеге асыра алмайды.
4. Технологияда білім алушылардың оқу іс-әрекетінің түрлері және мұқият көрсетілген жұба жасалады. Ол мұғалім сабақ жоспарында өңше жасайды, сабақта білім алушылардың іс-әрекеті де түрліше ұйымдастырылады.

Жаңа технологияның басты мақсаттарының бірі-білім алушына оқыта отырып, оның еркіндігін, белсенділігін қалыптастыру, өз бетіше шешім қабылдауға дағдыландыру. Осындай оқыту технологияларының бірі «Сатылай кешенді талдау» технологиясы.



Жүйелік ұқсастық сатылай кешенді талдау технологиясында ерекше орын алады. Оқулықта берілген материалдардың жүйесі сақтала отырып, тіл білімінің әр саласына негізделіп жасалған сыба бойынша тілдік қатынастың айтылым, жазылым әрекеті арқылы талдау үлгілері беріледі. Сол жүйені бастапқыға ала отырып, білім алушы тіл білімінен өтілген материалдарды жүйелі оқытады, сауатты жазуға, жүйелі талдауға да дағдыланады.

Фонетикалық талдауға төмендегі шартты белгілер басшылыққа алынады (1 - сыба)

●	-жалпы дыбыс
○	- дурысты дыбыс
○	- дурыссыз дыбыс
○	-жөк деген белгі
U	-қосудың белгісі
○	-бөлімнің белгісі
○	-дурысты дыбыс
U	-дурыссыз дыбыс
U	-шық буын
U	-тұтқиыл буын
U	-бітеу буын

Дата

- Бұл сөз айтылу, жазу және жолдарына қарай – **жауап буында** сөз. Себебі сөздің құрамындағы дыбыстық дыбыстар жауап дыбыстары.
- Бұл сөз **да** – да бөлініп өзі буынға бөлінеді. Себебі сөздің құрамында екі дыбыстық дыбыс бар. **Да** – да буындары **шық буындар**. Себебі буындар дыбыссыз дыбыстардан бөлініп, дыбыстың аяқталған тұр.
- Бұл сөз: **Да** – да бөлініп бір жолдан тасымалданады. Себебі сөз екі буыннан тұр және сөз буын жігіне сәйкес тасымалданады.

«Кісінің бойындағы үйрену құрылысын өткізген адам, ең жақсы мұғалім А.Фердинанд»

Мектеп жеткіншігі және мектеп технологиямен кездесу

Ата-аналармен жұмыс

Білім алушылардың дағдыларын, жұмыс, және жұмыс түрлерін

Сатылай кешенді талдау технологиясын тиімді қолдану арқылы қандай нәтижеге жетуге болады?

Өз тәжірибемде:

- Білім алушылар сауатты сойлеуге, сауатты талдауға, сауатты жазуға үйренді;
- Бір-бірін сыйлауға, басқалардың пікірін, идеясын тыңдауға қалыптасты;
- Сыныпта ынталық атмосфера орнады;
- Өз ойларын шаршы төңірде айтып біледі;
- Пән бойынша нақты теориялық білім қалыптастыра бастады.
- Пән бойынша білім сапасы артып, жеке жұмыстарда (мазмұндама, шығарма, диктант) жазуға қатері жіберу азая бастады.


Қорыта айтқанда, бастауыш сыныпта қазақ тілі оқу пәнін меңгеруде сондай – ақ, сөйлеу әрекетінің түрлерін тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын дамыту арқылы тіл туралы бастапқы білімді меңгерту және оның тілдік нормаларын сақтай отырып оқу әрекеті мен күнделікті өмірде қолдануға сатылай кешенді талдау технологиясын тиімді пайдалану, білім сапасының артуына үлкен әсерін тигізеді.

Сатылай кешенді талдау технологиясы тек қана білімді белгілі бір көлемде беріп, қажетті шеберлік пен дағдыны қалыптастырумен ғана шектелмейтін, сонымен қатар қазіргі қоғамда белең алып келе жатқан «Акалькулия», «Дискалькулия», «Дислексия», «Дисграфия» атты диагноз қойылған балалардың да сөйлеу тілінің, жалпы тұлғалық дамуына, ойлау, есте сақтау, қиялдау, елестету сияқты басқа да танымдық-психологиялық қасиеттерінің жақсы үйлесімді дамуына бағытталған оқытудың түрі.

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ПӘНІНЕН 11-СЫНЫПҚА АРНАЛҒАН БӨЛІМ БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ ТАПСЫРМАЛАРЫНЫҢ ЖИЫНТЫҒЫ

Мұхадас Анара Мұхадасқызы

Б. Момышұлы атындағы №45 қазақ классикалық гимназиясы, Тараз қ.



ТҮСІНІК ХАТ

Жинақ «Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына», «Оқу бағдарламасына», «Оқу жоспарына, «Негізгі орта және жалпы орта білім беретін мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулыққа», «Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар жинағы», «Жиынтық бағалауға арналған әдістемелік ұсыныстарға» негізделіп дайындалған.

Бүгінгі күні республикамызда білім беру жүйесінің түбегейлі өзгеріске ұшырауы анықталғаны баршамызға аян. Оның негізгі факторы жаһандану үрдісіндегі білім беру саласында жаңа модельдердің дүниеге келуі, білім беру үрдісінің ақпараттандырылуы болып табылады. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» — деген бүгінгі тәуелсіз мемлекетіміздің ертеңі біз тәрбиелеп отырған жас ұрпақтың меңгерген біліміне, алған тәжірибесіне байланысты. Білім алушылардың танымдық көзқарасын байыту ақыл-ой қабілетін жетілдіру, өзіндік ойлау және өмірлік ұстанымын қалыптастырып білім сапасын арттыру қажет. Ал білім сапасы оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау арқылы белгіленеді, яғни бағалау - білім сапасын басқарудың негізгі критерийі.

Қазіргі кезде жалпы білім беретін мектептердегі Қазақстан тарихы пәнінің оқу бағдарламасы Назарбаев зияткерлік мектептерінің оқу бағдарламасына негізделіп, жаңартылуда. Жаңартылған оқу бағдарламасы оқушының іс-әрекетіне, күнделікті өмірде қажетіне жарата білуіне қарай бағытталған, сондай-ақ күнделікті өмірмен сабақтасады.

Осы бағдарлама аясында жиынтық бағалауға арналған әдістемелік құрал мұғалімге, 11-сынып білім алушыларына, «Қазақстан тарихы» пәні бойынша жиынтық бағалауды жоспарлау, ұйымдастыру және өткізуге көмек құралы ретінде құрастырылған. Жиынтық бағалауға арналған әдістемелік құралда оқу бағдарламасы мен әдістемелік нұсқаулық, тоқсан сайынғы оқу мақсаттары басшылыққа алынған. Оқу мақсаттарындағы тарихи оқиғалардың себеп-салдарын анықтау, салыстыру, талдау және бағалау сияқты күрделі тапсырмаларға басымдық берілген.

1-тоқсанда «Өркениеттің даму ерекшеліктері» бөлімі, 2-тоқсанда «Саяси-құқықтық процестер» бөлімі, 3-тоқсанда «Қоғамдық-саяси ойдың дамуы» бөлімі, 4-тоқсан бойынша «Білім мен ғылымның дамуы» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың тапсырмалары білім алушының деңгейін ескере отырып 2 нұсқада құрастырылған.

Бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалаудың тапсырмалары мұғалімге білім алушының тоқсан бойынша жоспарланған оқу мақсаттарына жету деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, жиынтық бағалауды өткізуге арналған бағалау критерийлері мен дескрипторлары бар тапсырмалар, жинақта білім алушылардың оқу жетістіктерінің мүмкін деңгейлері (рубрикалар) сипатталған.

Көмекші құралды дайындау барысында ресурстар (суреттер, мәтіндер т.б.) қолжетімді ресми интернет-сайттардан алынды.

I ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

«Өркениеттің даму ерекшеліктері» бөлімі бойынша жиынтық бағалау I нұсқа

Тақырып: Қазақстанда көшпелі мал шаруашылығы және егіншіліктің дамуы. Қолөнер мен кәсіптер. XX ғасырдағы Қазақстан экономикасының дамуы

Оқу мақсаты: 11.1.1.1 Қазақстан халқының тіршілікті қамтамасыз ету жүйесінің қалыптасуына және дамуына табиғи-географиялық факторлардың әсерін зерттеу
 11.1.1.3 Картаны пайдаланып дәстүрлі шаруашылық қызмет түрлерін жіктеу;
 11.1.3.4 Этнографиялық материалдардың негізінде қазақтарда қолөнер мен кәсіптердің дамуын сипаттау;
 11.1.3.2 XX ғасырда Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық даму бағыттарын анықтаған факторларды талдау

Бағалау критерийі

Білім алушы

- Тіршілік жүйесінің дамуына табиғи-географиялық факторлардың әсерін зерттейді
- Дәстүрлі шаруашылық түрлерін картада көрсетеді
- Қолөнер мен кәсіптің дамуына сипаттама береді
- Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына бағытталған факторларды анықтап, талдайды

Ойлау дағдыларының деңгейлері: Білу және түсіну, Қолдану, Жоғары деңгей дағдылары

Орындау уақыты 20 минут

Тапсырма.

1.Көшпелі малшаруашылығының қалыптасу себептерін анықтап, қорытынды ой жазыңыз:

1 себеп	
2 себеп	
3 себеп	
Қорытынды ой:	

2.Картаны қолдана отырып ерте темір дәуіріндегі малшаруашылығы, қала мәдениеті, егіншілік және қолөнер кәсібі дамыған аймақты көрсетіңіз:

3.Дәстүрлі қолөнер түрлерінің ерекшелігі мен ортақ белгілерін сипаттаңыз:

«әйелдер қолөнері»	Ортақ белгілері:	«ерлер қолөнері»
		

4. Суреттерді қолдана отырып, Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық даму бағыттарын анықтаған факторларын талдаңыз:



Экономикалық факторлар	Әлеуметтік факторлар

Бағалау критерийлері I нұсқа

Бағалау критерийлері	Тапсырма №	Дескрипторлар	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Қазақстан халқының тіршілік жүйесінің дамуына табиғи-географиялық факторлардың әсерін зерттейді	1	Көшпелі малшаруашылығының қалыптасуына әсер еткен 1-себепін анықтайды;	1
		Көшпелі малшаруашылығының қалыптасуына әсер еткен 2-себепін анықтайды;	1
		Көшпелі малшаруашылығының қалыптасуына әсер еткен 3-себепін анықтайды;	1
		Көшпелі малшаруашылығының қалыптасуына қорытынды ой жазады;	1
Дәстүрлі шаруашылық түрлерін картада көрсетеді		көшпелі мал шаруашылығы дамыған аймақты белгілейді;	1
		қала мәдениеті дамыған аймақты белгілейді;	1

	2	егіншілік дамыған аймақты белгілейді;	1
		қолөнер кәсібі дамыған аймақты белгілейді;	1
Қолөнер мен кәсіптің дамуына сипаттама береді	3	әйелдер қолөнерінің ерекшелігін сипаттайды;	1
		ерлер қолөнерінің ерекшелігін сипаттайды;	1
		екеуінің ортақ қасиетін сипаттайды;	1
Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына бағытталған факторларды анықтап, талдайды	4	Қазақстанның экономикалық дамуына бағытталған факторларды анықтайды;	1
		Қазақстанның әлеуметтік дамуына бағытталған факторларды анықтайды.	1
Жалпы балл			13

I ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

«Өркениеттің даму ерекшеліктері» бөлімі бойынша жиынтық бағалау II нұсқа

Тақырып: Қазақстанда көшпелі мал шаруашылығы және егіншіліктің дамуы. Қолөнер мен кәсіптер. XX ғасырдағы Қазақстан экономикасының дамуы

Оқу мақсаты: 11.1.1.1 Қазақстан халқының тіршілікті қамтамасыз ету

жүйесінің қалыптасуына және дамуына табиғи-географиялық факторлардың әсерін зерттеу

11.1.1.3 Картаны пайдаланып дәстүрлі шаруашылық қызмет түрлерін жіктеу;

11.1.3.4 Этнографиялық материалдардың негізінде қазақтарда қолөнер мен кәсіптердің дамуын сипаттау;

11.1.3.2 XX ғасырда Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық даму бағыттарын анықтаған факторларды талдау

Бағалау критерийі

Білім алушы


- Тіршілік жүйесінің дамуына табиғи-географиялық факторлардың әсерін зерттейді
- Дәстүрлі шаруашылық түрлерін картада көрсетеді
- Қолөнер мен кәсіптің дамуына сипаттама береді
- Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына бағытталған факторларды анықтап, талдайды

Ойлау дағдыларының деңгейлері: Білу және түсіну, Қолдану, Жоғары деңгей дағдылары

Орындау уақыты 20 минут

Тапсырма.

1. Суреттерді қолдана отырып, қазақ халқының тіршілігін қамтамасыз ету факторларына талдау жасаңыз:



Географиялық факторлар:

1. _____
2. _____

Тарихи факторлар:

1. _____
2. _____

2.Картаны пайдалана отырып,Ұлы Жібек жолының негізгі бағытындағы Қазақстан қалаларын көрсетіңіз:



3.Кілт сөдерді пайдаланып,қазақ халқының дәстүрлі қолөнері мен кәсібін сипаттаңыз:

Кілт сөздер: тас қашау, түрлі бұйымдар, ағаш өңдеу, сырға, шапан, темір ұсталар, ат әбзелдері, білезік, сырмақ, күміс, алтын, киіз.

Қолөнер мен кәсіп түрлері	Сипаттама
Ұсталық	
Зергерлік	
Тігінші	

4. XX ғасырдағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық даму бағыттарын анықтаған факторлары қалыптасуына екі мысал келтіре отырып, талдаңыз:

1-мысал _____

2-мысал _____

Бағалау критерийлері II нұсқа

Бағалау критерийлері	Тапсырма №	Дескрипторлар	Балл
		Білім алушы	
Қазақстан халқының тіршілік жүйесінің дамуына табиғи-географиялық факторлардың әсерін зерттейді	1	қазақ халқының тіршілігін қамтамасыз етуге әсер еткен 1-географиялық факторды анықтайды;	1
		қазақ халқының тіршілігін қамтамасыз етуге әсер еткен 2-географиялық факторды анықтайды;	1
		қазақ халқының тіршілігін қамтамасыз етуге әсер еткен 1-тарихи факторды анықтайды;	1
		қазақ халқының тіршілігін қамтамасыз етуге әсер еткен 2-тарихи факторды анықтайды;	1
Дәстүрлі шаруашылық түрлерін картада көрсетеді	2	қазақ халқының тіршілігін қамтамасыз етуге әсер еткен 2-тарихи факторды анықтайды;	1
		Ұлы Жібек жолының негізгі бағытындағы Қазақстан 1-қаланы көрсетеді;	1
		Ұлы Жібек жолының негізгі бағытындағы Қазақстан 2-қаланы көрсетеді;	1
		Ұлы Жібек жолының негізгі бағытындағы Қазақстан 3-қаланы көрсетеді;	1
Қолөнер мен кәсіптің дамуына сипаттама береді	3	Ұсталық кәсіпті сипаттайды;	1
		Зергерлік кәсіпті сипаттайды;	1
		Тігіншілік кәсіпті сипаттайды;	1
Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына бағытталған факторларды анықтап, талдайды	4	экономикалық дамуына бағытталған факторлардың 1-мысалын анықтайды;	1
		әлеуметтік дамуына бағытталған факторлардың 2-мысалын анықтайды.	1
Жалпы балл			13

«Өркениеттің даму ерекшеліктері» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика

Білім алушының аты-жөні

Бағалау критерийлері	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
	Төмен	Орта	Жоғары
Тіршілік дамуына географиялық факторлардың әсерін зерттейді	қазақ халқының тіршілігін қамтамасыз етуге әсер еткен 1/2 географиялық/тарихи факторды анықтауда қиналады <input type="checkbox"/>	қазақ халқының тіршілігін қамтамасыз етуге әсер еткен 1/2 географиялық/тарихи факторды анықтауда қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	қазақ халқының тіршілігін қамтамасыз етуге әсер еткен 1/2 географиялық/тарихи факторды анықтайды <input type="checkbox"/>
Дәстүрлі шаруашылық түрлерін картада көрсетеді	Картада көшпелі мал шаруашылығы, жартылай көшпелі мал шаруашылығы және отырықшы, жартылай отырықшы шаруашылықтың дамыған аймақтарын белгілеуде қиналады <input type="checkbox"/>	Картада көшпелі мал шаруашылығы дамыған аймағын, жартылай көшпелі мал шаруашылығы дамыған аймағын және отырықшы шаруашылық дамыған аймағы мен жартылай отырықшы шаруашылықтың дамыған аймағын белгілеуде қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	Картада көшпелі мал шаруашылығы, жартылай көшпелі мал шаруашылығы және отырықшы, жартылай отырықшы шаруашылықтың дамыған аймақтарын белгілейді <input type="checkbox"/>
Қолөнер мен кәсіптің дамуына сипаттама береді	Ұсталық, зергерлік, тігіншілік кәсіпті сипаттауда қиналады <input type="checkbox"/>	Ұсталық, зергерлік, тігіншілік кәсіпті сипаттауда қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	Ұсталық, зергерлік, тігіншілік кәсіпті сипаттайды <input type="checkbox"/>
Көшпелі және отырықшы халықтың мәдени өзара әсерін анықтайды	Қазақстанның экономикалық/әлеуметтік дамуына бағытталған факторларды анықтауда қиналады <input type="checkbox"/>	Қазақстанның экономикалық/әлеуметтік дамуына бағытталған факторларды анықтауда қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	Қазақстанның экономикалық/әлеуметтік дамуына бағытталған факторларды анықтайды <input type="checkbox"/>

II ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

«Саяси -құқықтық процестер» бөлімі бойынша жиынтық бағалау I нұсқа

Тақырып: Қазақстан халқының моноэтникалық құрамының өзгеруі (XVIII ғасыр- XXғасырдың басы). Кеңестік кезеңде Қазақстанда полиэтникалық қоғамның қалыптасуы.

Оқу мақсаты:

11.2.1.2 Қазақстан аумағындағы халықтың этникалық құрамының өзгеру кезеңдерін зерттеу

11.2.1.3 Қазақстанның этникалық құрамының өзгеру үрдісін түсіндіру үшін «депортация», «арнайы қоныс аударылғандар», «полиэтникалық қоғам», «ұлттық саясат», «интернационализм» ұғымдарын пайдалану

Бағалау критерийі: Білім алушы


- Қазақстан аумағындағы халықтың этникалық құрамының өзгеру кезеңдеріне зерттеу жүргізеді
- «Депортация», «арнайы қоныс аударылғандар», «полиэтникалық қоғам», «ұлттық саясат», «интернационализм» ұғымдарын пайдаланып Қазақстанның этникалық құрамының өзгеру үрдісін түсіндіреді

Ойлау дағдыларының деңгейлері: Білу және түсіну, Қолдану, Жоғары деңгей дағдылары

Орындау уақыты 20 минут

Тапсырма

1. Суреттерді пайдаланып XVIII – XX ғасырдың басындағы Қазақстан халықтарының этникалық құрамының өзгеруін зерттеңіз.



<i>Жағымды өзгерістер</i>	<i>Жағымсыз өзгерістер</i>
<i>Қорытынды ой</i>	

2. PEST талдау әдісін қолдана отырып, XX ғасырдың басындағы саясаттың қазақтардың этникалық

құрамына әсерін талдаңыз.

P (саяси) -

E (экономикалық)-

S (әлеуметтік)-

T (техникалық)-

3. Ұғымдардың мағынасын түсіндіріңіз.

«Депортация»

«Арнайы қоныс аударылғандар»

«Полиэтникалық қоғам»

«Интернационализм»

Бағалау критерийлері 1 нұсқа

Бағалау критерийлері	Тапсырма №	Дескрипторлар	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Қазақстан аумағындағы халықтың этникалық құрамының өзгеру кезеңдеріне зерттеу жүргізеді	1	Қазақ халқының этникалық құрамының өзгеруінің жағымды жағын жазады;	1
		Қазақ халқының этникалық құрамының өзгеруінің жағымсыз жағын жазады; жазады;	1
		Қазақстан халықтарының этникалық құрамының өзгеруіне қорытынды ой жазады;	1
	2	Қазақ халқының этникалық құрамының өзгерісінің экономикалық жағын талдайды;	1
		Қазақ халқының этникалық құрамының өзгерісінің әлеуметтік жағын талдайды;	1
		Қазақ халқының этникалық құрамының өзгерісінің саяси жағын талдайды;	1
		Қазақ халқының этникалық құрамының өзгерісінің мәдени жағын талдайды;	1

«Депортация», «арнайы қонысаударылғандар», «полиэтникалық қоғам», «ұлттық саясат», «интернационализм» ұғымдарын пайдаланып Қазақстанның этникалық құрамының өзгеру үрдісін түсіндіреді	3	«арнайы қонысаударылғандар» ұғымын түсіндіреді;	1
		«полиэтникалық қоғам» ұғымын түсіндіреді;	1
		«депортация» ұғымын түсіндіреді;	1
		«интернационализм» ұғымын түсіндіреді.	1
Жалпы балл			11

II ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР «Саяси -құқықтық процестер» бөлімі бойынша жиынтық бағалау II нұсқа

Тақырып: Қазақстан халқының моноэтникалық құрамының өзгеруі (XVIII ғасыр- XXғасырдың басы).Кеңестік кезеңде Қазақстанда полиэтникалық қоғамның қалыптасуы.

Оқу мақсаты:

- 11.2.1.2 Қазақстан аумағындағы халықтың этникалық құрамының өзгеру кезеңдерін зерттеу
11.2.1.3 Қазақстанның этникалық құрамының өзгеру үрдісін түсіндіру үшін «депортация», «арнайы қоныс аударылғандар», «полиэтникалық қоғам», «ұлттық саясат», «интернационализм» ұғымдарын пайдалану

Бағалау критерийі: *Білім алушы*

- Қазақстан аумағындағы халықтың этникалық құрамының өзгеру кезеңдеріне зерттеу жүргізеді
- «Депортация», «арнайы қоныс аударылғандар», «полиэтникалық қоғам», «ұлттық саясат», «интернационализм» ұғымдарын пайдаланып Қазақстанның этникалық құрамының өзгеру үрдісін түсіндіреді

Ойлау дағдыларының деңгейлері: Білу және түсіну, Қолдану, Жоғары деңгей дағдылары

Орындау уақыты 20 минут

Тапсырма

1. Мәтіндегі қосымша ақпаратты пайдаланып XVIII – XX ғасырдың басындағы Қазақстан халықтарының этникалық құрамының өзгеруін ПТМС әдісі арқылы зерттеңіз.

Бүгінгі мемлекеттердің басым көпшілігінің халқы көпұлтты сипатқа ие. Ресей империясының құрамында болған кезеңде және Қазақстанда жүргізген саяси-әкімшілік реформалары барысында алғаш рет қазақ халқының құрамында үлкен өзгерістер басталды. Қазақ халқының ұлттық құрамы моноэтникалық тұтастықтан полиэтникалық сипатқа ие болды. Халық саны жайлы мәліметтер салық мөлшерін, жер иелігі мен жерді пайдалану жүйесін айқындау үшін қажет еді.

XIX ғ. 60-жылдарынан бастап Қазақ жеріне орыс шаруаларын қоныс аудару ісі қолға алынды. Бұл шаралар жүйелі түрде жүзеге асырылды. Орыс және украин шаруаларын Қазақстанның барлық облыстарына қоныстандыру XIX ғ. 70-жылдары қарқын алып, ғасыр соңына қарай ол жаппай сипатқа ие болды. Осы кезеңнен бастап Қазақстанда құрылған облыстардағы халықтың этникалық құрамы әртүрлі болып қалыптаса бастады. Мысалы, Қазақ жерінің батысындағы Орынбор қазақтары облысында, Бөкей Ордасында, Орал казак әскерінде қазақтардан басқа орыстар, татарлар, қалмақтар, армяндар, башқұрттар, түркімендер, өзбектер, еврейлер өмір сүрді. Ал Сібір қазақтары облысында (Қазақ жерінің солтүстік, солтүстік-шығыс, орталық аумақтары) орыстар, поляктар, татарлар, башқұрттар, өзбектер, қырғыздар және т.б. қоныстанды.

1886 жылы Түркістан өлкесінде қоныс аударушыларды орналастыру тәртібі туралы ереже қабылданды. Ресейден шаруаларды қоныс аудару тиісінше қазақ жерін тартып алу арқылы жүзеге асырылды. 1885–1893 жылдары Ақмола және Семей облысындағы қазақтардың иелігінен 284,843десятина құнарлы жер тартып алынды. Қоныс аудару тасқыны, әсіресе, Жетісу облысына күшті болды. 1868–1880 жылдар аралығында бұл облысқа 3,324 шаруа отбасы көшіп келген.

Патша үкіметінің жоспарлы жүргізілген қоныс аудару саясаты нәтижесінде 1897 жылғы санақ есебі бойынша Далалық өлкеде қазақтар – 77%, орыстардың үлес салмағы 20%, басқа ұлт өкілдерінің барлығын қоса есептегенде – 3%-ды құрады.

Қазақстанның этникалық құрылымының өзгеруіне патша үкіметінің революцияшыл пиғылдағы азаматтарды жер аудару саясаты да өз әсерін тигізген еді. Дегенмен, ол демографиялық ахуалды қалыптастырудағы шешуші фактор

болмаса да, Қазақ жерінде мұндай фактілер орын алғандығы белгілі. Мәселен, XIX ғ. 30-жылдарында Қазақ жері Ресей езгісіне қарсы Польшадағы көтеріліске қатысушылардың саяси қоныс аудару аймағына айналды. I дүниежүзілік соғыс қарсаңында Қазақстанда 60-қа жуық ұлттың өкілдері өмір сүрді. Олардың қатарында орыстар мен украиндардан басқа: татарлар, ұйғырлар, өзбектер, башқұрттар, немістер, поляктар, дүнгендер, еврейлер, тәжіктер, молдовандар және т.б. бар-тын.

Позиция: XVIII – XX ғасырдың басындағы Қазақстан халықтарының этникалық құрамының өзгеруін дұрыс немесе дұрыс емес

Түсіндіру

.....

.....

Мысал

.....

.....

Салдары

.....

2. XX ғасырдың басындағы саясаттың қазақтардың этникалық құрамына әсерін сипаттап, кестені толтырыңыз.

Салалар	Өзгерістер
Әлеуметтік	
Экономикалық	
Саяси	
Мәдени	

3. Ұғымдардың мағынасын түсіндіріңіз.

«Демография»

«Диаспора».....

.....

«Полиэтникалық қоғам»

.....

«Этникалық қауымдастық»

.....

.....

Бағалау критерийлері 2 нұсқа

Бағалау критерийлері	Тапсырма №	Дескрипторлар	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Қазақстан аумағындағы халықтың этникалық құрамының өзгеру кезеңдеріне зерттеу жүргізеді	1	Қазақстан халықтарының этникалық құрамының өзгеруін түсіндіреді;	1
		Қазақстан халықтарының этникалық құрамының өзгеруіне мысал келтіреді;	1
		Қазақстан халықтарының этникалық құрамының өзгеруінің салдарын көрсетеді;	1
	2	Қазақ халқының этникалық құрамының өзгерісінің саяси жағын талдайды;	1
		Қазақ халқының этникалық құрамының өзгерісінің экономикалық жағын талдайды;	1
		Қазақ халқының этникалық құрамының өзгерісінің әлеуметтік жағын талдайды;	1
		Қазақ халқының этникалық құрамының өзгерісінің техникалық жағын талдайды;	1
	«Депортация», «арнайы қонысаударылған дар», «полиэтникалық қоғам», «ұлттық саясат», «интернационализм» ұғымдарын пайдаланып Қазақстанның этникалық құрамының өзгеру үрдісін түсіндіреді	3	«демография» ұғымын түсіндіреді;
«диаспора» ұғымын түсіндіреді;			1
«полиэтникалық қоғам» ұғымын түсіндіреді;			1
«этникалық қауымдастық» ұғымын түсіндіреді.			1
Жалпы балл			11

«Саяси -құқықтық процестер» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика

Бағалау критерийлері	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
	Т ө м е н	О р т а	Жоғары
Қазақстан аумағын дағыхалықтың этникалық құрамының өзгеру кезеңдеріне зерттеу жүргізеді	Орыс қоныстанушыларының бастапқы кезеңінің себебін жазуда, ұйғыр және дүнгендерді қоныстандыру себебін жазуда, Қазақстан халықтарының этникалық құрамының өзгеруінің салдарын дәлелдеуде қиналады <input type="checkbox"/>	Орыс қоныстанушыларының бастапқы кезеңінің себебін жазуда, ұйғыр және дүнгендерді қоныстандыру себебін жазуда, Қазақстан халықтарының этникалық құрамының өзгеруінің салдарын дәлелдеуде қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	Орыс қоныстанушыларының бастапқы кезеңінің себебін жазуда, ұйғыр және дүнгендерді қоныстандыру себебін жазуда, Қазақстан халықтарының этникалық құрамының өзгеруінің салдарын дәлелдейді, талдайды <input type="checkbox"/>
	1897-1920 жылдары қазақ халқының санының кему 1/2 себебін талдауда және автохтонды халықтың азаюының зардабына 1/2 аргумент келтіруде қиналады <input type="checkbox"/>	1897-1920 жылдары қазақ халқының санының кему 1/2 себебін талдауда және автохтонды халықтың азаюының зардабына 1/2 аргумент келтіруде қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	1897-1920 жылдары қазақ халқының санының кему себебін талдайды және автохтонды халықтың азаюының зардабына аргумент келтіреді <input type="checkbox"/>

<p>«Депортация», найықоныс аударылғандар», «политникалық ам», «ұлттық ат», «интернационализм» ұғымдарын пайдала ныпҚазақстанның этникал ыққұрамының өзгеру үрдісін түсіндіреді</p>	<p>«ар қоғ саяс</p> <p>«Депортация», «арнайықоныс аударылғандар», «политникалық қоғам», «интернационализм» ұғымдарын түсіндіруге қиналады <input type="checkbox"/></p>	<p>«Депортация», «арнайықоныс аударылғандар», «политникалық қоғам», «интернационализм» мдарын түсіндіруде қателіктер жібереді <input type="checkbox"/></p> <p>ұғы</p>	<p>«Депортация», «арнайы қоныс аударылғандар», «политникалық қоғам», «интернационализм» ұғымдарын түсіндіреді <input type="checkbox"/></p>
--	--	---	--

Білім алушының аты-жөні _____

ІІІ ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

Қоғамдық-саяси ойдың дамуы» бөлімі бойынша жиынтық бағалау І нұсқа

Тақырып	Қоғамдық-саяси ойдың бастауы және дамуы Қазақ хандығы дәуіріндегі қоғамдық-саяси ойдың дамуы «Зарзаман» ағымы өкілдерінің идеологиялық құндылықтары «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының тарихи негізі
Оқу мақсаты	Ежелгі және ортағасырлық Қазақстанның тарихитұлғаларының қоғамдық-саяси идеяларын анықтау Қазақстандағы қоғамдық-саяси ойдың дамуынатарихи қайраткерлердің қосқан үлесін бағалау 11.3.1.4 Қазақ ұлттық мемлекеттілігінің тарихи тағдырытуралы «Зар-заман» өкілдерінің идеяларын түсіндіру 11.3.3.1 «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының тарихинегіздерін анықтау
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none"> • Тарихи тұлғаларының қоғамдық-саяси бағыттағыойларын анықтайды • Қоғамдық-саяси ойдың дамуына тарихи қайраткерлердің қосқан үлесін бағалайды • «Зар-заман» өкілдерінің идеяларын түсіндіреді • «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының тарихи негіздерін ашады
Ойлау дағдыларының деңгейлері	Білу және түсінуҚолдану Жоғары деңгей дағдылары
Орындау уақыты	20 минут

Тапсырма.

1. Суреттерге қарап ғалымдардың қоғам туралы ойларын анықтаңыз:

<i>Ғұламалар</i>	<i>Қоғам туралы ойы</i>
Ахмет Яссауи	
Әл -Фараби	
Жүсіп Баласағұн	
Ғалымдардың еңбектеріндегі ортақ идея	



2. Қазақ хандығы кезіндегі тарихи тұлғалардың қоғамға сіңірген еңбегін бағалаңыз.

Дерек. Ел тағдырын өз тағдырынан биік қойған, ұлтының тұтастығын, жерінің бүтіндігін мұрат еткен қазақ батырлары қазақ тарихының әр белесінде тұлғалық деңгейге көтеріліп отырған. Яғни олар ұлттық тұлға болған. 20–30 жылдардағы және кейінгі онжылдықтар кезеңінде қабырғалы қаламгерлеріміз бен акын-жыршыларымыз

І. Жансүгіров, С. Мұқанов, М. Жұмабаев, М. Әуезов, Жамбыл, Иса, Нұрпейіс, Кенен, Қалижан Бекхожин т.б. өз шығармаларының негізгі кейіпкерлері етіп батырлар тұлғасына қол артады.

Қазақ батырлары	Басты мақсаттары не болды?	Өздері өмір сүрген уақытта қоғам дамуында қандай өзгерістерге қол жеткізе алды?	Осы тұлғалардың қазіргі кезеңге дейін маңызын жоғалтпаған ойлары бар ма?
Наурызбай батыр, Бөгенбай батыр, Қабанай батыр			

3. Деректерге сүйене отырып «Зар-заман» өкілдерін толғандырған мәселелердің жағымды және жағымсыз жағын анықтаңыз

Қара шығын алымы Бай, кедейге бірдей боп, Шаңыраққа салығы. Ел ұйтқысы шайқалып, Дәулет судай аққаны Сортаң жерге қақ тұрып Суы ішуге келмейтін, Сараң байға бақ тұрып Қолынан қайыр бермейтін Қортиғандар бек болды Елді теріс сермейтін. <i>Дулат Бабатайұлы</i>	Еділді келіп алғаны -Етекке қолды салғаны. Жайықты келіп алғаны -Жағаға қолды салғаны. Ойылды тартып алғаны -Ойындағысы болғаны...- <i>Мұрат Мөңкеұлы</i>	Арқадан дәурен кеткен соң, Қуғындап орыс жеткен соң, Тіпті амал жоқ, қазақтар, Енді сенің торыңа. Орыс – бүркіт, біз – түлкі, Аламын деп талпынды. Орыстан қорлық көрген соң, Отырып билер алқынды..... Бұхарға жетер күн болса, Тыныштар ма едің ұйқыңды? <i>Шортанбай</i>
---	---	---

Жағымды.....

Жағымсыз.....

4. Тірек сөздерді пайдалананып «Мәңгілік ел» идеясының тарихпен байланысын эссе түрінде жазыңыз.

Тірек сөздер: ұлттық идея, жеті басты құндылық, асыл арман, болашақ ұрпақ, маңызды мәселе.

Бағалау критерийлері 1-нұсқа

Бағалау критерийлері	Тапсырма №	Дескрипторлар	Балл
		Білім алушы	
Тарихи тұлғаларының қоғамдық - саяси бағыттағы ойларын анықтайды		Ахмет Яссауидің қоғам туралы ойын жазады;	1
		Әл –Фарабидің қоғам туралы ойын жазады;	1

	1	Жүсіп Баласағұнның қоғам туралы ойын жазады;	1
		Ғалымдардың еңбектеріндегі ортақ идеяны жазады;	1
Қоғамдық- саяси ойдың дамуына тарихи қайраткерлердің қосқан үлесін бағалайды	2	Наурызбай батыр, Бөгенбай батыр, Қабанай батырлардың басты мақсаттарын анықтайды;	1
		Өздері өмір сүрген уақытта қоғам дамуында қандай өзгерістерге қол жеткізгенін талдайды;	1
		Осы тұлғалардың қазіргі кезеңге дейін маңызын жоғалтпаған ойларын бағалайды;	1
«Зар-заман» өкілдерінің идеяларын түсіндіреді	3	«Зар-заман» өкілдерінің идеяларының жағымды жағын талдайды;	1
		«Зар-заман» өкілдерінің идеяларының жағымсыз жағын талдайды;	1
«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының тарихи негіздерін ашады	4	Тірек сөздерді қолдана отырып «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы тақырыбында эссе жазады;	1
		Эссенің құрылымын сақтайды;	1
		Тірек сөздерді қолдана отырып «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын тарихпен байланыстырады;	1
		«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының тарихи негізін ашады;	1
		«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының тарихи негізін Тәуелсіз Қазақстанмен байланыстырады.	1
Жалпы балл			14

III ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР Қоғамдық-саяси ойдың дамуы» бөлімі бойынша жиынтық бағалау II нұсқа

Тақырып	Қоғамдық-саяси ойдың бастауы және дамуы Қазақ хандығы дәуіріндегі қоғамдық-саяси ойдың дамуы «Зарзаман» ағымы өкілдерінің идеологиялық құндылықтары «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының тарихи негізі
Оқу мақсаты	Ежелгі және ортағасырлық Қазақстанның тарихитұлғаларының қоғамдық-саяси идеяларын анықтау Қазақстандағы қоғамдық-саяси ойдың дамуына тарихи қайраткерлердің қосқан үлесін бағалау 11.3.1.4 Қазақ ұлттық мемлекеттілігінің тарихи тағдыры туралы «Зар-заман» өкілдерінің идеяларын түсіндіру 11.3.3.1 «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының тарихи негіздерін анықтау

Бағалау критерийі*Білім алушы*

- Тарихи тұлғаларының қоғамдық-саяси бағыттағы ойларын анықтайды
- Қоғамдық-саяси ойдың дамуына тарихи қайраткерлердің қосқан үлесін бағалайды
- «Зар-заман» өкілдерінің идеяларын түсіндіреді
- «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының тарихи негіздерін ашады

Ойлау дағдыларының деңгейлеріБілу және түсіну
Қолдану
Жоғары деңгей дағдылары**Орындау уақыты**

20 минут

Тапсырма.

1. Ғұламалардың қоғам туралы ойларын жазып, ортақ идея жазыңыз:

Әбу Райхан әл Бируни- _____

Махмұд Қашқари- _____

Сулейман Бакыргани- _____

Ғалымдардың еңбектеріндегі ортақ идея: _____

2. Қазақ хандығы кезіндегі тарихи тұлғалардың қоғамға сіңірген еңбегін бағаланыз.

«Қазақ хандығы бұдан бес жарым ғасыр бұрын ғана шаңырақ көтерсе де, Еуразияның ұлы даласында орнаған арғы дәуірдегі сақ, ғұн, үйсін мемлекеттерінің, бергі замандағы Ұлы түрік қағандығы, Дешті Қыпшақ пен Алтын Орда мемлекеттерінің заңды мұрагері болды».

Н.Ә.Назарбаев

Қазақ хандары	Басты мақсаттары не болды?	Өздері өмір сүрген уақытта қоғам дамуында қандай өзгерістерге қол жеткізе алды?	Осы тұлғалардың қазіргі кезеңге дейін маңызын жоғалтпаған ойлары бар ма?
Қасым хан Абылай хан Әбілхайыр хан			

3. Деректерге сүйене отырып, «Зар-заман» өкілдерін толғандырғын мәселелерді анықтаңыз:

Еділдің бойы — қанды қиян, Жайықтың бойы – майлы қиян, Маңғыстау бойы — шанды қиян, Адыра қалғыр үш қиян! Үш қиянның ара бойынан Жеті жұрт кетіп жол салған. <i>Мұрат Мөңкеұлы</i>	Алашқа пайдаң тимесе, Өз басыңды қорғаныз. Шекесіне тигенін Айтып-айтып сөйледі - Әбубәкір жорғаңыз... <i>Әбубәкір Кердері</i>	Арқадан дәурен кеткен соң, Қуғындап орыс жеткен соң, Тіпті амал жоқ, қазақтар, Енді сенің торыңа. Орыс – бүркіт, біз – түлкі, Аламын деп талпынды. Орыстан қорлық көрген соң, Отырып билер алқынды..... Бұхарға жетер күн болса, Тыныштар ма едің ұйқыңды? <i>Шортанбай</i>
--	---	---

Бірінші мәселе.....

Екінші мәселе.....

4. Суреттерді қолдана отырып, «Мәңгілік Ел» идеясының негізін тарихи кезеңдермен байланыстырып түсіндіріңіз.



Түркі дәуірі	
Қазақ хандығы уақыты	
Ресей империясы құрамында	
Кенес дәуірі уақытында	
Тәуелсіз Қазақстан	

Бағалау критерийлері 2-нұсқа

Бағалау критерийлері	Тапсырма №	Дескрипторлар	Балл
		Білім алушы	
Тарихи тұлғаларының қоғамдық-саяси бағыттағы ойларын анықтайды	1	Әбу Райхан әл Бирунидің қоғам туралы ойын жазады;	1
		Махмұд Қашқаридың қоғам туралы ойын жазады;	1
		Сулейман Бакырганидың қоғам туралы ойын жазады;	1
		Ғалымдардың еңбектеріндегі ортақ идеяны жазады;	1
Қоғамдық-саяси ойдың дамуына тарихи қайраткерлердің қосқан үлесін		Қасым хан, Абылай хан, Әбілхайыр хандардың басты мақсаттарын анықтайды;	1

бағалайды	2	Өздері өмір сүрген уақытта қоғам дамуында қандай өзгерістерге қол жеткізгенін талдайды;	1
		Осы тұлғалардың қазіргі кезеңге дейін маңызын жоғалтпаған ойларын бағалайды;	1
«Зар-заман» өкілдерінің идеяларын түсіндіреді	3	«Зар-заман» өкілдерінің идеяларындағы бірінші мәселені анықтайды;	1
		«Зар-заман» өкілдерінің идеяларындағы екінші мәселені анықтайды;	1
«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының тарихи негіздерін ашады	4	Суреттерге қарай отырып, «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының тарихи негізін Түркі дәуірімен байланыстырады;	1
		Суреттерге қарай отырып, «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының тарихи негізін Қазақ хандығымен байланыстырады;	1
		Суреттерге қарай отырып, «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының тарихи негізін Ресей империясы құрамындағы Қазақстанмен байланыстырады;	1
		Суреттерге қарай отырып, «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының тарихи негізін Кеңес дәуірімен байланыстырады;	1
		Суреттерге қарай отырып, «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының тарихи негізін Тәуелсіз Қазақстанмен байланыстырады.	1
Жалпы балл			14

«Қоғамдық-саяси ойдың дамуы» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийлері	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
	Төмен	Орта	Жоғары
Тарихи тұлғаларының қоғамдық-саяси бағыттағы ойларын анықтайды	Ахмет Яссауидін/ Әл –Фарабидін/ Жүсіп Баласағұнның қоғам туралы ойын жазуда қиналады <input type="checkbox"/>	Ахмет Яссауидін/ Әл –Фарабидін/ Жүсіп Баласағұнның қоғам туралы ойын жазуда қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	Ахмет Яссауидін/ Әл –Фарабидін/ Жүсіп Баласағұнның қоғам туралы ойын жазады <input type="checkbox"/>
Қоғамдық-саяси ойдың дамуына тарихи қайраткерлердің қосқан үлесін бағалайды	Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билердің басты мақсаттарын анықтауда және олар өмір сүрген уақытта қоғам дамуында қандай өзгерістерге қол жеткізгенін талдауда, тұлғалардың қазіргі кезеңге дейін маңызын жоғалтпаған ойларын бағалауда қиналады <input type="checkbox"/>	Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билердің басты мақсаттарын анықтауда және олар өмір сүрген уақытта қоғам дамуында қандай өзгерістерге қол жеткізгенін талдауда, тұлғалардың қазіргі кезеңге дейін маңызын жоғалтпаған ойларын бағалауда қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билердің басты мақсаттарын анықтауда және солар өмір сүрген уақытта қоғам дамуында қандай өзгерістерге қол жеткізгенін талдауда, осы тұлғалардың қазіргі кезеңге дейін маңызын жоғалтпаған ойларын бағалайды <input type="checkbox"/>
«Зар-заман» өкілдерінің идеяларын түсіндіреді	«Зар-заман» өкілдерінің идеяларына 1/2 аргумент келтіруде қиналады <input type="checkbox"/>	«Зар-заман» өкілдерінің идеяларына 1/2 аргумент келтіруде қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	«Зар-заман» өкілдерінің идеяларына аргумент келтіреді <input type="checkbox"/>
«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының тарихи негіздерін ашады	«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының тарихи негізін Түркі дәуірімен, Қазақ хандығымен, Ресей империясы құрамындағы Қазақстанмен, Кеңес дәуірімен, Тәуелсіз Қазақстанмен байланыстыруда қиналады <input type="checkbox"/>	«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының тарихи негізін Түркі дәуірімен, Қазақ хандығымен, Ресей империясы құрамындағы Қазақстанмен, Кеңес дәуірімен, Тәуелсіз Қазақстанмен байланыстыруда қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының тарихи негізін Түркі дәуірімен, Қазақ хандығымен, Ресей империясы құрамындағы Қазақстанмен, Кеңес дәуірімен, Тәуелсіз Қазақстанмен байланыстырады <input type="checkbox"/>





IV ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

«Білім мен ғылымның дамуы» бөлімі бойынша жиынтық бағалау I нұсқа

Тақырып	Ортағасырлық Қазақстандағы ғылымның дамуы Кеңестік білім беру жүйесінің жетістіктері мен қайшылықтары
Оқу мақсаты	11.4.1.2 Ғылымның дамуына Қазақстан ортағасырлық ғалымдардың қосқан үлесін зерттеу 11.4.2.5 Кеңестік білім беру жүйесінің даму ерекшеліктерін анықтау үшін «сауатсыздықты жою», «қызыл отау», «мұғалімдер институты», «мектептегі білім беру», «кәсіби білім беру» ұғымдарын пайдалану
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none"> • Қазақстанның ортағасырлық ғалымдардың еңбектерін зерттейді • «Сауатсыздықты жою», «қызыл отау», «мұғалімдер институты», «мектептегі білім беру», «кәсіби білім беру» ұғымдарын пайдаланып, кеңестік білім беру жүйесінің даму ерекшеліктерін анықтайды • Кеңестік білім беру жүйесінің ерекшелігін талдайды
Ойлау дағдыларының деңгейлері	Қолдану Жоғары деңгей дағдылары
Орындау уақыты	20 минут

Тапсырма

1. Төменде берілген ғұламалардың әр саладағы ғылымға қосқан үлесін зерттеңіз

	Жүсіп Баласағұнның философия саласының дамуына қосқан үлесі зор. Себебі ...
	Ұлықбектің астрономия саласының дамуына қосқан үлесі зор. Себебі ...
	Қожа Ахмет Яссауи тіл ғылымы саласының дамуына қосқан үлесі зор. Себебі ...
	Рашид әд-дин тарих ғылымының дамуына қосқан үлесі зор. Себебі ...

2. Берілген ұғымдарға түсіндерме беріп, кеңестік білім беру жүйесінің ерекшелігіне баға беріңіз:

«Сауатсыздықты жою» -

«Қызыл отау» -

«Мұғалімдер институты» -.....

Қорытынды
ой:

3. Кеңестік білім беру жүйесінің «мектептегі білім беру», «кәсіби білім берудің» жағымды және жағымсыз жақтарын талдаңыз:

Мектептегі білім беру	Кәсіби білім беру
Жағымды	
Жағымсыз	

Бағалау критерийлері	Тапсырма №	Дескрипторлар	Балл
		Білім алушы	
Қазақстан ортағасырлық ғалымдардың еңбектерін зерттейді	1	Жүсіп Балағұнның философия саласының дамуына қосқан үлесі зор болу себебін дәлелдейді;	1
		Ұлықбектің астрономия саласының дамуына қосқан үлесі зор болу себебін дәлелдейді;	1
		тіл ғылымы саласының дамуына қосқан үлесі зор болу себебін дәлелдейді;	1
		тарих ғылымының дамуына қосқан үлесі зор болу себебін дәлелдейді;	1
«Сауатсыздықты жою», «қызыл отау», «мұғалімдер институты», «мектептегі білім беру», «кәсіби білім беру» ұғымдарын пайдаланып, кеңестік білім беру жүйесінің даму ерекшеліктерін анықтайды	2	«Сауатсыздықты жою», «Қызыл отау», «Мұғалімдер институты» тіркестеріне түсіндірме жазады;	1
		Өз ойын анық, сауатты түрде жеткізеді;	1
		Кеңестік білім беру жүйесінің даму ерекшеліктерін анықтайды;	1
Кеңестік білім беру жүйесінің ерекшелігін талдайды.	3	Мектептегі білім беру жүйесінің жағымды жағын анықтайды;	1
		Кәсіби білім беру жүйесінің жағымды жағын анықтайды;	1
		Мектептегі және кәсіби білім беру жүйесінің жағымсыз жақтарын анықтайды.	1
Жалпы балл			10

IV ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР «Білім мен ғылымның дамуы» бөлімі бойынша жиынтық бағалау II нұсқа

Тақырып

Ортағасырлық Қазақстандағы ғылымның дамуы

Оқу мақсаты

Кеңестік білім беру жүйесінің жетістіктері мен қайшылықтары

11.4.1.2 Ғылымның дамуына Қазақстан ортағасырлық ғалымдардың қосқан үлесін зерттеу

11.4.2.5 Кеңестік білім беру жүйесінің даму ерекшеліктерін анықтау үшін «сауатсыздықты жою», «қызыл отау»,

«мұғалімдер институты», «мектептегі білім беру», «кәсіби білім беру» ұғымдарын пайдалану

Бағалау критерийі*Білім алушы*

- Қазақстанның ортағасырлық ғалымдардың еңбектерінзерттейді
- «Сауатсыздықты жою», «қызыл отау», «мұғалімдер институты», «мектептегі білім беру», «кәсіби білім беру» ұғымдарын пайдаланып, кеңестік білім беру жүйесінің даму ерекшеліктерін анықтайды
- Кеңестік білім беру жүйесінің ерекшелігін талдайды

Ойлау дағдыларының деңгейлері
Орындау уақыты

Қолдану
 Жоғары деңгей дағдылары
 20 минут

Тапсырма.

1. Берілген еңбектердің авторын жазып, ғылым саласына қосқан үлестері туралы жазыңыз.

Шығарма	Авторы	Өз ойыңыз
«Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жайлы трактат»		
«Құтты білік»		
«Даналық кітабы»		
«Ұлықбек таблицасы»		

2. Негізгі ұғымдарды пайдаланып, 5-7 сөйлем көлемінде шағын эссе жазыңыз:

Ұғымдар: «Сауатсыздықты жою», «Қызыл отау», «Мұғалімдер институты»

3. Мектепте және кәсіби білім беру жүйесінің ерекшелігі мен ортақ қасиетін анықтаңыз:

Мектептегі білім беру	ортақ қасиеті	Кәсіби білім беру

Бағалау критерийлері	Тапсырма №	Дескрипторлар	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Қазақстан ортағасырлық ғалымдардың еңбектерін зерттейді	1	Әл-Фарабидің философия саласының дамуына қосқан үлесі зор болу себебін дәлелдейді;	1
		Ұлықбектің астрономия саласының дамуына қосқан үлесі зор болу себебін дәлелдейді;	1
		Қожа Ахмет Яссауидің тіл ғылымы саласының дамуына қосқан үлесі зор болу себебін дәлелдейді;	1
		Махмұт Қашқаридің тарих ғылымының дамуына қосқан үлесі зор болу себебін дәлелдейді;	1
«Сауатсыздықты жою», «қызыл отау», «мұғалімдер институты», «мектептегі білім беру», «кәсіби білім беру» ұғымдарын пайдаланып, кеңестік білім беру жүйесінің даму ерекшеліктерін анықтайды	2	Эссе құрылымын сақтайды;	1
		Негізгі ұғымдарды қолдана отырып, өз ойын жеткізеді;	1
		Кеңестік дәуірінің білім беру жүйесін сипаттайды	1
Кеңестік білім беру жүйесінің ерекшелігін талдайды.	3	Кеңестік білім беру жүйесінің мектептегі білім беру мен кәсіби білім беруіндегі ортақ қасиетін табады;	1
		Кеңестік білім беру жүйесінің мектептегі білім беруіндегі ерекшелікті табады;	1
		Кеңестік білім беру жүйесінің кәсіби білім беруіндегі ерекшелікті табады;	1
Жалпы балл			10

«Білім мен ғылымның дамуы» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийлері	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
	Төмен	Орта	Жоғары
Қазақстан ортағасырлық ғалымдардың еңбектерін зерттейді	Әл-Фарабидің философия, Жүсіп Баласағұнның әдебиет, Әл Бирунидің астрономия, Махмұд Қашқаридың тіл ғылымы, Хайдар Дулатидың тарих ғылымының дамуына қосқан үлесі зор болу себебін дәлелдеуде қиналады <input type="checkbox"/>	Әл-Фарабидің философия, Жүсіп Баласағұнның әдебиет, Әл Бирунидің астрономия, Махмұд Қашқаридың тіл ғылымы, Хайдар Дулатидың тарих ғылымының дамуына қосқан үлесі зор болу себебін дәлелдеуде қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	Әл-Фарабидің философия, Жүсіп Баласағұнның әдебиет, Әл Бирунидің астрономия, Махмұд Қашқаридың тіл ғылымы, Хайдар Дулатидың тарих ғылымының дамуына қосқан үлесі зор болу себебін дәлелдейді <input type="checkbox"/>
«Сауатсыздықты жою», «Қызыл отау», «Мұғалімдер институты», «мектептегі білім беру», «кәсіби білім беру» ұғымдарын пайдаланып, кеңестік білім беру жүйесінің даму ерекшеліктерін анықтайды	«Сауатсыздықты жою», «Қызыл отау», «Мектептегі білім беру», «Кәсіби білім беру» «Мұғалімдер институты» ерекшеліктерін анықтауда қиналады <input type="checkbox"/>	«Сауатсыздықты жою», «Қызыл отау», «Мектептегі білім беру», «Кәсіби білім беру» «Мұғалімдер институты» ерекшеліктерін анықтауда қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	«Сауатсыздықты жою», «Қызыл отау», «Мектептегі білім беру», «Кәсіби білім беру» «Мұғалімдер институты» ерекшеліктерін анықтайды <input type="checkbox"/>
Кеңестік білім беру жүйесінің ерекшелігін талдайды.	Кеңестік білім беру жүйесінің мектептегі білім беру мен кәсіби білім беруіндегі ұқсастығын табуда, кеңестік білім беру жүйесінің мектептегі білім беру мен кәсіби білім беруіндегі айырмашылығын табуда қиналады <input type="checkbox"/>	Кеңестік білім беру жүйесінің мектептегі білім беру мен кәсіби білім беруіндегі ұқсастығын табуда, кеңестік білім беру жүйесінің мектептегі білім беру мен кәсіби білім беруіндегі және айырмашылығын табуда қателікте жібереді <input type="checkbox"/>	Кеңестік білім беру жүйесінің мектептегі білім беру мен кәсіби білім беруіндегі ұқсастығын табуда, кеңестік білім беру жүйесінің мектептегі білім беру мен кәсіби білім беруіндегі айырмашылығын табады <input type="checkbox"/>

I ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ

I тоқсанның жиынтық бағалауына шолу

Ұзақтығы – 45 минут Балл

саны - 30 балл

Тапсырмалар түрлері:

КТБ - Көп таңдауы бар тапсырмалар;

ҚЖ - Қысқа жауапты қажет ететін тапсырмалар;

ТЖ - Толық жауапты қажет ететін тапсырмалар.

Жиынтық бағалаудың құрылымы

Берілген нұсқа 5 тапсырмадан тұрады. Тапсырмаларда кестелер, сызба нұсқалар ұсынылған. Қысқа жауапты қажет ететін сұрақтарға сөздер немесе қысқа сөйлемдер түрінде жауап береді. Толық жауапты қажет ететін сұрақтарда білім алушылар орындаушылық және шығармашылық қабілеттерін көрсетеді.

I тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмаларының сипаттамасы

Бөлім	Тексерілетін мақсат	Ойлау дағдыларының деңгейі	Тапсырма саны*	Тапсырма №*	Тапсырма түрі*	Орындау уақыты, мин*	Балл*	Бөлім бойынша балл
Өркениет: даму ерекшеліктері	11.1.1.2 Көшпелі мал шаруашылығы және егіншіліктің ерекшеліктерін «тіршілікті қамтамасыз ету жүйесі», «қоныстану жүйесі», «экожүйе» ұғымдарын пайдалана отырып анықтау	Қолдану	1	1	ҚЖ	7	6	30
	11.1.3.1 Қазақстанның экономикалық даму ерекшеліктерін талдау үшін «экономикалық жүйе», дәстүрлі аграрлы экономика», жоспарлы (социалистік) экономика» ұғымдарын пайдалану	Жоғары деңгей дағдылары	1	2	ҚЖ	7	5	
	11.1.2.2 Қазақстан аумағында қалалардың пайда болуымен дамуындағы Ұлы Жібек жолының рөлін талдау	Жоғары деңгей дағдылары	1	3	ТЖ	6	4	
	11.1.2.4 Дереккөздер негізінде көшпелі және отырықшы халықтың мәдени өзара әсерін анықтау	Жоғары деңгей дағдылары	1	4	ТЖ	10	7	
	11.1.3.4 Мемлекеттік стратегиялар мен бағдарламалардың мазмұнын зерттеу және Қазақстан Республикасы әлеуметтік-экономикалық даму болашағын болжау	Жоғары деңгей дағдылары	1	5	ТЖ	10	8	
Барлығы		-	5	-	-	40	30	30

«Қазақстан тарихы» пәнінен І тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары І нұсқа

1-тапсырма: Ұсынылған сұрақтар бойынша шаруашылық түрлерін салыстырып, кестені толтырыңыз.

Көшпелі мал шаруашылығы	Сұрақтар	Егіншілік
	Пайда болу себептері?	
	Ерекшелігі?	
	Тіршілікті қамтамасыз ету жүйесі	

[6]

2. XX ғасырдағы Қазақстанның экономикалық даму ерекшеліктеріне талдау жасаңыз.

Экономика түрі	Мағынасы	Ерекшелігі
Дәстүрлі(аграрлы) экономика		
Жоспарлы(социалистік) экономика		
Қорытынды ой		

[5]

3.ПТМС талдау арқылы Ұлы Жібек жолының рөлін талдаңыз.

Позиция : Қазақстан аумағында қалалардың пайда болуы мен дамуындағы Ұлы Жібек жолының рөлі зор болды деп санаймын

Түсіндіру: (себебі...)

Мысал: (мұны мынадай мысал арқылы дәлелдей аламын...)

Салдар: (қорытынды жасаймын...)

[4]

4. Көшпелі және отырықшы халықтың өзара байланыстарын кестедегі мәліметтерді сәйкестендіріп анықтаңыз.

№	Мәлімет	Көшпелі	Отырықшы
1.	Егіншілік өнімі жеткіліксіз болғандықтан,астықты айырбастап,мал өсірумен айналысты		
2.	Суармалы егіншілік пен қолөнер негізгі шаруашылық түрін құрады,аз көлемде мал бақты,қалалық мәдениет орын алды		
3.	Олар ет,жүн,қару,былғары мен ағаш ыдыстар,әшекейлер ұсынып отырған		
4.	Жібек жолы тармақтарымен жемістер,дәмдеуіштер,шарап,қыш ыдыстар,кілем,мата, әшекейлер тасымалдаған		
5.	Түркі қоғамында «жатақтар»деп атады		
6.	Олардың қоғамында ислам,несториандық христиан,буддизм,зороастризм таралды		
7.	Мектеп-медреселер ашылды, араб жазуы,философия,математика т.б. ғылымдар дамыды		
8.	Түркі дәуірінде Ұлы далада олар металды		

	игеріп, темір, ұорғасын, боат балқыту ісі қарқынды дамыды		
--	---	--	--

[8]

5. Қазақстан Республикасы әлеуметтік- экономикалық даму кезеңдеріне мысал келтіріп, талдау жасап қорытындылаңыз:

Бірінші кезең.

1 мысал:

2 мысал:

Екінші кезең.

1 мысал:

2 мысал:

Үшінші кезең.

1 мысал:

2 мысал:

Қорытынды:

[7]

«Қазақстан тарихы» пәнінен I тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары II нұсқа

1-тапсырма: Кестедегі мәліметтерді сәйкестендіріп, шаруашылық қызмет түрлерінің ерекшеліктерін анықтаңыз.

№		жалған	ақиқат
1	Қазақстан аумағының табиғи және климаттық ерекшеліктері, яғни экожүйесі жергілікті халықтың шаруашылық түрінің қалыптасуына әсер еткен		
2	Көшпелілер жайылымдардың табиғи тепе-теңдігін сақтау мақсатында, белгілі бір жерде тұрақты өмір сүрді		
3	Жыл мезгілдерінің ерекшелігіне қарай маусымды қоныстану жүйесі қалыптасты		
4	Отырықшы мал бағы дәстүрінде мал басы санын аман сақтап қалу үшін, жайылымдық жерлерде көшіп-қонды		
5	Көшпелілер өмірі табиғи заңдылықтарға бейімделіп, тіршілікті қамтамасыз ету жүйесі, қоршаған ортаны игеру тәжірибесінен қалыптасты		
6	Қазақ халқы малды қыстан және жұттан аман сақтау үшін экожүйеге бейімделі заңдылықтарын білген		

[6]

2. Қазақстанның экономикалық дамуындағы «дәстүрлі (аграрлы) экономика», «жоспарлы (социалистік) экономика» кезеңдеріне мысал келтіріңіз.

Дәстүрлі экономика:

1 мысал _____

2 мысал _____

Жоспарлы экономика:

1 мысал _____

2 мысал _____

Қорытынды: _____

[5]

3. Қазақстан аумағында қалалардың пайда болуы мен дамуындағы Ұлы Жібек жолының рөлін IDEA формуласы бойынша талдаңыздар

I (Identify)-тарихи оқиғалардың себептерін анықтау	
D (Describe)-сәйкесінше дәлелдерді сипаттау	
E (Explain)- осы себептердің тарихи оқиғаға қалай ықпал еткенін түсіндіру	
A (Analyze)-осы себептердің маңыздылығына талдау жасау	

[4]

4. Көшпелі және отырықшы халықтың өзара байланыстарын анықтап, берілген тірек сөздерді пайдалана отырып,шағын әңгіме жазыңыз.

Көшпелі мал шаруашылығы, Ұлы жібек жолы, қала мәдениеті, тәлімі егіншілік, жатақтар,дың ескерткіштері, діни түсініктер.

[7]

5. Қазақстан Республикасы әлеуметтік-экономикалық даму болашағын кестені толтыру арқылы болжаңыз.

оқиға	барысы	салдары
Нарықтық экономикаға көшу		
«Қазақстан-2030» стратегиялық бағдарламаның қабылдануы		
Ұлттық валютаны енгізу		
Жаңа Конституцияны қабылдау		
Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруі		
«ЭКСПО-2017»		
Индустриялық-инновациялық даму бағдарламасының қабылдануы		
Жаңа нарықтық экономика		

[8]

Балл қою кестесі I нұсқа

№	Жауап	Балл	Қосымша мәлімет
---	-------	------	-----------------

1	<table border="1"> <tr> <td data-bbox="252 181 501 241">Көшпелі мал шаруашылығы</td> <td data-bbox="504 181 767 241">Сұрақтар</td> <td data-bbox="770 181 1070 241">Егіншілік</td> </tr> <tr> <td data-bbox="252 246 501 331">Климаттың өзгеруінен пайда болды</td> <td data-bbox="504 246 767 331">Пайда болу себептері?</td> <td data-bbox="770 246 1070 331">Терімшілік пен отырықшылықтың дамуынан</td> </tr> <tr> <td data-bbox="252 336 501 421">Барлық қажеттілік қамтамасыз етілді</td> <td data-bbox="504 336 767 421">Ерекшелігі?</td> <td data-bbox="770 336 1070 421">Тұтынуға қажетті табиғи астықты өндірді</td> </tr> <tr> <td data-bbox="252 425 501 613">Табиғи заңдылықтарға бейімделді, қоршаған ортаны игерді, өмір сүру негізі болды</td> <td data-bbox="504 425 767 613">Тіршілікті қамтамасыз ету жүйесі</td> <td data-bbox="770 425 1070 613">Астық пен жемістермен қамтамасыз етті, табиғатқа тәуелділіктен құтылды</td> </tr> </table>	Көшпелі мал шаруашылығы	Сұрақтар	Егіншілік	Климаттың өзгеруінен пайда болды	Пайда болу себептері?	Терімшілік пен отырықшылықтың дамуынан	Барлық қажеттілік қамтамасыз етілді	Ерекшелігі?	Тұтынуға қажетті табиғи астықты өндірді	Табиғи заңдылықтарға бейімделді, қоршаған ортаны игерді, өмір сүру негізі болды	Тіршілікті қамтамасыз ету жүйесі	Астық пен жемістермен қамтамасыз етті, табиғатқа тәуелділіктен құтылды	6	Мағынасы сәйкес жауаптар қабылданады
Көшпелі мал шаруашылығы	Сұрақтар	Егіншілік													
Климаттың өзгеруінен пайда болды	Пайда болу себептері?	Терімшілік пен отырықшылықтың дамуынан													
Барлық қажеттілік қамтамасыз етілді	Ерекшелігі?	Тұтынуға қажетті табиғи астықты өндірді													
Табиғи заңдылықтарға бейімделді, қоршаған ортаны игерді, өмір сүру негізі болды	Тіршілікті қамтамасыз ету жүйесі	Астық пен жемістермен қамтамасыз етті, табиғатқа тәуелділіктен құтылды													
2	<table border="1"> <tr> <td data-bbox="252 902 501 963">Экономика түрі</td> <td data-bbox="504 902 767 963">Мағынасы</td> <td data-bbox="770 902 1070 963">Ерекшелігі</td> </tr> <tr> <td data-bbox="252 967 501 1240">Дәстүрлі (аграрлы) экономика</td> <td data-bbox="504 967 767 1240">Бұл ежелгі, көне замандағы экономика. Ол дәстүрге негізделді. Қазақстанда ауыл және мал шаруашылығы дәстүрлі.</td> <td data-bbox="770 967 1070 1240">Дәстүрлі экономика тұйық, оқшау шаруашылыққа негізделді. Әлеуметтік-экономикалық артта қалушылық, ұдайы өндіріс қарқынының тым төмен болуы.</td> </tr> <tr> <td data-bbox="252 1245 501 1581">Жоспарлы (социалистік) экономика</td> <td data-bbox="504 1245 767 1581">Мұнда материалдық қорлар мемлекеттік меншік болып есептеледі, барлық кәсіпорында рдың экономика қызметі жоспарлау, арқылы бағытталаып, үйлестіріліп отырды.</td> <td data-bbox="770 1245 1070 1581">Экономика артта қалып, шикізаттық сипатта болды. Халықтың барлық қажеттіліктерін қамтамасыз ете алмады</td> </tr> <tr> <td data-bbox="252 1585 501 1765">Қорытынды ой</td> <td colspan="2" data-bbox="504 1585 1070 1765">XX ғасырда Қазақстанда дәстүрлі экономика да, жоспарлы экономика да болды. Қазіргідей сыртқы сауданың өсуіне және нарықтық қатынастардың дамуына жол берілмеді</td> </tr> </table>	Экономика түрі	Мағынасы	Ерекшелігі	Дәстүрлі (аграрлы) экономика	Бұл ежелгі, көне замандағы экономика. Ол дәстүрге негізделді. Қазақстанда ауыл және мал шаруашылығы дәстүрлі.	Дәстүрлі экономика тұйық, оқшау шаруашылыққа негізделді. Әлеуметтік-экономикалық артта қалушылық, ұдайы өндіріс қарқынының тым төмен болуы.	Жоспарлы (социалистік) экономика	Мұнда материалдық қорлар мемлекеттік меншік болып есептеледі, барлық кәсіпорында рдың экономика қызметі жоспарлау, арқылы бағытталаып, үйлестіріліп отырды.	Экономика артта қалып, шикізаттық сипатта болды. Халықтың барлық қажеттіліктерін қамтамасыз ете алмады	Қорытынды ой	XX ғасырда Қазақстанда дәстүрлі экономика да, жоспарлы экономика да болды. Қазіргідей сыртқы сауданың өсуіне және нарықтық қатынастардың дамуына жол берілмеді		5	Мағынасы сәйкес жауаптар қабылданады
Экономика түрі	Мағынасы	Ерекшелігі													
Дәстүрлі (аграрлы) экономика	Бұл ежелгі, көне замандағы экономика. Ол дәстүрге негізделді. Қазақстанда ауыл және мал шаруашылығы дәстүрлі.	Дәстүрлі экономика тұйық, оқшау шаруашылыққа негізделді. Әлеуметтік-экономикалық артта қалушылық, ұдайы өндіріс қарқынының тым төмен болуы.													
Жоспарлы (социалистік) экономика	Мұнда материалдық қорлар мемлекеттік меншік болып есептеледі, барлық кәсіпорында рдың экономика қызметі жоспарлау, арқылы бағытталаып, үйлестіріліп отырды.	Экономика артта қалып, шикізаттық сипатта болды. Халықтың барлық қажеттіліктерін қамтамасыз ете алмады													
Қорытынды ой	XX ғасырда Қазақстанда дәстүрлі экономика да, жоспарлы экономика да болды. Қазіргідей сыртқы сауданың өсуіне және нарықтық қатынастардың дамуына жол берілмеді														
3	<p>Позиция : Қазақстан аумағында қалалардың пайда болуы мен дамуындағы Ұлы Жібек жолының рөлі зор болды деп санаймын</p> <p>Түсіндіру: (себебі...) Ұлы Жібек жолы бойымен сауда дамыды, жол бойындағы қолөнершілер мен саудагерлердің кенттері қалаға айналды</p>	4													

	<p>Мысал: (мұны мынадай мысал арқылы дәлелдей аламын...)Ұлы Жібек жолы бойында Тараз-көпестер қаласы,ірі сауда орталықтары-Суяб,Талхиз,Исптджаб,Отырар,Йасы қалалры болды</p> <p>Салдар: (қорытынды жасаймын...) Ұлы Жібек жолы Қазақстан арқылы өтіп қалалардың өркендеуіне,өнер мен мәдениеттің дамуына әсер етті.Қытай,Алдыңғы Азия,Еділ Бұлғариясы т.б. елдерімен сауда және дипломатиялық қарым-қатынастар дамыды.Жібек жолы арқылы түрлі мәдениеттер мен құндылықтар алмасуы орын алды.</p>																																						
4	<table border="1"> <thead> <tr> <th data-bbox="253 535 327 840">№</th> <th data-bbox="327 535 858 840">Мәлімет</th> <th data-bbox="858 535 932 840">Көшпелі</th> <th data-bbox="932 535 1032 840">Отырықшы</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td data-bbox="253 840 327 936">1.</td> <td data-bbox="327 840 858 936">Егіншілік өнімі жеткіліксіз болғандықтан,астықты айырбастап,мал өсірумен айналысты</td> <td data-bbox="858 840 932 936">+</td> <td data-bbox="932 840 1032 936"></td> </tr> <tr> <td data-bbox="253 936 327 1032">2.</td> <td data-bbox="327 936 858 1032">Суармалы егіншілік пен қолөнер негізгі шаруашылық түрін құрады,аз көлемде мал бақты,қалалық мәдениет орын алды</td> <td data-bbox="858 936 932 1032"></td> <td data-bbox="932 936 1032 1032">+</td> </tr> <tr> <td data-bbox="253 1032 327 1099">3.</td> <td data-bbox="327 1032 858 1099">Олар ет,жүн,қару,былғары мен ағаш ыдыстар,әшекейлер ұсынып отырған</td> <td data-bbox="858 1032 932 1099">+</td> <td data-bbox="932 1032 1032 1099"></td> </tr> <tr> <td data-bbox="253 1099 327 1227">4.</td> <td data-bbox="327 1099 858 1227">Жібек жолы тармақтарымен жемістер,дәмдеуіштер,шарап,қыш ыдыстар,кілем,мата, әшекейлер тасымалдаған</td> <td data-bbox="858 1099 932 1227"></td> <td data-bbox="932 1099 1032 1227">+</td> </tr> <tr> <td data-bbox="253 1227 327 1323">5.</td> <td data-bbox="327 1227 858 1323">Түркі қоғамында «жатақтар»деп атады</td> <td data-bbox="858 1227 932 1323"></td> <td data-bbox="932 1227 1032 1323">+</td> </tr> <tr> <td data-bbox="253 1323 327 1391">6.</td> <td data-bbox="327 1323 858 1391">Олардың қоғамында ислам,несториандық христиан,буддизм,зороастризм таралды</td> <td data-bbox="858 1323 932 1391">+</td> <td data-bbox="932 1323 1032 1391"></td> </tr> <tr> <td data-bbox="253 1391 327 1487">7.</td> <td data-bbox="327 1391 858 1487">Мектеп-медреселер ашылды, араб жазуы,философия,математика т.б. ғылымдар дамыды</td> <td data-bbox="858 1391 932 1487"></td> <td data-bbox="932 1391 1032 1487">+</td> </tr> <tr> <td data-bbox="253 1487 327 1583">8.</td> <td data-bbox="327 1487 858 1583">Түркі дәуірінде Ұлы далада олар металды игеріп,темір,ұорғасын,боат балқыту ісі қарқынды дамыды</td> <td data-bbox="858 1487 932 1583">+</td> <td data-bbox="932 1487 1032 1583"></td> </tr> </tbody> </table>	№	Мәлімет	Көшпелі	Отырықшы	1.	Егіншілік өнімі жеткіліксіз болғандықтан,астықты айырбастап,мал өсірумен айналысты	+		2.	Суармалы егіншілік пен қолөнер негізгі шаруашылық түрін құрады,аз көлемде мал бақты,қалалық мәдениет орын алды		+	3.	Олар ет,жүн,қару,былғары мен ағаш ыдыстар,әшекейлер ұсынып отырған	+		4.	Жібек жолы тармақтарымен жемістер,дәмдеуіштер,шарап,қыш ыдыстар,кілем,мата, әшекейлер тасымалдаған		+	5.	Түркі қоғамында «жатақтар»деп атады		+	6.	Олардың қоғамында ислам,несториандық христиан,буддизм,зороастризм таралды	+		7.	Мектеп-медреселер ашылды, араб жазуы,философия,математика т.б. ғылымдар дамыды		+	8.	Түркі дәуірінде Ұлы далада олар металды игеріп,темір,ұорғасын,боат балқыту ісі қарқынды дамыды	+		7	
№	Мәлімет	Көшпелі	Отырықшы																																				
1.	Егіншілік өнімі жеткіліксіз болғандықтан,астықты айырбастап,мал өсірумен айналысты	+																																					
2.	Суармалы егіншілік пен қолөнер негізгі шаруашылық түрін құрады,аз көлемде мал бақты,қалалық мәдениет орын алды		+																																				
3.	Олар ет,жүн,қару,былғары мен ағаш ыдыстар,әшекейлер ұсынып отырған	+																																					
4.	Жібек жолы тармақтарымен жемістер,дәмдеуіштер,шарап,қыш ыдыстар,кілем,мата, әшекейлер тасымалдаған		+																																				
5.	Түркі қоғамында «жатақтар»деп атады		+																																				
6.	Олардың қоғамында ислам,несториандық христиан,буддизм,зороастризм таралды	+																																					
7.	Мектеп-медреселер ашылды, араб жазуы,философия,математика т.б. ғылымдар дамыды		+																																				
8.	Түркі дәуірінде Ұлы далада олар металды игеріп,темір,ұорғасын,боат балқыту ісі қарқынды дамыды	+																																					

5	<p>Қазақстан Республикасы әлеуметтік- экономикалық даму кезеңдеріне мысал келтіріп, талдау жасап қорытындылаңыз:</p> <p>Бірінші кезең. 1 мысал:Баға босатылып,тұрмысқа қажетті тауарлар бағасы өсті 2мысал:Мемлекетке қарасты өндірістік объектілерді жекешелендіру үрдісі басталды</p> <p>Екінші кезең. 1 мысал:Экономикалық даму стратегиялық жоспары қабылданды 2мысал:Колхоздар мен совхоздар мемлекеттік емес нысандарға айналды</p> <p>Үшінші кезең. 1 мысал: Индустриялық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асты. 2мысал:Жаңа кәсіпорындар іске қосылды</p> <p>Қорытынды: Қазақстан экономикасының дамуының үш кезеңінде атаулы өзгерістер болды.Алғашқы кезеңде жоспарлы экономикадан нарықтық экономика өту үрдісі жүрді.Ұлттық экономика тұрақталды.Шетелдік инвестициялар тарту арқылы нарықтық экономика қалыптасты.Бүгінгі күні экономика дамып,халықтың әл-ауқаты жақсаруда.</p>	8	
Барлығы :		30	

Балл қою кестесі II нұсқа

I ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ

II тоқсан бойынша жиынтық бағалауға шолу

Ұзақтығы – 45 минут

Балл саны – 30 балл

Тапсырмалар түрлері:

КТБ – көп таңдауы бар тапсырмалар

ҚЖ – қысқа жауапты қажет ететін тапсырмалар

ТЖ – толық жауапты қажет ететін тапсырмалар

Жиынтық бағалаудың құрылымы

Берілген нұсқа қысқа/толық жауапты қажет ететін сұрақтарды қамтитын 5 тапсырмадан тұрады. Көп таңдауы бар тапсырмаларда білім алушы жауап нұсқаларының ішінен бір немесебірнеше жауап нұсқаларын таңдайды. Қысқа жауапты қажет ететін сұрақтарға сөздер немесе қысқа сөйлемдер түрінде жауап береді.

Тапсырма бірнеше құрылымдық бөлімдерден/сұрақтардан тұрады.

II тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмаларының сипаттамасы

Бөлім	Тексерілетін мақсат	Ойлау дағдыларының деңгейі	Тапсырма саны*	Тапсырма №*	Тапсырма түрі*	Орындау уақыты, мин*	Балл*	Бөлім бойынша балл
Саяси-құқық тық процес тер	11.2.1.1 Қазақстанның этникалық құрамының өзгеру үрдісін түсіндіру үшін «аграрлық саясат», «көші-қон саясаты», «моноэтностыққұрам» ұғымдарын пайдалану	Қолдану	1	1	ҚЖ	6	5	30
	11.2.1.2 Қазақстанда халықтың этникалық құрамының өзгеру кезеңдерін зерттеу	Жоғары деңгей дағдылары	1	2	ТЖ	10	7	
	11.2.2.2 Қазақстандық заңнаманыңжәне мемлекеттік бағдарламалардың негізінде көші-қон саясатының негізгі бағыттары мен басымдықтарын түсіндіру	Жоғары деңгей дағдылары	1	3	КТБ	11	6	
	11.2.2.3 Мемлекеттік стратегияларды және бағдарламаларды зерттеу негізінде ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық үлгісін бағалау	Жоғары деңгей дағдылары	1	4	ТЖ	12	8	
	11.2.2.4 Ұлттық бірлікті және қазақстандық бірегейлікті нығайтудағы Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлін сипаттау	Жоғары деңгей дағдылары	1	5	КТБ	6	4	
Барлығы:		-	5	-	-	45	30	30
<i>Ескерту: * - өзгеріс енгізуге болатын бөлімдер</i>								

II ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР I-нұсқа
Тапсырмалар:

1. Қазақстанның этникалық құрамының өзгеру үрдісіне қатысы бар ұғымдарды мағынасымен сәйкестендіріңіз:

<i>Ұғымдар</i>	<i>Дұрыс жауабы</i>	<i>Мағынасы</i>
1.«Аграрлық саясат»		А) Мемлекет халқының санына, ұлттық құрамы мен қоныстануына, табиғи қозғалыстардың үдерістеріне әсер ететін фактор
2.«Көші-қон саясаты»		Б) Құрамы бір ғана этникалық топтан тұратын тұратын ұлттық құрылым
3.«Моноэтностық құрам»		В) Ұлттар арасындағы достық пен ұжымшылдықты насихаттайтын идеология
4. Халықтар депортациясы		Г) Ауыл шаруашылығы мен бүкіл ауылдық-өнеркәсіптік комплексті әлеуметтік экономикалық тұрғыда ұдайы дамытуды қамтамасыз ететін шаралар жиынтығы
5.«Интернационализм»		Д) Белгілі бір ұлттарды тарихи отанынан күштеп көшіру

[5]

2. Қазақстанда халықтың этникалық құрамының өзгеру кезеңдерінің күшті және әлсіз жақтарын анықтай отырып зерттеңіз

Кезеңдері	Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
1-кезең		
2-кезең		
3-кезең		
Қорытынды ой		

[7]

3. Қазақстандық заңнаманың және мемлекеттік бағдарламалардың негізінде көші-қон саясатының негізгі бағыттары мен басымдықтарын түсіндіру

[6]

<i>Оқиға</i>	<i>Дәлел</i>	<i>Маңызы</i>
«Халықтың көші-қоны туралы» заңының қабылдануы		
«Нұрлы көш» мемлекеттік бағдарламасының бекітілуі		
«Серпін» жобасының жүргізілуі		

4. «Қазақстанның берік ұстанымы – ұлтаралық татулық пен конфессияаралық келісім» тақырыбында берілген тірек сөздерді пайдаланып ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық үлгісін бағалап, шағын әңгіме жазыңыз:

\ бір мақсат, бір тағдыр, ұлттық бірлік, теңдік, тіл саясаты, бейбітшілік;\

[8]

5. Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлін сипаттап, дәлел келтіріңіз.

Қазақстан халқы Ассамблеясы-достықтың инфрақұрылымы:

1-дәлел:

2-дәлел:

Қазақстан халқы Ассамблеясы-Қазақстанның халықаралық абыройын өсіруде:

1-дәлел

2-дәлел

[4]

II ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР II-нұсқа

Тапсырмалар:

1. Қазақстанның этникалық құрамының өзгеру үрдісіне қатысы бар оқиғалардың жалған немесе ақиқат екенін анықтап, түсіндіріңіз.

№	Оқиға	ақиқат	жалған
1	Қазақстанға алғаш қоныс аударғандар аграрлық саясатқа байланысты көшіп келген ұйғырлар болды		
2	Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайдың ерекшелігіне сәйкес көші-қон саясатын белсене жүргізді		
3	XIX ғ. 60 жылдарына дейін Қазақстанның қоғамы бір ғана ұлттан тұратын моноэтникалық құрам болды		
4	Орыс шаруаларын қазақ өлкесіне тарту үшін патша үкіметі депортациялауды, күштеп жер аударуды жүзеге асырды.		
5	XX ғасырда Қазақстан қоғамында интернационализмге жол ашылды		

[5]

2. XX ғасырдағы Қазақстанның этникалық құрамының өзгеру кезеңдерінің ерекшеліктеріне талдау жасаңыз

Кезеңдері	1937–1939 жылдары	1941–1945 жылдары	1950–1980 жылдары
Артықшылығы			
Кемшілігі			
Қорытынды ой:			

[7]

3. Қазақстандық заңнаманың және мемлекеттік бағдарламалардың негізінде көші-қон саясатының негізгі бағыттары мен басымдықтарын мысал келтіре отырып түсіндіру:

1) Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде шетелде тұратын қандастарымыздың тарихи отанына оралуға кеңінен жол ашылды.

1-мысал:

2-мысал:

2) Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде елімізден еуропалық этнос өкілдері өз тарихи отандарына көшуіне жол ашылды.

1-мысал:

2-мысал:

3) Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде елімізде ішкі көші-қон ерекшеліктері басым болды.

1-мысал:

2-мысал:

[6]

4 Ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделін IDEA формуласын қолдана отырып талдаңыз:

Қазақстанның берік ұстанымы – ұлтаралық татулық пен конфессияаралық келісім

Бір шаңырақтың астында ұзақ жылдар бойы 140-қа жуық ұлт пен ұлысты, қырық түрлі дінді уағыздайтын үш мыңға жуық діни бірлестіктерді тату-тәтті ұстап отыру оңай емес. Алайда, еліміз қанша уақыттан бері шашау шығармай, достық пен бірлікті ту етіп, ортақ мүддеге жұмылдырып, олардың ортақ Отаны бола алып отыр. Егер кезінде еліміздің құрамы көпэтносты және көпконфессиялы болуына байланысты күмәнді болжамдар айтылып, сонау Тәуелсіздік алып, еліміз енді аяғынан тұра бастаған тұста сарапшылардың «Қазақстанды қақтығысқа қолайлы, яғни, конфликт қаупі жоғары аймаққа жатқызғанын» ескерсек, мұның қаншалықты қиын шаруа екенін түсінеміз. Алайда, тәуба! Тәуелсіздік алған кезеңнен бастап, күні бүгінге дейін еліміз мемлекет үшін ең маңызды ұлтаралық татулықты, конфессияаралық келісімді, өзара түсіністік пен тұрақтылықты, достықты өзіндік ұстаным етіп өмір сүруде. Оның негізі ретінде тағдырдың еркімен ортақ Отанымызға келген барлық этникалық диаспораларға қазақтар толеранттылық қатынас көрсеткендігін атап өтеміз.

I (Identify) – тарихи оқиғалардың себептерін анықтаңыз.

1. _____
2. _____

D (Describe) – сәйкесінше дәлелдерді сипаттаңыз.

1. _____
2. _____

E (Explain) – осы себептердің тарихи оқиғаға қалай ықпал еткенін түсіндіріңіз.

1. _____
2. _____

A (Analyze) – осы себептердің қаншалықты маңызды болғанына талдау жасаңыз

1. _____
2. _____

[8]

5. Қазақстан халқы Ассамблеясының негізгі міндеттерін атай отырып, рөлін сипаттаңыз:

Қызметі	
Міндеті	
Міндеті	
Міндеті	

[4]

**«Қазақстан тарихы» пәнінен II тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары
Балл қою кестесі I нұсқа**

Тапсырма №	Жауап	Балл	Қосымша мәлімет										
				1	2	3	4	5					
1	<table border="1"><tr><td>1</td><td>2</td><td>3</td><td>4</td><td>5</td></tr><tr><td>Г</td><td>А</td><td>Б</td><td>Д</td><td>В</td></tr></table>	1	2	3	4	5	Г	А	Б	Д	В	5	Басқа да дұрыс жауаптар қабыл данады
1	2	3	4	5									
Г	А	Б	Д	В									

2	Кезеңдері	Күшті жақтары	Әлсіз жақтары	7	
	1-кезең	Қазақстан көп ұлтты мемлекетке айналды. Қазақ және өзге ұлт арасында өзара шаруашылық – мәдени алмасулар орын алды. Қазақ өлкесі зерттелді, жаңа кәсіп түрлері пайда болды.	Отарлау саясаты күшейтілді. Ұлттық тіл, дәстүр, менталитет жойыла бастады. Ұлттық мектептер жабылды, қазақ тілінде ақпарат алу көзі әлсіреді т.б.		
	2-кезең	Қазақстанның халық саны ұлғайып, аумағы өсті. Ұлттық саясатта интернационализм ұғымы орнықты.	Қазақстанға халықтарды күштеп депортациялау. Саяси құғын-сүргін, ұжымдастыру, ашаршылық, соғыс салдарынан халық санының азаюы. Қазақтардың үлес салмағының кемуі.		
	3-кезең	Қазақстанда 1954–1960 жылдары 25,5 млн. га тың және тыңайған жерлер жыртылды.	Игеру нұқанына еліміздің басқа аймақтарынан еріктілер ағыла бастады. Олардың саны 2 млн. асты. Орыстандыру саясаты жүргізілді.		
	Қорытынды ой				

	<table border="1"> <tr> <td data-bbox="336 244 550 456"></td> <td data-bbox="550 244 858 456">Тұрғындардың табиғи өсімі байқалды. Тұрғындар мен көшіп келгендер арасында мәдени байланыстар орнады.</td> <td data-bbox="858 244 1115 456"></td> </tr> <tr> <td data-bbox="336 456 550 855">Қорытынды ой</td> <td colspan="2" data-bbox="550 456 1115 855">Қазақстан халқының этникалық құрамының өзгеруі ХІХғ. 60 жылдарынан бастау алады және бірнеше кезеңдерге бөлінеді.Басқа ұлт өкілдерінің Қазақстанға көшірілуі нәтижесінде алғашқы кездері қазақ ұлтының үлесінің азаюы орын алды. Отарлау саясаты күшейтілді. Ұлттық тіл, дәстүр, менталитет жойыла бастады. Алайда басқа ұлт өкілдері мен жергілікті қазақ халқының арасында мәдени-шаруашылық қатынастар орнады.Қазақ халқы жаңа кәсіп түрін меңгерді.</td> </tr> </table>		Тұрғындардың табиғи өсімі байқалды. Тұрғындар мен көшіп келгендер арасында мәдени байланыстар орнады.		Қорытынды ой	Қазақстан халқының этникалық құрамының өзгеруі ХІХғ. 60 жылдарынан бастау алады және бірнеше кезеңдерге бөлінеді.Басқа ұлт өкілдерінің Қазақстанға көшірілуі нәтижесінде алғашқы кездері қазақ ұлтының үлесінің азаюы орын алды. Отарлау саясаты күшейтілді. Ұлттық тіл, дәстүр, менталитет жойыла бастады. Алайда басқа ұлт өкілдері мен жергілікті қазақ халқының арасында мәдени-шаруашылық қатынастар орнады.Қазақ халқы жаңа кәсіп түрін меңгерді.			
	Тұрғындардың табиғи өсімі байқалды. Тұрғындар мен көшіп келгендер арасында мәдени байланыстар орнады.								
Қорытынды ой	Қазақстан халқының этникалық құрамының өзгеруі ХІХғ. 60 жылдарынан бастау алады және бірнеше кезеңдерге бөлінеді.Басқа ұлт өкілдерінің Қазақстанға көшірілуі нәтижесінде алғашқы кездері қазақ ұлтының үлесінің азаюы орын алды. Отарлау саясаты күшейтілді. Ұлттық тіл, дәстүр, менталитет жойыла бастады. Алайда басқа ұлт өкілдері мен жергілікті қазақ халқының арасында мәдени-шаруашылық қатынастар орнады.Қазақ халқы жаңа кәсіп түрін меңгерді.								
3	<p>Оқиға «Халықтың көші-қоны туралы» заңының қабылдануы Дәлел :1997ж.«Халықтың көші-қоны туралы» заңы қабылданды.Көші – қон ағынын реттеу жүйесі жетілдірілді,қазақтарды тарихи отанына қабылдау тәртібі мен азаматтық алу мүмкіндіктері нақтыланып,репатриант мәртебесі анықталды. Маңызы: Адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарын сақтау,нәсілі,тілі,діні,этникалық шығу тегі,саяси сенімі сияқты белгілері бойынша кемсітушілікке жол бермеу басымдықтары айқындалды.Шетелдіктерді жұмыс күші ретінде тарту,шетелдермен мамандар алмасу орын алды.</p> <p>Оқиға «Нұрлы көш» мемлекеттік бағдарламасының бекітілуі Дәлел: 2008ж. шетелдегі қандастарымызды және еліміздің оңтүстік өңірінен солтүстік өңіріне қазақтарды ұтымды қоныстандыру мақсатында,көші-қонды басқару жөнінде «Нұрлы көш» бағдарламасы бекітілді. Маңызы: Отанына оралған қандастарымызды солтүстік аймаққа көшіру жүргізілді.Халқы тығыз орналасқан оңтүстіктегі ел тұрғындарын солтүстікке көшіру қолға алынып,қазақ ұлтының үлес салмағы артты.</p> <p>Оқиға: «Серпін» жобасының жүргізілуі</p>	6							

	<p>Оқиға «Серпін» жобасының жүргізілуі</p> <p>Дәлел:2014ж. бастап «Серпін» бағдарламасы үлкен маңызға ие болып жүргізіліп келеді</p> <p>Маңызы: Бала туу деңгейі төмен және жұмысшы күшінің тапшылығы бар өңірлерде кадр мәселесі шешіліп,мамандар даярланып,жастарды сұранысқа ие мамандықтар бойынша батыс және солтүстік аймақтарға оқуға тартылды.</p>		
4	<p>«Қазақстанның берік ұстанымы – ұлтаралық татулық пен конфессияаралық келісім»</p> <p>Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев елімізде бірлік пен тұрақтылықтың сақталуына айрықша мән береді. Мұны Елбасының халыққа арнаған Үндеулерінен де байқауға болады. Яғни, өзінің баяндамаларының барлығында әрқашан да елдегі ұлтаралық және конфессияаралық тұрақтылықты сақтап қалудың маңыздылығын айрықша атап өтіп отырады. Сондықтан, елдік,бірлік ұстанымдарына сай, еліміздегі барлық этностар арасында достық қатынас орнатып, олардың ауызбіршілікте өмір сүруі және әртүрлі діндер арасында өзара түсіністіктің орнауы берік қамтамасыз етіледі. Нәтижесінде, бүгінде елімізде этносаралық келісім мен бейбітшілік аясында әлемде баламасы жоқ өзіндік үлгі қалыптасқан. Ұлтаралық саясат негізінде бір мақсат,бір тағдыр,ұлттық бірлік,теңдік,ұлт саясаты бағыттары жүзеге асырылады.Бүгінгі күні Қазақстан –этностар өзара ынтымақта өмір сүріп жатқан бірегей мемлекет.</p>	8	
5	<p>Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлін сипаттап, дәлел келтіріңіз.</p> <p><i>Қазақстан халқы Ассамблеясы-достықтың инфра-құрылымы:</i></p> <p>1-дәлел: Ұлтаралық келісім мен бірлікті қамтамасыз етеді.</p> <p>2дәлел: Ассамблея 23 республикалық,470-тен астам аймақтық ұлттық-мәдени бірлестіктерді біріктіреді.</p> <p><i>Қазақстан халқы Ассамблеясы-Қазақстанның халықаралық абыройын өсіруде:</i></p> <p>1-дәлел Қазақстан Ассамблея құрудағы тәжірибесін бірқатар ТМД елдері қолданып отыр.</p> <p>2дәлел Қазақстандық үлгі халықаралық сарапшылардың жоғары бағасына ие болды.</p>	4	
Барлығы		30 балл	

Барлығы	30 балл
----------------	----------------

«Қазақстан тарихы» пәнінен ІІ тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары
қою кестесі ІІ нұсқа

Балл

Тапсырма №	Жауап				Балл	Қосымша мәлімет
1	№	Оқиға	ақиқат	жалған	5	
	1	Қазақстанға алғаш қоныс аударғандар аграрлық саясатқа байланысты көшіп келген ұйғырлар болды		+		
	2	Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайдың ерекшелігіне сәйкес көші-қон саясатын белсене жүргізді	+			
	3	ХІХғ. 60жылдарына дейін Қазақстанның қоғамы бір ғана ұлттан тұратын моноэтникалық құрам болды	+			
	4	Орыс шаруаларын қазақ өлкесіне тарту үшін патша үкіметі депортациялауды, күштеп жер аударуды жүзеге асырды.		+		
	5	XXғасырда Қазақстан қоғамында интернационализмге жол ашылды	+			

2	<p>Кезеңдері:1937–1939 жж. Артықшылығы : Құғын-сүргінге ұшыраған халықтар екінші отанын тапты.Қазақтар күштеп көшірілгендерді жақсы қарсы алды. Кемшілігі: Ашаршылық салдарынан халық саны азайды.Қазақтардың үлес салмағы азайды.</p> <p>Кезеңдері: 1941–1945 жж. Артықшылығы : Күштеп көшірілгендер арасындағы мамандар соғыс кезінде өнеркәсіпте жұмыс жасады, ауыр жұмысқа жұмылдырылды. Кемшілігі: Кеңес өкіметі озбырлық саясат жүргізіп,ауру мен аштық жиі орнады.</p> <p>Кезеңдері: 1950–1980 жж. Артықшылығы : Күштеп көшірілгендер мен қазақтар арасында мәдени тұрғыда қатынастар орнады.Сырттан келушілер көші-қоны азайып,қазақтардың үлесі көбейді. Кемшілігі: Соғыс салдарынан 600мыңға жуық адам қырғынға ұшырады.Кеңес өкіметінің ұлтаралық саясатына наразылық күшейді. Қорытынды ой: XX ғасырдағы Қазақстанның этникалық құрамының өзгеруі бірнеше кезеңнен тұрады.Кеңес өкіметі ұлтаралық озбырлық саясат жүргізіп,күштеп көшіру әдісін ұстанды.Көшіріп әкелгендердің жағдайы ауыр болды.Елде құғын-сүргін мен ашаршылық салдарының халықтың азайғандығы байқалды,әсіресе қазақ ұлтының үлесі төмен болды.Өлкедегі қиыншылықтарға қарамастан көшіп келгендер мен жергілікті халықтар арасында мәдени байланыс орнады.</p>	6	
3	<p>1) Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде шетелде тұратын қандастарымыздың тарихи отанына оралуға кеңінен жол ашылды. 1-мысал: 1991-1993ж.ж.Моңғолиядан еңбек квотасы бойынша 60мыңға жуық қазақ көшіп келді. 2-мысал: 2009ж.көшіп келу квотасымен Өзбекстаннан,Қытайдан,Моңғолиядан 1,5млн жуық адам қайтып оралды.</p> <p>2) Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде елімізден еуропалық этнос өкілдері өз тарихи отандарына көшуіне жол ашылды. 1-мысал:1991-2003жж. әлеуметтік-экономикалық дағдарыс салдарынан орыстар- Ресейге,поляктар –Польшаға, немістер-Германияға көшіп кетті. 2-мысал: 1998ж.ҚР-ң Президенті-Елбасы Н.Назарбаев «Қарапайым адамдарға қарай 10 қарапайым қадам»,яғни азаматтық алудағы жеңілдіктер,шегарадан кедергісіз өту т.б мәселелер қарастырылды.</p> <p>3) Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде елімізде ішкі көші-қон ерекшеліктері басым болды. 1-мысал: 2017ж. миграциялық саясат тұжырымдамасы бойынша шетелдегі қандастарымыздың тарихи отанына оралуына жол ашылды. 2-мысал:Конституцияда әркімнің республикадан тыс жерлерге кетуіне және кедергісіз қайтып оралу құқығы бекітілді</p>	7	
4	<p>I (Identify) – тарихи оқиғалардың себептерін анықтаңыз. 1. Тәуелсіздік алғаннан кейін 140-қа жуық ұлт ұлтаралық татулықты ұстаным етіп өмір сүруде 2. Қазақстанның берік ұстанымы – ұлтаралық татулық пен конфессияаралық келісім.</p> <p>D (Describe) –сәйкесінше дәлелдерді сипаттаңыз. 1. Бір шаңырақтың астында ұзақ жылдар бойы 140-қа жуық ұлт , қырық түрлі дінді уағыздайтын үш мыңға жуық діни бірлестіктер тату-тәтті өмір сүруде 2. Ортақ Отанымызға келген барлық этникалық диаспораларға қазақтар толеранттылық қатынас көрсетуде.</p>	8	

	<p>Е (Explain) – осы себептердің тарихи оқиғаға қалай ықпал еткенін түсіндіріңіз.</p> <p>1.Бүкіл әлемде «қазақстандық этносаралық және конфессияаралық келісімнің үлгісі» туралы айтылды</p> <p>2.Конституцияда ұлтаралық келісімге іріткі салатын кез келген әрекет конституциялық емес деп танылған.</p> <p>А (Analyze) – осы себептердің қаншалықты маңызды болғанына талдау жасаңыз</p> <p>1.Қазақстан ішкі саяси тұрақтылықты сақтап қана қоймай оны нығайтуда.</p> <p>2.Еліміздің тәуелсіздігі мен азаматтық бейбітшілікті,ұлтаралық келісімді сақтауда Ұлт бірлігі доктринасының қабылдануы маңызды.</p>		
5	<p>Қазақстан халқы Ассамблеясының негізгі міндеттерін атай отырып, рөлін сипаттаңыз:</p> <p>Қызметі: ҚХА өңірлік ассамблеялардың жұмысын біріктіреді,ұлтаралық саясатты нығайтуға көмектеседі.</p> <p>Міндеті: Қазақстан халқының бірлігін нығайтады.</p> <p>Міндеті: Келісім мен бірлікті қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік саясатты әзірлеуге көмектеседі.</p> <p>Міндеті: мемлекеттік тілді және Қазақстан диаспораларының ана тілі мен мәдениетін дамытуға қолдау көрсетеді.</p>	4	
Барлығы :		30 балл	

III ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ

III тоқсанның жиынтық бағалауына шолу

Ұзақтығы - 45 минут

Балл саны - 30 балл

Тапсырмалар түрлері:

КТБ - Көп таңдауы бар тапсырмалар;

ҚЖ - Қысқа жауапты қажет ететін тапсырмалар;

ТЖ - Толық жауапты қажет ететін тапсырмалар.

Жиынтық бағалаудың құрылымы

Берілген нұсқа 5 тапсырмадан тұрады. Тапсырмаларда кестелер, сызбанұсқалар ұсынылған. Көп таңдауы бар тапсырмаларда білім алушылар бірнеше жауап нұсқалары арасынан бір жауапты таңдайды. Қысқа жауапты қажет ететін сұрақтарға сөздер немесе қысқа сөйлемдер түрінде жауап береді. Толық жауапты қажет ететін сұрақтарда оқушылар орындаушылық және шығармашылық қабілеттерін көрсетеді.

III тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмаларының сипаттамасы

Бөлім	Тексерілетін мақсат	Ойлау дағдыларының деңгейі	Тапсырма саны*	Тапсырма №*	Тапсырма түрі*	Орындау уақыты, мин*	Балл*	Бөлім бойынша балл
Қоғамдық саяси ойдың дамуы	11.3.2.1 «Алаш» ұлттық идеясының тарихи негіздерін анықтау	Білу және түсіну	1	1	КТБ	5	4	30
	11.3.3.1 «Мәңгілік Ел» идеясының біріктіруші құндылықтарының маңыздылығын анықтау	Жоғары деңгей дағдылары	1	2	ҚЖ	6	5	
	11.3.1.2 Қазақстандағы қоғамдық- саяси ойдың дамуына тарихи қайраткерлердің қосқан үлесін бағалау	Жоғары деңгей дағдылары	1	3	ТЖ	9	7	
	11.3.1.5 XIX ғасырдағы қазақ ағартушыларының қоғамдық-саяси қызметін талдау	Жоғары деңгей дағдылары	1	4	ТЖ	15	8	
	11.3.2.2 Қазақ мемлекеттілігінің даму жолдары туралы ұлттық зиялылардың қоғамдық-саяси көзқарастарын салыстыру	Қолдану	1	5	ТЖ	10	6	
БАРЛЫҒЫ:		-	5	-	-	45	30	30

*Ескерту: * - өзгеріс енгізуге болатын бөлімдер*

«Қазақстан тарихы» пәнінен III тоқсанға арналған жиынтық бағалаудың тапсырмалары 1-нұсқа
1-тапсырма.

1. Көп таңдауы бар тапсырмаларды орындаңыз.

1.1. Алаш зиялылары қазақ дәстүрі негізінде, Батыс Еуропа демократиясы тәжірибесін пайдаланып көтерген идеясы:

- А. Ұлттық мемлекет құру В. Ұлттық мектептер ашу
С. Ұлттық баспа шығару Д. Ұлттық жұмысшы табын құру

1.2. 1913-1918 жылдарда шығып тұрған «Қазақ» газетінің негізін қалаған қайраткер:

- А) С.Торайғыров В) Ш.Құдайбердіұлы С) Ә.Бөкейханов Д) А.Байтұрсынұлы

1.3. 1911ж. Болашақ мемлекет Конституциясы «Қазақ елінің жарғысы» жобасын әзірлеген қайраткер?

- А) С.Торайғыров В) Б.Сыртанұлы С) Ә.Бөкейханов Д) А.Байтұрсынұлы

1.4. Қазақ газетіне 1917 жылғы 21 қарашада «Алаш» партиясының бағдарламасының неше бөлімнен тұрған жобасы жарияланды:

- А) 9 бөлімнен
В) 10 бөлімнен С) 8 бөлімнен
Д) 12 бөлімнен Е) 11 бөлімнен

[4]

2. «Мәңгілік Ел» идеясының біріктіруші құндылықтарының маңыздылығын анықтай отырып төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.

№	Сұрақтар	
1	XXғ.басындағы елді біріктірудегі өзекті идея?	
2	Ә.Кекілбаевтың ұлттық идея төңірегіндегі пікірі?	
3	Идеяны қалыптастырудағы Елбасы ұсынысы?	
4	Ұлттық идея қабылдаудың тарихи маңызы неде?	

[4]

3. Өз біліміңізді қолданып, қоғамдық-саяси ойдың бастауы және дамуына үлес қосқан тарихи қайраткерлерді бағалаңыз.

№	Ұлы ғұламалар	М.Қашғари	Жүсіп Баласағұни
1.	Еңбектері		
2.	Қоғамға әсері		
3.	Маңыздылығы		
4.	Қорытынды ой		
5.	Өз пікіріңіз		

[8]

4. XIX ғасырдағы қазақ ағартушыларының қоғамдық-саяси көзқарастарын дереккөздерді пайдаланып, талдаңыз.

1) Патша өкіметі қазақ даласын округтер арқылы басқару түрін енгізгеннен кейін Шоқан отаршыл әкімшілік құрған басқару ісіне халық өкілдерін көбірек қатыстыру арқылы елдің саяси әлеуметтік жағдайы біршама жақсартуға болады деп есептеді.

«Қисынсыз теорияға немесе өзге халықтың өміріне зорлықпен, ырықсыз жасалған реформа адам баласын жойқын апатқа душар етіп келді»

Ш.Уәлиханов

2) Феодализм құлдығы үстіне әкеліп жамап отырған капитализм құлдығын Абай көрді. Капитализм құлдығының қолшоқпары би-болыс старшиналарды, олардың тірегі уезд, губерния начальниктерін Абай бір деп санады, екеуін бір найзаның ұшымен түйреді.

Уезд шықты сияз бар,

«Блау» деп, «үй» деп дікілдеп,

Кәтелешка көбейді,

Сөгіс естіп тозды ажар...-

деп, реформадан кейінгі Россияның 1868 жылғы билеу тәртібінің ауылға әкеліп отырған ұлт отар қысымын, ұрып-соғу, абақтыға жабуды қабындап кеткенін, «лау» деп малды, «үй» деп баспананы да еріксіз алып отырғанын ашып айтты.

3) Ы. Алтынсарин патша үкіметінің жергілікті халыққа қысым жасайтын жүгенсіз саясатын айыптап отырды. Ол отаршыл билікті сынға алып, халық ағарту ісіндегі Ресейдің өркениеттік саясатының шынайы мақсатын жете түсінді. Далалықтардың материалдық жағдайын жақсартуды көздеген Ыбырай алғашқылардың бірі болып, өз халқының тілдік және мәдени-рухани мұраларын қорғайтын озық идеяларын ұсынды. Ыбырай тұтас халықтың тұрмысын, олардың өмір сүру болмысын табиғи жағдайлармен санаспай, мәжбүрлі түрде өзгерту «ең қабілетті деген ұлттың өзін тоқырауға ұшыратуы мүмкін» деп, патша өкіметінің өзге халықтарға зиянын көре білді.

Қоғамдық ойдағы ұқсастық	Ағартушылар	Қоғамдық ойдағы айырмашылығы
	А.Құнанбаев	
	Ш.Уәлиханов	
	Ы.Алтынсарин	
Тарихи маңызы	1. 2.	

[8]

5. Қазақ мемлекеттілігінің даму жолдары туралы ұлттық зиялылардың қоғамдық-саяси көзқарастарын салыстырыңыз

Ә.Бөкейхан		А.Байтұрсынұлы
	Қоғамдағы орны	
	Саяси көзқарасы	
Ұқсастық:	1. 2.	

[6]

«Қазақстан тарихы» пәнінен III тоқсанға арналған жиынтық бағалаудың тапсырмалары 2-нұсқа

1. Тест тапсырмаларын орындаңыз.

1.1. «Алаш» ұғымының шығуы немен байланысты?

- a) Қазақтың ел болып хандық құрғанға дейінгі ежелгі тайпаларының ортақ атауы
- b) Аңыз бойынша ертедегі ханның алты ұлына байланысты оқиға
- c) Мал-мүлікке жеке меншік болмаған кездегі қауым тұрмысының сипаты
- d) Қалмақтарды қорқыту үшін қолданылған ұран

1.2. «Алаш» ұлттық идеясының туындау себебі неде? a) Бірінші дүниежүзілік соғысқа қазақтардың қатысуы b)

Отарлық езгіде болған елдің санасын оятудағы құрал

- c) Қазақ халқының бостандығы мен тәуелсіздігін алуға бастау
- d) Ауызекі айтылуға жеңіл болғандықтан

1.3. «Алаш» партиясы қандай ұлттық мәселелерді көтерді?

- a) Ұлттық экономиканы дамыту b) Дәстүрлерді жандандыру
- c) Автономия алу d) Шекараларды бекіту

1.4. Қазақ ұлттық саяси партиясын құру қандай жиында талқыланды? a) Түркістан

өлкесі Кеңестерінің Төтенше V съезінде

b) Орынбордағы Жалпы қазақ съезінде

c) Бүкілтүркістандық төтенше IV съезінде d) Семейдегі облыстық съезде

[4]

2. «Мәңгілік ел» идеясының елді біріктіруші ретіндегі маңызын жазыңыз

Құндылықтар	Маңызы
Қазақстанның тәуелсіздігі мен астанасы	
Қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім	
Зайырлы қоғам және жоғары руханият	
Тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы	
Жалпыға ортақ Еңбек қоғамы	

[5]

3. Дереккөздерді және өз біліміңізді қолданып, қоғамдық-саяси ойдың бастауы және дамуына үлес қосқан тарихи қайраткерлерді бағалаңыз.

А дереккөзі

Әл-Фараби «Қайырымды қала» трактатында әл-Фараби әлеуметтік әділеттілік пен еркіндікті орнықтыратын — ізгілікті қоғам туралы ой қозғайды. Мұндай қоғамды ұлы ойшыл «әрбір адам екінші адамның өмір сүруіне қажетті үлесін беретін, бір-біріне көмектесетін адамдарды біріктіру арқылы ғана адам өз табиғатына сай жету дәрежесіне ие болатын» қоғам түрінде елестетеді. Осындай «жетілдірілген қоғамда, Фарабидің айтуынша бір-бірімен қарым-қатынас жасау, көмектесу, қолдау, ұжымдасу адамдардың өмірлік қажетіне айналады».

В дереккөзі

«Диуани лұғат ат түрік» - түркі халықтарының тамаша ескерткіші болып табылады. Сөздікте адамгершілік, тәлім-тәрбие, психологиялық қасиеттер, адамның бойында кездесетін жағымды және жағымсыз мінез-құлықтарға сипаттама береді. Махмұд Қашғари онда тәлім-тәрбие, дидактика, өсиет, адамгершілік, ұрпақ тәрбиесі, ізгілік туралы ой-пікірлер айтады. Мәселен, «Атасынан ақыл алса, тентек ұл да жөнделер», «Ұлысында ұлы болсаң, біліміңді елге бер»,

«Асығыс еткен іс шала, асығыс жаққан от шала», «Ұлым, ақыл тыңдасаң, білімсіздік жоғалар, білім қалар артыңда, ғұмыр сырғып жоғалар».

С дереккөзі

Жүсіп Баласағұн қоғамдық құрылымның кемелдігін жеке адамның бостандығы, тәуелсіздігі анықтайды деп санады. «Құтты біліктің» негізгі айтар ойы – адамның адами жетілуі мен кісілік кемелденуі, сол арқылы мемлекет пен қоғамды қуатты, мықты, құтты ету. Оның пікірі бойынша мемлекеттік аппарат жақсы ұйымдасқан болуы тиіс: сыртқы басқыншы күштерге қарсы тұра алатындай қуатты болуы тиіс; жергілікті халықтың мүдделерін қорғайтындай икемді болуы тиіс; ел арасында салықты жинау мен оны реттеу үшін жеткілікті дайындалған болуы тиіс. Ол хандар мен бектерді кедейлерге қайырымды болуға, оларды киіндіріп, тамақ беруге, оларға жылы қарауға шақырады.

Қоғамдық ойдағы ұқсастығы	Қоғамдық ойдағы айырмашылығы
1.	1.
2.	2.
3.	3.
Тарихи маңызы:	

[7]

4. XIX ғасырдағы қазақ ағартушыларының қоғамдық-саяси көзқарастарын IDEA формуласын қолдана отырып талдаңыз

Ш. Уәлиханов дәстүрлі басқару жүйесінің жойылуына қарсы пікір, айтып қазақ халқының басына түскен қасірет ретінде санаған, қазақтардың кедейлік тұрмысының және саяси белсенділігінің төмендігінің себебі ретінде надандықты санады. Осыдан ол ағартуды аса жоғары бағалаған. Оның пікірінше, білімді адамдар кедейшілікпен нәтижелі түрде күресе алады. Халықтың дамуы үшін ең бірінші бостандық пен білімді қажет деп есептеген ойшыл.

Ы. Алтынсариннің ойынша, одан әрі қарай мектеп ісін дұрыс жолға қою қажет. Мектептер жаңа жақсы өмірге күресе алатын жаңа азаматтарды қалыптастыруға назар аударуы тиіс

А. Құнанбаевтың іс-әрекеті халықты қанаудан сақтау болатын. Осы жағдайда ол билікті білімді адамдарға беру керек деген тұжырымға келеді. Ойшыл білімді билеуші мен білімді халықтың концепциясын негіздеушілердің бірі. Халықты адал, ақылды, әділ болуға үндеді, келер ұрпақты парасаттылыққа шақырды.

I (Identify) — тарихи оқиғалардың себептерін анықтаңыз.

1. _____
2. _____

D (Describe) – сәйкесінше дәлелдерді сипаттаңыз.

1. _____
2. _____

E (Explain) – осы себептердің тарихи оқиғаға қалай ықпал еткенін түсіндіріңіз.

1. _____

2. _____
A (Analyze) – осы себептердің қаншалықты маңызды болғанына талдау жасаңыз
 1. _____
 2. _____

[8]

5. Қазақ мемлекеттілігінің даму жолдары туралы ұлттық зиялылардың қоғамдық-саяси көзқарастарын салыстырыңыз.

	«Алаш» қозғалысы қайраткерлері	Революционер-демократтар
Көтерілген мәселелер		
Ой-пікірлерінің мықты тұсы		
Ой-пікірлерінің әлсіз тұсы		

«Қазақстан тарихы» пәнінен Ш тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмаларының балл қою кестесі I -нұсқа

Тапсырма №	Жауабы	Балл	Қосымша ақпарат
1	1.1 А	1	
	1.2 С	1	
	1.3 В	1	
	1.4 С	1	
2	1. XXғ. басындағы «Алаш» идеясы өзекті болды.	1	
	2. Халықтың санасын жаңғырту.	1	
	3. Тәуелсіздікті сақтау және азаматтардың әл-ауқатын арттыру.	1	
	4. Қоғамның өзекті мәселелерін шешуге бағытталып, қолдау тапты.	1	
3	М. Қашғари: «Түркі тілдерінің сөздігі» Түркі халықтарын өздігінен жетілуге шақырды	1 1	
	Жеке адам мен қоғам, бақытқа жету жолы және кемел мемлекет құру туралы маңызды ойлар айтылады.	1	
	Ж. Баласағұн «Құтты білік»	1	
	Білім өмірдің мәні және қоғамның мәдени, рухани өлшемінің көрсеткіші	1	
	Түркі тайпалары жайлы құнды мәліметтер қамтылған, алғашқы түркі тілінде жазылған еңбек.	1	
	Қорытынды ой: Қорыта келгенде ортағасырлық ғұламалардың еңбегі арқасында қазақ қоғамының қоғамдық ой-санасы қалыптасып, мемлекеттік құрылымы нығайды.	1	
	Өз пікіріңіз: М. Қашғари мен Ж. Баласағұнның ой-пікірлері қазақ қоғамында зор тәрбиелік мәнге ие. Өз замандастарын дамытуға көп үлес қосқан тұлғалар	1	
4	Қоғамдық ойдағы ұқсастық Патша үкіметінің саясатын сынға алды, әділ басқаруды қолдады	1	
	Реформаларды сынға алып, қазақ халқының өзін-өзі басқаруын қалпына келтіруді алға қойды	1	
	Патша өкіметі билігін сынға алып, әділетті билік туралы ой білдірді	1	
5	Қоғамдық ойдағы айырмашылығы Жергілікті халықтың егіншілікпен, қолөнермен айналысуын қолдады.	1	
	Хандық биліктің жойылуы туралы көзқарас білдірді	1	
	Ұлттық дәстүрлердің сақталуын қолдады.	1	
	Тарихи маңызы: 1. XIX ғасырдағы қазақ ағартушыларының қоғамдық-саяси көзқарастары елдің саяси санасын оятуға әсер етті.	1	
	2. Қазақ ағартушылары халықты бірлікке шақырды.	1	

	Қоғамдағы орны: Алаш қозғалысының жетекшісі, Алашорда автономиялық үкіметінің төрағасы.	1	
	Саяси көзқарасы: Алаш идеяларын алға тартып, ұлттық тарихты оқып-үйренудің маңызын атап өтті.	1	
	Қоғамдағы орны: Алаш қозғалысы көшбасшысы, «Қазақ» газетін ұйымдастырушылардың бірі	1	
	Саяси көзқарасы: Жер мәселесін шешуге үлес қосты. Ана тілінің тазалығына ерекше мән берді.	1	
	Ұқсастық: 1. Ұлттық тәуелсіздік құру идеяларын ұсынды.	1	
	2. Бірлік, білім, саяси сауаттылық арқылы ұлттық мемлекетке қол жеткізуге ұмтылды.	1	
Жалпы балл		30	

Қазақстан тарихы» пәнінен Ш тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмаларының балл қою кестесі 2 -нұсқа

Тапсыр ма №	Дұрыс жауап	балл	Қосымша мәлімет	
1	1-а, 2-с, 3-с, 4-б	4		
2	Қазақстанның тәуелсіздігі мен астанасы	Тәуелсіздікті сақтау, оны қорғау әр азаматтың борышы, ал астананы көркейту елдің мәртебесі	5	Басқа да дұрыс жауаптар қабылданады
	Қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім	Елде бірлік пен тыныштық болмаса, прогресс болмайды. «Бауыры бүтінді жау алмайды»		
	Зайырлы қоғам және жоғары руханият	Білім мен ғылымды дамыту және зайырлылық қоғамның жемісі		
	Тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы	Өз елінің тарихын білу. ұрпақ сабақтастығын жалғастыру арқылы ұлттық тілді дамыту		
	Жалпыға ортақ еңбек қоғамы	Азаматтардың барлығын еңбекпен қамту және табысты тең бөлу дамудың сатысы		
3	Қоғамдық ойдағы ұқсастығы	Қоғамдық ойдағы айырмашылығы	7	Басқа да дұрыс жауаптар қабылданады
	1. Ізгілікті қоғам 2. Адамгершілік 3. Көмектесу, қолдау, ұжымдасу	1. Жеке адамның бостандығына қатысты 2. дінге көзқарас 3. утопия		
	Тарихи маңызы: ұлы ғұламалардың қоғамды жетілдіруге қатысты пікірлері ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасуда			

4	<p>Г – халықтың отаршылдықтың бұғауына түсуі, білім-ғылымның дамымауы т.б.</p> <p>Д- Патша өкіметі қазақтың мемлекеттілігін жойды (1822-24 жылғы реформалау), орыстандыру саясаты мен қоныстандырудың басталуы т.б.</p> <p>Е- елдің қамын ойлаған ойшылдардың Уалиханов, Құнанбаев, Алтынсарин еңбектерінің халық арасына таралуы, мектеп ашуға, оқу-білімге тартуға, ұлттың тарихы мен этнографиясын зерттеуге үлес қосты</p> <p>А – Бұл шығармалар әлі күнге дейін өзектілігін жоғалтқан жоқ және қазақ халқының асыл мұрасы қатарына кіреді</p>			8	Басқа да дұрыс жауаптар қабылданады
5	Көтерілген мәселелер	«Алаш» қозғалысы қайраткерлері Жер, автономия, білім, ғылым	Революционер - демократтар Теңдік, бостандық Еңбекшілердің талаптары	6	Басқа да дұрыс жауаптар қабылданады
Барлығы:				30 балл	

IV ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ

IV тоқсанның жиынтық бағалауына шолу

Ұзақтығы - 45 минут

Балл саны - 30 балл

Тапсырмалар түрлері:

КТБ - Көп таңдауы бар тапсырмалар;

ҚЖ - Қысқа жауапты қажет ететін тапсырмалар;

